



ISSN 2788-659X



**ASTANA ARHIVI**  
MEMLEKETTİK MEKEME

# ARHIV HABARŞYSY

**1**  
**2026**



*Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған,  
сыбағасына тиген жалғыз мейрамы –  
Наурызнама*

*Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЕВ*

ISSN 2788-659X

# АРХИВ ХАБАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК,  
АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 (21) /2026

2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығады

---

# ВЕСТНИК АРХИВА

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ,  
ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1 (21) /2026

Издается с 2021 года ежеквартально

Астана, 2026

**ҚҰРЫЛТАИШЫСЫ:** «Астана қаласының Мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі  
**ҒЫЛЫМИ ӨРІПТЕС:** Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресі

*Бас редакторы:* **Бимолдин Ж.Б.**, Астана қаласының Мемлекеттік архивінің директоры

*Бас редактордың орынбасары:* **Қышқашбай Т.Ә.**, МАНПО академигі, п.ғ.д., профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

#### **Редакциялық кеңес мүшелері:**

- Есіркеп С.З.** Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы
- Сыдықов Е.Б.** ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор, тарихшылардың ұлттық конгресі басқармасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры
- Қамзабекұлы Д.** ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., профессор, «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры
- Аяған Б.Ғ.** ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор, Қазақстан тарихшылары мен қоғамтанушылары Академиясының, ҚР Саясаттану ғылымдары Академиясының академигі, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары
- Қабылдинов З.Е.** ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор, ҚР ҒЖБМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры
- Көкебаева Г.К.** Т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
- Курманов З.К.** Т.ғ.д., профессор, ҚТҚА академигі, Қырғызстан Республикасының СІМ Дипломатиялық академиясының ғылым жөніндегі проректоры
- Ишанходжаева З.Р.** Т.ғ.д., Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің профессоры
- Алпысбаева Г.А.** Т.ғ.д., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры
- Мынбай Д.К.** Техн.ғ.к., мемлекет және қоғам қайраткері
- Годовова Е.В.** Т.ғ.д., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының профессоры
- Мусабалина Г.Т.** Т.ғ.д., МАНПО академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры
- Шілдебай С. К.** Т.ғ.к., Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің директоры
- Сатаева С.А.** Т.ғ.к., архивтанушы, архив ісінің үздігі
- Маликова С.З.** Т.ғ.к., Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік архивінің директоры
- Исахан Ғ.Т.** Архивтанушы, архив ісінің үздігі, жауапты редактор
- Қақан Ж.С.** Астана қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы, хатшы

Редакцияның мекенжайы:

010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, М. Әуезов көшесі, 3-үй  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 119, 134). E-mail: info@gosarhiv.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 14.10.2020 тіркелген, тіркеу № KZ04VPY00027990

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

### ЗЕРТТЕУЛЕР. МАҚАЛАЛАР. ІЗДЕНІСТЕР

#### Алғы сөз

<i>Қожа әли Термізи</i>	Наурызнама	6
<i>Омар Хаям</i>	Наурыздың шығу тарихы	7
<i>Мәшһүр Жүсіп</i>	Нұх, Наурыз тарихы	13
<i>Әуезов М.</i>	Сыршылдық салт өлеңдері	17
<i>Сарткожаулы К.</i>	Древние музыкальные инструменты тюркских народов	20
<i>Қондыбай С.</i>	«Ұлыстың ұлы күні» қай күн?	30
<i>Өмірзақов Т.</i>	Ұлыстың ұлы күні – Наурыз	36
<i>Негимов С.</i>	Ұлыс күні қазан толса...	46
<i>Қышқашбай Т.</i>	Түркі дүниетанымы	49
<i>Сатаева С.</i>	Preserving the steppe: audiovisual documentation of kazakh women's environmental knowledge and cultural heritage	54
<i>Керімбай С., Нәби Ә.</i>	Наурыздың оралуы	59
<i>Талеби Матин А.А.</i>	Наурыз – Иран мен Қазақстанның жүректерін біріктіретін мейрам	64
<i>Ишанходжаева З., Махкамова Р.</i>	Навруз в культурной традиции Центральной Азии: история, ритуалы и символика праздника в Узбекистане	66
<i>Бегманов Қ.</i>	Наурыз мерекесі туралы. Жағда Бабалықұлымен этнографиялық сыр-сұхбат	76
<i>Дәлейұлы Ү.</i>	Бұл мерекенің аты – «Наурыз» емес, «нәрлі уыз». Ж. Ақыбимен сұхбат	81

### ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

<i>Серикова Д., Ильясова К.,</i>	Жасанды интеллекттің халықаралық саясаттағы рөлі мен шектеулері	86
--------------------------------------	---	----

### АРХИВТЕР СӨЙЛЕЙДІ

<i>Байтұрсынов А.</i>	Наурыз	94
<i>Бөкейхан Ә.</i>	Жаңа жыл	95
<i>Дулатов М.</i>	Т. Рысқұловтың бұйрығы	96
	Қош келдің, Наурыз!	97
	Астана қаласының мемлекеттік архиві қорынан	99
<i>Тілеген А.</i>	«Лениншіл жас» Сейдахмет Бердіқұлов және жасырынған Наурыз	103
<i>Жағытаров Ж., Тоқтағазин М.</i>	Нұрын төгіп адамдар көңіліне, «Наурыз» келді Қараөткел өңіріне	108

### БИБЛИОГРАФИЯ және СЫН

<i>Аяган Б.</i>	Двухтомник «Воспоминании» профессора Заки Валиди Тогана как источник	115
	Елорда тарихының шежіресі: 30 жылдық архив тағылымы	121

## АҚПАРАТ және ХРОНИКА

### ӘЛЕМ АРХИВТЕРІНЕН

Shared experience of the ica congress and the new professionals programme	122
The ica signs the statement on digital rights for protecting memory institutions online	125

### ОТАҢДЫҚ ЖӘНЕ ЕЛОРДАЛЫҚ АРХИВТЕРДЕН

Табылды мұрасы – халық игілігінде	126
Ақын, сценарист ұларбек нұрғалым құжаттары архивке тапсырылды	127
Фотожурналист Нұрмұхамед Имамовтың жеке қоры архивке тапсырылды	130
Елорда тарихын насихаттаудағы жаңа әріптестік	132
Астана қаласы мемлекеттік архивінің ғылыми-әдістемелік кеңесі өтті	134
ҚР Президенті архивінің сарапшылар клубы: саладағы цифрлық өзгерістер мен ЖИ мүмкіндіктері	136

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Қатарынан алтыншы жыл шығып келе жатқан «Архив хабаршысы» журналы биылғы бірінші санын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арнап отыр. Осыған орай журнал мазмұны наурыздың тарихи тамырын, рухани-философиялық мазмұнын және тәуелсіздік кезеңіндегі жаңғыру үдерісін жан-жақты қамтуға арналып отыр. Басылым мазмұны архив қорында сақталған жазба деректерден бастап, Алаш қайраткерлерінің мұралары, кеңестік кезең материалдары, тәуелсіздік тұсындағы зерттеулер мен заманауи цифрлық бастамаларға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Мұның бәрі – архив құжаттары мен ғылыми пайымның сабақтастығын көрсетіп, ұлттық жадымызды жүйелі түрде зерделеуге бағытталған ортақ ізденістің нәтижесі.

«Зерттеулер. Мақалалар. Ізденістер» бөлімінде Наурыздың тарихи-мәдени бастаулары тереңнен қарастырылады. Қожа Әли Термизидің, Омар Хаямның «Наурызнамасы», Мәшһүр Жүсіп еңбектері арқылы мерекенің сонау заманнан тамыр тартып, діни-аңыздық және астрономиялық негіздері сараланып, оның Шығыс өркениетіндегі орны қаншалықты жоғары екені көрсетіледі. Мұхтар Әуезовтің наурыз салт өлеңдері туралы пайымдары, басқа да авторлардың Наурызға қатысты мифологиялық, этнографиялық және философиялық астарларын кеңінен ашатын танымдық мақалалары оқырман қауым назарына ұсынылып отыр.

«Цифрландыру және жасанды интеллект» айдарында Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы Қазақстан халқына жолдауында цифрландыру мен жасанды интеллект елдің стратегиялық даму басымдықтары ретінде қарастырылғаны атап өтіледі. Осы бөлімде жасанды интеллекттің халықаралық саясаттағы рөлі, деректер мен алгоритмдердің стратегиялық ресурсқа айналуы, сондай-ақ цифрлық технологиялардың мемлекеттік басқару мен қоғам дамуына ықпалы туралы талдамалық мақала ұсынылады.

«Архивтер сөйлейді» айдарымен ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің Наурыз жайлы мақалалары, кеңестік кезең құжаттары, тарихи бұйрықтар мен 1920 жылдардағы деректер жарияланып отыр. Сондай-ақ 1989 жылғы Наурыздың қайта жаңғыру кезеңін бейнелейтін публицистикалық материалдар арқылы ұлттық мерекенің қоғамдық санадағы орны мен жаңғыру жолы көрсетіледі. Бұл құжаттар мен мақалалар – тарихи шындықтың куәсі ғана емес, ұлттық руханияттың уақыт ағынына бағынбай сақталуының анық айғағы.

«Библиография және сын» айдары ғылыми еңбектерге деректанулық тұрғыдан баға беріп, түркі халықтарының ұлт азаттық күресіндегі ерекшелікке тоқтала кетеді. Ал «Ақпарат және хроника» бөлімінде отандық және шетелдік архивтер тәжірибесі, кәсіби қауымдастықтағы жаңалықтар, жаңа қорлардың қабылдануы мен ғылыми-әдістемелік бастамалар қамтылған.

Сөз соңында журналдың жаңа санының шығуына ат салысқан барлық авторлар, ғалымдар, қызметкерлерге өз тарапымыздан алғыс айтамыз.

*Ізгі тілекпен, Ж. Бимолдин,  
Астана қаласының Мемлекеттік архивінің директоры  
Бас редактор*

Қожа Әли ТЕРМИЗИ

НАУРЫЗНАМА

*Қожа Әли Термизи (шамамен 820–932 жж.) – ислам өркениетінің «алтын ғасырында» өмір сүрген көрнекті сопы ғұлама, хадисші, фақих әрі терең ойшыл тұлға. Ол қазіргі Өзбекстан аумағындағы Термез қаласында дүниеге келіп, ғылым мен руханияттың ірі орталықтарының бірінде өсіп-жетілді.*

*IX–X ғасырлар ислам ғылымы мен мәдениетінің ерекше дамыған кезеңі еді. Осы дәуірде Орта Азия топырағынан талай ғұламалар шықты. Қожа Әли Термизи сол алыптар шоғырындағы өзіндік орны бар тұлға болды. Ол хадис ғылымын, тәпсір мен фиқһ ілімін терең меңгерумен қатар, сопылық дүниетанымды теориялық тұрғыдан негіздеуге үлес қосты. Ғалымның еңбектерінде адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеу, жүрек тазалығы, нәпсіні тыю, Аллаға рухани жақындау жолдары кеңінен сөз болады. Оның «Хатм әл-әулия» («Әулиелер мөрі»), «Науадир әл-усул» секілді шығармалары сопылық ілім тарихында ерекше маңызға ие. Әсіресе «әулиелік» ұғымын талдауы арқылы ол рухани кемелдік мәселесін терең пайымдаған.*

*Ортағасырлық мұсылман дүниетанымында аспан денелері мен уақыт айналымын байланыстыра пайымдау кең таралған болатын. Қожа Әли Термизиге телінетін Наурыздың аптаның қай күніне түсуіне қарай жыл сипатын болжау жайлы мәтіндер де сол кезеңдегі астрологиялық-танымдық көзқарастың бір көрінісі саналады. Мұнда Күн, Ай, Марс, Меркурий, Юпитер, Шолпан, Сатурн секілді аспан денелері апта күндерімен байланыстырылып, жылдағы табиғат құбылыстары мен қоғам ахуалы символикалық тұрғыда сипатталады. Бұл – сол дәуірдегі уақыт пен табиғатты тұтас, үйлесімді жүйе ретінде қабылдаған рухани-мәдени ойлау үрдісінің айғағы.*

\*\*\*\*

Патшаның әмірі мен пәрмені қабыл алынып, үшбу «Наурызнама» дүниеге келді. Алла тағала маған жүз жиырма жылдық өмір берді. Оның көбін аспан ілімі (астрология) мен жұлдыздар әлемін (астрономия) зерттеуге жұмсадым. Заманның өзгеріп, ай-күндердің құбылып отыруынан көп сырларды анықтап, тәжірибеден өткіздім. Аспан жұлдыздарының орналасуын, Күннен қуат, нұр алып, оны айналушы алып денелерінің (Жер, Меркурий, т.б.) шығу, бату, көріну, көрінбеу сәттерін, осыған орай олардың дүниеге деген әсер-ықпалын (жақсы, жаман), сондай-ақ, Наурыздың келіп кіруіне байланысты сол жылда болатын оқиғаларды болжадым, болжап, біліп қана қоймай, оларды жұртшылыққа хабардар еттім. Сол арқылы аспан ілімін бір жүйеге келтіріп, әр күннің жай-күйі қандай боларын тауып, үшбу кітапты жаздым. Енді жәми мұсылман қауымы осыдан нәр алар болсын. Диқандар осы кітапта айтылғандарды еске ала отырып егіндерін ексін. Қай жылда, қай дақылды егу керектігін, оның өнімі, арзанға және қымбатқа өту себебін де осы кітаптан анықтап, біліп алатын болсын.

Сонымен бірге тау мен далалық жердің, патша мен бұқараның, сатушы мен алушының, жан-жануарлардың жай-күйі жылдың қай мезгілінде, айдың қай аптасында, басында, ортасында, аяғында қандай жағдайда болуын да тәжірибе тұрғысынан баян еттім. Мұны кім оқыса да пайдалы, себебі ол бұдан соң тосын тауқыметке душар болмайды. Қанша заман өтсе де бұл нұсқалы дүние ескіріп, көңілден тыс, көзден таса қалмайды. Оған Алла туралығын білушілер куә.

Егер Наурызы әлем сенбі күні кіретін болса, онда ол Сатурнға (Зуһал) байланысты болады. Бұл жылы бағзы бір шаһарлар мен аймақ-өлкелерде қымбатшылық бел алады. Жауын-шашын көп болады. Қантөгіс те аз болмайды. Оңтүстік елдерде әскерлер қақтығысы болып, ұрыс-керіс пен ұрлық-қарлық ұлғайып, қиянат-қылмыс пен өсек-аяң әшкереленеді. Күзге салым егілген дақылдар жақсы өнім береді. Мәуе кем болады. Жыл аяғында күн суытып, қыс ұзаққа созылады. Бұл сөздің растығына Алланың өзі куә.

*Омар Хаям. Наурызнама: Рисала. Ауд. И.Сапарбай.  
Алматы. «Білім» баспасы, 2009 ж., 82-85 бб.*

## НАУРЫЗДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Омар Хаям (1048–1131) – шығыс өркениетінің көрнекті өкілі, ғалым, ойшыл, ақын және астроном. Ол қазіргі Нишапур қаласында дүниеге келген. Хаям математика, астрономия және философия салаларында терең із қалдырған ғалым ретінде танылды. Ол алгебра ғылымын дамытуға үлес қосып, үшінші дәрежелі теңдеулерді шешудің жаңа тәсілдерін ұсынды. Сондай-ақ күнтізбе реформасына қатысып, Жәлали күнтізбесін жасауға атсалысқан.

Омар Хаямның мәдени-тарихи мазмұндағы маңызды еңбектерінің бірі – Наурызнама. Бұл шығармада Наурыз мерекесінің шығу төркіні, оның тойлану дәстүрлері, халықтық таным-түсініктер мен астрономиялық негіздері баяндалады. Еңбекте көктемгі күн мен түннің теңелуі, жыл басының табиғи және ғылыми сипаты түсіндіріліп, Наурыздың қоғам өміріндегі орны айқындалады.

«Наурызнама» – тек мерекелік сипаттағы еңбек емес, ол халықтың дүниетанымын, рухани құндылықтарын және мәдени мұрасын танытатын ғылыми-танымдық туынды. Сондықтан бұл еңбек шығыс мәдениеті мен өркениетін зерттеуде маңызды дереккөздердің бірі болып саналады.

Наурыздың жария етілу себебін айтар болсақ, оны былайша түсіндіруге болады. Аптаптың екі айналуына орай, олардың бірі төмендегіше:

– Аптап әр үш жүз алпыс бес күн ішіндегі күндіз-түннің төрттен бірінде Амал<sup>1</sup> айының бірінші минутына шығып кеткен кезінің өзінде тағы да қайтып келеді және жыл сайын бұл кезең кеми береді.

Жәмшид<sup>2</sup> бұл күнді түсінгеннен кейін оны «Наурыз» деп атады да мерекеге айналдырды. Жәмшидтен соң мұны өзге патшалар да және жәми жұрт мейрам ретінде қабылдайтын болды.

Жұрттың айтуына қарағанда, Ажамның<sup>3</sup> бірінші патшасы Каюмарс<sup>4</sup> таққа отырғаннан кейін жылдың әр айы мен күндеріне ат қоюға және адамдар біліп отырсын деп арнайы жылнама әзірлеуге жарлық берген. Осы мақсатпен ол таң сәріде аптап Амал айының әуелгі (алғашқы) минут енген күнді анықтап, Ажам игі жақсыларын жинады да, олардың алдында бұдан былай жыл есебін осы күннен бастауды бұйырды. Ал олар бұл бұйрықты жер-жерге әрі қарай таратып әкетті.

Сол заманның айтулы ғалымдары болған Ажам ілімдарларының айтуынша, көк жүзіндегі мүбәрәк Изид<sup>5</sup> он екі періштені жаратқан. Олардың төртеуін жын-перілерден корғау үшін аспанға, ендігі төртеуін жын-перілерді қап тауынан өткізбеу үшін дүниенің төрт бұрышына, қалған төртеуін аспан мен жер арасында жүріп адамдар ішінен жын-перілерді тазалап тұру үшін жіберді. Бұл періштелердің айтуына қарағанда, дүние өзге бір дүниенің ішінде құдды бір ескі мекендегі жаңа үй сияқты. Изид-тағала Күнді нұрдан жаратып, аспан, жерді онымен жарық қылған. Дүние халқы назарында Күн Изид тағаладан тараған нұр іспетті. Оны құдірет тұтып тағзым ете табынатымыздың себебі, Күнді жаратарда Изид тағаланың оған деген ықылас-мейірі өзгелерге қарағанда көбірек болғанға ұқсайды. Бұған мынадай мысал келтіреді: бір ұлы патша өз Халифаларының біріне айрықша ізет-құрмет көрсетсе, оны басқалар да осылай қадір тұтады және сол арқылы патшаның өзін құрметтейтін болады.

Тағы бір мысалда былай делінеді: Изид тағала Күннің нұры мен келтіретін пайдасы барлық нәрсеге тегін әрі тиесілі деп, Күнге үнемі қозғалыста болуды бұйырады. Соған орай ол Амалдың басынан көрініп, зұлмат нұрдан айрылды, күндіз-түні пайда болды. Бұл дүниенің тарихы осылайша басталды. Осыдан соң бір мың төрт жүз алпыс жыл өткесін Күн әлгі алғаш көрінген жеріне сол күні сол минутта қайтып оралды. Осы мерзім ішінде Муштари Зухалмен жетпіс үш рет бірікті. Мұны, әдетте «кіші қырғын» деп атайды. Бұл бірігу әрбір жиырма жылда қайталанатын. Күн өзінің бір айналып шығуын аяқтап, өз орнына қайтып оралғанда Зухал мен Муштари арасында Зухалдың қабат келген айында қосылады және бұл Мизан айына қарама-қарсы. Күннің бір айналып шығуы бірі анда, бірі мұнда демекші, біз ишара жасағандай және жұлдыздардың орналар тұсы да біз көрсеткендей болады<sup>7</sup>. Күн Амалдан шыққан мезгілде, әрі Зухал да, Муштари де басқа

жұлдыздармен бірге Изид тағаланың қалауынша тұрған сәтте дүние дидары өзгеріп және жарық дүние жасанған, жасарған қалыпта жаңа нәрселер пайда болды. Ажам патшалары дәл осы күнді айрықша атап өту үшін әрі екінің бірі бұл күнді оңайлықпен таба алмасын біліп, оны белгілеп, айдарлап қойды. Мұны баршаға мәлімдеп мейрам, яғни «Наурыз мерекесі» деп жариялады.

Аңыздың айтуына қарағанда, Каюмарс жыл есебінің басталуы себепті бұл күнді жария еткенде, үш жүз алпыс бес күннен тұратын бұл жылды отыз күн, он екі айға бөлді де, оларды Изид тағаланың өзі жаратқан он екі періштенің атымен атады. Кейін, ол үш жүз алпыс бес күннің күндіз-түнінің ширегінен тұратын ұлы дәуірді «ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен Наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңарады, жаңғырады.

Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап, әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері лазым. Кімде-кім Наурызда мерекелеп көңілді, қуанышты жүрсе, келесі Наурызға дейін тыныш, бакуат ғұмыр кешеді. Патшалар үшін бұл күнді ғалымдар белгілеп берген.

Фарвардин айы – бұл айда өсімдіктер жандана бастайды, яғни Амал айына қатысты. Демек, айдың басынан аяғына дейін Күн (аптап) осы айда болады.

Урдбихишит айы – бұл айда дүние өзінің жәннат кейпіне енеді. Күн бұл айда өзінің айналып-қозғалуына орай Сәуір айында болады. Бұл ай көктемнің бел ортасы болып есептеледі.

Хурдад айы – адамдарды бидай, арпа және жеміс-жидекпен бағады. Күн (аптап) бұл айда Жавза айында болады. Тир айы – бұл айда бидай, арпа және басқа өнімдер жан басына бөлінеді. Күннің қызуы әлі бәсең, яғни Саратан айында болады. Бұл – жаздың бастапқы кезі.

Мурдад айы – топырақ өз өнімін берді, яғни жемістер пісіп-жетілді. Сондай-ақ бұл айда ауа топырақ тозағына ұқсайды. Бұл – жаз ортасы деп есептеліп, Күн Асад айында болады.

Шахривар айы – Шахривар аталу себебі, бұл айда жеміс-жидектер пісіп, өнім береді. «Хан да қарық, кембағал да қарық» дейтін осы кез. Бұл айда диқанға салық төлеу оңайырақ. Күн Азра (Сүмбіле) да болады, яғни, бұл жаздың ақырғы айы.

Мейір айы – Мейір деп аталу себебі, адамдар бұл мезгілде бір-біріне достықпен, мейірбандықпен қарым-қатынас жасайды. Өз үлестеріне тиген өнімді, несібені бірге ішіп жейді. Аптап (Күн) бұл айда Мизанда болады да, жаз кезегін күзге береді.

Абан айы – бұл айда басталған жауын-шашыннан су деңгейі өседі, адамдар егіндерін суарады. Аптап (Күн) бұл айда Ақырапта болады.

Азар айы – бұл айда ауа-райы суи бастайды, жылу азаяды. Күн Кауыс айында болады.

Дай айы – бұл ай қаһарлы, ызғарлы, жер сарғайып, көгеруден қалады. Күн Жәдида болады. Бұл қыстың бірінші айы.

Бахман айы – бұл ай Дайға өте-мөте ұқсас суық та құрғақ. Күн бұл айда Зухал ханасында, дәлудің жәдимен тұтас жерінде болады.

Исфандармуз айы – «Исфанд» пехлевий тілінде «жеміс» дегенді аңғартады, яғни бұл айда жеміс ағаштары мен өсімдіктер көгере бастайды. Күн (аптап) бұл айда ақырғы Ұт айына жақындап келеді.

Каюмарс уақытты осылайша он екі бөлікке бөлді, сол арқылы жыл есебінің басталуын белгіледі. Осыдан соң ол қырық жыл өмір кешті<sup>8</sup>. Ол өлген соң Хұшан таққа отырып, тоғыз жүз жетпіс жыл патша болды<sup>9</sup>. Ол диюларды жеңді, темірші, ұсташы, тоқымашы өнерін дамытып, жібек құртынан жібек, бал арадан бал алуды ойлап тапты. Соның арқасында дүниеде шат-шадыман күн кешіп, өзі турасында жақсы пікір қалдырып кетті.

Бұдан соң таққа Тахмұрас отырды<sup>10</sup>. Оның патшалығы отыз жылға созылды. Диюларды өзіне бағындырды, қала салып, көше тұрғызды, сауда дүкендерін ашты, жүн мен жібектен мата тоқуды ойлап тапты. Заһид Бұзасы оған қарсы шығып, сәбилер дінін таратты<sup>11</sup>. Тахмұрас бұл дінді қабылдап, беліне жүннен тоқылған белбеу (мұсылман мемлекеті қол астындағы христиандар, яһудилер бұл белбеуді сырт киімінің үстінен буынып жүруге мәжбүр болған) байлады<sup>12</sup>. Ол күнге табынды (сыйынды), адамдарды жазу-сызуға үйретті. Оны «диюды жеңген Тахмұрас» деп атады.

Бұдан соң патшалық оның інісі Жәмшидке ауысты<sup>13</sup>. Бұл аралықта тарихтан бір мың қырық жыл өтіп, Аптап (Күн) Фарвардиннің біріншісінде тоғызыншы ай – Кауысқа енді. Жәмшид патшалығынан төрт жүз жиырма бірінші жылы өткенде барып бұл дәуір аяқталды да, Күн өз фарвардинінде Амалдың басына қайтып оралды. Сөйтіп дүние тепе-теңдікке келді. Жәмшид диюларды бағындырды, монша салып, мақта тоқу ісін жолға қойды. Жәмшидке дейін өрнек салу «дию тоқыған нәрсе» деп аталатын<sup>14</sup>. Әйтсе де, арқасында өнердің қазіргі біз көріп жүрген биік дәрежесіне адамдар уақыт өткен сайын өздерінің іс-тәжірибелері арқасында өнердің қазіргі біз көріп жүрген дәрежесіне дейін жетті. Кейінірек Жәмшид есек пен атты шағылыстырып, одан қашыр алды. Сондай-ақ ол кеңірден қымбат бағалы тастарды қазып алып құрал-сайман мен сәндік бұйымдардың түр-түрлерін жасатты. Кеңірден қазып алынған алтын, күміс, мыс, қорғасын, қалайы сияқты заттардан тәж, тақ, жүзік, білезік, сырға, алқа жасатты. Он әтір (киіктің жыныстық безінен алынған заттан жасалған), иіс су және басқа да хош иісті заттарды ойлап тапты. Біз жоғарыда айтып өткендей, ол мейрам күнін белгіледі, оған «Наурыз» деп ат берді. Әр жылы фарвардин келгенде адамдарға осы күнді жыл басы деп мейрамдауды бұйырды. Наурыз жайындағы ақиқат, міне, осы.

Жәмшид өз патшалығының бастапқы тұсында өте-мөте әділ, мейір-шапағатты болды. Бұқара оны жақсы көріп, үлгі алатын. Изид тағала оған сақилықты, ақылды аямай-ақ берді. Ол адамдарды алтын, қымбат бағалы асыл тастар, төрт түлікпен қамтамасыз етті. Патшалығы төрт жүз жылдан асқанда диюмен дос болды. Ал дию болса оның жан-дүниесін лайлады. Осыдан келіп оның бойында мейірімсіздік бой көтерді. Әділетсіздік пен даңғойлыққа беріліп, байлыққа көзі тоймайтынды шығарды. Азап пен қиянаттан шаршаған адамдар күндіз-түні Изид тағалаға жалбарынып, оның билігіне шек қоюды өтінді. Ұзамай құдіреті күшті құдайдың одан мархабаты жырақтап, алға басқан адымы кері кете бастады. Осы кезде ол құрған патшалықтың бір шетінен Заххак<sup>15</sup> деген (Иранды басып алған аңыздағы аждаһа-патша) атпен Баюрасп шықты да оны тас-талқан қылды. Одан әбден зәрезап болған адамдар оған жәрдем бермеді. Баюрасп таққа отырды да, Жәмшид Үндіге қашты, бірақ ажалдан құтыла алған жоқ. Баюрасптың патшалығы мың жылға созылды. Әуелгіде әділ болған ол кейін келе айныды. Сөз жүзінде де, іс жүзінде де диюдың айтқанынан шықпады. Үндістаннан Афридун<sup>16</sup> келгенге дейін адамдарға азар берумен болды. Афридун оны өлтіріп, өзі таққа отырды. Афридун Жәмшид әулетінен болатын. Оның патшалығы бес жүз жылға созылды. Афридун патшалығынан бір жүз алпыс төрт жыл өткенде, Каюмарс тарихының екінші дәуірі аяқталды. Ал Афридун болса Ибраһим<sup>17</sup> алайһис-саламның (жаны жаннатта болсын) дінін қабылдады. Ол пілді, арыстанды және сырттаңды (өлексемен азықтанатын, жүндес, мойнында жалы бар, жыртқыш сүт-қоректі хайуан) қолға үйретті. Шатыр тікті, көшелер мен бау-бақшаларға арық қазып, ағын су жүргізді. Егістік жер мен бақшаларға қызанақ, бәдірен, наранж (апельсин), сондай-ақ әтіргүл, наргис, нилуфар және басқа да жемістер мен гүлдердің ұрықтарын екті. Заххакты зынданға тастап патшалықты қабылдаған күні Сада<sup>18</sup> (Наурыздан елу күн алдындағы мейрам) мейрамын, Сабантой (күзгі жиын-терінен соң) мерекесін жария етті. Заххактың әділетсіздігі мен езгісінен құтылған жұрт естерін қайта жиып, бұл күнді жақсы күндер хабаршысы сипатында мерекеледі. Ажам мен Тұранда бұл күн осы уаққа дейін мейірбан патшалар салтанатына бағышталып атап өтіледі.

Аптап (Күн өз фарвардиніне жеткенде) Афридун бұл күнді де мерекемен атап өтті. Ол жер жүзінен адамдарды арнайы шақырып, бұл жайында шартнама жазды. Ол кім-кімге де өз қызметінде әділетті болуды бұйырды. Кейін өз патшалығын ұлдарына бөліп берді. Түркістанды – Жейхун Солтүстік Қытай, Чин мен Мачинге<sup>19</sup> (Чин дариясынан Мачин Оңтүстік Қытай) дейінгі аралықты Турға, Рум жерін<sup>20</sup> Сәлімге, Ажам мен өз тағын Зражға<sup>21</sup> берді. Бұдан шығатын қорытынды Түркістан, Рум және Ажамның барлық патшаларының шыққан тегі бір, бір-бірімен туыс, қандас. Себебі, олардың бәрі Афридун әулетінен тараған. Содан да осындағы барша жұрт патшалар құрметіне Афридун ұрығынан болғандықтан мереке-мейрамдар өткізулері керек. Оның (Афридунның), сондай-ақ Гуштаспқа дейін болған басқа да патшалардың заманасы түгесілген соң, жылы өткенде, Гуштасп<sup>22</sup> патшалығының отызыншы жылы өткенде Зердөшт<sup>23</sup> пайда болды, әрі ол өзімен бірге габр дінін ала келді. Ал Гуштасп болса оның дінін және шарап ішімдігін қабылдады. Сөйтіп, Афридун мейрамынан осы күнге дейін тоғыз жүз қырық жыл өтіпті.

Аптап (Күн) Ақырап айына енгенде кабиса қылуды (төрт жылда бір келетін 366 күндік жыл, мұндай жылда ақпан айы 28 емес, 29 күн болады) бұйырды. Мұның нәтижесінде айы, Күн Саратан айына енгеннен бастап Фарвардин мейрамдала басталды. Гуштасп «Наурызды, міне, осы күні мерекелеу керек, себебі, Саратан шаруа үшін молшылық диқандар мен кәсіпкерлерге алым-салық төлеу үшін қолайлы ай» – деп, мейрамды осы күнге белгіледі. Кейін, ол жылдар анық болсын, әрі адамдар өз уақыттарын ыстықта да, суықта да біліп отырсын деп әр жүз жиырма жылда<sup>24</sup> кабиса қылуға бұйырды. Бұл дәстүр Зұлқарнайын деп аталушы Ескендір Румий<sup>25</sup> заманына дейін созылды. Осы кезден бастап адамдар кабисаны атап өтуді доғарып, бұл дәстүр қайта жаңданғанша өз істерімен емін-еркін бола берді. Ардашер Бабақан<sup>26</sup> заманына дейін осылай болды. Ол таққа отырысымен кабисаны қайта жалғастырып, үлкен мерекелер өткізді. Бұл жайында арнайы анықтама жариялап, осы күнді «Наурыз» деп белгіледі. Адамдар бұл мейрамды Нуширавани әділ<sup>27</sup> заманына дейін атап өтті. Мадайын күні<sup>28</sup> біткенде, Нушираван Наурызды сол заман әдет-ғұрыптары бойынша өткізді. Бірақ ол кабисаны әрі жалғастырмады. Ол «Күн өзінің айналу кезеңінің ақырында Саратанның бірінші күніне жетпейінше адамдар бұл іспен айналыспасын, бұлай болмаса, Каюмарс пен Жәмшидтің анықтамалары арадан алынып тасталады» деді. Осылай деген соң кабисаны атап өту тоқталды. Бұл жағдай Күнді күзетіп тұру және Күн Амал айына енгенде Наурыздың мейрамдалуы Мамүн<sup>29</sup> заманына дейін жалғасты. Сөйтіп, «Мамүн бірлігі» түзілді. Жыл есебі осы «бірлік» жәрдемімен атқарылды<sup>30</sup>. Бұл Мутаваккил<sup>31</sup> заманына дейін созылды. Мутаваккилдің Мұхамбет пен Әбділмәлік<sup>32</sup> деген уәзірі бар еді. Ол Мутаваккилге «өнім-өсім салығын алу беймезгіл уаққа тап келгендіктен адамдарды қинап отыр, Ажам патшалығының әдетінше, өнім жиналғаннан кейін салық төлеу кезінде қиналмас үшін жылды өз орнына қайтару мақсатында кабиса қылады» деп айтты. Мутаваккил келісім беріп, кабисаны атап өтуге жарлық берді, әрі Күнді Саратаннан Фарвардинге ауыстырды. Осыдан соң барып адамдар тынышталып, осы әдетке үйрене бастады. Бұдан соң Сеистан<sup>33</sup> әмірі Халаф ибн Ахмет басқа кабисаны жариялады. Осы кезеңнен біздің заманымызға дейін он алты күн айырмашылық болып келді. Адамдарға бағыт сыйлаушы және дін қамқоры Сұлтан Мәлікшах<sup>34</sup> (Алла рухына жар болсын) бұдан хабардар болып, көне кабисаны қайта жаңандыруға және жылды өз орнына қайтаруға жарлық берді. Мұны жүзеге асыру үшін сол замандағы Хорасан ғалымдарын шақыртқызыды. Олар қолдарынан келгенше аянбай биік ғимарат тұрғызып, оған астрономиялық өлшеу аспабын орнатты, басқа да істерді атқарып, Наурызды Фарвардинге көшірді. Бірақ замана патшаға бұл игілікті істі ақырына дейін жеткізуге мүмкіндік бермеді. Сөйтіп кабиса аяқталмай қалды<sup>35</sup>.

Наурыздың шығу тарихы, міне, осындай. Бұлардың бәрін біз ата-бабаларымыздың кітаптарынан тауып, ғалымдардың аузынан естіп-білдік.

Енді Ажам патшаларының бағзы бір әдет-ғұрыптары хақында әңгімелеп, Алланың мархабаты мен жәрдемі арқасында Наурыз мәселесіне қайта оралып келеміз.

#### Түсініктемелер

<sup>1</sup> Амал – Күннің жылдық айналым жолындағы он екі жұлдыздың бірі. Өзінің жылдық айналымында Күн әрбір жұлдызды бір айда басып өтеді. Күннің Амал жұлдызына кіруі - көктемнің келгені. Яғни, бұл кезде күн мен түн теңеседі. Жұлдыздар аралығы, немесе Күннің жылдық айналым жолы 360 сызыққа (бөлшекке) бөлінген. Әрбір жұлдыз (ай) отыз бөлшектен тұрады. Әрбір сызықтың (бөлшек) алпыстан бірі минет деп аталады. Омар Һайам айтқан Күннің екінші бөлігі - оның түндегі және күндізгі айналымы, қозғалысы.

<sup>2</sup> Жәмшид – қадым заманғы Иранның аңызға айналған әлемнің жаралуы жайын-патшаларының бірі. Каюмарсдағы аңыздардың айтуынша – бірінші адам.

<sup>3</sup> Ажам – кең мағынасында араб әлемі, тар мағынасында парсы.

<sup>4</sup> Каюмарс – 365 күндіз-түн 5 сағат 48 минут те 451/4 секундқа тең болған Күннің жылдық айналымы 3651/4 күндіз-түннен 11 минут 143/4 секунд кем.

<sup>5</sup> Изид және Яздан – қадым заман Иранныңдағы Алланың аттары. «Наурызнаманың» біраз жерінде мұсылманша Алла деп емес, исламнан бұрынғы қадым заманғы аттарымен аталады.

<sup>6</sup> 1461-4×2651/4, яғни егер Күннің жылдық айналымы анық 3651/4 түн мен күндізге тең болса, бұл жағдайда 1461 жылдан кейін Күн әлемнің осы нүктесіне осы минетте қайтып оралады.

<sup>7</sup> Киран – Күннен қуат, нұр алатын екі аспан денесінің (Меркурий, Марс, т.б.) бір жұлдыз, бір бөлшекте (сызықта) тұруы.

<sup>8</sup> Әбу Райхан Беруни «Қадым заман халықтарынан қалған мұралар» кітабындағы бір әфсанада Каюмарс 213 жыл, басқа бір әфсананың айтуынша 40 жыл, үшінші бір әфсананың айтуынша 30 жыл патша болған дейді.

<sup>9</sup> Хұшан – «Шахнамада» айтылғандай, Каюмарстың немересі, яғни, оның зиянкес рух тарапынан өлтірілген Сиямак атты баласынын перзенті. «Шахнамада» жазылғандай, Хұшан зиянкес рухты өлтіреді, адамдарды, түрліше өнерге, дихангершілікке үйретеді, от жағуды ойлап табады. Бірақ «Шахнамада» оның неше жыл патша болғаны айтылмайды. Беруни келтірген үш дәлел бойынша Хұшан 40 жыл патша болған. Қалған екі жорамалға қарағанда, ол патшалық құрған кезең аралығында 170 және 194 жыл үзіліс болған.

<sup>10</sup> Тахмурас – «Шахнамада» жазылғандай, Хұшанның ұлы. Ол отыз жылдай патшалық құрған.

<sup>11</sup> Бұзасп – Берунидің әлгі кітабында Бұдасаф деп жазылған. Ол жайында Беруни былай деп жазады: «Ауызға алынған Пайғамбарлардың ішінде Бұдасаф алғашқысы болып табылады. Бұдасаф Тахмұрастың салтанаты аяқталған соң, яғни бір жылдан кейін үнді жерінен шыққан. Ол өзімен бірге парсы жазуын бірге алып келді».

<sup>12</sup> Мұсылман мемлекеті қол астындағы христиандар, яһудилер бұл белбеуді сырт киімінің үстінен буынып жүруге мәжбүр болған.

<sup>13</sup> «Шахнамада» айтылғандай, Жәмшид – Тахмұрастың ұлы. Ал Беруни келтірген айғақ бойынша оның інісі. Жәмшид мемлекет құрылымының негізін қалаған, адамдарды төрт тайпаға бөлген, оларды киім киюге үйреткен.

<sup>14</sup> Парсы тілінде мата – «дев бафт» (дию тоқыған) деген мағынаны білдіреді.

<sup>15</sup> Захһак – Иранды басып алған аңыздағы аждаһа.

<sup>16</sup> Афридун – «Шахнамада» Фаридун, Берунидің жазуынша - Жәмшид әулетінен.

<sup>17</sup> Ибраһим – «Тәуреттегі» пайғамбар. Мұсылмандар оны бас пайғамбарлардың бірінен санаған.

<sup>18</sup> Сада – Наурыздан елу күн бұрын келетін мейрам. Сади – жүздік мағынасында, яғни Наурызға дейінгі елу күн, елу түн.

<sup>19</sup> Орта ғасырда Түркістан деп Шығыс Түркістан (Синьцзян) мен Моғұлстан аталған. Жейһүн – Амудария, Чин – Солтүстік Қытай, Мачин – Оңтүстік Қытай.

<sup>20</sup> Рум жерлері деп Орта ғасырдағы Шығыста Кіші Азия мен Юнанстанды айтқан.

<sup>21</sup> «Шахнамада» жазылғандай, Фаридунның екі үлкен ұлдары Тур мен Сәлім інісі Зражды өлтіреді. Бірақ кейін сәті келіп, олардың өздерін Зраждың ұлы Манушар өлтіріп, екеуінің басын Фаридунға алып келеді. Сөйтіп өзі Иран тағына отырады.

<sup>22</sup> Гүштасп – Дара Гүштасп болуы ықтимал. Құрыш негізін қалаған хахаманиши әулетінің патшасы.

<sup>23</sup> Зердөшт – Зараастра, немесе Заратуштранын парсыша аты. Ол зардушт дінінің яһуд, Орта ғасыр Шығысында габр діні деген ат алған діннің негізін салушы. Әл-Беруни оны «Заратуштра, Сафид түменнің ұлы, әзірбайжандық» дейді. Зардөштті зардөштилердің сүйікті кітабы «Авестоның» иегері деп есептейді.

<sup>24</sup> Сөйтіп, Күннің жылдық айналуы және 3651/4 күндіз бен түнге тең. Жылнама арасындағы айырма (парық) әр төрт жылға бір күн қосумен емес, бәлкім, әр 120 жылда бір ай қосылып отырумен есептелетін болар...

<sup>25</sup> Ескеңдір – Александр Македонский (біздің эрамызға дейінгі 365-323 жж.) «Александр» сөзіндегі «ал» арабшадағы «ал» қосымшасы деп түсіндірілген. «Зұлқарнайын» – «Екі мүйізді». Александрдың арабша лақаб аты онын мінген аты – Букефал («Бұқа басты») дегеннен келіп шыққан. Александр (Ескеңдір) Шығыстағы көп әфсаналардың қаһарманы. Сол аңыздар негізінде әзірбайжанның ұлы шайыры Низами Ганжауи (1141-1203) «Ескеңдірнама» кітабын жазған.

<sup>26</sup> Ардашер Бабақан (Бабақ) – Ирандағы сасанилер мемлекетінің негізін қалаушы, Сасанның ұлы 226-251 жылдар аралығында патшалық құрған.

<sup>27</sup> Нушираван (Анушираван деп те атайды), оның басқа бір есімі Хисрау – Сасанилер әулетіндегі патша. 531-579 жылдар аралығында патшалық құрған. Иран бекзаттарының бірі, Зардоштилік Маздақтың басшылығымен болған халықтық қозғалысты басқаны үшін оны «әділ» деп атаған. Ал Анушираван есімі «мәңгілік рух жауынгері» деген мағынаны білдіреді.

<sup>28</sup> Мадайын (Ктесифон) – сасанилер мемлекетінің Дажла (Тигр) дариясы бойындағы астанасы. Мадайын – арабша «шаһарлар» деген мағынаны білдіреді. Бұл астана айналасында басқа да көптеген қалашықтар болған. Кейін оның қалдық жұртында Бағдат шаһары пайда болды.

<sup>29</sup> Мағмұн – 813-833 жылдар аралығында халифа болған аббаси, харон Рашид халифаның ұлы.

<sup>30</sup> «Мағмұнның астрономиялық кестесі» деген атпен бүгінге дейін мына төмендегілер мәшһүр: а) Қажы Халифа ауызға алған Зижа әл-Мағмұн. б) Аз-зижа әл-Мұғман лил Мумтахин («Әл Мұғманның сынаушылары үшін астрономия кестесі») – астроном Яхия ибн әбу Мансұр басшылығымен ғалымдар тарапынан түзілген. Бірінші кесте табылған жоқ. Қажы Халифа тарапынан жазылған оның бастапқы бөлігі кейін қайта өңделіп, сақталған. Бұл екінші кестенің бастапқы бөлігінен өзгешерек.

Мұғман сарайында жұмыс істеген астрономдардың иран күнтізбесін қайта жасап шыққандары хақында дерек жоқ. Халифалық мемлекеттерде жыл он екі камари айдан тұратын мұсылман камари жылнамасы ресми жылнама деп танылған еді. Камари ай 29, 30 күндік бен түн тең болғаны үшін камари жыл 354, 355 күндік-түнге және шәмсия жылдың 100 жылы Қамаридің 103 жылына тең болады»

<sup>31</sup> Мутаваккул алалла, әбіл Пазыл ибн Мұхамбет – 847-861 жылдардағы аббасилер халифасы. Берунидің айтқанына қарағанда, салық жинау кезінде екен егін енді ғана көгеретін болғандықтан, осыған байланысты адамдардың салық төлеуге шамасы жетпейтінін көзімен көрген Мутаваккил мұның себебін сұраған. Оған Наурызда салық жинап алу үшін бұл әдетті парсылар ойлап тапқанын және арабтар да мұны қабыл алғанын айтқан. Мұны естіген соң ол дінбасыны шақырттырған. Ол Мутаваккилге парсыларда жыл есебі, оның ұзақтығы мен қанша жыл қосылып тұру керек екендігін, соңыра ислам діні келген соң мұның жойылғанын, бұдан адамдардың залал шегіп жатқанын тәптіштеп түсіндірген. Одан соң Мутаваккил ибн әл-Аббас ас-Селиді шақырып, оған дінбасы айтқандай, жылдың күндерін есептеп шығып, Наурызды бір мезгілде өткізуді, өзінің атынан мемлекеттің барлық уәлаяттарына Наурыз мейрамының аталып өтуі хақында түсінік-хат жолдауын тапсырды. Бірақ Мутаваккилдің мезгілсіз қаза табуына байланысты бұл іс аяқсыз қалды. Бұл істің жалғасы Мутаваккилден кейін халифа болған (392-902) Ахмет ибн Талха Мұғтадид кезінде жүзеге асырылды.

<sup>32</sup> Әбу Жағышар Мұхамбет ибн Абд әл-Мәлік көп халифалардың уәзірі болған, 847 жылы Мутаваккил таққа отырған соң ұзамай өлтірілген.

<sup>33</sup> Сейістан – Ауғанстанмен шекаралас болған Иран уалаяты. Иран мен Орта Азия халықтарының дастандарындағы аңызға айналған қаһармандар – Сам, Зал, Рүстем, т.б. отаны болып есептеледі. Ал Халифа ибн Ахмет - Сафаридтер әулетінен шыққан Сейістан әмірі Махмұт ғазнауидің вассалы болған.

<sup>34</sup> Мәлік шах – Селжүктер сұлтаны, 1072-1092 жылдары патшалық құрған.

<sup>35</sup> Мәлік шах дәуірінде Омар Һайамның тікелей жетекшілігімен Күнтізбе жасау ісі қолға алынған болатын.

*Омар Хаям. Наурызнама: Рисала. Ауд. И. Сапарбай.  
Алматы. «Білім» баспасы, 2009 ж., 12-19 бб.*

## Мәшһүр ЖҮСІП

## НҰХ, НАУРЫЗ ТАРИХЫ

*Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) – қазақтың көрнекті ақыны, шежіреші, фольклортанушы әрі ағартушысы. Ол қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихи аңыз-әңгімелерін, шежіре деректерін жинап, хатқа түсірген ірі тұлғалардың бірі. Оның мұралары ұлттық тарих пен рухани мәдениетті зерттеуде маңызды дереккөз саналады.*

*Мәшһүр Жүсіптің «Нұх, Наурыз тарихы» атты еңбегінде Наурыз мерекесінің шығу төркіні діни-аңыздық және тарихи таным тұрғысынан түсіндіріледі. Автор Наурызды Нұх пайғамбар заманына қатысты аңыздармен байланыстыра отырып, көктемгі жаңару, адамзаттың қайта түлеуі идеяларымен сабақтастырады.*

*Еңбекте Наурыздың қазақ дүниетанымы үшін қаншалықты маңызы бар екені сипатталып, оның табиғатпен үйлесімі, жыл басы ретіндегі мәні сөз етіледі.*

\*\*\*

Естіген құлақтың жазығы жоқ. Құрттай бала күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді:

Нұх пайғамбар дарақтан кеме пішкен,

Ол кемеңің тақтайын тышқан тескен, – деп. Бұл – естіген сөз. «Құлақ естігенді көз бір көрмек». Бұл күнде көзіміз көрген нәрсені ойға салып жорысақ, Топан суы тасып, дүние жүзін бір қаптағандығы айдан жарық, күннен анық көрініп тұр. Аспан, көк, жер, су жаралғаннан бері қарай жоғарғы әуеде құстан басқаның ұшқанын естідіңдер ме? Жоқ, жоқ! Суда балықтан басқаның жүзгенін естідіңдер ме? Жоқ, жоқ! Міне, енді бұл күнде адамзат аэроплан (айырплан) жасап алып, әуеде құстай ұшпады ма? Су астымен жүретұғын кеме жасап алып, дарияларда балықтай жүзбеді ме?! Бұларды не деп ойлайсың? Бұл – дүние тұрған сайын, адамзаттың ақыл-ойы артылып, ғылым-білім күшейгені. Ендеше не нәрсеге болса да, бұрынғылардың ақыл-ойы жетілмей, кемеліне келмей тұрғандағы айтқанына нанбаңдар!

Жарапазаншы шал айтты деп, Топан суы болғандығына нанып тұрғаным жоқ. Өз көзім көрген нәрседен танығандығымды білдіріп айтып тұрмын. Сол Топан суының болғандығын, тау біткеннен қырық кез асқандығын: жер айтып тұр, су айтып тұр, тау-тас айтып тұр! Жердің айтқандығы – талай жерлерде судың еріксіз айдауымен үйіліп, жиылып, төбе-төбе болып қалған құмдар бар: «Қызылдың құмы», «Қара құм», «Жеті қоңырдың құмы» – аталған.

Судың айтқандығы – адамзаттың ептейсіз көп қырылғандығынан, көз жастары ащы теңіз, сор болып қалған. Тау айтқандығы: «Алғаш құрғақтық тауып, қылтиып көрінген мен едім!» – дейді Ұлытау, тау тұңғышы болғандықтан Ұлытау атанғандығы сол. Онан кейін тарбайып-тарбайып, адыр-бұдыр болып көрінген мен едім дейді Тарбағатай мен Шыңғыс таулары. Тау біткеннің бәрі судан шыққанда, су астында түншығып қалып, есепсіз көп жыл көрінбей қалып; «Ең соңынан шыққан тау кенжесі мен едім», – дейді Баянаула. Оны көрген, ішін аралап жүрген біз: «Рас-ау, рас!» – дейміз. Неге десең: ұзыны – жиырма бес шақырым, көлденеңі он бес шақырым. Бір өзінде жеті көл бар. Бұл көлдерден басқа бастарының төбесінде кішкене-кішкене көлшімектер толып жатыр. Баянауланың қаласының темірқазық жағында он екі шақырым жерде бір «Найзатас» деген тас бар. Анадайдан керген кісі: «Бір бөріктей!» – деп ойлайтұғын. Сол Найзатастың төбесінде тоғыз бөлек тұмарлы Көкше бар. Араларында: карағай, қайың, арша; бұлақ, шабындылық шөп толық. Баянауланы көрген, аралап жүрген кісіге су астынан шыққандығын тауы, тасы өзі сөйлеп айтып тұр.

Он екі айды бір жыл дейді. Бір жыл бір кісінің өмірі есепті. Бір Құдайдан басқаның бәрі бірінен бірі туып, өсіп-өнбек. Туып, өсіп, өнетұғынның бәрі де қартаймақ, өлмек! Көк – байы да, жер – қатыны. Солай болғаны үшін: «Көктен жаудырсын, жерден өндірсін!» – дейді.

Аспанда бұлтқа бұлт шағылысады, сөйгіп жаңбыр жауады. Жаңбыр көп жаумайтын жылы: «Бұлт қысырап калды» – деп, күн бұрын айтып отырушылар болады. Жаралған: жанды, жансыз – бәрі де жұп жаралған. «Жұп» мәнісі – «ерлі-байлы» – деген сөз.

Жыл – өзі. Жазғытұрым – жаңа туған жас бала. Үш айға шейін солай. Үш айдан соң жігіт болып жетілгені. Ол өмірі – үш ай. Онан кейін: егде, мосқал, бурыл бас болғаны. Мұндай болған уақытын: «күз күні» – дейді. Бұл өмірі де үш ай. Онан кейін: «қыс-зымыстан» – деп атайды. Қар астында қалғандығы ол – өлгені. Он екі ай бітумен бір жылдың өмірі бітеді. Жыл басына кесілген өмір он екі айдан аспақ емес. Он екі ай бітіп, бір жылдың өмірі таусылды. Енді жаңа жыл туады. Бұл – туатұғын былтырғы өткен жыл емес. Онан басқа, бөлек жыл. Бұл жыл басында туатұғын күн де бұрынғы күн емес. Күн бүгін туған – жаңа күн. Сол жаңа туған жылын, жаңа туған күнін құттықтап, қуанып той қылса, сол жыл да, сол күн де бұл құттықтаған, қуанғанды қолтығына кысып, құшағына алып сый-құрметпен, қызық дәуренмен өткізуге міндетті, борышты.

Бұл наурыздама той болып, қай заманда басталған жұмыс? Жоғарғы жақта сөйленген Нұх пайғамбар еркегі, ұрғашысы араласып, сексен қаралы жолдаспен кеме жасап мініп, алты ай, он күн суда жүзіп, су тартылып, кемесі Қазығұрт тауына кез болып, соған тоқтап, құрғақшылық көріп, қара жерді басқан. Біреудің әкесі, біреудің баласы, біреудің бауыры, туысқаны қырылып қалып, «салт атты, сабау қамшылы» болып судан шыққан. Тышқандай сүмірейіп шыққан соң, тамақтарынан ас жүрмеген:

– Енді біз тірі болғанда, неменеге жараймыз?! – деп, уайым-қайғыда болған.

Сонан соң бір үйретуші табылып, арақ жасап ішкен. Арақ ішкен соң: «Ішкен мас, жеген тоқ, уайым да жоқ, қайғы да жоқ» – бұрынғы күннің жаманын, жақсысын ұмытқан. Өздерінің аман қалғанына қызық, мереке, той жасаған. Сөйтсе, сол күнде ай есебімен санағанда, «Мұхарамма» айының оны екен де, жұлдыз есебімен санағанда, күннің хамале бір уәжібіне кірген күні – бірінші хамале болып табылған.

Нұх пайғамбардың тұңғышы – «Сам» деген баласы. Ғараб (араб), Ғажам – сол Самның ұрпағы. Біреуі ай есебін ұстап, жыл басын: «Мухарамма» – деп санап, оның оны: «Ғашура күні» – деп, мейрам қылып ұстап қалған. Біреуі – Ғажам жұрты, бұл жұлдыз есебін ұстап: «Бірінші хамале – жыл басы» – деп, мейрам қылып ұстап қалған. Мұның ұстап қалған күні число есебімен марттың тоғызына дәл келіп, қыс пен жаздың аударыс, төңкерісіне тұпа-тура, дәлме-дәл шыққан. Мұны біздің қазақ: «Бұхар есебі» дейді. Бұл есептен біздің қазақ жұрты орысқа қарағанша, аумай, жаңылмай ұстап келген. Ай да он екі, жыл да – он екі. Он екі жылдың басына он екі хайуанды ие қылған. Оған ат қойып, айдар таққан.

Жыл деген өзі – диірменнің (тиірменнің) белағашындай айналып тұратұғын нәрсе. Жер де айналады (айланады), Көк те айналады, Ай да айналады, Күн де айналады, күндіз, түн де айналады. Сол айналатындығынан: бірінің соңынан бірі келіп тұрады. Жыл да солардай айналады. Жылдың белағашында он екі шабақ бар. Он екі шабақта он екі тақ бар.

Он екі тақтың әрбіріне бір жуан ие отыруға жиырма жетінші жылдың жиырма екінші мартта жүріс қылып жүрген жорықшы күн хамале бір уәжіне енді. Бірінші хамале болып, қоян таққа мінді. Сонан бері қарай: «қоян» – деп, газетке жазылып жүр. Дәнемеге жарамас, есепке кірмес. Оның аты неге жазылады? Оның жыл билегендігі, іске жарағандығы сол, жұрт қоянша қорқақ болып, шептің басынан ерген қойдай, тек желп етіп жел тұрса, үрейі ұшып, зәресі кетіп: «Ал, жұт болады!» – деп былшылдайды. Жұт түгіл, дәнеме де болмайды. Қоянның қорқақ қылып айтқызып тұрғаны. Және қоян жылды кісі өмірінде үрей, қояндай қорқақ келеді.

Енді келер алдымыздағы жиырма сегізінші жылдың мартының жиырма екінші күні жыл белағашы айналып, қоян тұрған тақ астына ұлу таққа отырады. Бір жылға сол ие болады. Сонда бұрынғы отырған астына кетіп, оның орнына екінші тақ үстіне шыққандығын – жандыда балық біледі, жансызда – Самарқанның көк тасы біледі. Балық білетұғындығын сонан байқаған. Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп.

Жиырма тоғыз жасымда Бұхарай-Шәрифте Ғабдалахыд Ханның наурыздама тойының сегіз күн ішінде болдым. Ұдайымен жүреміте үш кісіні жыққанға бір шапан бәйге, дәл сегізінші күн: «Мазар Шариф» деседі. Қожа Баһауалдин әулиенің басындағы хауызға қант төгіп, суды қант татытып, жұрт жабыла ішіп, «той тарқар» болады. Біздің қазақ жұрты үлгіні сол Бұхара жұртынан алған екен. «Орысқа қарамай тұрған күнінде қазақтың наурыздамасында болған той, мереке қызығы Бұхар мен Қоқанда да болмаған!» – десіп сөйлейді. Қайда атақты асқан бай бар болса, наурыздаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында наурыздаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен.

\*\*\*

Шоң, Торайғырдың әкесі Едіге би –үштің біріне қосылған кісі. Ер Едіге, Әз Едіге, Би Едіге. Ер Едіге Тоқтамыс ханның заманында болып, ертегі болып айтылып жүрген. Әз Едіге Кіші жүзден шыққан. Асан қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора батыр, Әз Едіге бұлар: «Үрім-бұтақ жұрағатымызды орыс жұртының келемежінде қалдырмаймыз!» – деп, ауып кеткендер.

Би Едіге – Айдабол Пәлі (Ғалы) – Төлебайдың баласы. Едіге би Баянауланың бауырынан жүз кісі болып, атқа мінді дейді: «Қызылтауда Сәти тасында отырған Мырзақұл баласы Сәти мырзаға барып, наурызды қылдырамын!» – деп. Барса, Тәти мырза үйде жоқ екен. Қарсонар болған соң, бүркіт алып, шығып кеткен екен. Баяу деген бәйбішесі бар екен, «бес берекенің біріне» қосылған бәйбіше екен:

– Мырзаңыз ас-суды алып кеткен жоқ. «Зәуіде келе қалса, мені жоқтатпа!» – деп, тапсырып кетті! – деп, «ас та төк, шаш та төк» қылыпты.

– Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейі наурыздама қылдыра келдініз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар?! – деп, сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті.

Тәти мырза алдырған тұлкілерінің ішінде бір қара тұлкісі бар, наурыздаманың үстіне келіп қалыпты. Қара тұлкі алдырып келгеніне бір қуанып, «Наурыздама қылдырамын!»- деп, Едігенің келгеніне екі қуанып:

– Бұл наурыздама Баяудікі болды. Мен ұрғашы наурыздамасына ортақтаспаймын! – деп, басы Едігенің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісіне: біріне түйе, біріне ат, жүз кісіден бір кісіні құр қойған жоқ. Ең аяқ атшыларға бір-бір матадан үлестіріп: – Міне, менің наурызым! – деп, сый қылыпты.

Міне, сондай жақсы күнде тасып кетіп алған дуа ұрпағынан Шорман шығып, Мұса шығып, байлық, беклік таласа қоса шығып, жалпақ Сүйіндікке құт ауыл, ұйытқы ауыл болып тұр. Бұл күндегі пәленшекем, түгеншекемнің пейіліне қарағанда, тағалы торы тай ұстап тұра алмайтұғын пейіл бар. Атасына, бабасына тиген дуа. «Құдай берген дәулетің, тепкілесең, кетпесін!»- деген осы екен. Онған, ілгері басқан біреуді: «Шіркін атасына, бабасына дуа тиген тұқым ғой!» – дейді.

Едіге би жүз кісімен еліне қайтты. Екі ауланың арасынан аспақ болып, Мырзашоқы маңайы, Қарөзек деген жерге: «Ат шалдырайық» – деп, түсіп отырып, жолдастарынан сұрады дейді:

– Тәти артық па, мен артық па?– деп.

Қасындағы аузына май жұқпайтұғын қу ауыздар:

– Малда ақыл жоқ, итке бітеді. Жүнде ақыл жоқ, к...ке бітеді.» – демеді ме? Сіз артықсыз! – десті дейді.

Едіге би долданып, жарылып кете жаздап, қасындағыларға ұрысты дейді:

– Сен, иттер, ауыздан ішіп, арттан түсіп қалатыннан басқа нені білесіңдер?! «Тойдық, кенелдік, қарқ олжаға (белсемізден) белшемізден баттық!» – деп мазаттанып келесіңдер ғой! Әне, білмегендіктерің! Мен қорланып, жүдеп келемін. «Қалайша?» – десеңдер, мен сегіз кісіні бір түн осындай қылып күте алам ба? Бұл жүз кісіні сегіз күн күтті ғой! Бір күнінен бір күнгісін асырды ғой! Аш болсаң, менің қасымда біреуің қаласың ба? «Осы қылықты не үшін қылды» – деп ойлайсыңдар? «Жанқозының жалпақ кедейін есінен қалғысыз бір қылайын!» – деп қылды. «Өзіңде асың болса, біреуде қасың бар ма?» – деген сөз бар емес пе?!

Өзі шарт жүгініп отыра қалды: «Ал, мен бата қылайын, сендер бірін қалмай: «Амин!» – деңдер! – деп, көзінен бұршақтай домалап отырып, – А, Құдай, халқымды, жұртымды өзімнің тұсымда бай қылмасаң да, балам Шоңның тұсында бай қыл!» – деп бата қылған екен.

Сол батасы қабыл болып, Шоңның тұсында: «Жанқозының жалпақ байы» атаныпты. Едігенің тұсында: «Жанқозының жалпақ кедейі» атанған екен. Басы Шоңның өзі бай, Бәзіл де бай, Бәрмен де бай, Ақын да бай, Батыр да бай, Ақпан да бай, Ботпа да бай, Лаба да бай, Саба да бай, Шапат да бай, Апат да бай, – бай емесі жоқ. Шоң бидің тұсында Жанқозыға бір жайлауда жүз отау түсіпті.

\*\*\*

Қазақтың қазақ болғанда, өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурыздама. Ол күні кожаларға оқытатұғын, наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратұғын ол кітаптың атын: «Салдама» – дейді. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап: «Амин!»- деп отырады. Сонан соң олардың айтқаны айтқандай келіп халық, жұрт ілгері басып, малы да өсіп, басы да өсіп берекелі болады.

Мал сойып, наурыздама қылуға шамасы келмейтін кедейлер жалғыз қой сойса да, наурыз күні бір қазан көжеге салып: «Ауылға татырамыз!» – деп, басын сақтап қояды. Байлардың бәйбішелері ірімшік пен майдан жасап, қарын-қарын жент сақтайды. Қыстыкүні: «Бұл жентіңізді қашан бастайсыз, бізге қашан татырасыз? – деушіге: «Шырақтарым, әлі Самарқанның көк тасы жібігенде, бұл жент те өзі балқып, босайды. Сонда бастаймын! Осы күнде қайыршақтай қап-қатты пышақ өте ме?» деуші еді. Міне, мен осы жентті жасатып, дәл наурыз деген күн бастатып көрген кісімін. Айтқаны-айтқандай!

Қазақта: «Тас» – деген, «Тастыбай» – деген кісі аттары болған. Олардың келін-кепшектері: «Тас» – деп, атай алмай, «Қайыршақ» – деп сөйлеп кеткен.

Қазақта «Наурыз» деген де кісі аты болған. Келін-кепшектер атай алмай: «Ұлы күн» – деп, «Ұлыстың ұлы күні!» – деп кеткен. «Ұлыс» – Түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта: «Ұлыстың ұлы күні» – Наурыз.

«Айт» – араб тілі: ол өзі араб мейрам қылған күн. Арабша: «Ғайеде» – деген сөз. «Мәнісі не?» – деп сұрасаң: «Құдайға қайтқан күн» – деседі. Мұның өтірігін сонан біл: Құдайға бір-ақ күн қайтып, өзге күнде далаға лағып (ұлағып) кетпек пе екен?!

«Елді, жұртты оңға бастаймын! Ілгері басуына, мал басы өсуіне тілеулес боламын!» – деушілер... осы наурызды құрметтеп: «Ұлыстың ұлы күні» – атандырып, той-тамаша қылдыруға тырысуы керек.

*Мәшһүр Жүсіп. Павлодар: ЭКО баспасы 2006 ж. 8-том. 49-56 бб.*

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Академик-жазушы, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген  
ғылым қайраткері

СЫРШЫЛДЫҚ САЛТ ӨЛЕҢДЕРІ

Наурыз. Наурыз күн шығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе, көшпелі түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған. Наурыз – бақташылық кәсібіне салынған елдің кәсіп мейрамы. Бүгінгі мал баққан қазақ сияқты бұрынғы бақташы елдің барлығының да амандық, тоқтығы, бар тіршілігі табиғаттың жалаңаш құшағында болған. Әуе райы барлық тілек пен тіршіліктің қожасы. Сондықтан жақсылық, жамандық жіберетін қорқынышы да, үміті де бір аспанға байланғандықтан, аспанды «тәңірі» деп, соны ұлы құдай көру, ең ескі діндердің бәріне бірдей жайылған наным болатын.

Қыс кетіп, күн шырайы түзелген кезде тәңірідей құдай ел тіршілігіне кеңшілік әкелді деп есептеледі. Сондықтан жазғытұрым, наурыздың кірген күні – жаңалық күні. Ескі ауыртпалықтың барлығы қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған күн. Кәсіпке келген кеңшілік, шаруа соңындағы елдің де арқасын кеңітіп, бел асыратын, көңілін көтеретін. Сонда алты ай қыс қабағын түйіп, әлденеге соғары белгісіз болып келген тәңірідей иесінің иген күнінде ел де ағытқан қойдай жамырасып, көрден шыққандай жылап, көрісіп, қуанышты келешекке үміт артып, бас қосатын.

Бұл мейрам бері келген кезде, өнер тапқан елдер үшін бұрынғы жанды қызуынан айрылса да, қазаққа соңғы заманға шейін мағынасын жоғалтқан жоқ.

Сондықтан қазақ елі ұлыстың ұлы күнін көтерілген қуанышпен қарсы алатын. Өзге мейрамдардың ішінде жалпақ елдің өмірімен нық байланысы бар мейрам осы болатын.

Бірақ берірек келгенде ол мейрам ескі дін нанымның белгісін жоғалтпай, ылғи ескілікке елдің наным, ұғымын жабыстыра берген соң, ісләм дінінің үгітшілері жоғалтуға тырысқан. Сонымен өте ескі замандағы бағасы бері келген сайын кеми бастап, соңғы кезде мейрамдық бағасы да әлсірей берді. Бізге қазақ ескілігіндегі әдебиет жұрнағын, ісләм дінінен арғы жерден жинау тіпті қиын. Осы күнде ол ескіліктердің ізі қалмай жоғалып кетті. Сондықтан наурыздың да дәл өз кезіндегі салтқа кірген дұғалық сияқты көп өлеңдері ұмытылған. Бүгінде ісләмнің қалың сүзгісінен өтіп келген болымсыз жұрнақтарына қарап қана арғы заманға болжау жасауға болады.

Қазіргі наурыз жайындағы сөздер сол күндегі ырымды, сондағы амандасу, көрісу сияқты ұсақ салтты, сол күндегі тілекті ғана білдіреді. Бірақ нағыз мейрамның өзіне арналған өлең әзір қолға түскен жоқ. Түсуі қиын да сияқтанады. Бүгінгі наурыз жайындағы өлеңдер мыналар:

Ұлыс күні қазан толса,  
Ол жылы ақ мол болар.  
Ұлы кісіден бата алсаң,  
Сонда олжалы жол болар, – деген ескі мақалды өлеңдер.

Және:

Ұлыстың ұлы күнінде,  
Бай шығады балбырап.  
Қасында жас жеткіншек,  
Тұлымшағы салбырап.  
Бәйбіше шығар балшып,  
Күндіктері қайқып.  
Келіншек шығар керіліп,  
Сәукелесі саудырап.  
Қыз шығады қылмиып,  
Екі көзі жаудырап.

Ақ бөкендей сырқырап,  
Құл құтылар құрықтан<sup>1</sup>,  
Күң құтылар сырықтан.  
Кетік ыдыс шөміштің  
Түтіні кетер бұрқырап.  
Сол күні құшақтасып көрісу туралы:  
Амансыз ба, ұлыс оң болсын!  
Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!

Кейбірі:

Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлігі ақты болсын!

Кейбірі:

Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жала жерге енсін!

Және:

Ұлыс күні кәрі, жас,  
Құшақтасып көріскен;  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өріскен.  
Шалдар бата беріскен:  
«Сақтай көр» деп терістен.  
«Кел таза бақ, кел!» десіп,  
«Ием, тілек бер!» десіп...  
«Көш кайрақан<sup>2</sup>, көш!» десіп!  
«Көз көрместей өш!» десіп...

Және:

Есік алды қара су бойлағаным.  
Жалғанның қызығына тоймағаным.  
Көмілсем де кетер ме көкейімнен  
Қалқаммен ұлыс күні ойнағаным.  
Наурызды қосқан ескінің бір өлеңі.

Белгілі Шақшақ Жәнібек кенже қызын бір досының баласына берген. Жәнібек өлгенде сол қыз келіп, әкесін жоқтапты. Соның ішінде наурыз турасында мынадай өлең келеді:

Айналайын, әке-кем  
Неге бердін кедейге?  
Қанша ақылды десең де,  
Кедейді кедей демей ме?  
Байға берсең әке-кем!  
Қазысы қарыс айғырды,  
Сүбесі сүйем қошқарды,  
Ұлыс күні соймас па ем?  
Тамам сорлы тоймас па ед?  
Жүп шырақ жағып қоймас па ем.

Мұнда баяғы заманда, ұлыстың ұлы күні қалың елдің жаңа тілек тілейтіні көрінеді. Жүп шырақ<sup>3</sup> жағу, кетік аяқ, кетік шөміш сындыру, көріскенде: «Таза бақ, кел!» деп, «Көш, қайрақан, көш» деп аластау барлығы да сол заманның тілегі. Ескіліктің ізін сақтаған, ескі күнде аман болып, бүтін болып қалмай сынып, жарылып қазаға ұшыраған нәрселер болса оның бәрінде ескі күннің сарқыты қалуға мүмкін. Онда несіне арналған жаманшылық сөз сақталып қалуға ылайық. Сондықтан кетік

ыдыстар сындырылады. Жүп шырақ жағам дегені аспаннан соңғы сенгені от. Оттай иеге арналған тілек. Бұлардан басқа төрт көз итті өлтіру, моғал ошақ қазу болған. Барлығы да сол замандағы дін мейрамының шартынан туған, көпке бірдей салт. Сол күні не істелсе барлығы да арнаулы өлеңмен, арнаулы тілек сөздермен істелу керек. Бірақ сол сөздің бірде-бірі қолда болмағандықтан, сол турадағы сөзді шала қалдырамыз.

<sup>1</sup> Құл құтылар құрықтан дегенді – Керей Нысан деген кісі: құл, күнді азат қылып, босататын байлар болған деуші еді. Едіге деген ақсақал: сол күні қызметтен босанады деуші еді. Бұл ел ақсақалдарының естуінше.

<sup>2</sup> Қайрақан – ескі діндерде әр істің бір құдайы бар деген наным бар: жамандықтың несі «қайрақан» дегені болса керек.

<sup>3</sup> Жүп шырақ – тілек, намаз есепті құлшылығы.

*Мұхтар Әуезов. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1985 ж., XVI том. 39-42 бб*

## Каржаубай САРТҚОЖАУЛЫ

Доктор филологических наук,  
кандидат исторических наук,  
академик Международной Академии Чингисхана, тюрколог, профессор

### ДРЕВНИЕ МУЗЫКАЛЬНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

**Аннотация.** В статье рассматриваются музыкальные инструменты древних тюркских народов, их историческое, культурное и духовное значение. Автор показывает, как музыкальные инструменты использовались для передачи природных явлений, человеческих переживаний, социальной жизни и эмоций, соединяя материальные и духовные ценности, что формировало искусство. Исследование охватывает происхождение, развитие и распространение таких инструментов, как свирель, хунхоу, шанкабыз, пипа, домбра и дабыл среди казахов, монголов и других тюркских народов. На основе анализа исторических источников, археологических находок и этнографических данных показывается роль музыки в сохранении национальной идентичности, мировоззрения и культурного наследия тюркских цивилизаций.

**Ключевые слова:** Тюркский миропонимание, музыкальные инструменты, свирель, хунхоу, шанкабыз, пипа, домбра, дабыл, этнография, археология, духовное наследие, национальное искусство, народная музыка, Средняя Азия, древние тюрки.

Музыкальный инструмент – это могущественное средство, которое посредством соответствующих звуков, красивой мелодии изящно и умело изображая явления природы, историю человека и общества, картины повседневной жизни, доводит их до восприятия человека и вселяет в его сознание. Таким образом, музыкальный инструмент является материальной ценностью.

Через эту материальную ценность зарождается духовная ценность. Гармоничное созвучие материальной и духовной ценностей рождает удивительную ценность искусство. Поэтому то, что мы называем искусством – это объективное и субъективное, или единство материальных и духовных ценностей, их соединение. Усваивая эти две ценности, пропуская их через себя, находя в них опору, человек совершенствует свою человеческую природу, развивается, формируется.

Если бы человек только ел и пил, то он не отличался бы от животного. Только любясь природой, оберегая ее, проявляя к ней интерес, человек влюбляется в прекрасное. Только соприкасаясь с прекрасным, человек учится любить человека, общество, окружающую среду. Питает свои чувства. Радует, горюет, жалеет, досадует, гордится, беспокоится. Одними из средств, применяемых в искусстве для передачи именно подобных человеческих чувств, являются музыкальные инструменты.

Любому этносу, нации, народу свойственно свое оригинальное мировоззрение, особенность восприятия окружающей среды. В соответствии с особенностями национального менталитета, его основы и содержания, формируется национальное искусство. Одними из показателей национальной самобытности являются музыкальные инструменты.

Одним из видов самобытного творчества, созданного тюркским этносом, берущим начало с древней эпохи, является искусство игры на музыкальных инструментах. В ходе развития и

процветания национального творчества, тюрки сами изготавливали музыкальные инструменты, совершенствовали их, знакомя другие народы с национальными особенностями своего этноса, его искусством (транслатация). В результате, мир вынужден был признать, что существует тюркский этнос, который имеет свои национальные особенности, имеет десятки поколений потомков. Предыдущие поколения этих народов внесли свой вклад в историю всемирной цивилизации, создав музыкальные инструменты, насчитывающие 3000-летнюю историю. родов внесли свой вклад в историю всемирной цивилизации, создав Летом 2008 года в Центральной Монголии в селе Галуты (Гусиное озеро), Баян-хонгорского района, нами были обнаружены надписи на надгробном камне. На них было написано: «за то, что он усвоил восемь различных инструментов [в дань уважения мы установили святилище (барык) из твердого камня». [14; 603-606]. Эта реликвия – духовное наследие VII-VIII веков н.э. Таким образом, в эпоху тюрков, основание Святилища в честь великого композитора Изгилик-чора знаменовало собой оказание высокого уважения народу. Изгилик-чор – это композитор, освоивший восемь различных музыкальных инструментов. Какие это были инструменты? Мы заинтересовались этим вопросом. Это был тот самый год, когда мы сообщили всему тюркскому миру радостную весть о том, что держали в руках Ата-домбру – свидетельницу эпохи V-VI веков н.э. Мы не прекращали наш поиск, изучая археологические отчеты зарубежных государств, углубляясь в научные труды, занимаясь раскопками исторических реликвий.



Предлагаю вашему вниманию следующую историческую информацию: в 198-ом году н.э. царь Линди Восточной династии Хань, ознакомившись с одеждой хуннов, их домами, изготовленными из войлока, с троном короля, их едой, с музыкальным инструментом хунхоу и свирелью, отдал приказ поместить их во Дворце короля. [18;1894: 108].

*Воин на коне, держащий в руках свирель.  
Скульптура найдена в погребении нии Майхан-ул.*

### 1. Свирель:

Свирель используется и в настоящее время. Сейчас этот инструмент сохранился среди следующих представителей тюркских народов: казахов, башкир, тувинцев, монголов (ойрат-калмак). Этот музыкальный инструмент был широко распространен среди западных монголов и калмыков. Этот факт свидетельствует о том, что свирель появилась у монголов в результате соседства с казахами.

В 80-х гг. до н.э. посол китайской династии Хань, бывший пленник хуннов, отмечал в своих дорожных записях: «У хуннов, после захода солнца не дают заснуть, разгоняя сон, рыдающие звуки свирели (Ху цзя), ржанье лошадей и мычанье коров». [17;1894: 14-20].

На скульптуре, обнаруженной в 2011 году в результате раскопок Древнего тюркского подземного мавзолея, изображен воин на коне держащий, в руке свирель (см. фото №1). Эта скульптура соответствует 630-680 гг. н.э. [13; 2011: 38].

Ниже приводится, сохранившаяся среди казахов Алтая легенда, связанная с историей происхождения свирели. ней говорится о том, что в древние времена на берегах реки Иртыш жила одна почтенная старая женщина со своим сыном. Ее сын, охотясь на великой горе Алтай и, собирая ягоды в нетронутым лесу, он кормил свою мать. Из святой горы Алтай брала начало река, которая обрушивалась со скал водопадом. Звук водопада увлекал молодого жигита, и уносил его далеко в мыслях к сладким мечтам. Этот звук наполнял его удивительным чувством, в котором гулко отзывался святой Алтай, а нежная благоухающая мелодия как будто обвивала и ласкала слух! Едва освободившись от охоты, он проводил целые дни у водопада, слушая его звуки и предаваясь его прекрасным мелодиям. Иногда он не замечал, как заканчивался день. Однажды, из шлейфа водопада появилась изумительной красоты луноликая девушка. Молодой жигит застыл от восторга и изумления.

Девушка спросила:

– Жигит, ты каждый день приходишь к водопаду и зачарованно слушаешь его мелодию. Для чего ты это делаешь?

Жигит растерялся, не зная что ответить. Голос девушки, звучащий как чистое журчание родника, ее дыхание, напоминавшее дуновение свежего ветерка с вершин Алтая, объяли его необыкновенным чувством. Придя в себя, жигит отвечал:

– В звуке каждой падающей капли я слышу голос красавицы-русалки Иртыша. Остаюсь ли я дома, отправляюсь ли в горы, он постоянно звучит в моих ушах.

– Жигит, тогда я научу тебя кое-чему, – сказала она и, срезав растущую лебеду, сделала из нее свирель и отдала ему, а сама исчезла в волнах Иртыша. С того дня мечтой молодого жигита стала красавица-русалка.

Ни во сне, ни наяву не мог он отделаться от мыслей о девушке. С помощью свирели, изготовленной для него из лебеды он сочинял исполнял мелодии (кюи) такие как «Волны Иртыша», «Хвалебная со слов песни Алтая», «Водопад». Эту легенду в 1972 году я записал в Монголии представителя племени каракас рода керей, 75-летнего аксакала Дарияхана, проживавшего в селе Дэлун, района Баян-Олке. Дарияхан аксакал исполнил вышеназванных три кюя.

Информация о свирели, о ее происхождении сохранилась в памяти народа в виде вот такой легенды. Тюрки, проживавшие в Средней Азии, в случае, когда овца или верблюдица чуждались своего детеныша, не подпуская его к себе, начинали играть на свирели, и звучание прекрасной мелодии заставляло животное принять свое потомство. Такая информация сохранилась в китайских документах [6;1942:196].

Драгоценное наследие, берущее начало с древней эпохи хуннов, в настоящее время превратилось в одну из духовных ценностей казахского народа, и, сохраняя свою значимость в качестве поучительного вклада в формирование национального менталитета казахского народа и наших потомков, используется уже более 2000 лет.

## 2. Хунхоу (кобыз)

Хунхоу (кобыз), к которому проявлял интерес упоминавшийся выше Линдай, правитель Восточной династии Хань, как музыкальный инструмент часто упоминается в китайских рукописях. Этот музыкальный инструмент хуннов позднее был освоен китайцами, которые присоединили его к своим музыкальным инструментам.

У. Эверхард (W.Eberhard), известный историк-медиевист, культуролог сделал следующий вывод: «В эпоху ханской династии 206 г. до 220 г. н.э китайцы переняли у народов Средней Азии и ввели в использование музыкальный инструмент, называемый «хунхоу». Канглы, самаркандские тюрки проживали в Фергане, родине музыкального инструмента хунхоу». [6;1942: 260].

Специалист по древнему и исконному китайскому языку ученый Б. Карлгерн, осуществивший научную транскрипцию китайских иероглифов династий Хань, Тан, утверждал, что если исследователь Б.А. Рифтин, автор научного труда «Из истории культуры Средней Азии и Китая» (II век до н.э.-VIII век н.э.), сделавший заключение о том, что название «хунхоу» является древней формой слова «кобыз», признавал хунхоу струнным музыкальным инструментом, из которого можно извлекать звук как посредством щипков, так и потирания, то и известный исследователь Китая А.Г.Малявкин, пришел к такому же выводу [7;1974:167]. Эти два автора пришли к одинаковому заключению. Из этого следует, что на музыкальном инструменте хунхоу можно играть, извлекая звуки посредством щипков и потирания.

Древнейший вид музыкального инструмента хунхоу (кобыза) был обнаружен в 1996 году во время археологических раскопок в погребении №14, в селе Жагундук района Чемо Южного Туркестана Хотан (Шынжан) (A Grand 1999:37).

«Длина (корпус с грифом) составляет 87, 6 см. В нижней части корпуса имеется отверстие в форме. Сохранились следы отпечатков трех струн. При внимательном изучении следов, отпечатков струн, прийти к заключению, что они были изготовлены не путем сучения и прядения, а из скатанной волосяной щетины. Великолепно изготовленное изделие. Это древний вид инструмента

Хунхоу, найденный на территории КНР. Хронология относится приблизительно к 475-221 гг. до н.э. Китайские археологи сделали вывод о том, что период использования инструмента соответствует эпохе, сражающегося с Китаем, царства. [1;1999:37]



*Хунхоу хуннов, найденный в погребении Жагунлук Хотона.  
Восточный Туркестан.  
475-221 гг. до н.э.*

На рисунке мы видим изображенную на корпусе кобыза хунхоу тамгу надлежавшую древним сакам (скифы)

Эта тамга представляет собой силлабограмму из названия saq (скиф) на основе рунических надписей древних тюрков. Впоследствии, при реформировании рунических надписей, отдавая дань древним традициям – обозначили смысл тамги с помощью знака «S», читаемого как «as/ys», [14; 2009:38-42].

Таким образом, данный факт подтверждает, что кобыз, ранее называемый «хунхоу», являлся музыкальным инструментом, известным еще древним племенам саков. Мы надеемся, что в будущем исследователи в области искусств, мастера, усовершенствовав данный инструмент, введут его в ряд применяемых в искусстве инструментов.

### 3. Шанкобыз

Тюркские народы: казахи, киргизы, узбеки, тувинцы, алтайцы до настоящего времени используют шанкобыз в качестве одного из видов национального музыкального инструмента. Среди монгольских народов: бурятов, калмыков, халха, торгауытов, дагуров, ойратов, монголов, а также внутренних монголов КНР, шанкобыз также получил широкое распространение.

Сходные с тунгусами эвенки, нанайцы, маньчжурские племена шивэ, чжурчжен, и другие, такие как племена айнов, народы тихоокеанского побережья, перекочевавшие на японский остров Хоккайдо с территории Центральной Азии, широко используют этот музыкальный инструмент.

Народы, использующие шанкобыз, считают этот музыкальный инструмент своим национальным достоянием.

Вышеперечисленные народы изготавливают шанкобыз из камыша, железа, кости и дерева.

Узбеки называют шанкобыз «чангкобыз», сибирские турки «хомус», большинство монголов называют его «келкуыр» (язычковый кобыз). Возможно это название было присвоено ему в поздние века. Если монгольские датуры говорят «мугры», то племена айнов с острова Хоккайдо говорят «мугли». Если отталкиваться от данного названия, то можно предположить, что первоначальным было название «мугли» или «муглы». Необходимо уточнить, в какую эпоху произошло переселение племен айнов с территории Центральной Азии на остров Хоккайдо. Айны не обладали хрупким телосложением, как у японцев, напротив, они имели борцовское телосложение, прямые брови. В их облике просматривалось континентальное происхождение. (Цэвэндорж Д. 1991:15том).

Древнейший вид шанкобыза был найден в районе Алтынбулак Центрального региона Монгольской Республики. Инструмент был обнаружен во время археологических раскопок в 1989 году в 130 км к западу от столицы Монголии города Улан Батыр, в погребении хуннов в местности Моринголгой (Атбасты), находящейся на юго-вос точном побережье знаменитой реки Тул, [16; 1991:15том].

Длина шанкобыза 12,5 см, ширина 1,4 см, толщина – 2 мм. изготовлен из кости. Длина язычка – 9,7 см, ширина основания – 5 мм, ширина верхушки

2 мм. На одном конце шанкобыза имеется отверстие, предназначенное для вдевания веревочки для ношения шанкобыза (см. фото № 3).

В музее Истории Человечества в Вене, Австрия, в самых крупных Залах № 7 и 8, Музее антропологии и этнографии в Санкт-Петербурге (основан в 1714г.), в Государственном этнографическом музее народов (от Российской Федерации (1901-1903). Выставлены несколько сотен музыкальных инструментов народов мира. Среди них представлены, собранные у разных народов мира, шанкобызы. Самый древний из них – это историческая реликвия инструмент, изготовленный более 150-200 лет тому назад.

В этих музеях не содержатся древние шанкобызы, обнаруженные Во время археологических раскопок. Хуннский шанкобыз, о котором Мы ведем речь, является ценностью, соответствующей 2000-летнему периоду прошлых веков. Если сравнить экспонаты вышеперечисленных музеев с данным наследием хуннов, общая форма шанкобыза не подверглась существенным изменениям. Позднее казахи, тувинцы, монголы приделывали к верхушке язычка шанкобыза кольцо для подвешивания, а иногда вдевали веревочку.



*Шанкобыз, найденный в погребении гуннов Атбасты.*

*II век до н.э. – I век н.э.*

Использовавшийся в эпоху хуннов шанкобыз, претерпев 2000-летний отбор истории, продолжает вносить свой вклад в развитие эстетического и духовного богатства требовательных потомков XXI века.

#### **4. Флейта**

В 2011 году во время археологических раскопок, проведенных в местности Шатыртау (Майхан-ул) в подземном мавзолее было найдено несколько скульптур, изображающих воинов, играющих на В двух руках скульптуру духового инструмента – флейты с четырьмя музыкальных инструментах. Один из них – это конный воин, держащий парными трубками. Снаружи флейта отделана керамикой (см. фото №4). [13; 2011:48]

Такую флейту используют венгерские кипчаки. У узбеков существует двух-трубчатая флейта или флейта «кошнай» с парными трубками. Слог «най» в переводе с тюркского языка передает значение «трубочка». Мы не владем. Информацией о размерах, названии данного музыкального инструмента.



*Скульптура конного воина с флейтой в руках.*

*Найдена в местности Майхан-ул VII в.н.э.*

#### **5. Кипчак**

О музыкальном духовом инструменте флейта под названием «кипчак» Абу Наср аль Фараби упоминал в своих трудах [12; 1981:21]. П. Юдин, русский исследователь в своем этнографическом труде «Киргизы (казахи)» оставил интересную информацию о музыкальном инструменте, мелодия которого звучит спокойно и изящно.

Он говорит: «...две короткие трубочки из камыша (най) вместе привязываются к краешку надутой кишки. Он утверждает, что «звук, исходящий из трубочки, напоминает звук волынки» [12; 1981:21].

В дорожных записях человека по имени Вэн Сунь, проживавшего среди тюрков Орхона в эпоху династии Тан, была оставлена следующая информация: «При выносе тела умершего человека тюрки плачут, царапая свое лицо, исполняя горестный плач. В это время, человек, сидящий на коне, играл на музыкальном инструменте, напоминающем кожаный мешок с двумя привязанными к концу трубочками». Издаваемая им словно вздыхающая, рассыпающаяся мелодия, рыдающий и горестный звук вынуждали человека испытывать страдания, вызывая у него чувство сострадания. Этот музыкальный инструмент тюрки называли (цюше) [17; 1951:18]. Синолог Г. Карлгерн, историк А.Н. Бернштам иероглиф предлагали чтение Я как «цюше», воспроизвели как «кыпшакская» [2; 1997:264].

В настоящее время этот музыкальный инструмент хранится в музее музыкальных инструментов имени Ыкыласа Дукенулы в Алматы.

Использовавшийся казахским народом на протяжении веков этот инструмент называют «желбуаз», Возможно, этот музыкальный инструмент «желбуаз», описание которого было дано упоминавшимися Абу Насыром аль-Фараби, Вэн Сунем, П. Юдиным, во время правления династии Орхонских тюрков получило название «кыпшакская».

Даже домбра – национальный музыкальный инструмент казахского народа в свое время имел два названия. Домбру, называемую наши дни «Абай», в свое время называли «кыпшакской», а домбра, в имевшая эллипсоидную форму, называлась «огыз». Точно так же, в древние времена название духового инструмента «кыпшакская» позднее, возможно, заменили на «желбуаз».

Белорусы, французы до сегодняшнего дня пользуются музыкальным инструментом, похожим на желбуаз (кыпшак), включая его в состав оркестра. Этот музыкальный инструмент, похожий на волынку, белорусы называют «дуду». Слова «дуду» не существует в славянской лексике. На тюркском, монгольском языках, оно обозначает «песня, мелодия».

Следовательно, этот инструмент мог получить распространение в Европе, у белорусов только после того, как славянские народы вошли в состав Империи Жошы (1240 годы).



*Инструмент желбуаз.  
Музей музыкальных инструментов имени  
Ыкыласа Дукенулы*

## **6. Дабыл**

Этот инструмент является выдающимся наследием, сопровождавшим казахов на протяжении веков.

На дабыле играли, чтобы созывать народ на охоту, на великие сборы, в военные походы, на беспощадные сражения с врагом лицом к лицу, чтобы поднять дух в военных походах, чтобы горячилась кровь, чтобы переполняли гордость и отвага, словно ветер вздымающий волосы на макушке.

Тюркские народы широко использовали описание дабыла, кепшика, дангары, которое в свое время было дано Б. Сарбаевым [12; 1981:141-147].

Мы считаем правильным немного отклониться от темы. В китайских документах эпоху хуннов дабыл ценили наряду с воинским знаменем. В доказательство мы приводим два факта. В китайском источнике «Ши цзи» содержится информация: «Когда в 119 г. н.э. китайцы предприняли поход против хуннов, предводитель китайской армии Хо Цюй-бин захватил знамя и дабыл восточного князя хуннов Дацзяна [8;1968:92]». В нем же написано: «В то же 119 году н.э. китайцы захватили знамя и дабыл вождя восточного крыла хуннов» [8;1968:109].

Таким образом, мы видим, что с древних времен, для тюркского народа инструмент дабыл являлся символом народности, уважения национальности и ценился на уровне знамени. Дабыл являлся символом духа армии, души, доблести. Поэтому знамя и дабыл, возможно, олицетворяли народность, независимость.

## 7. Пипа

Музыкальный инструмент с четырьмя или шестью струнами из волосяной щетины, на котором играют, ударяя палочками (прутиками).

В сохранившихся со II века до н.э. записях в труде «Ши-мин» (справочник терминов) человека по имени Лю Си, имеется информация о музыкальном инструменте пипа. «В них имеется информация о том, что музыкальным инструментом хуннов пипа пользовались китайцы» [5; 1941:260, 7; 1974:167].

Еще: В эпоху китайской династии Тан, тех тюркских музыкантов Центральной Азии, которые хорошо освоили инструмент пипа, по специальному приглашению привозили в качестве специалистов, чтобы учить китайских музыкантов. [5;1941:260]. В ту эпоху среди тюрков Центральной Азии широко использовался инструмент пипа [5; 1941: 236].

Современные исследователи китайских музыкальных инструментов пришли к нижеследующему заключению. «Это чужеродный инструмент, появившийся у китайцев в эпоху правления китайской династии Цинь в 246-207 гг. до н.э.». Был сделан вывод о том, что название «пипа» не было присущим лексикону китайцев. [8; 1968:14].

## 8. Домбра

В 2008 году на западе Монгольской Республики у подножия одного из Алтайских хребтов, горы (Жаргалант-Кайыркан) был найден инструмент, который датируется V-VI вв. н.э. инструмент домбра. Автор исследовал этот инструмент и выявил, что это была домбра. [15; 2010: 34-41]. На корпусе домбры был выгравирован текст следующего содержания: «*зурар көү чөре себит идмиз*» = благоухающая мелодия нам доставляет наслаждение». Поскольку о находке данной домбры уже было опубликовано несколько раз, мы вкратце излагаем об этом факте. (см. вышеуказанную работу).



*Домбра, найденная в пещере горы Жаргалант-Кайыркан.  
Монголия. Хребты Алтайских гор*

Выше нами были даны отдельные комментарии о древних музыкальных инструментах, многие из которых сегодня потускнели от времени. Для чего?

Где человек, там имеют место чувства. Там где присутствуют чувства, есть нравственность. Именно музыкальный инструмент описывает взаимоотношения человека и природы, человека и общества, изображает внутреннюю сущность человека с помощью мелодии или ритма, заглядывая в самую его душу.

Музыкальные инструменты передают этнопсихологию своего народа, его мировосприятие, особенности жизни, хозяйствования, традиции его освоения, мировоззрение народа и особенности окружающей среды, национальный менталитет, являются удивительным средством, изображающим образ человека и передающим присущий ему облик.

Как древние и исконные тюрки чувствовали мир, окружающую среду, как передавали свои чувства посредством языка искусства, доносили до своего народа, своей нации, каким уровнем духовного развития они обладали, – понимание этого приходит к нам через эти Музыкальные инструменты. Наряду с этим, мы осознаем, на каком высоком уровне развития находились их

способности к творческому размышлению. С помощью мелодий музыкальных инструментов тюрки оставили знания об их истории, записи о том, что они ощущали мелодии, передаваемые музыкальными инструментами как звуки, чувства, доносившиеся из самой глубины неизведанной Вселенной, воспринимая эти звуки, голоса, мелодии как «нежный кюй», как «нежный ветерок», приносивший блаженство их душе, вместе с ним радовались, вместе утешались во время страданий [15. 2010:36].

Музыкальное искусство древних тюрков и эпохи средних веков не возникло и не получило развитие только лишь как искусство, изначально его возникновение было связано с тем, чтобы помогать ведению хозяйства, способствовать развитию взаимоотношений с обществом, т.е. являлось синкретным искусством.

Данные исторические факты убеждают нас в том, что тюрки пользовались упоминавшимися выше инструментами в случаях, когда отправлялись на охоту, выращивали скот, отправлялись в военные походы, их мелодии звучали при выносе умерших людей. Таким образом, эти факты доказывают, что для тюрков музыкальные инструменты являлись синкретным наследием.

#### Список использованных источников и литературы:

1. A Grand view of xinjang's cultural relies and historic sites china. Urimzhi 1999.
2. Бернштам А.Н. Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстана. Т. I. Бишкек. 1997.
3. Вэн Сунь. Ежелгі дәуірдегі көшпелілер туралы белгілеу. Гуан-жоу. 1951. (Қытай тілінде).
4. Қаржаубайұлы Ж. Байырғы түрік Ғалуты мәтіні. // Еуразиялық идеясы контексіндегі қазақстан түріктануы: мәселелерімен болашағы. Астана. 2009-603-606 бет.
5. Eberhard W. Die Kultur der alten zentral-und westasiatischen Volker nach chinesischen Quellen // Zeitschrift fur Ethnolegn. 73. 1941. ss. 215-275.
6. Eberhard W// Lokalkulturen in alten china // Supplement ou «TP.» Vol. XXXVII. Leiden. 1942.
7. Малявкин А.Г. Материалы по истории Уйгуров в IX-XII вв. Новосибирск. 1974.
8. Материалы по истории Сюнну (по китайским источникам). Предисловие, перевод и примечания В.С. Таскина. М. 1968.
9. Материалы по истории Сюнну (по китайским источникам). Вып.2. Предисловие, перевод и примечания В.С. Таскина. М. 1973.
10. Музыкальные инструменты Китая. М., 1958.
11. Рифтин. Б.Л. Из истории культурных связей, Средней Азии и Китая (до н.э. II. В. - н.э. VIII в.) // Проблемы Востоковедения. 1960. № 5. С. 119-132
12. Сарбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы. 1981.
13. Сартқожаұлы Қ. Моңғолия экспедиция есебі. 2011 // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің түріктану, алтайтану Орталығының қолжазба қоры. Астана. 2011.
14. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік мәтіндеріндегі әріп кескінінің оқылымы // «Алтайстика және түркологиядағы кешенді зерттеудің өзекті мәселелері» атты халықаралық конгресс материалы Көкшетау. 2009.
15. Сартқожаұлы Қ. Ертеорта ғасырдан жеткен Ата-домбыра.// «Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері». Халықтардың ғылыми-теориялық конференция материалдары. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. Астана. 2010. 34-41 66.
16. Цэвээндорж Д. Монгол орноос олдсон дэлхийн хамгийн эртний хэл хуур. // ШУА. 1991. No 5-6. -8-10 тал.
17. Вэн Гунь. Алдыңғы Хань-наме. (Чиянь Хань Шу) Шанхай. 1894.
18. Сонгы Хань-наме (Ху Хань Шу). Шанхай. 1894.

«Записки казахского тюрколога», Алматы: Арыс, 2018 ж., 259-271 л.

XFTAP 18.41.09

**Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ**

Филология ғылымдарының докторы,  
тарих ғылымдарының кандидаты,

Халықаралық Шыңғысхан академиясының академигі,  
түркітанушы, профессор

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ**

**Аннотация.** Мақалада ежелгі түрік халықтарының музыкалық аспаптары, олардың тарихи, мәдени және рухани маңыздылығы қарастырылады. Автор музыкалық аспаптардың табиғат құбылыстарын, адамның өмір тәжірибесін, қоғамдағы өмірін және эмоцияларын жеткізуде қалай қолданылғанын, материалдық және рухани құндылықтарды үйлестіре отырып, өнер туындыларының қалыптасуына қалай әсер еткенін көрсетеді. Зерттеу барысында свирель, хунхоу, шаңқобыз, пипа, домбыра және дабыл сияқты аспаптардың шығу тарихы, дамуы және қазақтар, моңғолдар және басқа түркі халықтары арасындағы таралуы қарастырылады. Тарихи деректер, археологиялық табындылар және этнографиялық мәліметтер негізінде музыка түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін, дүниетанымын және мәдени мұрасын сақтаудағы ролін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** түрік дүниетанымы, музыкалық аспаптар, свирель, хунхоу, шаңқобыз, пипа, домбыра, дабыл, этнография, археология, рухани мұра, ұлттық өнер, халық музыкасы, Орталық Азия, ежелгі түріктер.

IRSTI 18.41.09

**Karzhaubai SARTKOZHAULY**

Doctor of Philological Sciences,  
candidate of Historical Sciences,

academician of the International Academy of Genghis Khan,  
turkologist, professor

**ANCIENT MUSICAL INSTRUMENTS OF TURKIC PEOPLES**

**Abstract.** This article examines the musical instruments of ancient Turkic peoples, highlighting their historical, cultural, and spiritual significance. The author explores how musical instruments were used to convey natural phenomena, human experiences, social life, and emotions, combining material and spiritual values to form art. The study covers the origins, development, and distribution of instruments such as the soyrel, hunhou, shankobyz, pipa, dombra, and dabyly among Kazakhs, Mongols, and other Turkic peoples. By analyzing historical texts, archaeological findings, and ethnographic data, the article demonstrates the role of music in preserving national identity, worldview, and cultural heritage of Turkic civilizations.

**Keywords:** Turkic worldview, musical instruments, soyrel, hunhou, shankobyz, pipa, dombra, dabyly, ethnography, archaeology, spiritual heritage, national art, folk music, Central Asia, ancient Turks.

References:

1. A Grand View of Xinjiang's Cultural Relics and Historic Sites. Urumqi, 1999.
2. Bernshtam A.N. Izbrannye trudy po arkheologii i istorii kyrgyzov i Kyrgyzstana. T. I. Bishkek, 1997.
3. Wen Sun. Svedeniya o kochevnikakh v drevnosti. Guangzhou, 1951. (Na kit. yaz.).
4. Karzhaubaiuly Zh. Baiyrgy turik Galuty matini // Euraziyalyk ideyasy kontekstindegi Kazakhstan turiktanuy: maseleleri men bolashagy. Astana, 2009. S. 603–606.
5. Eberhard W. Die Kultur der alten zentral- und westasiatischen Völker nach chinesischen Quellen // Zeitschrift für Ethnologie. Bd. 73. 1941. S. 215–275.

6. Eberhard W. Lokalkulturen im alten China // T'oung Pao. Supplement. Vol. 37. Leiden, 1942.
7. Malyavkin A.G. Materialy po istorii uygurov IX–XII vv. Novosibirsk, 1974.
8. Materialy po istorii syunnu (po kitayskim istochnikam). Predislovie, perevod i primechaniya V.S. Taskina. Moscow, 1968.
9. Materialy po istorii syunnu (po kitayskim istochnikam). Vyp. 2. Predislovie, perevod i primechaniya V.S. Taskina. Moscow, 1973.
10. Muzykal'nye instrumenty Kitaya. Moscow, 1958.
11. Riftin B.L. Iz istorii kul'turnykh svyazey Sredney Azii i Kitaya (do n.e. II v. – n.e. VIII v.) // Problemy vostokovedeniya. 1960. No. 5. S. 119–132.
12. Sarbaev B. Qazaqtyn muzykalıq aspaptary. Almaty, 1981.
13. Sartqozhauy Q. Mongoliya ekspeditsiyasynyn esebi (2011) // Qoljazba qory. L.N. Gumilev atyndagy EÚU Turiktanu, altaitanū ortalygy. Astana, 2011.
14. Sartqozhauy Q. Baiyrgy turik matinderindegi arip keskininin oqylymy // Altayistika jane turkologiyadagy kesendi zertteudin ozekti maseleleri. Halqaralyq kongress materialdary. Kokshetau, 2009.
15. Sartqozhauy Q. Erte orta gasyrdan zhetken ata-dombra // Zhalpy til bilimi jane turki tilderinin ozekti maseleleri. Halqaralyq gylymi-teoriyalıq konferentsiya materialdary. Astana, 2010. S. 34–41.
16. Tseveendorzh D. Mongol ornoos oldson delkhiin khamgiin ertnii khel khuur // ShUA. 1991. No. 5–6. S. 8–10.
17. Wen Gun. Qian Han Shu (Istoriya Rannei Han). Shanghai, 1894.
18. Hou Han Shu (Istoriya Pozdnei Han). Shanghai, 1894.

## Серікбол ҚОНДЫБАЙ

Өлкетанушы, географ, публицист,  
мифолог, этнограф

### «ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ» ҚАЙ КҮН?

**Аннотация.** Бұл мақалада автор «Ұлыстың ұлы күні» ұғымының түпкі мәнін мифологиялық, тарихи және астрономиялық деректер негізінде талдайды. «Ұлыс» сөзінің қазіргі «ел, жұрт» мағынасынан бөлек, көне түркілік мифтік бейнемен – өлілер дүниесі, ата-баба рухы және аспан шырақтарымен байланысты сакралды ұғым болғанын дәлелдеуге ұмтылады. Славян-балтық дәстүрлеріндегі Велес культі мен Плеяда жұлдыздар шоғыры (қазақтағы Үркер) туралы түсініктер салыстырыла отырып, «Ұлыстың ұлы күні» бастапқыда көктемгі немесе күзгі ата-бабаларды еске алу, құрбандық шалу рәсімдерімен сабақтас болған деген тұжырым жасалады. Уақыт өте келе бұл күн ирандық Наурыз мейрамымен тоғысып, қазіргі қазақ дүниетанымындағы біртұтас мерекелік ұғымға айналғаны көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** Ұлыстың ұлы күні, Ұлыс, Үлек, Үркер, ата-баба рухы, өлілер дүниесі, көне түркі мифологиясы, аспани күнтізбе, құрбандық гүрпы, Наурыз.

Алдымен ескертіп алар, «Ыл», яғни «Үлек» (Үлык, Ұлыс) есімді аспани мифтік бейнеге берілген алғышарттық функция мен сипаттың «малға», «о дүние мен өлімге», «өлгендер рухына», «ата-баба рухына» байланысты екендігі. Міне, осы жағдайда, әлгі славян-балтықтық Велес, велстердің, ең алдымен, славяндық Велестің (Волостың) аспанға, жұлдыздарға қатысты орнын біліп алуымызға тура келеді. Ал славяндық Велес болса, өзінің «о дүниелік, өлілер дүниелік болмысына қарамастан, расында аспанға қатысты бейне болып көрінеді. «В южнославянской традиции, где, как и у восточных славян, с именем этого бога связывается название созвездия Плеяд (др.-русс. Волосыни, болг. Власците, сербо-хорв. Влашия и др.)». Мұндағы «Плеядалар» дегеніміз – «Үркер» немесе «Үлкер», оның үстіне славяндық «волосыни», «власците». «влашия» сөздерінің «Үлкер» сөзімен түбірлес («волось, аучуки, кулук», «ульк») екендігін де көруге болады. Біз «Үлкер» сөзінің «өлілер», «өлік әскер», т.б. сол сияқты мағыналық ауқымдағы мағыналарды бере алатындығын германскандинавтық «Валькирия» сөзі мен «Үлкер» сөзін салыстыруда және алғашқысының тегін дей-түрк тілінен шығару барысында атап көрсеттік. Міне, сондықтан да, славяндық, оған ілескен балтықтық мифтік кейіпкер есімінің прототүрк тілінен ауысқанын тағы да қайталай отырып, Велестің Үркер шоқжұлдызына қатысты екендігін алдағы топшыларымызда ескеретін боламыз.

Сонымен, Үркерлер – Волосыньялар – «мал мен байлықтың» (сондай-ақ, «өлілер дүниесінің») тәңіриесі болған Велестің қыздары деп көрсетіледі. Соған пара-пар бейнелер ретінде қазақтық (жалпытүрктік) «Үркерлер» де қыздар және де олар міндетті түрде «өлілер дүниесінің» әміршісінің қызы болуы тиіс. Ал осындай әміршінің есімі, қарапайым қисынның өзінен анық болатындай, «Үлек» немесе «Ұлыс» болып шығады. Сірә, Махмұт Қашғари сөздігіндегі «Үлгү» немесе «Өлкі» делінген жұлдыз (не планета) атауы нақ осындай «мал мен байлық, өлілер дүниесінің пірі» болған дей-түрктік мифтік бейненің көне есімдері болып табылады. «Үнү» (Өлкі) немесе «Үлек» (Ұлыс) – нақты көне түрк

мифологиясында «Орлик», «Орклит» деген туынды есімге не болған бейненің бастапқы, көне турк заманында-ақ ұмыт бола бастаған есімі болып табылады. Тек прототүркітік Үлек, кейінгі славян-балтықтық втастары Велес пен Велске караганда, әйел жынысты, яғни «о дүниедегі ата-баба еліндегі Түп-ана» кейіпте болған. бүгінгі қазақ эпосында сақталған «Үлек әже» есімді бейне – сол дәуірден қалған сарқын болып табылады.

«Үлгү» (Үлек, Ұлыс, Өлкі) сөзі, алдыңғы әңгімелерімізде атап көрсеткендей. Таразы (Весы-Либра) шоқжұлдызының да, Қарақұш шоқжұлдызының да атауы болып табылады. Ал нақтылап айтар болсақ, бұл сөз Весы-Либралан басқа: 1) Орион шоқжұлдызының, 2) Сатурн планетасының атауы болып шығуы мүмкін, өйткені: а) Орион шоқжұлдызының тұлғалануы болған Эрхий-мергеннің о дүниеге қатысты мифтік кейіпкер болғандығын аңгімеледік, ә) римдік мифологиядағы Сатурнның «өлілер дүниесінің әміршісі» екендігін. Сатурн планетасының «сәтсіздік жұлдызы» болып есептелгенін де айттық. Әрине, «Үлгү» есімі басқа да, ең алдымен, зодиактық шоқжұлдыздардың кейбіреуінің атауы болып шығуы мүмкін, бұл, ең алдымен, «Үлгү» есімді аспан нысанының аспаны-күнгізбелік түсініктерге сәйкес келуіне байланысты.

Түркітік мысалдарға салыстыру үшін славян және балтық халықтарының көне дәстүрлерінен мысал келтіруге болады.

XVIII ғасырдың авторы Г. Стендердің хабарлауынша, Велс тәңіріеге арналған «өлгендер күні» (well) атап өтілетін болған<sup>1</sup>. Сол ғасырдың тағы бір авторы Эйнхорнның мәліметіне қарағанда, Велске қазан айы – Wallu-manes (латыш тіліндегі Велю мате, «өлгендер анасы») арналатын болған екен<sup>2</sup>. Славян мифологиясында (белорус және поляк) ата-баба рухтарын «деды» (дзяды) деп атайды. Шығыс және батыс славяндарда ата-бабаларды құрметтеудің ерекше ғұрпы көктемде, наурыздан кейінгі жетінші күні (семуха, весенняя радуница немесе пасха усопших) немесе күзде (деды немесе большие осенины в Белоруссии, костромская деловая неделя) өткізіледі, бұл уақытта, сенім бойынша, өлген ата-аналар демалатын болған-мыс.

Бұл күні өлгендерге садақа-ас даярланып, өлген рухын үйге шақыратын болған. Белоруссияда «дедтер» «ставрустик» делінеді де, ежелгі мәжуси князь Бойдың Ставр және Гавр деген иттеріне садақа беру ғұрпымен де көзге түседі.

Тағы бір мысал. Польшадағы мамырдағы рәсімдердің кезінде бойжеткенге жақын арада тұрмысқа шығатындығы жорылады. Сәуегейлік айтылады<sup>3</sup>.

Қарап отырсаңыз, бұларда:

а) еске түсіру ғұрпы көктемде және күзде (қазан айында) өткізіледі, ә) осы ғұрыптан кейін үйлену мәселесі қарастырылады.

Осылайша, біз славян-балтық дәстүріндегі (балтық мысалына ғана арқа сүйер болсақ) жай ғана еркек тәңіріеге ғана емес, әйел кейіпті тәңіріеге де, «Өлгендер анасына» арналған арнайы мерекелік датаның болғанын және де оның өткізілу уақытының қазан айы болғанын көріп отырмыз. Осыған орай қазақ тіліндегі «Ұлыстың ұлы күні» деген тіркеске басқаша, жаңаша үңілудің жөні бар сияқты.

Ал осындай өлген ата-бабаларды еске алу күнін арғықазақтардың нақты «Ұл» (Үлек, Ұлыс) есімді мифтік кейіпкерге арнап өткізуі мүмкін бе және де осындай күн сол есімге байланыстырылған аспани-күнгізбелік оқиғаға сәйкес келе ме? Егер «Үлгү» (Үлеск) сөзі «өлгендерге», «өлгендер рухына» байланысты ұғым болса, онда аспани-күнгізбелік деңгейде осы сөзбен аталған бейне, аспан Шырағы арғықазақтардың «өлген ата-бабаларды» еске түсіру, ас беру, жерлеу, т.б. еске алу мен мерекені ұштастырған өмірлік ғұрыптарға байланысты болып шығуы тиіс. Міне, сондықтан да біз қолда бар тарихи құжаттардан ежелгі түркітердің, сондай-ақ, «дей-түркітер» деп есептелетін көшпелі тайпалардың жерлеу, еске алу ғұрыптарына, олардың өткізілетін уақыты жөніндегі мәліметтерге назар аударамыз.

<sup>1</sup> Латыш тіліндегі vele — «жан» (рух) болса, veles — «өлген адамның көлеңкесі» дегенді білдіреді, бұл қазақтағы сол мағынадағы «елес» (eles «привидение», «призрак») сөзін еске түсіреді. Тектік ұқсастығы көрінеді.

<sup>2</sup> Мифы народов мира. Т.1. С.228.

<sup>3</sup> Мифы народов мира. Т.1. С.363.

**Бірінші мысал.** «Қаған (көктүрк қағаны) үнемі Дыужин тауында тұрады. Оның шатырының (ордасының) есігі үнемі шығысқа қаратылады, бұл күннің шығуына құрмет еткені. Ол жыл сайын өзінің ұлықтарын бастап, аталарының үңгіріне барып, құрбандық шалады, ал бесінші айдың ортасында басқаларды жинап апарып, өзен жағасында Көк тәңірге құрбандық шалып, табынады. Дыужин тауынан батысқа қарай 500 ли жерде биік, басына ағаш өспейтін не өсімдік өспейтін бір асқар тау бар. Оны Бодын-инли деп атайды».<sup>4</sup>

Мұнда екі дата бар сияқты: біріншісі – «ата-баба үңгіріне барып құрбандық шалу» уақыты.<sup>5</sup> Бірақ осы өткізілетін шараның уақыты көрсетілмеген. Қисынға сүйеніп, «әр жылдың басында, яғни бірінші айдың бірінші күні» болар деп тұспалдауға болады. Екіншісі – «бесінші айдың ортасында өзен жағасында Көк тәңірге құрбандық беру», сондай-ақ ғұрыптың «өзен жағасында» өткізілгеніне назар аударылуы тиіс. Әлі Күлтегіндік текстегі уақыт көрсеткіштері арқылы жасалған кесте бойынша (біз оны шартты түрде «Күлтегіндік күнтізбелік кесте» дейтін боламыз) осы екі датаны былай көрсетуге болар еді:

Бірінші ғұрып – ақпан айында; екіншісі – маусым айының ортасында.

Дәл осылай болған деп сенімді түрде айта аламыз ба? Әрине, жоқ. Бұл тек тұспал ғана.

**Екінші мысал.** Батыс Түрк мемлекетінің (VII ғасыр) жұртына қатысты дерек: «Әр бесінші айдың сегізінші күні тәңірге құрбандық шалу үшін жиналады. Жыл сайын жоғарғы лауазымды ұлығым ата-баба аруағына құрбандық шалу үшін өздерінің үрім-бұтағын өсіп-өнген үңгірге жібереді».<sup>6</sup> Күлтегіндік кесте бойынша «бесінші ай» дегеніміз маусым. Сонда «бесінші айдың сегізі» күні дегеніміз бүгіндегі 22 маусым (июнь) сияқты жазғы тоқырау күніне сәйкес келуі мүмкін.

Келтірілген екі мысалдағы ғұрыптық шаралардың өткізілу уақытының бір-біріне түстес келуі ойландырады. Яғни бірінші мысалдағы «бесінші айдың ортасында басқаларды жинап апарып, өзен жағасында Көк тәңірге құрбандық шалып, табынады» дегені мен екінші мысалдағы «бесінші айдың сегізінші күні тәңірге құрбандық шалу үшін жиналады» дегеніндегі ай көрсеткіштері сәйкес келіп тұр.

**Үшінші мысал.** Ежелгі шығыс далалық көшпелілердің бірі Дунхулардың ұрпағы сионбилер (1 ғ.) туралы: «...көктемнің соңғы айында Жау-лы өзенінің бойына жиналып, той жасайды, той аяқталғаннан кейін некеге отырады».<sup>7</sup>

Бұл жердегі «көктемнің соңғы айы» дегені мамыр айы ма? Мүмкін маусым шығар? Қалай болғанда да сионбилердің осы айда «өзен бойына жиналып, той жасауы» мен олардан 500–600 жыл кейініректе өмір сүрген түркілердің «бесінші айда өзен жағасында Көк тәңірге құрбандық шалып, той өткізуі» дегеніндегі нақты шараның «өзен жағасында» өткізілуіне қарап, әңгіменің бір сипатты ғұрып жөнінде болып отырғандығын тұспалдауға болады. Олай болса, «көктемнің соңғы айы» дегеніміз маусым айы болуы да мүмкін.

**Төртінші мысал.** Вей мемлекетінің (яғни сионбилердің) көне ғұрпы бойынша (4 ғасырдың аяқ кезі) «...жаздың бірінші айында Көкке, ата-баба аруағына құрбандық шалады, жаздың соңғы айында халқын Ин тауына апарып, қырауды шегіндіруге дұға қылады, күздің бірінші айында батыс қаланың алдында Көкке құрбандық шалады. Осы әдет-ғұрыптардың бәрі бұрынғы болмысында қайталанатын. Құрбанға шалынатын құрбандық қаланың алдында және ағалар ғибадатханасында анықталады».<sup>8</sup>

Мұндағы «жаздың бірінші айы» дегені маусым айы болар деп шамалаймыз. Ал маусым айы Күлтегіндік кесте бойынша «бесінші ай» болуы тиіс. Міне, тағы да «бесінші ай» аса маңызды ғұрыптық-мерекелік шараның өткізілу айы ретінде көрініп тұр. Кездейсоқтық па, әлде заңдылық па?

<sup>4</sup> Түріктер. Жыужанлар. Алматы: Санат, 1999 37-б.

<sup>5</sup> Әрине, қытай құжаттарындағы көшпелілерге қатысты даталардың барлығы да қытай күнтізбесіне сай берілген. Яғни мұндағы ай сандары қытай календары бойынша көрсетілген. Дунху. Гаучи / Қ.Салғараұлы. Алматы: Санат, 1999. 50-б.

<sup>6</sup> Түріктер. Жыужанлар. Алматы: Санат, 1999 85-б.

<sup>7</sup> Дунху, Гаучи. Қ.Салғараұлы. Алматы: Санат, 1999.20-21-бб.

<sup>8</sup> Дунху, Гаучи. Қ.Салғараұлы. Алматы: Санат, 1999.59-б.

Үзіндіде берілген екінші дата «Жаздың соңғы айы» – тамыз. Күлтегіндік кесте бойынша осы ай «жетінші ай» болуы тиіс.

Осы екі «жаздық айларға» қатысты түйткілдеріміз бар. Мәселен, қазақтарда «көктем» деген атаудың орнына «жазғытұры» дегенді де қолданған, яғни «көктем» сөзінің орнына «жаз» атауы қолданылған. Егер сионбилер де «жаз» деп көктемді айтқан болса ше? Бұл жағдайда «жаздың (көктемнің) бірінші айы» – наурыз болса, «жаздың (көктемнің) соңғы айы» – мамыр (не маусым) болып шығуы мүмкін. Міне, бұл мысалдан да «бесінші ай» (маусым не мамыр) табылу мүмкіндігін көріп отырмыз.

Үшінші дата – «күздің бірінші айы», ол – қыркүйек (Күлтегіндік кесте бойынша бұл – «сегізінші ай»).

**Бесінші мысал.** Сиуннулар туралы: «Жаңа жылдың алғашқы айында (бұл арада айдың жаңа тууын айтып отыр. Ауд.) мемлекет басшылары (негізінен хандар мен уәзірлер) Тәңірқұт ордасы жанындағы ғибадатханаға барып, кіші жиын өткізетін болған. Ал айдың бесінші жаңасында барлығы Лу-чынға (Айдаһар қалаға) барып, үлкен жиын өткізген. Күзде, жылқы көп жиналған кезде, Дайлин тауына барып, бүкілхалықтық жиын өткізіп, көкке, жерге, ата-баба аруағына арнап құрбандық шалған, мал-жан есебін алған...».<sup>9</sup> Мұндағы «бірінші ай» дегені ақпан болып шығады. Ал «айдың бесінші жаңасы» дегені де ақпан айына қатысты. Бірақ бұл жерде мынадай түйткіл бар: егер аудармашы осы тұсты қате аударған болып шығып, ақиқаты «айдың бесінші жаңасы» емес, «бесінші ай» болып шықса ше? Түйткіл негізсіз емес, өйткені сиуннулар туралы екінші бір деректе (алтыншы мысал) «сиуннулар жылда үш рет: бірінші, бесінші, тоғызыншы айда, “сюй” деп аталатын рәсім құрып, Көкке арнап құрбандық шалу үшін Айдаһар ғибадатханасына жиналатын дәстүр бар» делінеді.<sup>10</sup>

Оның үстіне кіші кеңес пен үлкен жиын (екеуі екі жерде) өткізілетін уақыттардың арасы тым жақын, ал бұл сиунну сияқты мемлекеттің тәңірқұты бар, оның отбасылары мен ағайын-туыстары бар, уәзірлері, әскері, қызметшілері бар орда үшін тым аздық етер еді. Бұл жағдайда: а) біз сиуннулар мен көктүркердің бірінші, бесінші айлардағы той өткізу ғұрыптарының бірдей болғандығын; ә) тағы бір «бесінші ай» мысалын көрер едік.

Алтыншы мысалдағы «тоғызыншы ай» дегеніміз — қазан айы.

«Түркердің жерлеу ғұрпы туралы: «белгіленген күні өлген адамның тірісінде өзі мінген атын, тұтынған мүлкін оның денесімен бірге өртейді де, күлін жинап алып, жылдың бір мезгілінде жерге көмеді. Көктемде және жазда өлген адамды күзде, яғни ағаштар мен өсімдіктердің жапырағы сарғайғанда, ал күз бен қыста өлген адамды көктемде, гүлдер бүршік жара бастағанда жерлейді. Жерлеу кезінде өлген адамның туыстары дәл өлген күніндегідей құрбандық шалады, атпен шабады, беттерін жыртады...». «Түркерде: өлікті жерлеген күні... әйелдер де, еркектер де жасана киініп, бейіт басына жиналады, егер жігітке қыз ұнаса, ол қайтар жолда қыз үйіне құда түсуге адам жібереді. Мұндай жағдайда қыздың ата-анасының қарсы болуы өте сирек кездеседі...».<sup>11</sup>

Келтірілген деректерден көрінетіні:

1. Арнайы ғұрыптардың көктемде (жаздың басында) және күзде болатындығы.

2. Жерлеу рәсімі үйлену тойына ұласатын болғаны, яғни арнайы мерекелік шаралардың өткізілу мүмкіндігі.

«Ұлыстың ұлы күні» — бүгінгі қазақта көктемгі Наурыз мерекесімен байланыстырылады. Қарапайым этимология бойынша, тіркестегі «ұлыс» сөзіне бүгінгі қазақ тіліндегі «ұлыс» — «ел, жұрт, аймақ» деген мағына беріледі де, жалпы сөз тіркесінің мағынасы «халықтың ұлы күні, үлкен мерекесі» деп көрсетіледі.

Міне, «Ұлыс» (Үлек, Ұл) сөзінің ежелгі мағынасы ойлағандағыдан өзге мәнге, мифтік болмысқа ие екендігін көрсету барысында, осы «Ұлыстың ұлы күні» дегенді «Өлгендер анасы, яғни Ұлыс-ананың ұлы күні» деп түсіндіруге болады, бұл жердегі «Ұлыс (ана)» есімі латыштық Велю мате, литвандық Wallu-manes сөзіне сырттай да, мағыналай да сәйкес келеді.

<sup>9</sup> Сиуну. Қ. Салғараұлы. Алматы: Санат, 1998 35-бет

<sup>10</sup> Сиуну / Қ.Салғараұлы. Алматы: Санат, 1998, 118-б.

<sup>11</sup> Түріктер. Жыужандар (құрастырған Қ.Салғараұлы). Алматы: Санат, 1999, 37-б.

Қазақта қазіргі кезеңде осы күнді Наурыз мерекесімен байланыстыру тән болғанымен, ескеруге тұрар мынадай жайттар бар. Біріншіден, Ираннан келген «Наурыз» мерекесі қазақтың арғы аталарының дәстүріне, ары кеткенде бастапқы исламдану заманында, бері дегенде XIV–XV ғасырларда ғана ене бастаған. Әрине, бүгінгі қазақ халқының қалыптасуына үлес қосқан VI–VIII ғасырлардағы оңтүстік Қазақстанның этникалық субстраты осы мерекеден хабары болған да шығар, бірақ ол жалпылықты көрсете алмайды. Тіпті XIV ғасырдан бастап жаппай мұсылманға айналу дәуіріне дейін осы дәстүрдің қыпшақ тілді кеңістікте жаппай танымал болуының өзі күмәнді. Оны білсе, қалалар мен оңтүстіктің отырықшы ортасымен жақын араласқан және мұсылмандінін ұстанған азшылық білген. Біздің шамалауымызша, қазақ халқының бүгінгі рухани-діни, мәдени-шежірелік, этнопсихологиялық-стереотиптік сипатының қалыптасуы XVII ғасырда өтті, міне, Наурыз мерекесі нақ осы кезде ғана жаппай тарала бастаған. Сондықтан «Наурыз мерекесін қазақ халқы 2000 жыл бойына тойлап келеді» дегенді ғылыми айғақ деп емес, жай ғана журналистік бос, бедеу анықтама деп түсінген жөн. Әрине, осындай тұжырым жасау барысында мынадай жайттарды ескерген жөн:

Бірінші – «наурыз» сөзін білмей тұрған кезде де арғықазақтардың көктемгі күн мен түн теңесуі жөнінде білгендігі.

Екінші – қазақтар Наурыз тойын атамай тұрған замандарда да, басқа бір мерзімге сәйкес келетін «Ұлыстың ұлы күні» сияқты тіркестің болғандығы.

«Ұлыстың ұлы күні» дегендегі «Ұлыс» және «Ұлы» сөздерінің «ел» сөзіне байланысты екенін ескеріп, осындай күннің бағзы қазақтарда да көктем (жаз) күз айларының бір күнінде атап өту дәстүрінің болу ықтималдылығын айтуға болады. Алдында көрсетілген ежелгі көшпелілерге қатысты алты-жеті мысалда «бесінші» (сірә, мамыр-маусым), «тоғызыншы» (қыркүйек-қазан) айларында, сондай-ақ жыл басында өткізілетін құрбандық шалу «мерекесінің» біреуі не екеуі «Ұлыстың ұлы күні» деп аталып, бұл күні өлген ата-бабаларға да, «Өлілер анасы Ұлысқа немесе Үлекке (Үлгүге)» де құрбандық шалынған.

Біздің бұл жерде «біреуі не екеуі» деп нақтылай алмауымыздың себебі – «Үлгү» есімді аспан шырағының көктемгі Үркерлерге және күзгі басқа бір жұлдызға (планетаға) да сәйкес келе алатындығы. Алдында «Үлгү» сөзінің Таразы (Весы-Либра) шоқжұлдызына да, басқа шоқжұлдыздарға да есім бола алатындығын айтып кеткен емес пе.

Әрине, көктем-жаз мерекесі мен күз мерекесі ішінен таңдағанда, соңғысы - күзгі құрбандық шалып, ас беру шарасы – «Ұлыс ананың күніне» сай келетін сияқты. Бір жағынан латыш-литван мысалдарындағы «өлген анасының күнінің» қазан айында болатындығын, сюннулардың (хуннулардың) да, дунху-сионбилердің де, хакастардың да, көктүркердің де атаулы күндерінің біреуінің осы уақытқа сәйкес келетіндігін айттық қой.

Көктемгі (жаңа) «Ұлыс күні», біздің топшылауымызша, осыдан 4000 жылдай бұрын наурыз айына, күн мен түн теңесу уақытының Үркердің «жерге ауыл болып қону» уақытымен тұспа-тұс келуіне, сол күнгі Шолпан «жұлдызының» көріну уақытына сәйкес болған. Бұл күндері жерлеу рәсімдері мен жастардың үйлену тойлары рет-ретімен өтетін болған. Уақыт өте шоқжұлдыздардың ығысуына байланысты Үркерлердің «бату» уақыты әуелі көкек, одан кейін мамыр айларына ауысқан.

Сөйтіп, бастапқы рәсімнің датасы екіге ажырап, жыл басында бір шара,<sup>12</sup> бесінші айда екінші шара өткізілетін болған.

---

<sup>12</sup> XIII ғасырдағы Марко Поло деген жиһанкез моңғолдардағы «ақтың мейрамы» күні туралы дерек қалдырыпты. Сол күні барша жан үстіне ақ киім киіп, бір-біріне ақ түсті зат сыйлап, бір-бірімен құшақтасып, төс түйістіріп көріскен депті (Марко Поло, 1990, 102-б.). Күн қайыру жүйесі ауысқанымен, оған байланысты салт-дәстүрлердің кейбірі, яғни әлі болса сақталып келеді. Жаңа жылда таң атысымен көрісіп, құшақтасу – көрісу салты. Күні кешеге шейін Жетісу жерінде жыл басы ақпан немесе наурыз айларының алғашқы күндерінде келетін болған. Егер осы дәстүр сақталған болса, жетісулықтар 1991 жылы 14 ақпанда, 1992 жылы 3 ақпанда тойлаған болар еді.

Ал күзгі «Ұлыс күні» бастапқыда қыркүйектегі күн мен түн теңесу уақытына және күзгі «елеулі жұлдыздардың» (Қарақұс, Қамбар, т.б.) көріну уақытына сәйкес келсе, бірте-бірте қыркүйек-қараша айларына ығысып кетуі мүмкін. Қалай болғанда да бұл жерде жан-жақты салыстыру, ұштастыру арқылы нақтылай түсуге мүмкіндік бар. Тек, әзірге қажетті астрономиялық (жұлдыздар мен планеталардың көріну-көрінбеуіне байланысты нақты, дәл уақыттық есептердің) мәліметтердің де, тарихи мәліметтердің де жетіспеушілігі кедергі келтіріп отыр, дегенмен біз арғықазақтық «Ұлыстың ұлы күніне» байланысты түсінігіне де, «Ұлыс» есімді мифтік бейнеге де қатысты алғашқы танып-білудің нобайын көрсетіп бердік деп есептейміз. Осылайша, бастаулары екі жақта жатқан «Наурыз» және «Ұлыстың ұлы күні» түсініктері дами келе, бір арнаға түсіп, бүгінгі қазақтың «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» деген астасқан ұғымға айналып кетті.

С. Қондыбай. Таңдамалы мақалалары. 15-том  
«Арыс» баспасы. 2010 ж. 349-358 бб

МРНТИ 13.09

**Серикбол КОНДЫБАЙ**

Краевед, географ, публицист,  
мифолог, этнограф

«КАКОЙ ДЕНЬ НАЗЫВАЕТСЯ «ВЕЛИКИМ ДНЁМ УЛУСА»?»

**Аннотация.** В статье автор рассматривается семантика и происхождение выражения «Ұлыстың ұлы күні» в контексте древнетюркской мифологии, календарных представлений и погребально-поминальных обрядов. Автор выдвигает гипотезу о том, что слово «Ұлыс» первоначально обозначало не только «народ» или «общину», но и было связано с архаическим мифологическим образом, соотносимым с миром умерших и культом предков. Проводится сравнительный анализ со славяно-балтийскими представлениями о божестве Велес и с мифологией созвездия Плеяд (Үркер). Делается вывод о том, что «Ұлыстың ұлы күні» мог быть связан с весенними или осенними обрядами поминовения и жертвоприношения, а впоследствии слился с праздником Наурыз, образовав современное синкретическое понимание праздника.

**Ключевые слова:** Ұлыстың ұлы күні, Ұлыс, Үлек, Үркер, культ предков, мир мёртвых, древнетюркская мифология, календарные представления, жертвоприношение, Наурыз.

IRSTI 13.09

**Serikbol KONDYBAY**

Local historian, geographer, publicist,  
mythologist, ethnographer

«WHICH DAY IS THE GREAT DAY OF ULYS?»

**Abstract.** This article by Serikbol Kondybay examines the meaning and origin of the expression «Ulýstyn uly kúni» within the framework of ancient Turkic mythology, calendrical concepts, and funerary-commemorative rituals. The author argues that the term «Ulys» originally signified not only «people» or «community», but was also associated with an archaic mythological figure connected to the realm of the dead and the cult of ancestors. A comparative analysis is conducted with the Slavic-Baltic deity Veles and with the mythology of the Pleiades constellation (Ürker). The study concludes that «Ulýstyn uly kúni» may originally have been linked to spring or autumn rites of remembrance and sacrifice, and later merged with the festival of Nowruz, forming the modern syncretic understanding of the holiday.

**Keywords:** Ulýstyn uly kúni, Ulys, Ülek, Ürker, ancestor cult, world of the dead, ancient Turkic mythology, calendrical system, sacrificial ritual, Nowruz.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ

**Аннотация.** Бұл мақалада қазақ халқының көне әрі қасиетті мерекесі – Наурыздың тарихи, мифологиялық, астрономиялық және этнографиялық негіздері жан-жақты қарастырылады. Автор Наурыз мейрамының шығу төркінін ежелгі дүниетаныммен, жақсылық пен жамандықтың, қыс пен жаздың күресі туралы дуалистік түсініктермен байланыстырады. Сондай-ақ мерекенің күн мен түн теңелуіне негізделген астрономиялық сипаты, Үркер шоқжұлдызына қатысты таным-түсініктер, Қызыр ата, Ұмай ана бейнелері арқылы халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясы айқындалады.

Мақалада Наурыздың түркі, иран және басқа шығыс халықтарындағы көрінісі, ислам дәуірі мен кеңестік кезеңдегі тарихи өзгерістері, қайта жаңғыру үдерісі сараланады. Сонымен бірге ұлттық салт-дәстүрлер, наурызкөже дайындау, көрісу, алысу, аластау, ұлттық ойындар мен қоғамдық татулық идеясы кеңінен сипатталады. Автор Наурызды халық бірлігін, ізгілік пен жаңаруды дәріптейтін жалпыхалықтық рухани құндылық ретінде бағалайды.

**Түйін сөздер:** Наурыз, Ұлыстың ұлы күні, жыл басы, күн мен түн теңелуі, көктемгі жаңару, Қызыр ата, Ұмай ана, Үркер шоқжұлдызы, наурызкөже, көрісу дәстүрі, ұлттық ойындар, астрономиялық таным, мифологиялық түсінік, халықтық мейрам, рухани жаңғыру.

Шығыс елдерінде жылына бір рет тойланатын халықтық мейрам – наурыз мерекесі. Наурыз сөзі иран тілінің ноу – «күн» деген сөздерінен қалыптасып, жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі – біріншіден, жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам, екіншіден, март айы, үшіншіден, ұлыс күні жасалатын көжеге қатысты айтылады.

Наурыз – өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын. Ғалымдар оның шығу негізін дуалистік теорияға – жақсылық пен жамандықтың, жаз бен қыстың, суық пен жылының, қайырымдылық пен қатыгездіктің, т. б. күрестартысына сүйене отырып түсіндіреді.

Көшпелілердің байырғы астрономиялық түсінігі бойынша, әрбір жыл алты ай жаз бен алты ай қысқа бөлінген. Көне түркі тілінде жаз айларын – йас, қыс айларын – қыш деп атаған. Тіліміздегі «алты ай жаз бойы», «ала жаздай», «алты ай қыс бойы», «ала қыстай» секілді сөз оралымдары – түсініктің жаңғырығы. Жаз айларында дүние кеңіп, шаруадан мойын босап, жер бетін қуаныш, шаттық жайлайтындықтан «жағымды», ал қыс айларында суық, аштық, жұт болатындықтан – «жағымсыз» саналған. Әуелгі адамдардың жақсылық пен жамандыққа жан бітіріп, оларды адам бейнесінде айтыстырып, күрестіргені туралы қызықты мәліметтер көне түркі жазба мұраларда көптеп сақталған «Авеста» кітабында, XI ғасырдағы түркі тілдерінің энциклопедиясы – «Диван луғат-ит-түрки» сөздігінде, сондай-ақ қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде осындай ұқсас сюжеттер қайталанып отырады. Соғдалықтар жақсылыққа «Ахуромазда», жамандыққа «Ахирман» деп ат қойса, бұрынғы қазақтар қысты «Зымыстан», жазды «Табысқан» деп атапты.

Атасы мен анасы,  
 Үш жүз алпыс бес баласы,  
 Он екі ауыл шамасы,  
 Отыз ор дуадақ,  
 Бес балақ сан,  
 Елу екі қарашы,

– деп халықтық жұмбақта айтылғандай, қазақтар бір жылды әрқайсысы отыз күннен тұратын он екі айға бөлген. Жыл соңындағы санатқа кірмей қалған 5 (6/күн «бес қонақ» деп аталады. Бұны фарсылар «фәнджи», сотистік календарыда «эпагоменай» (шолақ ай) дейді. Ежелгі сенім бойынша жақсылық пен жамандықтың жан алып, жан берісіп, өмір үшін күресуі осы санатқа кірмей қалған уақыт аралығына сәйкес келеді. Осы бір «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» қиын, қысталаң күндері халық тілінде «өліара» деп аталады. Қазақтар осы 5/6) күнді өткізіп жібермей, жолаушы шықпайды, коньыс аудармайды, жиын-той жасамайды, мал сойып, қонақ шақырмайды. Ақсақалдар өліарада «апыр-ай, қайтер екен» деп ауыл иттерін де үргізбейді. Қыс пен жаздың осы халық санасындағы күресі ақын М. Мақатаевтың мына бір шумағында әдемі көрінісін тапқан:

Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,  
 Қыс барады қиылып жылап тұрып.  
 Шатырында үйлердің наурыз жүр,  
 Мүз көрпесін ақпанның лақтырып.  
 Халық ақыны С. Оңғарбаев:  
 Малдар төлдеп, қой қоздап,  
 Сүттен бұлақ ағызған.  
 Жаңа жылдың сипаты  
 Молшылыққа аңыз боп,  
 Басталыпты Наурыздан, –

деп жырламақшы, көшпелілер жыл басын – жақсылық жеңген күн наурыздан бастайды.

Бұл күн – аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар түлеп, жер көктеп, мал төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған күн. Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні – Ұлыс күн» деп атаған. Григориан календары бойынша ескіше 9 март, жаңаша 21-нен 22-не қараған күн осы күнге сәйкес келеді.

Наурыз мерекесін тойлау дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан бері орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүлгардон», «Байшешек», «Гүлнаурыз», хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардуган», буряттар «Сагаан сара», соғдалықтар «Наусарыз», армяндар «Навасарди», чуваштар «Норис ояхе» деп, т. б. түрліше атаған. Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хаям еңбектері арқылы жетіп отыр. Мәселен, иран тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды: жаңа өнген жеті дәнге қарап, келешек егін жайын болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже – «сумалак» ұсынады: ағаш соқамен бір тартым жер жыртады, ат шаптырып, жамбы атысып жарысады. Үйдегі ескі киімдерін тастап, ескі шыны-аяқты сындырады. Бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады. Үйдің тіреу ағашына гүл іледі. [1]

Ал ежелгі түркілер болса, ұлыс күні жаңа киімдерін киіп, сақал-мұрттарын түзеіп, шаштарын алады. Қаланың сыртына шығып, алты күн садақ тартып, машықтанады. Жетінші күні алтын теңге жамбы атып жарысады. Егер кімде-кім бірінші болып жамбыны атып түсірсе, сол адам бір күн елге патша болып, билеуге ерік беріледі. Наурыз жырында:

Құл құтылар құрықтан,  
 Күн құтылар сырықтан,

деп жырлағандай, осы күні ертедегі гректердің патшасы да алтын тағынан түсіп, қол астындағы өзіне ұнаған құлға бір күн ел басқартқызған. Наурыз күні ертедегі Иран патшасы да қол астындағы адамдардың біріне патша шапанын сыйға тартады екен деген де деректер бар. Тіліміздегі күні бүгінге дейін айтылатын «құлға да бір күн азаттық», «құлдан да бір тілек деректер бар» деген мәтелдер осы бір көне рәсімге қатысты болса керек...

Ежелгі Русьте христиан дінін қабылдағанға дейін жаңа жылды 1 март күні қарсы алу дәстүрі болған.

Ағылшындар XVIII ғасырдың бас кезіне дейін жаңа жылды 26 мартта тойлап келді.

Біздің заманымыздың VII-VIII ғасырларында Иранда, қазіргі Өзбекстан территориясы мен Қазақстанның оңтүстік аймағын арабтар жаулап алды да, оларды мұсылман дініне зорлап енгізді. Ата салт, әдет-құрыптан айрылған жұрт езгіге көнгіш, дінге де құлай сенгіш болатынын жақсы ұққан шапқыншылар қол астындағы халықтардың көне салт-дәстүрлерін жоғалтып, жойып жіберуге, жер және адам аттарын өзгертуге, мәдени мұраларын талқандауға барынша күш салды. Олар, әсіресе, халықтық мейрам Наурызды түншықтыруға көп күш-қайраттарын жұмсады. Мәселен, ұлы Абайдың: «...Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрам болып, наурыздама қыламыз деп тойтамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады» деуінің астарына тереңірек үңілсек, осы бір идеологиялық күрес тартысына хабардар боламыз. Өйткені, Күн календары бойынша қалыптасқан Наурыз мейрамы тұрмыс-тіршілігі Ай календарына сай келетін мұсылмандық идеологияға мүлде қайшы салт еді.

Күнге табынған Иран елдері наурыз күні Күн сөзінің бас әрпі мен басталатын 7 затты дастарқанға қоятын: 1. шарап; 2. (сүт), 3. шырын (тәттілер); 4. шекер (қант); 5. шербет; 6. шам; 7. шона (тарақ). Ежелгі ирандықтардың түсінігі бойынша шарап тірілу, сүт пәктік, тәттілер – шаттық, шекер – демалыс пен қоңыржайлық, шам – отқа табыну, тарақ – әйел затының сұлулық символы. Ал араб идеологтары мейрам салтын өзгерту үшін өзге жеті затпен алмастырды: «сир» — сарымсақ, «сабзи» – бидай, «чан-чид» – жиде, «син»-нен басталатын мүлде бөлек жиде, «себ» – алма, «сирке» сирке суы, «сипанд» – рут шөбі «сухон» ереу. Осылайша араб шапқыншыларының қол астында қалған Орта Азия халықтары Наурыз тойын бір ғасыр шамасында бүкіл халық болып тойлай алмай қалды. Бірақ жадынан ешқашан шығып та калмады. Кейде жасырын, кейде ашық бұл мейрамды әркім ошақ басында, өз үйінде тойлай берді. Халықтық мейрамды ел санасынан өшіріп, жойып жібере алмаған отаршылар енді тәсілін өзгертіп, Наурызды ислам дінінің беделін арттыру үшін пайдалануға тырысты. Осылайша, наурыз мерекесі халифатты басқарып отырған Әли иманның құрметіне тойланатын той, ал наурыз және бағышталған қасиетті тағам 22 мартта туған Мұхаммед пайғамбарға бағышталған тағам деп жарияланды. [2] Арабтар наурыз мерекесіне ислам дінінің кейбір элементтерін күштеп енгізгенімен, бұл мереке халықтық мейрам болып қала берді.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында, 1920 жылы жас кеңес үкіметі Наурызды халыққа қайта тарту етті. Мәселен, 1925 жылы 22 март күні «Еңбекші қазақ» газеті бұқара халықты наурыз мейрамымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен:

Қыс өтіп, қар кетіп,  
Шырайлы жаз жетіп,  
Шаруаның кенелген  
Мейрамы ежелден

Құтты болсын, бұл Наурыз! – деп жазды. Осылайша, 1925 жылға дейін Қазақстанда тойланып келген ұлыс күні кейбір асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылы күрт тоқтатылды. Одан кейінгі жылдарда халық жадында еміс-еміс, үзік-үзік болып сақталған Наурыз кейбір өңірлерде ошақ басында тойланып келсе, Қазақстанның кейбір аймақтарында мүлдем ұмытылған, ол бірде «діни мейрам», бірде «ескіліктің сарқыншағы» деген үстірт бағалауға ұшырады. Халықтық, ұлттық қана емес, интернационалдық мейрам Наурыздың қайта тіріліп, жаңғырып халқымен қауышуына бүгінгі қайта құру уақыты, демократия мен жариялық салтанаты ғана мүмкіндік беріп отыр. 1988 жылғы көктемде қоғамдық пікірлерге көңіл қойған үкімет орындарының тікелей басшылығымен Алматы қаласы мен осы астаналық облыстың кейбір аудандарында Наурыз тойы тойланды. Сөйтіп, жалпыхалықтық еңбек мерекесіне айналған Наурыз мейрамын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тікелей араласуымен бүкіл республика көлемінде тойлау дәстүрге енгендей.

Қазақтар ұлыс күнді «жыл басы» санайды. Тілімізде наурызға қатысты «жер бетіне жақсылық ұялаған күн», «ұлыстың ұлы күні – ұлыс күн», «ұзақ ұшып келген күн», «жыл басы» – жылқышы торғай (нәуірізек) келген күн», «көк құт көзін (өсімдік) ашқан күн», «жылдың жерге түскен күні», «Жер – ананын тон кеудесі жібіп, тас емшегі иіген күн», «Самарқанның көк тасы еріген күн» т. б. бейнелі сөз орамдары сақталған. Осылардың біріне «Самарқанның көк тасы еріген күн» дегенге тоқтала кетпесе болмас.

Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша 21 март түні даланы Қызыр аралайды екен. Сол себепті осы түн – «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр адамдарға дәулет дарытып бақ қондыратын, ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып персонаж. Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тон кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен.

Самарқанның көк тасы қай сағатта еруі мүмкін? Күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да себездеп атқан кезде біздің өңірімізде бұл сәт түнгі сағат 3-ке тұспа-тұс келеді. Сондықтан да қазақ халқы жаңа жылды 22 март күнгі таңғы сағат 3-те қарсы алады, дәл осы сәтте даланы Қызыр баба аралап, Самарқанның көк тасын еритсе керек.

Ал, қазақ елі наурызды қалай қарсы алған? Қызыр түні жаңа жыл табалдырық аттап, төрге озғанда «жалғыз шала сәуле болмас, жалғыз шырақ тәуба болмас» деп қос шырақ жағып қояды. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша Наурызға шейін үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады. «Береке басынан басталады» деген сезім бойынша «жыл басы жақсы басталса, аяғы да жақсы болады». «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын- тасқын, жауын-шашын көп болсын» деп Қызыр түні ыдыс атаулыны аққа (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, т. б.), ырысқа (бидай, тары, арпа, сұлы, жүгері т. б.) және кәусар бұлақ суына толтырады.

Бұл түні ауыл бойжеткендері соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» аталатын жас жігіттерге арналған ерекше дәм дайындайды. Жігіттер мен бозбалалар қыздардың қолақысының қарымтасына айна, тарақ, иіс судан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады [3]

Ең алдымен, ауыл жастары бір асау тайыншаны ұстап әкеліп, үстіне ашамай ерттеп, оған жанды қуыршақты байлап, түнгі сағат 3-те қорадағы малды үркітіп, иттерді шулатып, елді ұйқыдан оятып, тайыншаның басын бос жібереді [4] Бұл тайынша мінген жанды қуыршақ жерімізге келе жатқан Жаңа жылдың бейнесі іспеттес.

Бұқара елі түнгі сағат үште Жаңа жылдың жаршысы ретінде қораздар сояды екен.

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Ол күні не қар, не жаңбыр жауса, «нұр жауды», «туар жыл жақсы болады» деп қуанған. Наурыз айында жауған қар басқа қарларға қарағанда ерекше аппақ, жібектей жұмсақ болады да, «ақша қар» деп аталады. Осыған орай тілімізде мінезі балдай, сұлу қызға айтылатын «Наурыздың ақша қарындай» деген теңеу бар.

Наурыз күні қуанышқа кенеліп, масайраған жұрт жана киімдерін киеді, жана киім-кешегі жоқтар жуылған таза бір киерін үстеріне іледі.

Ел аузынан Шәкәрім ақын жазып алған «Наурыз жырында» бұл сәт былайша суреттеледі:

Қасындағы жас өрен  
Тұлымшағы салбырап,  
Бәйбіше шығар балпып,  
Күндіктері қайқып,  
Келіншек шығар кейкиіп,  
Сәукелесі саудырап.  
Қыз шығады кылмиып,  
Екі көзі жаудырап.  
Бозбала шығар бұрқырап,  
Құлын-тайдай шұрқырап...

Наурыз күннің бір ерекшелігі – күн көрісуден басталады. Ұлыс күнінде сәлемдесудің өзіндік дәстүрі бар: кісілер бір-бірімен кездескенде:

-Ұлыс бақты болсын!

-Төрт түлік ақты болсын!

-Ұлыс береке берсін!

– Пәле-жала жерге енсін! – деген тілектер айтылып, ер адамдар қос

қолдасып, төс соғыстырады: әйелдер болса, құшақтасады: ерлер мен әйелдер кездесе, құшақ айқастырады. Қос қолдап амандасып, төс соғыстыру – «өмір тірегім тесім, тіршілік көзім – екі қолым аман-сау болсын» дегенді білдіреді.

«Жаңа ағытқан қозыдай, Жамырасып өрістен. Ұлыс күні кәрі жас құшақтасып көріскен» бұлайша амандасу «көрісу» деп аталады. Рәсім бойынша жылына жаңа жылда бір рет қана көрісуге болады.

Әр үйдің дастарханына ақтан (сүт тағамдары), көк ырыстан (дән ғамдары мен жеміс-жидектер), қызылдан (еттен істелген тағамдар) жеті түрлі дәм қойылып, жеті түрлі заттан (ет, тұз, су, құрт, бидай, тары, күріш, пияз, сәбіз) наурыз-көже қайнатылады. Қалыптасқан жоралғы бойынша барлық адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, наурызкөжені әбден тоя ішуі керек. Оның мәні – «жыл бойы тоқшылық болсын» дегенге саяды. Әдетте, тоя ішуі Наурыз түнгі қасиетті дәмнен алыс сапарда, түзде жүрген адамдарға, қадірменді ақсақалдарға сыбаға сақталады.

Наурыз айы туғанда,

Той болушы еді бұл маңда.

Сақталушы еді сыбаға,

Сапарға кеткен ұлдарға,

Наурыз айы туғанда. [5]

Наурыз күні таңертеңертемен ерлер қолдарына күрек, кетпен, қыз-келіншектер құрт, ірімшік, сүт, пісірген ет алып далаға шығады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаумаласқан жігіттер айнала төңіректегі бастаулардың көзін ашса, қариялар «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!» «Бір тал кессең, он тал ек» деп бұлақ басына тал егеді. Әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды Күн Ана!» деп иіліп сәлем береді, «Кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт, жарылқа!» деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ шашады.

Ақ түйенің қарны жарылған бұл күні халық ішіндегі жас ерекшелігіне қарай қалыптасқан дәстүрлі ілтипаттар, ізеттер біршама жұмсарады. Қаласа, тіптен, келіні қайын атасымен, күйеу баласы қайын енесімен емін-еркін қалжыңдаса беруіне болады. Наурыз күні бұндай іс көзге сөлекет көрінбейді. «Ұлыс күні қариялармен көрісем, батасын алсам, болашақ ұрпағыма олардың күш-қуаты дариды» деген сенім бойынша жас келіндер көп жасаған, балалы-шағалы, шежіре, қарттармен көбірек көрісуге тырысады. [6] Ал қариялар мына іспеттес ақ бата, тілектерін білдіреді:

Дәулетті бас берсін,

Бақытты ас берсін,

Ұлыстың ұлы күнінде.

Ұлың оңға қонсын,

Қызың қырға қонсын,

Қыруар малың өріске толсын.

Дәулетіңді асырсын.

Дұшпаның басылсын.

Менің берген бұл батам

Ұлыс күнге сақтап жүрген сүр батам. [7]

Ежелгі тойдың ең бір шешуші де символға толы, мұсылман дінімен еш байланысы жоқ көне белгілерінің бірі – өгіз сойып, қазан көтеру үстінде көрінеді. Түске таман ауыл адамдары қотан ортасына міндетті түрде нарқазан алып шығып, астына от жағады. Жас жігіттер ошақ қасына өкіртіп әкеліп өгіз сояды да, оның бауыздау қанымен ойнап жүрген жас балалардың мандайына дөңгелек ою салады.

Ұлыс күні неге міндетті түрде қазан пайдаланылады? Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде жеті қазынаның бірі – қара қазанның атқарған қызметі аса терең де мәнді. Оған сиынған халықтық наным-сенімдер желісінің елестері біздің дәуірімізге көмескі тартып, түрлі аңыз-әңгімелер түрінде жетіп отыр.

Ежелгі құдіретті сақ елінің бірлігі бұзылып, ішін алауыздық жайлаған екен. Ел көсемдері халықтың басын біріктіру үшін үлкен қазан құюды бұйырады. Бірақ қазан құятын мыс жуырманда табыла қоймаған соң, сақ сарбаздарының жебелерінің мыс масағын жинатып, содан нарқазан құяды. Сол қазанға пісірілген тағамнан дәм татқан сақ елі өзара өкпе-наздарын ұмытып, қазан қасы, от басында қайтадан татуласып, осылайша ел бірлігі сақталып қалыпты-мыс.

Сондай-ақ, қазақтың ертегі-жырларында алтын қазан іздеу салты кездеседі:

Сөз тыңда, құлақ салып, балам маған,  
Астында дарияның алтын қазан.  
Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,  
Беремін Күнсұлуды қосып саған.

(Құламерген). Бұл сюжетке ерекше назар аударып, оның терең мазмұнына тамаша дәлел айтқан ғалым академик Әлкей Марғұлан еді: «Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу тайпалар одағының бірлігін сипаттайды. Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан, шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды». Тіліміздегі «Қара қазан, сары баланың қамы үшін» деген сөз тіркесінің мәні – ел бірлігі мен ұрпақ қамы үшін деген мағынаны білдірсе керек.

Ал енді бір әфсанада қылышынан қан тамған Ақсақ Темірдің жалпақ даланы мекендеген ру-тайпалардың басын біріктіру үшін арнайы үлкен нар қазан құйғызып, ру басшыларын осы қазаннан дәм татып, мәслихаттасуға жинағаны сөз болады. Әр тайпаның көсемі өз руының туын әкеліп, осы қазанның айналасына тіккен-мыс... Қазақ халқының ежелгі астанасы Түркстандағы Хожа Ахмет Яссауи мавзолейіне қойылған дүние жүзіндегі ең үлкен қазан қазір Ленинградта, Эрмитажда тұр.

Осылайша аңызға айналған, жылына бір рет ас пісіріп, қалың бұқараға дәм таттыру дәстүрі қазақ хандығы тұсында да сабақтастығын жоғалтпай ел ішінде «шүлен тарату» деп аталған [8] Тал түсте ауыл адамдары биік төбенің басына жайылған дастарқанға жиналады. Төрдегі қарияларға өгіздің қос шекесі салынған «бел көтерер» деп аталатын сыбағалы табақ тартылады. Бұл рәсімнің де өзіндік сыры бар! Ұлыс күні неге өгіз сойылады?

Қазақ есепшілерінің тәжірибесіне сүйенсек, Үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, ал көктем басында аспан етегінен көрініп, жазға қарай мүлдем батып кетеді. 40 күн жазғы шілде қазақтар «Үркердің жерге түсуі» деп атайтын, осы көрінбейтін кезіне сәйкес келеді. Бұл кезеңде Үркердің көкжиектен көрінбеу себебі – Күн жолы март айында дәл соның үстінен өтеді. Қазақстанның кейбір жерлерінде ғана, мәселен, Орталық өңірлерде осы кезде Үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйізі секілді батқан күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Аспан көгіндегі дәл осы көріністі Қазақстанның жартастарына шимайланған, алып өгіздердің мүйізімен Күнді көтеріп тұрған суреттерден байқауға болады. Біздіңше, бұл көрініс арқылы ежелгі түркілер аспан белдеуіндегі Күннің жолы мен Жерге келген Жаңа жылдың символын бейнелеген. Қорыта айтсақ, Наурызда өгіздің құрбандыққа шалынуы аспан денелерінің орын алмастыру тәртібінен, Үркер шоқжұлдызының жоғалып кетуінен алынса керек. Яғни, бұдан ондаған, тіптен жүздеген ғасырлар бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыз үшін «Үркер» мен «өгіз» ұғымдары бір мән-мағына білдірсе керек. Біздің бұл жорамалымызды тілдік фактілер де жоққа шығармайды. Қазіргі көптеген түркі тілдерінде өгіз, көне түркі тілінде өкүз түрінде айтылатын бұл сөздің көне формасы акар, чуваш тілінде және урхер монғол тілінде сақталған деген пікірді көптеген тілші ғалымдар қолдайды. [9] Мәселен, монғол календарында ухер жыл – «год быка», «яғни «өгіз жылы». Сондықтан, бағзы бір замандарда, түркі-монғол тіл бірлестігі дәуіріндегі қазіргі «өгіз» сөзіміз урхер түрінде дыбысталған деп болжам жасап, қалпына келтіруімізге болады. Ал сөз ортасы мен аяғындағы «р» дыбысының тұрақсыздығы түркі тілдері үшін жат құбылыс емес. Мәселен, күні бүгінге дейін туысқан ұйғыр тілінде көптеген сөздердегі «р» түсіріліп айтылады: ба – «бар», атуқ – «артық», әкәк – «еркек» т. б.

Бір таңғаларлық жайт, Үркер шоқжұлдызын бақылауда шумер абыздарының жұлдыз есептеу тәжірибесі мен қазақ есепшілерінің астрономиялық түсініктерінің арасында қызықты сәйкестіктер байқалады. Мәселен, аспандағы шоқ жұлдыздар бір-бірімен орын алмастырғанда, маусым өзгеретінін жіті байқаған ежелгі шумер абыздары біздің заманымызға дейінгі IV-III мың жылдықтарда Месопотамияда 10 февральда егін жұмысын бастатқан. Бұл шақта аспан төрінен

Арыстан мен Патша жұлдызы көрініп, Үркер мен Елік жұлдызы болса жерге түсіп, 40 күн көрінбей кететін. Ал 15 майда Көнек-Теке жұлдызы туған кезде Арыстан мен Патша көрінбей кетеді. Ал күз айларында осындай алмасулар араға қырық күн салып керісінше қайталанады. Біздіңше, осы астрономиялық ұғым-түсініктер сақ жұрттарынан табылып отырған археологиялық табындылардан өз ізін көрсетіп, сабақтастығын үзбегенге ұқсайды. Көшпелілердің талайды тамсандырған ғажайып «жануарлар стиліндегі» өнерінде арыстанның текені, елікті жеу сценасы (көрінісі) – күздің түсуін бейнелесе, ал арыстанның өгізді (Үркерді) жеу көрінісі – көктемгі күн тоғысын, яки Жаңа жылды бейнелеген.

Сонымен, қорыта айтсақ, қазақтардың Наурызда өгізді құрбандыққа шалуы – олардың қадым замандардан келе жатқан астрономиялық түсініктерімен байланысты дегіміз келеді.

Сонымен бірге Наурыз мейрамында қыс пен жаздың, суық пен жылының жақсылық пен жамандықтың күресін бейнелейтін символдық мәні бар түрлі ойындар ойналады. Мерекеге жиналған қауым ойынды бастамас бұрын, «туар жыл қандай болатынын» білу үшін жиналған ерлер мен әйелдер арасынан етек-жеңі мол пішілген толықша екі адамды ортаға шығарып, алмақ-салмақ ойнайтын таразыға отырғызады. Сондай-ақ, көпшілік арасынан суырылып шыққан –жігіт Өз мырза, қыз – Үт бикеш өзара қолтұзақ ойынын ойнайды [10] Егер осы тартысты қыздар жағы жеңсе, жаңа туған жыл «жақсы жыл болады» деп қуанысады. Ал егер еркектер басымдылық көрсетсе, «туған жыл – суық, жайсыз болады» деп есептеледі.

Наурыз мейрамында әйелдер жағы жеңсе жұртшылық қуанады. Бұл дәстүрдің шығу төркіні де тым ерте замандардан басталса керек. Көшпелі сақтар мен массагеттердің құт-береке, молшылық құдайы – Анайтис деп аталатын әйел жарылқаушысы болған. Ал ежелгі көне түркілердің мифологиялық түсінігі бойынша да жақсылықтың жаршысы – аспан шамшырағы Күннің бейнесі болып табылатын – от иесі Ұмай-Ана. Сондықтан да қазақ елі жаңа түскен жас келінді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала: «От-Ана! Май-Ана! Жарылқа! Жарылқа!» деп, отқа май құйғызады. Бұл ізгі ниетті, ақ тілеудегі «От-Ана» – қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт бикеш те, ал «Май-Анамыз» – Ұмай-Ана. Ата-бабаларымыздың ұғымынша, «Күн», «Ана», «құт береке», «молшылық», «мейірім» барлығы да бір ұғымға саятындықтан, қыз бен жігіт тартысында Жаңа жылдың, қасиетті Күннің құрметіне қыз баланың жеңгенін мақұл көрген.

Қазақтардың Жаңа жылда алғаш шапақ атқан күнді қарсы алып, оған иіліп сәлем етуі және қымыз мұрындық тойында алғашқы қымызды Күнге иіліп, тәжім етіп ішуі олардың ежелден-ақ Күнге табынған сақ жұртының жұрағаты екенін дәлелдей түседі. Массагеттердің Күнге тәу етіп, сиынғаны, оның құрметіне құрбандыққа жылқы шалып отыратын дәстүрлері туралы кезінде Геродот пен Страбон жазып кеткен.

Осындай түрлі ырым-жоралғылар жасалып біткеннен кейін «айқыш-ұйқыш», аударыспақ, арқан тартыс, жамбы ату, күрес, жаяу көкпар, т. б. ұлттық ойындар ойналады. Енді осылардың кейбіріне қысқаша тоқтала кетелік. Айқыш-ұйқыш. Үш топ құрған үш буын өкілі арасы 10-15 м, қашықтықта бір-бірінің қолдарынан мықтап ұстасып алып:

Тем - тем - тем еткен,

Тебеңіден қан өткен.

Қарағай басы қайырылған

Қалмақтан жылқы айырылған,

Ақ терек пен көк терек,

Сонау тұрған шалдардан

Пәленше керек, – деп бір-бірін шақырысады. Ойын шарты бойынша екі жақтан қарама-қарсы шыға жүгірген әйел мен еркек сөренің қақ ортасында төс соғыстырулары керек. Екпінімен қақтығыста ұшып түскені көпшіліктің күлкісіне қалады.

Аударыспақ. Топ-топ болып жиналған жігіттер аламаннан суырылып шығып, бір-бірін аттан аударып тастауға тырысады. Кімде-кім қарсыласын ерден жұлып алып, атына теріс мінгізіп жіберсе, халайық қошеметтеп, жеңілгенді қыран-топан күлкімен шығарып салады.

Күрес. Бұл ойынның ерекшелігі жігіттерді күреске қыздар шақырады. Бұрын қазақ арасында жауырыны жерге тимеген палуан қыздар көптеп кездеседі екен. Ойынның шарты бойынша егер жігіт жеңсе, сол палуан қызға үйленуге хақы бар. Ал қыз жеңіп кетсе, жігітке өз қалаған қалауын орындатады. Өзара белдесіп, Наурыз күні үйленген жастарға халқымыз мейлінше сый-құрмет көрсетеді, «той тойға ұласты», деп, той шығынын көптеп-көмектеп өздері-ақ көтеріп кетеді. Бұл ойынның да бастау алар көзі тереңде жатса керек. Ежелгі сақ елінде өзіне ұнаған қызды күреске шақыратын дәстүр болған екен. Күрес үстінде жеңсе ғана қызға үйленіп, ал жеңілсе, қыздың тұтқынына айналған тағы бір әңгіме. Орта ғасырда өмір сүрген Түркістан билеушісі Хайдудың Ангиарм атты өте көрікті бойжеткен палуан қызы болған екен. Қызын ұзатып, қызық көрмек болған әкесіне: «Мені күрестен жеңген жігітке ғана тұрмысқа шағамын» деп уәде береді. Бірақ Ангиармды ешбір палуан жеңе алмаған соң, күйеуге шықпай отырып қалса керек.

Наурыз мейрамы үстінде аузы дуалы шежіре қариялар мен ел басқарған көсемдер ұрпақтары ұмытпай айта жүретін бір аталы, ұлағатты сөз қалдыруға тырысады екен. Бір күн ойланып, ойлы сөз таппаған адамды көп алдында айыптап, ағынды өзенге лақтыратын да заң болған екен. Осындай сынға ұшырап, қанша ойланса да жүйелі сөз айта алмаған бір батыр суға лақтырылар тұста «көп қорқытады, терең батырады» деген сөз аузынан шығып, жазадан аман қалыпты-мыс. [11] Ұлыс күннің талабы бойынша Наурыз күні адамдар бақай есеп, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ұзданы алдында арылуы керек. «Ұлыс күні алдына келсе, атаңның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер жігіттің ісі», «Тас атқанға ас ат» секілді нақылдарды өзек етіп, ту көтерген ел басшылары, ақсақалдар ат құйрығын кесісіп, араға жік түскен бауырлас ел, руларды, туысқан ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм тағтырып, табыстырған, осылайша ел бірлігін күшейткен.

Семьясын тентіретіп жібергендерді қайта қосып, жалғыз-жарым жетімдерді көп болып үйлендіріп, жеке отау қылған. «Сүйекке дақ, таңба, болмасын» деп кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап, таяғын ұстап қалғандарға «дүние кезек», «адамның күні адаммен» деп жылу жинап берген. Жаман әдетке үйір болғандарды халық талқысына салып, дұрыс жолға түсуіне жол көрсетіп, уәделерін алған, т. с. с.

Кеш түсіп, күн батуға айналған мезетте ортаға екі ақын шығып, жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, қыс пен жаздың күресін бейнелейтін «Өлі мен тірінің» айтысын бастайды. Сонымен бірге ортаға мифологиялық кейіпкерлер – Қалтырауық қамыр кемпір мен оның Ақпан, Тоқпан атты екі ұлы, олармен шайқасатын Ақборан, Өз Мырза және Үт бикештер шығады. Күн батқанша созылған айтыста күн ұясына бата өлі жеңіледі, зұлымдық иелері Қалтырауық қамыр кемпір, Ақпан, Тоқпан, Өз Мырзалар тым-тырақай қаша жөнеледі. [12] Қараңғы түсе екі жерге үлкен от жағылады. Басына майлы шүберек ораған таяқтары бар аламан топ жас ерекшеліктеріне қарай осы екі от ортасынан өтіп, қолдарындағы таяқтарын тұтатады. «Алас, алас, пәледен қалас!» деп хормен айтып, төңіректі отпен тазалап шығады. Оттың қасиетті магиялық күшіне сенуден пайда болған бұл тазарту (арылу) рәсімі «аластау» деп аталады.

Алтыбақан басында жастар түнімен түрлі халықтық ойындар ойнайды, бәдік айтысады. Бұл кеште айтылмаған ән, тартылмаған күй, танылмаған шешен қалмайды. Таң ата көпшілік биіктеу төбенің басына шығып, атқан Күнді қарсы алады. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «құт дарысын» деп, айнала төңірекке ақ шашып, үйлеріне тарасады.

Жаңа жылдың бірінші күнінде Күннің қалай атқаны, оның түр-түсі есепшілердің үнемі назарында болады. Жұлдызшалардың тәжірибесіне сүйенсек, Күн бұл таңда төрт түрлі болып атуы мүмкін екен. 1.Күн егер жанған оттай қызарып, қан қызыл болып шықса, ол жылы өлім-жітім, өрт көп болады, соғыс, қантөгістер де болуы мүмкін. Есепшілердің айтуынша, «Ақтабан шұбырынды» жылы күн тоғысында туған Күн дәл осылай атса керек. 2.Егер күн түсі сары қызыл тартып, ыстық леп бірден бетке ұрып, шақырайып шықса, ол жылы құрғақшылық болады. Таулы аймақтарда жиі-жиі тасқын болып, шалғынды далада жиі-жиі өрт шығады. 3.Күннің күңгірт тартып, қораланып, солғын көрінсе, ол жылы ерекше жауын-шашын көп болады. 4.Күн сәулесі жан-жаққа шашырап, шапағын төге рауандап атса, ол жылы жанға жайлы молшылық болады.

Халықтық аңыз-әңгімелерге сүйенсек, қазақ елі. Наурыз мерекесін 3 күннен 9 күнге дейін тойлаған екен. Қазақстан территориясының аумағы өте кең болғандықтан, бір шетінде жаз шығып жатқан кезде, екінші бөлігінде қыстың әлі қуаты қайтпай тұрады. Сондықтан Қазақстан тұрғындары 22 март күні Жаңа жылды жай атап өткенімен, барлық жерде бірдей осы күні тойлай бермеген. Көшпелілердің Жаңа жылды қар кетіп, көк қылытып, мал төлдей бастаған кезде қарсы алып, тойлайтынын өз кезінде Қытай елшілері де жазып алған болатын. [13]

Қазақстанның әр аймағында әр кезде шөбі шығып, малы төлдейтіндіктен, дәлірек айтсақ, Жетісу өңірінде 15 февральда, оңтүстік жылы өлкелерде «жыл басы жылқылы торғайдың (нәуірізек, наурыз торғай, көктұмсық торғай)» ұшып келуімен тұспа-тұс Наурыз тойын тойласа, Батыс Қазақстан топырағында 14-15 мартта көріседі, ал Орталық Қазақстан тұрғындары Жаңа жылды Үркердің аспанның батыс бөлігіндегі жас аймен тоғысуына қарап қарсы алған.

Ұлыс тойы жер бетіне жақсылық ұялауының символы, жалпыхалықтық еңбек мерекесі. Ұлыс күнді қарсы алу арқылы жас, өскелең ұрпақтың бойына Отан сүйгіштік, табиғатты аялау, еңбектің қадір-қасиетін сезіну, үлкенді сыйлау, жаман әдеттерден жеріну, т. б. ізгі қасиеттерді сіңіруге болады. Оның үстіне Наурыз мейрамы ешкімді түрі мен түсіне бөлмейтін нағыз интернационалдық мереке.

Бүгінгі таңда көптеген Шығыс елдерінде Наурыз мерекесін тойлауға ерекше мән беріледі. 1985 жылғы Апрель пленумынан бергі елімізде болып жатқан жаңару, жаңғырулар шапағаты Наурыз мерекесіне де түсіп, өткен жылдың сәуірінде Наурыз «жыл басы», көктем лебі болып Қазақстан жерінде де есіп өткені көпке мәлім. Жылма-жыл тойлау барысында осы бір жалпыхалықтық мейрамның жаңа беттерін қалың көпшілік өзі жазары, жаңа мазмұндар істеп, жетілдіре түсері, осылайша жаңғырған наурыз жалпыхалықтық мерекеге айналары сөзсіз.

«Жұлдыз» журналы. 1989 жыл №3. 177-185 бб.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кузьмина Е. Е.
2. Мирракимов М. Навруз «Наука» религия, 1985, №5
3. Сейдімбеков А. Күмбір-күмбір күмбездер. А., 1981.
4. Сейдімбеков А.
5. М. Мақатаев. Шуағым менің. Алматы 1975, 55-бет.
6. Кармышева, Д. Х. «Земледельческая обрядность у казахов»
7. М. Рустемов. Нартай. Алматы, 1983. 6-бет
8. Қайдаров Ә. Т.
9. Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков
10. Құсайынов Ш., Дүйсенбаев Ы. Қазақ ауыз әдебиеті және халықтық ойындарындағы театр-драмалық элементтер
11. Н. Мұхамеджановтан жазып алынды
12. Құсайынов Ш., Дүйсенбаев Ы. Аталған еңбек
13. Гумилев Л. Н. Древние тюрки, М., 1967

МРНТИ 13.09

**Токтасын ОМИРЗАКОВ**

Журналист

#### ВЕЛИКИЙ ДЕНЬ УЛУСА — НАУРЫЗ

**Аннотация.** В данной статье всесторонне рассматриваются исторические, мифологические, астрономические и этнографические основы древнего и сакрального праздника казахского народа — Наурыз. Автор связывает происхождение праздника с древними мировоззренческими представлениями, отражающими дуалистическую концепцию борьбы добра и зла, зимы и лета. Особое внимание

уделяется астрономической природе праздника, основанной на дне весеннего равноденствия, народным представлениям о созвездии Плеяд (Үркер), а также мифологическим образам Кыдыр ата и Умай ана, через которые раскрывается философия гармоничного сосуществования человека и природы.

В статье анализируются особенности празднования Наурыза у тюркских, иранских и других восточных народов, его историческая трансформация в период исламизации и в советское время, а также процесс возрождения в современную эпоху. Кроме того, подробно описываются традиционные обряды и обычаи, такие как приготовление наурыз-коже, обряд приветствия (көрісу), очистительные ритуалы, национальные игры и идеи общественного единства. Автор рассматривает Наурыз как важную духовно-культурную ценность, символизирующую обновление, согласие и сплочённость народа.

**Ключевые слова:** Наурыз, Великий день Улуса, Новый год, весеннее равноденствие, весеннее обновление, Кыдыр ата, Умай ана, созвездие Плеяд (Үркер), наурыз-коже, традиция көрісу, национальные игры, астрономические представления, мифологические образы, народный праздник, духовное возрождение.

IRSTI 13.09

Tokhtasyn OMIRZAKOV

Journalist

## THE GREAT DAY OF THE ULUS – NAURYZ

**Abstract.** This article comprehensively examines the historical, mythological, astronomical, and ethnographic foundations of Nauryz, the ancient and sacred holiday of the Kazakh people. The author connects the origins of the festival with early worldview concepts based on the dualistic idea of the struggle between good and evil, winter and summer. Particular attention is given to the astronomical nature of the celebration, associated with the spring equinox, as well as to traditional knowledge related to the Pleiades constellation (Үркер). Through the mythological figures of Kydyr Ata and Umay Ana, the philosophy of harmonious coexistence between humans and nature is revealed.

The article also analyzes the celebration of Nauryz among Turkic, Iranian, and other Eastern peoples, its historical transformation during the Islamic period and the Soviet era, and its revival in modern times. In addition, traditional customs and rituals—such as preparing Nauryz kozhe, the greeting ceremony (kōrisu), purification rites, national games, and the idea of social unity—are described in detail. The author considers Nauryz an important spiritual and cultural value symbolizing renewal, harmony, and national unity.

**Keywords:** Nauryz, Great Day of Ulus, New Year, spring equinox, spring renewal, Kydyr Ata, Umay Ana, Pleiades constellation (Үркер), Nauryz kozhe, kōrisu tradition, national games, astronomical knowledge, mythological concepts, folk festival, spiritual revival.

## References:

1. Kuzmina E. E.
2. Mirrakimov M. Navruz // Nauka және religiya. – 1985. – №5.
3. Seidimbekov A. Kūmbir-kūmbir kūmbezder. – Almaty, 1981.
4. Seidimbekov A.
5. Maqataev M. Shuağım meniñ. – Almaty, 1975. – 55-bet.
6. Karmysheva D. H. Zemledelçeskaia obryadnost' qazaqtar arasında.
7. Rustemov M. Nartay. – Almaty, 1983. – 6-bet.
8. Qaidarov Ä. T.
9. Sevortyan E. V. Etimologičeskiy slovar' türk tilderi.
10. Qusainov Ş., Düysenbaev Y. Qazaq auzı ädebieti және halıqtıq oındardağı teatr-dramalıq elementter.
11. N. Muhamedjanovtan jazıp alındı.
12. Qusainov Ş., Düysenbaev Y. Atalğan eñbek.
13. Gumilev L. N. Drevnie türükter. – Moskva, 1967.

Серік НЕГИМОВ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

ҰЛЫС КҮНІ ҚАЗАН ТОЛСА...

**Аннотация.** Мақалада Ұлыс күніне қатысты «Ұлыс күні қазан толса...» деген халықтық тілек пен оның ұлттық-рухани мәні талданады. Автор қара қазанның қазақ дүниетанымындағы ырыс-береке, бірлік, елдік нышаны ретіндегі орнын тарихи, мифологиялық және этнографиялық деректер арқылы айқындайды. Сақ-ғұн, үйсін дәуірінен жеткен тайқазан дәстүрі, Нұх пайғамбар туралы аңыз, сондай-ақ Геродот деректері негізінде қазанның көне өркениеттік рөлі сипатталады. Сонымен қатар Тайқазан тарихы мен оның рухани-мәдени символдық маңызы кеңінен сөз болады. Қазанға байланысты мақал-мәтелдер, гұрыптық жоралғылар мен тілектер арқылы Ұлыс күнінің мәні – молшылық, татулық және ұрнақ қамы екені айқындалады.

**Түйін сөздер:** Ұлыс күні, қара қазан, тайқазан, ұлттық құндылық, гұрып, молшылық, бірлік, қазақ дүниетанымы, рухани дәстүр.

Ұлыс күні қазан толса... Ұлттық-рухани құндылықтар жүйесінде, қазақтың қария сөздерінің ішінде Наурыз күнінде теңіздей толқып-тебіреніп айтатын: Ұлыс күні қазан толса, Ол жылы ақ мол болар, – дейтін сәулелі келешектің кілтіндей, молшылық пен тоқшылыққа жөн сілтейтін береке бастауындай, бақ жұлдызындай қасиет пен өсиетке бөленген құдіретті ізгілікті тілегі бар. Расында, қара қазан – ырыздық-несібенің, бірліктің, елдіктің символы. «Қара қазанның тілеуі Алланың тілеуімен бірдей», «Қара қазан – ыдыстың құдайы» деген халық нақылдары ғасырлар сүзгісінен өткен тәжірибенің асыл түйіні. Ішінде тайдың еті жүзетін тайқазан – сақ-ғұн, үйсін (б.з.д. VII ғ. – б.з. IV ғ.) заманының көзі, сан замандар мен ғасырлар бойы халықтың қадірлі мүлкі. Бірде Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген мезетте жердің бетін жайлаған топан суы кері шегінеді. Осы бір сәтте жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан дәм татыпты. Содан бері осы күнді Ұлыстың ұлы күні деп атапты.

Бағзы заманда, ерте, ерте, ертеде өзі әділетті, өзі білгір, болмысы мейлінше таза бір патша сақтардың санының қанша екенін тексермек болып, «әрбір сақ бір-бір жебенің ұшын әкелсін» деп жарлық шашады. Патша сақтар қоныстанған территорияның шартарабынан жиналған өлшеусіз мол жебелердің ұшындағы жезді балқытып, таудың шомбал шыңындай қара қазан құйып шығарады. Бұл қазанды көрген гректің атақты тарихшысы Геродот (б.з.д. 490-425 жылдар) бұған «алты жүз құмған су еркін сияды, ал шойынның қалыңдығы алты елі» деп сипаттапты. Б.з.д. V-III ғасырларда ұлы даланы мекендеген бабаларымыздың ғажайып үздік шеберлікпен, көркемдікпен өрнектелген мыс пен қоладан құйған қазандардың 20-дан астам нұсқасы бар. Безендірілуінде көркемдік сұлулықтың үлгілері жеткілікті. Мысалы, қазан қақпағының құрсауы текенің мүйізіне, әшекейлері қанатты тау текелеріне, кей қазанның тағандары – арқарлар мен жылқылардың аяғын жұлқылап тұрған басы – бүркіт, тұрпаты арыстан кейпіндегі құсқа ұқсаған, оның «бұдырланған жалы мен үш жылдық сақиналы ұзын мүйізі толқындала айқындалған. Көздері ызалы, кішкентай құлағы жымырылған, тісі ақсқан, араны ашылған жыртықш жылқының сирағын шеңгелдеген.

Құбыжықтың аузының айналасындағы қатпарлар мен қадалған көздері олжасын тап басқалы тұрғандай қалыпта көрсетілген», соншалықты тірі, жанды, әсерлі, я болмаса түйенің, текенің, қойдың аяғына ұқсатылған немесе төменгі тұсы түйенің қақ жарылған тұяқты сирақтарын көрсетеді. (1).

Ұлы бабаларымыздың қазанды қастерлеуінде ғұрыптық құндылық, көркемдік көзқарас, ұрпаққа іңкәрлік бар. Ұрпақ қамы – ел қамы. Ендеше, «Аға, саңа очүк! Бөз чөк! Буқун ізре азық. Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы) тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)!» дейтін б.з.д. V-IV «Есік» қорғанынан табылған күміс кеседегі көне түркі жазуы ұлы дала тұрғындарының асыл мұратын мәлімдейді. Бұл орайда, «Қырық құлағы бар, ішіне қырық ту биенің еті сияды», «Қазаның майлы болсын», «Қазаның оттан түспесін», «Қазан-ошағыңнан айырылма», «Асың толсын қазанға, малың толсын Ғажамға» деген уыз тілектер ошақтың үш бұтындай қазақ жұртының ұраны. Жарапазан жырларында: Ақ үйің айға қарап орда болсын, Жиылып ұл-қызың молда болсын. Дегенде жарапазан, жарапазан, Келеді таудан құлып жарық қазан! – дейтін шумақта сипатталатын «жарық қазан» жарқырап жалпақ жұртты жарылқауға, жосылтып келе жатқандай. Немесе мынадай көркем жұмбақтарды атауға болады:

Басына қара таудың бігер қорған,  
Онда жоқ бекітерге айыл-тұрман.  
Қасына төрт нөкерін ертіп алып,  
Үстіне қайырлы бай мініп тұрған.  
Мен көрдім бір дария дөп-дөңгелек,

Төрт бұрышы дарияның содан бөлек. Ішінде «Келсе» деген патшасы бар, Астында төрт тіреуі болса керек. «Қазанның құлағын ұстау», «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса», «Бір қазаннан ас ішу» дейтін де сөз тіркестері бар. Қазақтың ғұрыптық салт-дәстүрінде «өкпесі қара қазандай» деген идиома бар. Мұның мәнісі – қазанды біреуге бергенде құлағына ақтық байлап, ішіне ет, бауырсақ салу жөн. Өйтпесе «қазан шамданады, өкпелейді». «Қазан-аяғы бір» деген сөз рулық-тайпалықты, татулықты, тонның ішкі бауындай жақындықты танытады. «Жарыс қазан» ұғымының төркініне барлау жасасақ, мұның да өзгеше бір беймәлім сыры бар. Егер келіншек босанар алдында үй ішінде жедел-жедел қазан көтеріп: «Қара қазан бұрын қайнай ма, қара қатын бұрын туа ма» десе Жаратқан ие жеңілдік жасайды дейтін түсінік болған. (2)

Түркістан Тайқазанын 1399 жылы тебриздік шебер Абд-ул-Әзиз ибн Шараф әд-Дин Қарнақта 7 металл қоспасынан құйған. Салмағы 2 тонна, 60 шелек су сияды. Суы өте қасиетті Қазан өсімдіктермен, араб жазуларымен өрнектелген. 1935 жылы 3-Халықаралық конгрестің ұйымдастырылуына байланысты Санкт-Петербурдағы Эрмитажға әкелінген. Тегінде, жанды-жансыз дүниені, көркем жаратылысты жоғарғы сана билейді дейтін тұжырымға ден қойсақ, Ұлыс күні айтылатын ғибратты тілектер, халықтық көркем дәстүрлер, көркем істер мемлекетті де көркейтеді. «Қазан қайнап тұрса, ақыл сайрап тұрады», тұрмыс, дастарқан, көңіл, рух жайнап тұрады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция». Алматы, 2009. 79-95 бб.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.3. Алматы, 2012. 360-363 бб.

МРНТИ 13.09

**Серик НЕГИМОВ**

*Заслуженный деятель Казахстана,  
доктор филологических наук, профессор*

## ЕСЛИ В ДЕНЬ УЛУСА КОТЛЫ БУДУТ ПОЛНЫ...

**Аннотация.** В статье рассматривается народное изречение «Если в День Улуса котёл полон...» и его духовно-культурное значение в системе казахских национальных ценностей. Автор раскрывает символику чёрного казана как знака достатка, единства и государственности, опираясь на исторические, мифологические и этнографические данные. Приводятся сведения античного историка Геродот, а также анализируется сакральное значение Туркестанского Тайқазан. Через пословицы, благопожелания и обрядовые практики показано, что День Улуса символизирует изобилие, согласие и преемственность поколений.

**Ключевые слова:** День Улуса, чёрный казан, тайказан, национальные ценности, обряд, изобилие, единство, казахское мировоззрение.

IRSTI 13.09

**Serik NEGIMOV**

*Honored Worker of Kazakhstan,  
doctor of Philology, professor*

## IF THE CAULDRON IS FULL ON THE DAY OF ULYS...

**Abstract.** This article explores the traditional saying “If the cauldron is full on the Day of Ulys...” and its spiritual and cultural significance within the system of Kazakh national values. The author examines the symbolism of the black cauldron as a sign of prosperity, unity, and statehood, drawing on historical, mythological, and ethnographic sources. References to the ancient historian Herodotus are included, along with an analysis of the sacred and cultural importance of the Turkestan Тайқазан. Through proverbs, blessings, and ritual practices, the article demonstrates that the Day of Ulys embodies abundance, harmony, and continuity between generations.

**Keywords:** Day of Ulys, black cauldron, taikazan, national values, ritual tradition, prosperity, unity, Kazakh worldview.

Тілеуғали ҚЫШҚАШБАЙ

ҚР еңбек сіңірген қайраткері,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор, академик

ТҮРІК ДҮНИЕТАНЫМЫ

**Аннотация.** Бұл мақалада ерте түрік дәуіріндегі Қазақстан аумағының мәдени, діни және рухани өмірі жан-жақты қарастырылады. Автор Түркілердің плюрализм, коллаж және симбиоз принциптері арқылы көркемдік пен архитектуралық мұраларын сипаттайды. Мақалада хунну, сармат-массагет тайпаларының, Қыпшақтар мен оғуздар кезеңдерінің шаруашылық, діни және өнер саласындағы ерекшеліктері, Тәңірлік сенім, күн мен табиғатқа табыну, ұлттық символика мен жазу жүйесінің дамуы қарастырылады. Сонымен қатар, ежелгі түрік қолөнері, сәулет, мифология және халықтық дәстүрлер арқылы рухани мәдениеттегі ізгілік пен үйлесім идеялары ашылады. Автор Түркі дүниетанымын тарихи, археологиялық және этнографиялық деректер негізінде көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Тәңірлік, түрік дүниетанымы, коллаж, симбиоз, хунну, сармат-массагет, қыпшақтар, оғуздар, археология, діни сенім, мифология, қолөнер, сәулет, жазу, символика, рухани мәдениет, табиғат, көшпенді мәдениет.

Орта ғасырдағы қазақтардың өмірі халық драма шығармашылығының сауық көріністерінің арнайы нысандарының қатарына енгізілді.

Олардың кейбіреуі өмірмен, тұрмыспен, шаруашылықпен тікелей байланысты болды. Ал, басқалары арнайы көңіл көтеруге арналған ойын-сауықтар мен ойындарды білдірді. Үшіншілері, фольклорлық театрдың нысандарымен жақындаса отырып, адамның эстетикалық сезімдерін қанағаттандыруға ықпал етті.

Бірінші топқа түрлі рулар мен тайпалардың, ауылдар мен аймақтардың адамдары жиналатын, үлкен ұлттық жиындар, түрлі салтанаттар кезінде орындалатын ұлттық ойындардың (көкпар, қыз қуу және т.б.) симбиозы жатады.

Екінші топты коллаж принципі бойынша құрастырылған көңілдендіру шаралары құрайды, яғни түрлі шаралар мен ауызша тұрмыстық, мерекелік және салтанатты рәсімдерді білдіретін ақындық шығармалар (айтыс, жарысу). Шартты түрде оларды «халық-драма шығармашылығының дәстүрлі-рәсімдер нысаны» деп атауға болады. Үшінші топқа ку-комедианттар (қуақы) көрінісі жатады. Төртінші топқа ақын-сазгерлердің шығармашылығы, олардың халық көп жиналған жәрмеңкелерде, тойлар мен басқа да жалпы халықтық мерекелерде көрсетілетін көріністері жатады.

Орта ғасырда Қазақстан өзінің плюрализмімен ерекшеленді. Жетісудің қалаларында будда, христиан, манихей монастырлары орналасты. Ал, Таразда зороастризмді насихаттады. Қазақстанның батысында иудаизм мемлекеттік дін саналып, сонымен бірге шаманизм де қатар жүрді. Ерте түрік дәуірінің басы діннің көп түрлі болуымен қатар, сенімнің басымдылығымен де ерекшеленді. Осындай жағдай ерте орта ғасырда коллаж принциптерінің, ал кейінірек симбиоз принциптерінің туындауына себеп болды.

Өнердің коллаждылығының айқын көрінісі Жаркенттегі кесененің салынуы болды.

Кесенеде қазақ жерінен өткен барлық халықтардың діни сенім дәстүрлері көрінісін тапты. Буддизм, тенгриандық, манихейшілік, зороастризм, христиандық осының бәрі бұл керемет ғимаратта өз орнын тапты. Сәулетші таңдап алған түрлі халықтардың діни сәулет құрылысының элементтері коллаждық принцип бойынша бірігіп, құрылысты әрлендіре түсті.

II-V ғасырлар «халықтардың Ұлы көшiнiң кезеңi» деген атаққа ие болды. Осы кезде Орта Азияда климатқа қатысты iрi өзгерiстер болды. Ұзаққа созылған құрғақшылық өзендер мен көлдердiң тартылуына, iрi құмды жазықтардың пайда болуына және аймақтарға қатысты дақылдардың өзгеруiне әкелдi. Жазықты аудандардың ерекшеленуi мал шаруашылығының, көшпендi мәдениеттiң дамуына әкеп соқты.

Егiндi аудандарда диқаншылық мәдениетi орнықты. Аралас ландшафты аудандарда аралас диқаншылық, көшпелi мәдениет дамыды. Қоныс аудару кезiнде көшпендi хунну тайпалары Орта Азиядан Батысқа бет алып, тұрғындардың құрамы мен бөлшектенуiне ғана емес, сонымен қатар мәдениетiне де өзгерiстер енгiздi [1].

Хуннуда (ғұндар) қолөнер кәсiбi мен сауда дамыған едi. Хуннулар көмiлген жерлерден темiрден, сүйектен, мүйiзден, тастан, лайдан, ағаш пен керамикадан жасалған бұйымдар табылды. Жібек маталар мен қытайлық лақ, ағаш, нефрит және айнадан жасалған сәндi бұйымдары хуннулардың сауда-саттықпен байланыстарын бiлдiредi. Оларда класстық қоғам мен мемлекет құрылды.

Ертедегi хунну мәдениетi шаруашылықтың қиын жүйесiнiң мәдениетi болды. Осы кезде түрiктердiң рухани мәдениетi жалғасын тапты. Л.Н. Гумилев «Хунну» атты жұмысында «Бiздiң эрамызға дейiнгi III ғасырда түрkiлерде жазу дамыған» деген. [2]. Хунну өз күнтiзбесiн ойлап тапқан. Мучал бiздiң эрамызға дейiнгi II-I мыңжылдықтарда туындаған, ерте түрki күнтiзбесiнiң негiзiнде жасалған, он екi жылдық жануарлар циклi. Күнтiзбе Айдың Жердiң төңiрегiнде айналуының және оның Үркер-Плеяд шоқжұлдызына енуiнiң негiзiнде құрылды.

Күнтiзбе Қазақстан көшпендiлерiнiң өмiрiнде ерекше орын алды. Күлтегiннiң Үлкен жазбасында «уақытты Тенгри таратады» деп жазылған [3].

Қазақстан аумағында сармат-массагеттiк тайпалар белгiлi болған. «Массагет» және «сармат» этнонимдерi б.э.д. III ғасырлардағы көне авторлардан белгiлi (Геродот кiтап «Тарих»; Страбон «География» VI, 2, VII, 29, 2). Алайда, олар қазақ даласындағы аумақтарда б.э.д. VI ғасырдан б.э. IV ғасырға дейiн өмiр сүрдi [4]. Сарматтар «прохоров» аталатын мәдениет құрды. Олардың ерекшелiктерi жерлеу рәсiмдерiнде байқалды. Олар сабанға басын оңтүстікке қаратып жерледi. Сарматтар iзбес тастардан антропоморфты мүсiндер жасап, зираттар кешенiне қатысты өнер түрi бекiтiлгендiктен, оларды зираттардың қорғандарына орнатты. Сармат-массагет табыну кешендерiнiң кең тарағандары Байте-1-3, Терең, Қарамүңке және Үстiрттегi басқа да кешендер [5].

Сармат мүсiндерiнiң басым көпшiлiгi болмысы дәл ойылған, тегiс скульптуралардың қатарына жатады. Скульптуралар қылыш, қанжар, садақ, дулыға, белдiк және әшекейлердiң бейнелерiн бiлдiредi.

Б.э.д. II ғасырда алғашқы тенгриан шiркеулерi пайда болды. Олар тең қабырғалы крест тәрiздес негiзге орналастырылған. Тең қабырғалы крест мықтылықты, жойылмастықты бiлдiрген. Сонымен қатар, крест әлем жолдары тоғысатын жол торабы деген мағынаға саяды. Ал, шiркеудiң өз жолы төрт жаққа да ашылатын мәңгiлiктiң символы болып табылған.

Түрkiлер, табиғаттың өзiне сыйына отырып, өз дiндерi тенгриандықты ойлап тапқан.

Тенгри аспан құдайы болған. Тенгридiң басты iске асырушысы күн болып саналған. Ежелгi түрkiлердiң ертегiлерiндегi: Алтын мүйiздi ақ Бұғы, алтын қарға және т.б. сияқты күннiң белгiлерiмен ерекшеленген көптеген мифологиялық бейнелердiң пайда болу себебi де осында жатыр. Ашпiн руының өкiлi-символы ретiнде алтын мүйiздi Ақ Бұғының бейнесiмен таңбаланған таутекенi айтуға болады. Ұмай көбейтушi Құдай ана болып саналған. Тенгриандықтар жердi-жердегi бар заттың анасы ретiнде, ал жер мен түндi, жарық пен түнектi, өмiрге ылғал сыйлайтын жаңбырмен байланыстыра отырып, аспанды әке ретiнде құрметтеген. Тенгриандықтар қағандардың тәңiрлiк тектерiн күннiң белгiсiмен байланыстырған.

Ертедегі түркілердің тұрғын үйлерін, адамды, малды отпен аластау сияқты рәсімдері күнге, найзағайға, отқа табынумен байланысты. Аңыздарға сәйкес, алып шырша өсетін жер ортасында от пен судың Йер-Су атты ортақ құдайы болған. Қасиетті таулар, от өлім құдайы Эркилпен байланысты.

Тәңірлік егіншіліктің алғашқы қазығы ретінде жекелеген символдарды символдық жүйеге жинақтауға ықпал етті. Ежелгі түркілер дөнгелек, нүкте, сызық және бұрыш нысандарына ғана емес, сонымен қатар оларға ұқсас заттардың бәріне табынды. Тұрмыстағы заттар мен бөлшектердің әрқайсысының мәні бір болды деуге болады. Бұл өз кезегінде өрнек өнерінде жалғасын тапты. Табынушылық заттардың нысандарының геометриялылығы мен семантикалық мәні бір тұтас мағынаға айналды.

Түркілер осылайша өздерінің түсіну нысандарын кеңейтіп, синкретизм принциптерін түсінуден изоморфизм, аналогия, дифференциация, нәтиже мен сәйкестікті анықтау принциптеріне ауысты. Табынушылық пен символдар жүйесі осылай туындады.

I және XI ғасырларда Қазақстан аумағында кангюлердің, Түркі қағанаттарының, огуздар мен Караханидтердің қысқа мерзімді (бір-екі ғасыр ғана) мемлекеттік құрылымдары орнады.

VI-VII ғасырлар VII ғасырдың басында Батыс және Шығыс қағанаттары болып екі мемлекетке тараған Түркі қағанаттары орнаған кезең ретінде танылды. Бұл шағын этникалық құрылымдардың нағыз көрінісі болды, алайда, бұл құбылыс «түркі әлемі» түсінігіне бастама беріп, өнердің коллаж бен симбиоз сияқты екі түрінің принциптерінің негізін қалады.

Осы кезеңдегі ежелгі түркілерге тән көріністердің орны ерекше, өйткені тұрмыстары әскер-көшпелі өмірмен байланысты болғандықтан, олар алғашқылар болып қатты садақтар мен сәл иіліп жасалған қылыштарды ойлап тапқан. Олар Ұлы Жібек жолының басым бөлігінде орналасқан сауда қалаларын қадағалап отырған. Дегенмен, түркілердің өздері саудамен айналыспаған.

Соғыстар мен сауда кезеңінде Қазақстан аумағында орналасқан тайпалардың өнерінде көркем бейнелеудің негізгі принципі – коллаж, яғни – енгізу, біріктіру қалыптасқан. Қоршаған ортаның ұшқырлығы, оның тұрақсыздығы көркем мәдениеттің осындай бағытына негіз болды. Түркілердің ірі мемлекеті әскери күшке сүйенді. Ежелгі түркі жазбаларына қарағанда, билік «ұзын найза мен өткір қылыштың» күшімен орныққан. Сонымен қатар, билікті ұстап тұрудың негізгі тәсілі түркілер жергілікті дәстүрлермен санасқан және орта ғасырлық коллаж бен симбиоздың принциптерінде қамтылғандай, жергілікті халықты шамадан тыс алым-салықпен қинамаған. Қыпшақтар мен теленің құрылымы болған Цигу тобы, «аққу» тайпасы ашин тайпасымен көршілес өмір сүрген. Осы кезеңдегі түркілердің тарихы туралы VI ғасырда қытай шежірешілері жазған түркілер хунн руынан шыққан деген ежелгі түрік аңызы баяндайды. Осылайша, сұрапыл шайқастардың бірінде түркілер түгелдей қырылып, қаншық қасқыр етпен асыраған, он жасар бала ғана қалған. Жаулар оны көріп қойып, өлтіргісі келеді. Қаншық қасқыр мен бала шығыс еліне қарай, батыс теңізден (Арал) Алтай тауларының орта бөлігінде жасырынған. Бұл жерде жан-жағын шексіз биік таулар қоршаған үңгірлер мен жазықтар орналасқан. Қашқындар осы жерге жасырынған, ал қаншық қасқыр бозбаладан 10 ұл туған, ұрпақтары көбейіп, 10 тайпа (он ок) құрған. Олардың ішінде атақты Ашин руы (Шене-қасқыр) болған. Ерекше қасиетті адам-Ашинды мемлекет басшысы мойындап, өзі тұрақтанған жердің қақпаларының үстіне шыққан тегін білдіру мақсатында қасқырдың басы бар ту ілген [6].

Түркілердің ірі жетістіктерінің бірі жазу болды. Түркі қолжазбасы табыттардың үстіне, үй аспаптарына, шыңдарға жазылған жазуларды білдіреді. Талас өзенінің бойындағы Терексай шатқалында, VIII ғасырдағы табыттарға жазылған 11 жазбада, Талғар қалашықтарындағы саз балшықтан жасалған шарбақтардағы, Шығыс Қазақстандағы қола айналарда жазылған мәтіндер сақталған. Жазбаша әдебиет қалыптасқан. Аты жоқ авторлардың кезеңі аяқталды. Йолыг-тегин аты аталған алғашқы автор болды. Әлемдік дінге теңеу ежелгі түркілерге үнді, иран, византия, қытай мәдениеттерінің жетістіктерін меңгеруге мүмкіндік берді.

Түркілер алыс шығыс пен азияталды цивилизацияның оқшауланған ошақтары арасындағы делдал болды. Көшпенді және отаршылықты түріктер шеберлігі, сәулеті және қолөнері жағынан

жетілген, әрі теңдесі жоқ төл мәдениетке қол жеткізді. Осы жетістіктердің арқасында олар сол кездегі әлемдік мәдениетте өз орындарын тапты. Түркілер өз мемлекеттерінде және Азияда кеңінен тараған құқықтық тәртіптің өзіндік «әлемнің төрт бұрышы» тұжырымдамасын құрды.

Ежелгі түркі жазбалары Үндістандағы «пілдер патшасы», Қытайдағы «адамдар патшасы», Иран мен Византиядағы «әшекейлер патшасы» сияқты «жылқылар патшасы» империясының орнауына жол салды.

Ерте орта ғасырдағы кең тараған өнер түрлерінің бірі – қолөнер. Ол, бір жағынан, тікелей сақтар мен үйсіндердің дәстүрлерін жалғастырды, ал екінші жағынан, синтездің жаңа нысаны коллаж көрініс тапты.

Оғыздар мемлекетінің тарихы Қыпшақтар мемлекеті Ұлы Дешті Қыпшақ тарихының алды болды. Оғыздардың құлауымен Қазақстан тарихындағы, мәдениетіндегі және өнеріндегі ежелгі түркі кезеңі де аяқталды. Бірақ оғыздар кезеңі қазақ жерінің, қазіргі түркі әлемінің негізін қалады.

Еуразия әдебиеттерінде қыпшақтарды «половцы» («полова»-«солома» сабан) деп атаған. Орыс халқының ауызша шығармашылығында «Сабан жолы»

«Млечный путь» деп аталған.

Қыпшақтардың синонимінде «половцы» атауы арғы тектерін Ақ Тор (Млечный путь) деп санаған көшпенділердің мифологиялық пікірлерінен туындаған. Қыпшақтардың текті рудың жолын қууы Кавказды монғолдар жаулап алу кезінен пайда болды.

Т.Қышқашбай. «Қазақ өнер әлемі». 114-118 бб

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л.Н Хунну. Средняя Азия в древние времена. – М:1960
2. Гумилев Л.Н Хунну. Средняя Азия в древние времена. – М:1960
3. Большая надпись Кюльтегина. VIII в. Хрестоматия по казахской литературе. Алматы: Жеты жарғы, 2001
4. Скифы Заподного Казахстана. – Алматы. Исламнур, 2007. – с.208
5. Самашев З.С. «Древние всадники казахских степей» - 174 стр. Евразия скифо-сакской эпохи: Сб. материалов междунар. науч. конф. – Астана, 2008. 378 с.
6. Маргулан А.Х. Мир казаха. Институт развития Казахстана. Международный фонд им. Академика Алькея Маргулан 1997, – с. 57

МРНТИ 03.09

**Тлеугали ҚЫШКАШБАЙ**

*Доктор педагогических наук, профессор, академик*

## ТЮРКСКОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЕ

**Аннотация.** В данной статье всесторонне рассматривается культурная, религиозная и духовная жизнь территории Казахстана в эпоху ранних тюрков. Автор описывает художественное и архитектурное наследие тюрков через призму принципов плюрализма, коллажа и симбиоза. В статье анализируются особенности хозяйственной, религиозной и художественной жизни племен хунну, сарматов-массагетов, а также периодов кипчаков и огузов; рассматриваются вера в Тенгри, почитание солнца и природы, развитие национальной символики и письменности. Также через древнетюркское ремесло, архитектуру, мифологию и народные традиции раскрываются идеи духовной гармонии и добродетели. Автор демонстрирует тюркское мировоззрение на основе исторических, археологических и этнографических данных.

**Ключевые слова:** Тенгрианство, тюркское мировоззрение, коллаж, симбиоз, хунну, сарматы-массагеты, кипчаки, огузы, археология, религиозные верования, мифология, ремесло, архитектура, письменность, символика, духовная культура, природа, кочевая культура.

IRSTI 03.09

**Tleugali KYSHKASHBAY**

*Doctor of Pedagogical sciences, professor, academician*

#### URKIC WORLDVIEW

**Abstract.** *This article provides a comprehensive analysis of the cultural, religious, and spiritual life of the territory of Kazakhstan during the Early Turkic period. The author describes Turkic artistic and architectural heritage through the principles of pluralism, collage, and symbiosis. The study examines the economic, religious, and artistic features of the Hun, Sarmatian-Massagete tribes, as well as the Kipchak and Oghuz periods; it explores Tengriism, worship of the sun and nature, and the development of national symbols and writing systems. Furthermore, ancient Turkic crafts, architecture, mythology, and folk traditions reveal ideas of spiritual harmony and virtue. The author presents the Turkic worldview based on historical, archaeological, and ethnographic evidence.*

**Keywords:** *Tengriism, Turkic worldview, collage, symbiosis, Hun, Sarmatian-Massagete, Kipchaks, Oghuz, archaeology, religious beliefs, mythology, crafts, architecture, writing, symbolism, spiritual culture, nature, nomadic culture.*

#### References:

1. Gumilev, L. N. (1960). *Khunnu. Srednyaya Aziya v drevnie vremena*. Moscow: [M].
2. Gumilev, L. N. (1960). *Khunnu. Srednyaya Aziya v drevnie vremena*. Moscow: [M].
3. Kültégina. (2001). *Bolshaia nadpis' Kültégina. Khrestomatiya po kazakhskoy literature (VIII v.)*. Almaty: Zhety Zhargy.
4. Skify Zapadnogo Kazakhstana. (2007). Almaty: Islamnur.
5. Samashev, Z. S. (2008). *Drevnie vsadniki kazakhskikh stepey: Evrazii skifo-sakskoy epokhi* [Conference proceedings]. Astana: Mezhdunarodnaya nauchnaya konferentsiya.
6. Margulan, A. H. (1997). *Mir kazakha*. Almaty: Institut razvitiya Kazakhstana, Mezhdunarodny fond im. akademika Alkeya Margulan.

PRESERVING THE STEPPE: AUDIOVISUAL DOCUMENTATION OF  
KAZAKH WOMEN'S ENVIRONMENTAL KNOWLEDGE  
AND CULTURAL HERITAGE

**Abstract.** *This article examines the roles of Kazakh women in nomadic society, focusing on their environmental knowledge, cultural heritage, and contributions to sustainable living practices. Utilizing audiovisual documents – including photographs, cinema, and audio records – this interdisciplinary research highlights how women actively participated in nomadic economic activities, cultural reproduction, and environmental stewardship. The study addresses challenges in historiography, such as scarce written and visual sources, political biases, and dispersed archives, emphasizing the value of audiovisual heritage in preserving underdocumented aspects of nomadic life. Through exhibitions, conferences, and digital dissemination, the research seeks to make Kazakh nomadic culture accessible to global audiences, contribute to contemporary discussions on sustainability, and support the preservation of cultural memory for future generations.*

**Keywords:** *Kazakh women, nomadic society, audiovisual heritage, environmental knowledge, cultural preservation, historiography, sustainable practices, Central Asian nomads.*

The article explores nomadic cultures and interrogates the contributions of women to nomadic society and their relationship to the environment. And focuses on making information about the Kazakh nomads accessible to global audiences, helping prevent the loss of cultural diversity while contributing to our understanding of globalization's impact on cultural and linguistic heritage. There is a need in scholarly discussions recognizing that global consumer culture has created environmental crises, with many researchers looking to nomadic practices for insights into sustainable living.

As retired this year from the position of deputy director of Central State Photo Cinema and Sound Recording Archives of Kazakhstan, I have been engaged interdisciplinary research to examine women's roles in Kazakh nomadic culture through audiovisual documents, particularly focusing on environmental stewardship and cultural preservation.

**Background and Significance**

Eight thousand years ago, the transition to nomadic life transformed human economies. Today, nomadic economies exist in almost 30 countries, involving about 40 million people across Mongolia and China (where still live as nomads the Kazakhs), Tibet, Siberia, North Africa, and South America, in environments where agriculture is impossible.

In the 21st century, Mongols and Kazakhs preserve their traditional cultures while adapting to modernization and maintaining their ancestral heritage. They use achievements of civilization that do not prevent them from migrating while maintaining their ancestors' heritage – including principles of sufficient consumption, and genetic health. Environmental studies suggest that if global ecosystem collapse occurs, nomads would likely be among the survivors as reserve of human civilization.

Nomadic society continues to evolve, yet some psychological and cultural habits persist. This creates a critical challenge to mitigate threats to nomadic culture through exploration, study, interpretation, and information sharing.

Modern educational systems favor digitalized visual information, which is true in Kazakhstan as well. As educators, we must attract younger generations' interest in ethno-cultural and audiovisual disciplines. This is particularly important regarding women's roles in modern Kazakh society, and raising educated, strong, emotionally free women is crucial. Other national histories where have shown that a country's future often depends on the status and education of its women.



### **Women in Nomadic Society**

Western scholars have documented freedom and independence of nomadic women compared to women in many Islamic societies. Nomadic women participated directly in crucial community and family decisions, did not cover their faces or live in seclusion, and were not legally deprived of communication and social participation.

Kazakhstan's celebrated hospitality, tolerance, and openness toward other cultures has roots in nomadic culture, with women as bearers and preservers of hospitality practices. History records women as advisers to rulers and warriors. However, Kazakh women's roles remain understudied and underestimated. Understanding the historical connection between women and environmental stewardship in nomadic cultures may offer insights into current environmental and social challenges.

Ancient nomadic traditions are less present in material records because felt, leather, and wood are not easily preserved. Kazakh historiography faces several challenges: lack of written and visual documents; confusion in Russian historiography calling Kazakhs «Kyrgyzs»; most documents created by neighboring countries or taken abroad during political changes; and political influences making documents incomplete and subjective. Because of these limitations on available sources, my research focuses on photographs and cinema that documented women's nomadic economic activity, women's roles in creating material culture, their societal-economic relations, and their connection to gendered environmental concepts. We are particularly interested in written documents and images that document aspects of everyday life, such as the role of the women's participation in hunting, cattle breeding, trade fairs, textile creation, and clothing ornamentation, plus their role in cultural reproduction regarding religious beliefs, communal traditions, and customs.

### **Specifics and peculiarities of identification in specialized audiovisual foreign archives.**

From the experience of work on identification of audiovisual documents stored in foreign specialized archives (in contrast to archives storing documents on paper basis) it is necessary to work accurately with systematic, chronological, alphabetical-film, name, author's, performing catalogs and archives of personal origin. For full-fledged identification and selection of documents, it is necessary to order negatives to study on viewing tables, film documents must be studied frame by frame on an editing table. From the experience of work on identification of audiovisual documents stored in foreign museum institutions it should be noted that in contrast to archival institutions information about fund collections as a rule

is concentrated in the departments of fund accounting and in systematized catalogs where the search for the necessary documents of interest. Documents on the same subject matter may be scattered among the collections of different funds, since both audiovisual documents and other museum objects usually recorded in a single database.



#### **Academic Engagement and Dissemination in 2025**

In March and April 2025 we organized and successfully held the conference «The Role of Women in Kazakh Steppe Culture» along with photo exhibition «The Role of Women in the Kazakh Steppe Culture at the turn of the 19th and 20th centuries» and screening of the film «Soviet Kazakhstan» (1927), and Seminar «Transformation of Kazakh Woman: From Tradition to Modernity» at the Humanitarian School of Narhoz University. The photo exhibition subsequently traveled to al-Farabi National University and Narhoz Economic University and Almaty Museum “Honor to Mother”.

Publication and content shared across digital platforms and Instagram, TikTok pages for broader academic and public engagement of: Kazakh Central State Photo Cinema and Sound Recording Archive; al-Farabi National University and Narhoz Economic University; Stepper Art; Online Museum «Women of Kazakhstan»; Museum «Honor to Mother».

**Diplomatic Recognition:** On April 24, 2025, U.S. Consul General Michelle Erkin made first official visit to our archive, expressing interest in collaborative efforts to promote cultural ties through our collections.



In June, from 9th-13th (within the framework of celebration on the International Day of Archives) as deputy director I visited Lithuanian Regional State Archives and presented the talk “Blank sports on the Kazakh history and archival work to recover and create video documents”, we signed Memorandum on Cooperation with Lithuanian State Archives in Vilnius and from 9th of June till September 2025 the exhibition “The Role of Women in the Kazakh Steppe Culture at the turn of the 19th and 20th centuries” successively on display at Lithuanian State Archives of Vilnius, and Kaunas.

All events featured across the U.S.A and Lithuanian media State platforms as well as on multiple digital platforms and reached over 40,000 readers through popular Stepper Art blogger Zira Nauryzbai. We think that photo exhibition both in classic and digital forms would have further international interest as it supports academic research in interdisciplinary sciences, especially in gender, environment, ethnography, anthropology and cultural studies.

### Conclusion

The goals align with UNESCO’s «Memory of the World» program, which encourages the identification, preservation, and promotion of documentary heritage for future generations.

The research and activities contribute for preserving disappearing cultural knowledge while addressing contemporary environmental challenges. By documenting women’s roles in nomadic environmental stewardship, I believe we can inform current sustainability discussions while ensuring that future Kazakh generations understand their heritage. Archives, libraries and museums in foreign archives’ unparalleled collections offer unique opportunities to advance this vital research, creating resources that will serve scholars, educators, and communities globally while strengthening cultural understanding between Kazakhstan and Western countries.

### References:

1. Muzej antropologii i etnografii im. Petra Velikogo.
2. MAEI 550-15. Uchitel’ s sem’yey. 1932 g. Kazakhi. Bagaev D.P. Pavlodarskaya oblast’.
3. MAEI 550-24. Perenoska vody. 1932 g. Kazakhi. Bagaev D.P. Bayanaul’skiy rayon.
4. MAEI 550-9. Bayan-aul. 1932 g. Kamennye postroyki. Kazakhi. Bagaev D.P. Bayanaul’skiy rayon.

XFTAP 03.09

### Сауле САТАЕВА

*Тарих ғылымдарының кандидаты*

### МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ:

### АУДИОВИЗУАЛДЫ ҚҰЖАТТАРДА ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ РӨЛІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ көшпелі қоғамындағы әйелдердің рөлі олардың экологиялық білімге, мәдени мұра және тұрақты өмір сүру тәжірибесіне қосқан үлесіне мән бере отырып қарастырылады. Фотосуреттерді, киноқұжаттарды және дыбыстық жазбаларды қамтитын аудиовизуалды дереккөздерге сүйене отырып, бұл пәнаралық зерттеу әйелдердің көшпелі экономикалық қызметке, мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге және қоршаған ортаны ұқыпты пайдалануға белсенді қатысқанын көрсетеді.

Зерттеу сондай-ақ тарихнамалық қиындықтарға назар аударады, атап айтқанда жазбаша және визуалды дереккөздердің тапшылығы, саяси біржақтылық, сондай-ақ архив материалдарының әртүрлі қорларда шашыраңқы сақталуы. Мақалада көшпелі өмірдің жеткілікті зерттелмеген қырларын, әсіресе әйелдердің тәжірибесі мен білім жүйесін қалпына келтіруде аудиовизуалды мұраның маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі.

Көрмелер, ғылыми конференциялар және цифрлық тарату тетіктері арқылы зерттеу қазақ көшпелі мәдениетін әлемдік аудиторияға таныстыруды, тұрақты даму жөніндегі заманауи пікірталастарға үлес қосуды және болашақ ұрпақ үшін мәдени жадты сақтауды мақсат етеді.

**Түйін сөздер:** қазақ әйелдері; көшпелі қоғам; аудиовизуалды мұра; экологиялық білім; мәдени мұраны сақтау; тарихнама; тұрақты тәжірибелер; Орталық Азия көшпелілері.

МРНТИ 03.09

**Сауле САТАЕВА**

Кандидат исторических наук

**СОХРАНЯЯ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ СТЕПИ:  
РОЛЬ КАЗАХСКОЙ ЖЕНЩИНЫ  
В АУДИОВИЗУАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТАХ.**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль женщин в казахском кочевом обществе с акцентом на их экологические знания, культурное наследие и вклад в практики устойчивого образа жизни. Опираясь на аудиовизуальные источники — фотографии, кинодокументы и аудиозаписи — междисциплинарное исследование показывает, что женщины активно участвовали в хозяйственной деятельности кочевого общества, передаче культурных традиций из поколения в поколение и бережном отношении к окружающей среде.

Исследование также затрагивает историографические трудности, в частности нехватку письменных и визуальных источников, политическую предвзятость и рассредоточенность архивных материалов по различным фондам. В статье подчёркивается значение аудиовизуального наследия для реконструкции малоизученных аспектов кочевой жизни, особенно опыта и систем знаний женщин.

Посредством выставок, научных конференций и цифровых форм распространения результатов проект направлен на популяризацию казахской кочевой культуры среди мировой аудитории, вклад в современные дискуссии об устойчивом развитии и сохранение культурной памяти для будущих поколений.

**Ключевые слова:** казахские женщины; кочевое общество; аудиовизуальное наследие; экологические знания; сохранение культурного наследия; историография; устойчивые практики; кочевники Центральной Азии.

**Список использованных источников и литературы:**

1. Музей антропологии и этнографии им. Петра Великого.
2. МАЭИ 550-15. Учитель с семьей. 1932 г. Казахи. Багаев Д.П., Павлодарская область.
3. МАЭИ 550-24. Переноска воды. 1932 г. Казахи. Багаев Д.П., Баянаульский район.
4. МАЭИ 550-9. Баян-аул. 1932 г. Каменные постройки. Казахи. Багаев Д.П., Баянаульский район.

Бұл мақала С. Керімбай мен Ә. Нәбидің «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабынан алынып отыр. Онда 1989 жылы Қазақстанда Наурыз мерекесінің ресми түрде қайта жаңғыру тарихы баяндалады. Кеңес дәуірінде ұзақ уақыт тыйым салынған ұлттық мейрамның ел өміріне қайта оралуы – тарихи әрі рухани маңызы зор оқиға ретінде сипатталады.

Авторлар қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің осы үдерістегі табандылығы мен ұйымдастырушылық еңбегіне ерекше тоқталады. Оның ұлттық мәдениетті жаңғырту жолындағы батыл қадамдары, салт-дәстүр мен тарихи мұраны қайта тірілтуге қосқан үлесі нақты деректермен көрсетіліп, әдемі де, әсерлі жеткізілген.

Керімбай С.  
Нәби Ә.

## НАУРЫЗДЫҢ ОРАЛУЫ

Орта Азия ежелден-ақ түрлі өркениет пен мәдениеттің сапырылысып, тоқтаусыз синтезделіп жататын, қайырлы мекені. Ұлы Жібек жолының осы өңірді басып өтуі көшпелі халықтың экономикалық қуатынан бөлек, мәдени құнарын да байытты. Иран және Тұран өркениеті ұдайы әсерлесіп отыратын. Сол себепті «наурыз» сөзінің шығу тегі парсыша болғанымен, ішкі мазмұны келе-келе мұсылманданып кетті. Бұл мейрам Құран мен сүннетте тікелей аталмаса да, жақсылық пен жаңалықтың жаршысы болғасын ислам тарапынан тыйым да салынған жоқ. Керісінше бірлігі ыдыраған ел-жұрттың басын қосып, рухани үгіт-насихат жүргізуге таптырмайтын себеп еді. Сондықтан қазақ топырағында наурыз мерекесі көшпелі халықтың салтымен араласып, өзіне ғана тән әдемі реңге боялды. Кейін ұлыстың мерекесі ретінде міндетті түрде тойланатын болды.

1917 жылы Ресейдегі төңкерістен соң әлем тарихымен бірге қазақ мәдениеті де сойқан өзгеріске ұшырады. Ақ патшаны төңкеріп, совет өкіметін орнатқан большевиктер 1926 жылы СССР құрамындағы Орта Азия елінің бәріне наурызды тойлауға тыйым салды. Себебі бұл күні жұрт рухани бірігіп кететін. Халық жаппай жиылып, діни қисса, тарихи жыр айтып, ән-күй шырқайтын.

Бұл кезде большевиктер «совет адамын» жасай алмай малтығып жатқан. Сондай сәтте наурыз тойлаған халықтың тарихи жады оянып, мәдени идентификациясы қозып қоя беретін. Осындай көзге көрінбейтін тегеурінді кедергіні біржола жою үшін наурызды тойлауға түбегейлі тыйым салуға тура келді. Ал Құрбан айт, Ораза айт одан кейін төрт жыл өмір сүрді. 1930 жылы оларға да кезек келді.

Наурызға тыйымның қатты болғаны сонша, 1988 жылға дейін Орта Азияда «наурыз тойлайық» деп бастама көтеруге ешбір шенеуніктің саяси жігері жетпеген. Бұл ерлік Өзбекәлі Жәнібекке ғана нәсіп болды. Бұл жерде бір нәрсені ескеру керек. Наурыз ресми тойланбаса да, біржола тоқтап қалмаған. Әсіресе қазақтар тығыз қоныстанған өңірде бұқара халық жиналып, тойлай беретін. Олар текеметін далаға төсеп, көже пісіріп, бауырсақ жасап, көк шалғынның үстінде әңгімесін айтып, батасын қайырып, бетін сипап тарасатын. Бірақ солтүстік аймақта бұл мереке ұмытылып кетті десе де болады.

Әдетте саяси сауаты бар адам кез келген қоғамдық толқу мен халықтық өзгерістің артында қозғаушы «біреу» тұратынын сезеді. Оны саяси қайраткер деп атайды. Шынайы қайраткер өзін күрескер ретінде мақтанып көрсетпейді. Ол қоғамдық тұлғалардың басын қосып, бір мүддеге жұмылдырады. Ал өзі мемлекет тарапынан олардың бастамасын қолдаған сыңай танытып отырады. Өзгеріс осылай жасалады. «Наурыз мерекесін кім қайтарды?» деген сұрақ пайда болғанда «Оны алғаш мен қозғадым», – деп бірнеше қаһарманның шыға келетіні осыдан. Себебі саяси қайраткер жекелеген тұлғаға сыбырлап, билікке қарсы ұсыныс тастады. Ұсыныс қабыл болғанда әлгі тұлғалар «қозғаушы күш» расымен де өзім екенмін деп ойлап қалады. Осылайша бір бастаманың бірнеше авторы пайда болады.

Наурыздың ерте оралуына 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тікелей әсер етті. Көтерілісте қан төгіліп, бірнеше студент нақақ сотталды. Мәскеу билігі көтерілісті аяусыз жаншыса да, Алматыда бәрі-бір өзге атмосфера қалыптасты. Ұлттың оянуы бұрынғы орыстану ережесін бірден тежеді. Қонаевтың орнын басқан Г.Колбин ыңғайсыз жағдайда қалды. Келмей жатып беделінің құлталқаны шықты. Ол абыройын көтеру үшін ұлтшылдардың мұң-зарын тыңдауға мәжбүр болды. Сүйкімді көрінгісі келгені сонша, тіпті репетитор жалдап, қазақ тілін үйренуге барын салды.

Құрметті оқырман! Осы жерде бір нәрсені айта кетейік. Колбин басшы болып келген соң Өзбекәлінің қызметі қайтадан жоғарылады. Ол төрт айдай Мәдениет министрі, сосын республиканың идеология бойынша хатшысы болып тағайындалды. Құлбек Ергөбектің сөзімен айтқанда: «Өзекеңнің жолына тор құрып, қызметте құлатамыз деп жүрген пенделер басы Меңдібаев болып қызметтен алынып, берекесі қашты». Ал бұқара жұрт үшін Өзбекәлінің Алматыға қайта оралғаны әділдік салтанат құрғандай әсер етті. Мұхтархан Манапов мынадай естелік айтады:

«1987 жылы Өзекең министр болғанда «Мәдениет министрі болуыңызбен құттықтаймын. Тарихи әділдік ақыры жеңді!» – деп телеграмма жібердім. Кейін Алматыға барғанымда Өзекең кабинетінде қабылдады. Кіре сала телеграммамды көрсетіп: «Сенің мынауың не? Сен тентек қашан адам боласың? Өстіп те телеграмма сала ма екен?» – деп қағазды көрсетіп ұрысқан болды. Бірақ сағынғаны да көрініп тұр Құшақтасып көрісіп, өнер жайында біраз сұхбаттастық». Әдетте басшылық өзгерген кезде кадр құрамы қоса ауысады. Былайша айтқанда әр басшы өзінің командасын құрады. Мұның бір жақсы жері: бақталастар қазған ор ішінде тұншығып жатқан Өзбекәлі сияқты ақжүректердің кең тыныстауына жол ашады. Колбин келген соң Алматының кәрі коммунистері ұзақ жыл отырған жылы орнын бір күнде босатты.

Билік тізгіні қолға тиген күні-ақ Өзбекәлі оны ұлт мүддесіне тиімді пайдаланды. Соның бірі Наурызды қайтару операциясы. Ол үшін ұсыныс жоғарыдан емес, төменнен түсуі шарт. Яғни жұрт сұрап жатқан сияқты оқиға түзу керек. Өзбекәлі танымал тұлғалардың аузымен Наурызды қайтару жайлы әңгімені қарша боратты. Халық алдында абырой жинауға мұқтаж Г.Колбин бұл ұсынысты амалсыз қабылдады.

Осылайша өз Наурыз алғаш рет 1988 жылы Алматы қаласында тойланады. Мереке күні қаланың көрнекі жерлерінде ұлттық киім киген ансамбльдер көктемде құлпырған қызғалдақтай жайқалып шыға келді. Бейне бір ертегі кейіпкеріндей ұсталар мен зергерлер көше-көшенің бойында дүкен құрып, темірден түйме түйіп, халыққа ұсынып жатты. Алматыда ана тілінде сөйлеуге зар болып жүрген қазақтар мәдени мұрасымен табысқанда эйфорияға түсіп, естен таңды. Республика сарайының алдында алтыбақан құрылды. Жастар ғашықтық әнін шырқады. Киіз үйлер тігіліп, тегін наурыз көже таратты. Балуандар белдесіп, жігіттер жамбы атты. Ұлттық киім киген қазақтар көшеде бір-бірімен қауқылдасып, көрісіп бір жасап қалды. Өзбекәлінің жары Қалихан апамыз бұл күндер жайлы бүй деп толғайды:

*The research also provides information about the customs, rituals, and traditions associated with the Navruz celebration, including cleaning the environment, improving irrigation canals, visiting relatives and friends, swinging on traditional swings, holding sumalak festivities, and other folk ceremonies. Furthermore, the festive table, the tradition of haft-sin, and Navruz dishes — particularly the process of preparing sumalak and its symbolic meaning — are analyzed.*

*The article aims to reveal the role of Navruz in folk culture, national traditions, and social life, as well as its revival and wide celebration in modern times as an important national value.*

**Keywords:** *Navruz, spring festival, customs, traditions, sumalak, folk culture, historical sources, national values, rituals, Uzbekistan.*

References:

1. Bobur, M. Boburnoma. Tashkent: Uchitel', 2018. 528 s.
2. Buriev, O. Navruz tarihidan lavxalar. Tashkent: Uzbekistan, 1990. 68 s.
3. Gafurov, G. Navruz – halk bajrami (lektorga jordam). Tashkent: Rotaprint obshhestva «Bilim» UzSSR, 1989. 28 s.
4. Zhuraev, M. Navruz bajrami. Tashkent: Fan, 2009. 228 s.
5. Zijatov, Z. Navruz – mozijdan sado. Tashkent: Izdatel'stvo «Istiklol», 2016. 120 s.
6. Ibn Arabshah. Amir Temur tarihi. V 2 tomah. T. 1. Tashkent, 1992. 310 s.
7. Isakov, B.; Isakova, N. Navruz – mustaqillik bergan ne#mat. Namangan: Namanganskoe izdatel'stvo, 2017. 279 s.
8. de Klaviho, R. G. Dnevnik puteshestviya v Samarkand ko dvoru Timura (1403–1406). Moskva: Nauka, 1990.
9. Madrahimov, A. S.; Huvajtov, I. Je. Navruz bajramlari; Navruz xikmatlari; Navruz dasturhoni: monografiya. Tashkent: Glavnaja redakcija jenciklopedij, 1994. 30 s.
10. Mahmud Kashgari. Turkiy suzlar devoni. Tashkent: Uzbekistan, 2025. 624 s.
11. Miralimov, Sh. Navruz. Tashkent: Molodaja gvardiya, 1990. 40 s.
12. Miralimov, Sh. Navruz. Tashkent: Izdatel'stvo «Pisatel'», 1998. 24 s.
13. Mirzaev, T. Navruz va u bilan boglik kushiklar, afsonalar, odatlar va irimlar. Tashkent: Fan, 1992. 100 s.
14. Mukkim, J. O. Navruz nakli. Tashkent: Uzbekistan, 1992. 104 s.
15. Navoi, A. Saddi Iskandarij: doston. Tashkent: Izdatel'sko-poligraficheskij tvorcheskij dom imeni Gafura Guljama, 2020. 640 s.
16. Navruz taomlari. Tashkent: Davr press, 2012. 64 s.
17. Navruz va tabiat sirlari: Navruznoma. Solnoma. Bahor ne#matlari. Navruz hadislari. Sostaviteli: M. Hasanyj, G. Zhuraeva. Tashkent: Mehnat, 1991. 32 s.
18. Navruz: Allomalar, olimu shoirlar talkinida. Sostavitel': H. Turakulov. Tashkent: Izdatel'stvo «Muxarrir», 2010. 288 s.
19. Nisori, H. Muzakir al-ahbob. Tashkent, 1993.
20. Shodiev, B. A. Problemy istorii vozrozhdeniya i razvitija Navruza. Avtoref. diss. ... kand. iskusstvedeniya. Tashkent, 1999. 21 s.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ТУРАЛЫ  
ЖАҒДА БАБАЛЫҚҰЛЫМЕН ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СЫР-СҰХБАТ

– Жалпы, түркітілдес елдерде Наурыз тойын кең көлемде атап өтеді. Мұның шығу тарихы туласында да түрлі пікірлер бар. Сіз қандай байламға тоқтадыңыз?

– Әлемде той, мереке көп. Бірақ, Наурыз тойына теңдесетін, Наурыз тойына дәрежесі жететін, Наурыз тойындай абыройлы, Наурыз тойындай тарихы ұзақ мереке жоқ шығар. Мұның бір кереметі сенің тойың емес, табиғаттың тойы. Күн мен түннің теңелген күні тойланатын айтулы мейрам. Бүкіл жәндіктердің ұйқысынан оянып, Табиғат-анамен табысатын тойы. Сондықтан қазақ халқы Наурыз тойын қаншама жылдан бері тойлап келе жатыр, бірақ бұған да лайықты көңіл бөлмесе болмайды. Бірде Мәскеудегі Орталық кітапханада болдым. Бір деректерді ақтарып отырып, қолжазба тауып алдым. Өзі ұзақ жыр екен. Жырдың аты – «Наурыз». Бұл Наурыз деп тұрғаны адамның аты екен. Сол азаматты жырға қосыпты. Осы жырда Нұқ Пайғамбардың кемесі Қазығұртқа тоқтағанда Нұқ Пайғамбар қолындағы жем-шөбін жан-жануарларға, азық-түлігін адамдарға таратып, күн мен түн теңелді деп той жасаған. Кейін осы дәстүр жалғаспай қалыпты. Осы Наурыз деген азамат Нұқтан кейін үш жүз жылдан соң өмірге келіпті-мыс. «Біздің бабамыз Нұх Пайғамбар осыдан үш жүз жылдай уақыт бұрын күн мен түн теңелді деп мереке өткізіп еді. Біз неге осы мейрамды қолға алып дамытпаймыз, неге құрметтеп жалғастырмаймыз?» деп бар күшін осыған салып, қайтадан тойлатқан екен. Содан бері қазақ халқы Наурыз тойын тойлап келе жатыр дейді. Бұл – менің қолымдағы дерек. Кеңес өкіметі кезінде орыс ғалымдары Нұқ Пайғамбардың кемесін және Орта Азияны топан су басқанын зерттеді. Солардың топшылауы бойынша, он үш мың жыл болды деген қорытынды шығарды. Сонау бір жылдары ғалымдардың Памирдің үш мың метр биігінен акуланың қаңқасын тауып алғанын білеміз. Демек, қазіргі сол үш мың метрлік құз - ертеде теңіздің түбі болған. Бұл - топан судың Орта Азияны да қамтығанының бір дәлелі. 1956 жылы Қытайдың Тұрпан деген қаласының мешітінен жиырма сегіз пайғамбардың тізімін көргенім бар. Сонда Нұқ Пайғамбарды осыдан үш мың жыл бұрын өмір сүрген деп көрсетіпті. Үш мың жылыңыз ғарыштық шамада «күні кеше» ғана. Ал ғалымдар болса, топырақ қыртыстарына қарап, топан су осыдан он екі мың алты жүз жыл бұрын қаптады деп тұжырым жасады. Демек, осы соңғы дерек сенімді, барынша нақты. Осындай деректерге сүйене отырып айтқанда, Наурыз тойы көне мерекенің бірі.

– Бұл мерекені осы уақытқа дейін қалай тойлап келді екен? Ұрпақ өзгеріп, замандар ауысты емес пе?

– Иә, мұның жөн. Бұл мейрамды әртүрлі деңгейде, түрлі ырғақпен өткізіпті деп те айтылып жүр. Іргесін Бату хан қалаған Алтын Ордада Наурыз мемлекеттік мереке есебінде аталып өтілген. Алтын Орда күні кешегі Кеңес империясының жартысынан астамын иемденген құдірет қой. Небір хандар өткен үлкен мемлекет емес пе?! Осы Алтын Ордаға қарасты ұлттар мен ұлыстар Наурызды мемлекеттік мереке есебінде атап өтетін болған. Оның ішінде кәдімгі Русь те бар. Екінші жағы астрономиялық түсінікте күн мен түннің теңескен шағы. Астрономия ғылымының данышпандары деп Галилео Галилей мен Николай Коперникті атайды. Ал Орхонның көк тасын жастық қылып, көк аспанын көрпе қылған Көк түріктердің әрқайсысы Галилей, әрқайсысы Коперник емес пе?! Өйткені көшпелі өмірдің әрбір мезеті астрономиямен байланысты. Ендеше, астрономия ғылымының атасы - осы Көк түріктер. Ұлықбек солардың бір сынығы іспеттес.

– Осы орайда қазақтың ежелгі астрономиясына тоқталып өтесіз бе?

– Қазақ халқының тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, бойлық бойынша көшіп-қонуға бейімделген. Қазақтар табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсылас ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең тануға, табиғатпен бірге өмір

сүруге бейімделген. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын біліп қана қоймай, мұның өзін өздерінің моральдық-эстетикалық қалыптарына айналдыра білген. Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы қазақ халқы өздерінің білік тәжірибесін шыңдап отырған. Олар ай мен маусымдарға, жұлдыздарға ат қоя білген, осының негізінде ұлттық күнтізбесін жасаған. Табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын терең зерттеген қазақтардың халықтық экологиялық қағидалары қалыптасқан.

Ежелде қазақтарда Айға киелі деп қарап, табынатын дәстүр болған. Ай арқылы біздің қазақ халқы ауа райын алдын ала болжап білген. Мысалы, ай шалқайып тұрса, сол айда күн жайсыз, суық болады, ай еңкіш, еңкейіп тұрса, сол айда күн жылы, малшы қауымға жайлы болатынын білген. Айдың үш жағасында ай толығырақ, өңі ақ, екі ұшы доғалдау, өзі тік көтерілсе, сол айда жауын-шашын, жел, боран аз болады деп есептейді. Егер айдың екі ұшы сүйір, өңі ашық, шалқақ тұрса, онда сол ай жауын-шашынды, желді, боранды болады. Жұлдыз шақшиып тұрса, күн аязды болады. Күзде Шолпан таңертең көрінсе, қыс жұмсақ болады. Егер күзде Шолпан кешке таман көрінсе, қыс қатты болады деп болжаған.

Өзін табиғатпен тұтастыра, табиғаттың бір бөлшегімін деп танығандықтан, халқымыз табиғат құбылыстары туралы дүниетанымын дамыта білген. Бұл үрдіс атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа асыл қазына ретінде өз жалғасын тапқан. Кезінде ата-бабаларымыз айшылық алыс жерлерді астындағы атының күшімен, сан мыңдаған жұлдызға қарап бағыт ала отырып бағындырған. Жетіқарақшы, Құс жолы арқылы барар жерін адаспай тауып, аман жетіп отырған сол бабаларды неге біз астрономияның атасы демейміз?! Коперник дегендерің кешегі XV ғасырдың адамы ғой. Шынтуайтына келгенде осындай, қарағым!

– Наурызды жылдың басы, жаңалықтың жаршысы дейміз. Күн мен түн теңеліп, адамдар мен жан-жануарлар қуанышқа кенелетін күн. Тәуелсіз Қазақстан бұл мерекені 22 жылдан бері тойлап келеді. Елбасының арнайы Жарлығы бойынша Наурыз мерекесі демалыс болып бекітілді. Рұқсат етілген кезде де, етілмеген кезде де халық Наурыз мерекесін тойлады.

Наурыз туралы қазақ зиялылары көп айтып, көп жазды. Әсіресе, Алашорда қозғалысының серкелерінің бірі, сөз зергері Міржақып Дулатов ұлтымыздың осы бір ұлы мейрамы төңірегінде талай толғанды. Қайсыбір отандастарымыз бұл мерекені әлі күнге діни мейрамдармен шатастыра береді. Наурыздың дінге ешқандай қатысы жоқ. Таза ұлттық төл мерекеміз. Қазақта мұндай мереке де көп емес. Ал қазақ қазақ болғалы тойланып келе жатқан жалғыз мереке – Наурыз ғана. Наурыз – бүкіл Орта Азияға ортақ мейрам. Ортақ болатыны күн мен түн теңелген күні болатын мейрам. Үндістан, Иран, Ауғанстан, Бұхара, Кавказ және түрікменстандықтар Наурызды тойлап отырған. Көршілес жатқан осы мемлекеттерге қарағанда қазақтың Наурызды мерекелеуі ерекше. Қыс бойы қар жамылып, мұз құрсанып жатқан табиғат қары еріп, мұзы жіпсіп, жері бусанып жандана бастайды. Міне, осы кез – Наурыз мерекесі. Қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтай қуанатын да халық аз шығар.

Қазақтың малсыз күні жоқ болды. Сол малды сақтау үшін ызғырық боранда бейнет шегіп, аптаған ыстықта тіршілік етіп, желдің өтінде жүріп күн кешетін де – қазақ. Күн мен түн теңелген күні, яғни Наурыз келген күні қар еріп, төңірек жылы шуаққа бөленеді. Әр төбенің астында алты ай бойы бірін-бірі көре алмай отырған ауылдар бір-бірімен қауышады, көріседі. Амандық сұрасады. Көңілдері өсіп, бір марқайып қалады. Кәрілер жағы қауқылдасып әңгіме-дүкен құрса, жастар жағы әртүрлі ойын ойнап, бір-бірімен әзілдесіп, түрлі ойын-сауық құрады. Міне, осының бәрі Наурыздың арқасы. Сондықтан қазақ Наурызды неге жақсы көрмесін?! Қазақстандағы Наурыздың жағдайы осылай. Ал аспан асты еліндегі біздің ағайындар және сол мемлекеттің өзі Наурызды қалай тойлап жүр? Бізден өзгешелігі бар ма?

– Қытай жерінде жүргенде біз де өзің айтқандай дәрежеде тойладық. Ол Жақтың қазақтары да бұл мерекені жанындай жақсы көреді. Күні бұрын дайындалып, ас-тамақтарын қамдастырып отырады. «Ғұндардың Падишасы Наурыз болған күні, яғни күн мен түн теңелген күні таудың басына шығып, ағарып атып келе жатқан ала таңда екі қолын жайып, содан тілек тілейді екен. Тілегін тілеп болып артына қарағанда, қолында қобызы бар абыз «Тоғыз қоңыр» күйін тартады. Осы күй тартылып болған соң, ол үн-түнсіз артына қарайды. Қараса, арнайы дайындалған үш жүз

алпыс бес адам мерекенің құрметіне үш жүз алпыс бес күй тартады. Сонда бір жылды түгелдеп тұр. Содан кейін ғана Наурыз тойын тойлауға рұқсат етіледі», – дейді бір аңызда. Осындай деректерге қарағанда, бұл мейрам әртүрлі дәрежеде тойланған болуы мүмкін.

– Жазушы Сауірбек Бақбергенов ағамыз «Басында Қазығұрттың» атты еңбегінде Қорқыт ата, Майқы би, Асан қайғы, Аяз би және Әл-Фараби секілді тұлғалардың да Қазығұртта тұрып, сол тауға тәу ететінін жазады.

– Абылай хан да, Тәуке де, Төле би мен Қазыбек би де осы Қазығұртта тұрған деседі. Оған Абылайдың сол маңда соғысқан жерлері куә бола алады. Наурыз тойы дәл сол жерде тойланды дей алмаймыз. Бұл таудың аты туралы да таластар көп. Қазығұртты «қас» және «қырт» деген екі сөзден құралды деседі. Біреулер топан судан соң Нұқ пайғамбар сол маңға қазық қаққан дейді. Бұл рас па, әлде аңыз ба, мұны толығымен біле алмадым. Ахмет Байтұрсыновтың жазбаларында Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтаған күні күн мен түн теңелген деп көрсетіледі. Үлкен тойдың басы осы күннен бастау алған деседі.

– Наурыз тойының шығуына байланысты тағы қандай аңыз-әфсаналарды білесіз?

– Ескере жүретін екі аңыз айтайын. Осыдан бес-он мың жыл бұрын Жер шарының қоңыр үйегін мекен еткен Алтай, Сауыр, Тарбағатай, Жоңғария, Сарыарқа, Ерепей, Каспий, Жетісу, Тұран, Еренқабырғада ту көтерген Мықтар елі күндей күркіреп, күн санап көркейіп, көбейіп, бір ту астына тұтастай шоғырланып, береке-бірлігі айрандай ұйып, бақ қонып, Қыдыр дарыған бір дәуірде Күн мен түн теңелген Наурыз тойын тойлапты. Сол күні таңда Мық елінің Тәңірқұтылары төбе басына шығып, арайлап шыққан күнге бетін тосып, екі қолын соза жайып: «О, Күнтәңір! Мықтар елін өзің жараттың, жерін өзің бердің, енді елімді, жерімді жарылқа, Тәңір! Мық елінің Көк туын мәңгі желбіретіп, жаққан отын мәңгі лаулат! О, Күнтәңір, жер-жаһанды сілкінуден сақта, жерді топан суыңнан сақта, жерді өрттен сақта, дүлей дауыл желіннен сақта, елді – жерден, ерді елден қуатын тебінді жаудан сақта, елімді індеттен сақта! О, Күнтәңір, елімді дерт-дербез індеттен, тілден, ділден, діннен, салт-санадан айыратын жын-сайтанның өсек-аяғынан сақта! О, Күнтәңір, Мық елін оң жолға баста, бақ бер, бақыт бер, еліме, жеріме тыныштық бер, айдан аман, жылдан есен қыл. Тәңірім! Мықтар елінің маңдайынан күн сүйіп, қабағын шытқызба, Тәңірім!» – деп көзіне жас ала балқып, орнынан тұрған Тәңірқұтылар енді абызға жол бергендей сынай білдіреді. Сонда абыз үн-түнсіз қылқобызда «Тоғыз қоңыр» күйін тартады. Абыздан соң алдын ала дайындалған үш жүз алпыс бес жігіт үш жүз алпыс бес күй тартады. Тәңірқұтылардың тілегінен кейін «Тоғыз қоңыр» атты күйдің, үш жүз алпыс бес жігіттің үш жүз алпыс бес күй ойнауы Наурыз тойын бастауға рұқсат еткендей беташар сынай білдіреді. Осыдан кейін бірнеше күнге созылған той-думан басталады. Ертедегі Мықтар елінің салт-санасы бойынша, тарихи жырлар жырланады, мақтау, мадақ жырлар төгіледі. Қайымдасып айтысу басталады, әндер шырқалады, сыбызғы, сырнай, қобыз және домбырадан түрлі күй төгіледі, би биленеді. Той-думаны қыздыратын алуан түрлі өнер сайысы басталып, мықтылар ортаға шығып сыннан өтіп, мадаққа, мақтауға ие болған айтулылары ат мініп, шапан киіп жатады. Жастар «алтыбақан», «айгөлек», «шешеке», «ақсүйек», «қуаласпақ», «ақсандық-көксандық», «белбеуастар», «соқыртеке», «қасқұлақ» секілді ойындарды күн санап, бірнеше күн қатарынан ойнаған. Асық, дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ұтыс ойындары жақ-жақ болып дүрілдеген. Орда басында өткен ең думанды қызық – ат шабыс, жорға салыстыру, лақ тарту, таған ойнау, атпен жүріп допты таяқпен қуалау, балуан түсу болады да, оған ат жалын тартып мінетіндер түгел қатынасады. Наурыз тойы бүкіл ел ішінде өз шамасына қарай өтіп жатады. Біріне-бірі қыдырып, аман-саулық сұрасып, Наурыз көжеден дәм татысып жатады. Ертедегі мықтар, күндер, сақтар, үйсіндер, қыпшақтар, бүгінгі қазақтар тойлап жүрген Наурыз мерекесі – Күн мен түн теңелу қуанышы және тарихы өте ұзақ мейрам. Бұл – нағыз табиғаттың мерекесі. Бүкіл әлемде бұған тең келетін ешбір мереке жоқ. Жылдар ағысына орай Наурыз тойын өткізу салты өзгеріп кеткені анық.

– Аңызбен салыстыра қарасақ, көп дүниенің өзгергенін байқаймыз.

– Осы аңызда мені таңдандырған үш кереметті айтайын. Тәңірқұтының өзі шығып, еліне, жеріне арнап тілек тілеуі. Үш жүз алпыс бес күнге арнап, үш жүз алпыс бес күйдің ойналуы. «Тоғыз қоңыр» атты тоғыз күйдің тартылуы. Бізді ерекше ойға салған осы «Тоғыз қоңыр» еді.

– Неліктен «Тоғыз қоңырға» тоқтап отырсыз?

– «Бұл неге тоғыз?» деп әбден ойландым. Ертедегі ата-бабаларымыз осы біз әңгіме етіп отырған «тоғыз» санын қандай қасиеті үшін алды екен? Бұған да толық әрі нақты жауап беру қиындау, айналайын. Қазақта «тоғызқұмалақ», «тоғыздан жасау беру», яғни ұзатылатын қызға берілетін дүние-мүліктің әрбірін тоғыз-тоғыздан жасап беру бар. Тіпті, мінетін аты тоғыз, артатын түйесі де тоғыз болған. Бір тоғыз дегені – осы. Тоғыз айып деген бар. Берілетін жазаның салмағына орай бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз деп, оны тоғыз-тоғызға көтереді. Бір тоғыз – тоғыз бесті, бесті бес жасар ат. Ал осы айып тоғыз-тоғызға барғанда – «тоқал тоғыз» деп аталған. Бұл – тоқсан бесті, тоқсан ат. «Тоғыз қабат торқаңнан тоқтышақтың терісі артық» деген мәтел де тегін айтылмаса керек. ХХІ ғасыр қазағының тіл қорында шартты түрде айтылып жүрген тоғыз санының сонау Мықтар елі дәуірінде «Тоғыз қоңыр» күйіндегі шартты түрде аталған тоғыз санынан не айырмасы бар екен? Оның үстіне, сонау Мықтар дәуірінде аталған «Тоғыз қоңыр» күйі неге қоңыр атанды екен? Қандай қасиеті үшін қоңыр атанды? Әлде барлық салт-санаға, тұрмысқа, некеге, дінге, ділге, күнге, биологияға, жерге, суға, аспан әлеміне және тағы басқаларына қол сұғып, бүкіл әлемге өз қасиетімен танымал киелі жеті саны сияқты тоғыз саны да киелі ме? Бұл әзірге шешімін таппаған жұмбақтың бірі болып отыр...

Біздің көкейтесті ойымыз, сонау Мықтар дәуірінде Күн мен түн теңелген «Наурыз» күні ертемен Тәңірқұтылар тілек тілеген соң, абыздың қобызда тартқан «Тоғыз қоңыр» күйі тоғыз түрлі мән-мағынада, тоғыз түрлі арман-тілекте, тоғыз түрлі үн-ырғақта, тоғыз түрлі сыр-сипатта болғаны анық. Сол кезде тыңдаушы жұртты ұйытқан, құлақ құрышын қандыра тыңдатқан, елді таңғалдырып, тамсандырған жұмбақ күйлер неге «қоңыр», неге «тоғыз» атанды екен? Қандай кереметі, қандай қасиеті үшін қоңыр атанды екен? «Тоғыз қоңыр» күйі бір кісінің еңбегі ме, әлде тоғыз кісінің еңбегі ме? Бұл жағы белгісіз. Жер шарының қоңыр үйегінде жаралған, бүгінге дейін сол қоңыр үйекте мекен ететін қазақта қоңыр өмір, қоңыр тірлік, қоңыр мінез, қоңыр үн, қоңыр дыбыс, қоңыр ән, қоңыр күй, қоңыр үнді музыка аспаптары қалыптасқандығы дау тудырмайды. Осы бір жүйелі табиғи туыстық ертедегі қоңыр мен бүгінгі қазақтағы көп қоңыр, тіпті «Алпыс екі тамырыңды иіткен алпыс екі қоңыр» атты күйлермен тамырлас, кіндіктес болып жататыны анық. Мыңдаған, он мыңдаған жылдар бойы үзілмей, жоғалмай келіп, бүгінгі ХХІ ғасыр қазағының қоңыр үнді, қоңыр күйлерімен үндесіп, сыбайласып жатқандай ой тудыруы бізді әлі күнге дейін таңдандырып келеді.

– Аға, енді екінші аңыздағы дерек-дәйектер жөнінде...

– Осыдан үш-төрт мың жыл бұрын, қытайларша хун, чун, батыстықтар гүн атайтын, өзімізше – күн аталған қазақ күнкөсемдерінің кейбірі өзін ұйқыдан күймен оятуды бұйырады екен. Асқақ ойлы ұлы мәртебелі күнкөсемді ұйқыдан күйдің қандай ырғағы оятады екен деген ой бізді ойландырады. Өйткені күй өнерін жан дүниесімен сүйе білетін нәзік талғамды Күнкөсемді шырт ұйқысынан күй үні ырғағын бұзбай оятып, оның көңіл-күйі дөп басу – күйдің ырғағы және күйшінің бағы мен соры. Оның үстіне бұл – бір күн емес, жыл бойы, тіпті сол күнкөсемнің өмірі аяқталғанша деген сөз. Сан-саққа ой жүгіртіп, сан құбылатын күнкөсемнің ойынан шығу аса күрделі жұмыс екені анық. Сондықтан ұңғыл-шұңғылы көп бұл жұмысты өтеуе күйшілердің бірі келіп, бірі кетіп жатуы мүмкін. Күймен күлдіріп, күймен жылатып, күймен жұбатып, күймен өлтіріп, күймен тірілетін күдіретті күйшілер күнкөсемнің ойынан шығып отырған. Сонда адамның жан дүниесін тербетіп, күнкөсемді оятуға жараған күйлердің үні қандай болған? Күнкөсемді оятуға жараған қоңыр үнді күйлер екені анық.

– Наурыздың нағыз ұлттық дәмі – қасиетті Наурыз көже туралы не айтасыз?

– Бұл тағамды жыл бойына асыға күтетіміз рас. Наурыз көже – Наурыз тойын тойлайтын Орта Азия елдерінің қасиетті тағамы. Мен де жыл сайын көже ішуге асығам. Жеті түрлі дәмді қосып жасағанда, оның маңызын айтып тауыса алмайсың. Оған арпа, тары, бұршақ, бидай, күріш секілді дәнді дақылдар мен ағарған қосылады. Түркі халықтары жеті санын қадір тұтамыз. Содан да болар, жеті дәмнен жасайтыны...

– Еліміздегі Наурыз тойының тойлануына айтулы күрескер ақын Мұхтар Шахановпен бірге сіздің де қосқан үлесіңіздің бар екенін білеміз...

– Бұл мейрамды Кеңес өкіметі кезінде жоғалтып алдық. 1987 жылы біз «Жерұйық» дейтін қоғам құрғанбыз. Сол қоғамның көмегімен Наурыз тойын тойлауды 1987 жылы бастадық. Колбин үлкен «қателікті» жасап алды да, соның артынша қазаққа көңіл аударған болып, рұқсат еткен сыңай танытып, біршама дүниені жасауға мүмкіндік туғызды. Мен ол уақытта «Жерұйық» қоғамының орынбасары едім. Біз кәдімгідей жалақы алатынбыз. Содан 1987 жылдан тәуелсіздік алғанға дейін Наурыз тойын біз жүргізіп отырдық. Наурыз тойын дамытуымыз қажет. Мұны басқа тойлармен, басқа мейрамдармен салыстыруға болмайды. Бұл – өте құрметті, өте қасиетті мереке.

*«Халқы мықтының-салты мықты». Алматы. Өлке баспасы, 2010*

Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ

Жазушы

БҰЛ МЕРЕКЕНІҢ АТЫ – «НАУРЫЗ» ЕМЕС, «НӘРЛІ УЫЗ».  
Ж. АҚЫБИМЕН СҰХБАТ

Ғаламға шуағын шашып, дүниені жылулық пен жаңалыққа бастаған Ұлыстың ұлы күніне орай Моңғолияда тұратын қандасымыз, этнограф, тау спортының шебері Жанарбек Ақыбимен сұхбаттасқан едік.

– Түрік халықтары әлемі асыға күтетін «Өз Наурыздың» шығу тарихы туралы аңыздар көп. Селенгі мен Орхұнсудың рухын сезініп, Алтайда туып-өскен сіздің бұл жайында айтарыңыз қалай?

– Әу бастан «Наурыз» атауына келсек, қазақ даласындағы көнеден бізге жеткен танба белгілерде бабалардың жер жыртып жүргенін көрмейміз, есесіне төрт түлік мал суреті молынан кезігеді. Қазақ малының өрісі мен жылқысының тұяғы тиген жердің барлығын иемденген. Бабалар ұрпаққа қаншама жерді, не бір қасіретті тағдырды басынан кеше жүріп, қорғап жеткізді. Ежелгі бабаларымыздың негізі кәсібі мал бағып өмір сүрген халық. Ауа райының құбылысын далада мал баққан дала философтары – малшы қауым жетік меңгерген.

Жазғытұрым «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін» көктемнің көкөзек шағы. Жаңа туған төлдер енесінен сүт ембейді, нәрлі уыз емеді. Міне, наурыз аты қайда жатыр. Мал төлдер айы, «Нәрлі уыз» айы сол айдың атауы болып аталған, бара-бара қазақтың өзінен шыққан атау құндылықты басқаға тели салатын ғадетке мықтап бой ұрғызды. Наурыз атауын қабылдап кеттік. Жылдың басы Наурыз болса, үшінші айдың 1-і наурыздың бірінші күні – жыл басы, жылдың екінші күні – наурыздың екісі болмаушы ма еді?

Бұдан басқа ай атауларында жергілікті тәбиғатқа қабыспайтын айлар бар. Мысалы, бітіктастарға қашалған көне түрік жазуларына негізделіп айтар болсам, 12-інші айды «желтоқсан» деп жүрміз, аты айтып тұрғандай жел соғатын тоқсан айы. Бірақ жел 4-5 айларда соғады, 12-інші айда жел соққанын көрген емеспін. Бұл айда жел соқпайды, ызғарлы суық ай ғой. Оның үстіне қазіргі, қолданыстағы жаңа жылымыз қыс айын ортасына бөліп тойлатып жүрміз. Бұл да қазақтың жан дүниесіне қабыспайды.

Қазақ жеріндегі қазба байлық таусылады, жер үлкен, әлемге Қазақ елі малдың өнімін және ауыл шаруашылық түсімін экспорттайтын заман келеді. Сол кезде қазаққа табиғатпен үндескен аты да, заты да қабысқан Күнтізбе керек. Сондықтан қазіргі ай атауларын тәбиғатпен үндестіре қайта бір қарап көргені дұрыс.

Тіпті, апта атаулары парсы тілінде сенбіге мына жалғаулар – «дүй», «сәр», «бей» жалғай берген неге біз түсінікті өз тілімізге апта атауларын қалыптастырмасқа?! Қазақ тілін де, тарихын да қалыптастыру үстіндеміз, қазақтың жан дүниесіне сәйкес апта атауларымен атағанымз жөн. Қазақтың байырғы календрін айтқанда, алғашқы астаронам Фарабидай ғалым біздің даладан шыққан деп жазамыз, қазір де, Түрік текті халықтар ішінен Аспанға неше қайтара косманавтарды ұшырып жатқан қазақтар – бізбіз. Күнтізбе жайлы көнеде жаңада түсінік тәжірибеміз өте мол. Енді сүйте тұра қолданыстағы ресми календрімізде бір бөлек, халық бір бөлек жаңа жылды тойлатады біріне-бірі қабыспайды, Енді апта атауы басқа елдің, ұлттың тілімен аталады. Әлемде қатып қалған қағида жоқ, Қазақ елі бәрін жаңашалаумен ерекшеленеді, жаңа мемлекет, жаңа Астана, жаңа жол т.б, бәрін жаңалап келеміз, енді күн тізбегіне де бір өзгерістер енгізетін уақыт келді деп ойлаймын. Әлемге қалыптасқан қазіргі күнтізбегіне тимейік, бірақ, қосымша ұлттық күнтізбемізді жөндеп, реттеп қойсақ та тақиямызға тар болмас еді.

– Наурыз мерекесі – қазақтың тарихи жадын жаңғыртуға, жас буын ұрпақтың санасына ұлттық тіндерді сіңіруге қаншалықты қауқарлы деп ойлайсыз?

– Егемендік алысымен шеттегі де, іштегі де қазақтың рухын көтеруге Наурыз мейрамының рөлі ерекше болды. Наурыз келгенде шат-шадыман күй кешіп бар пейілдерімен тойлату құлашын

кең жая, етек алып барады. Тәуелсіздіктен кейін Наурыз қазақы рухымызды, салт-дәстүрімізді, киімімізді, ас тағамымызды және ұлттық спортымызды жаңғырту, дәріптеу идеясы қабат жүргізілді. Наурыз мейрамында бастау алған ұлттық спорттар жеке-жеке қауымдастықтары құрылып, ұлттық спорттарымыз әлемдік дәрежеге қарай қадам басуда.

Наурыз мейрамы осы қалпы өз құндылығын жоғалтпай енді, ел-елдегі Түрік халықтарының басын қосатын идеялы іс-шараларға айналу керек. Наурызды мемлекетшіл идеяға бағыттап, ұлттық құндылықты көтеру, өлке, орта тазалығы, тәбиғатты аялау бәрін сабақтастыра жандандыра құбылтып, әрқилы бағдарламалар жанданып отыру керек.

– Онда күллі Азияны дүбірлетіп, Еуропаны көктей өткен көшпелілердің бұл мұрасын ирандықтардың «Жаңа күн» деген сөзімен байлағысуына не себеп деп ойлайсыз?

– Үш түрлі себеп бар. Бірінші: ирандықтардың біздің жыл санауымыздан бұрын Қазақ даласының батысынан кеткен тайпа екені тарихта нақтылануда. Кезінде олар да отқа сыйынып, қой баққан, басында аңшы болса, соңында егін егіп қала салып үлкен мемлекет құрды. Қазақ мәдениетін олар осыдан 3 мың жылдың алдында Қазақ даласынан алып кетті.

Екінші, Азия даласынан шыққан не бір жауынгер тайпалар әр заманда ирандықтарды шауып, басып алып отырған. Ол жақта ұмытылып бара жатқан түрік мәдениеті әлсін-әлсін толықтырылып отырған. Мысалы, қазақ даласының батысында патшалық құрған Тұмар патшайым мен парсы патшасы Кирдің соғысы. Содан кейін парсыларды басып алып, билік құрған көне Түріктер, Оғыздар. Тіпті Шыңғыс қаған әскері де Ирандықтарды талқандағанын білеміз. Ақсақ Темірдің әскері де Ирандықтарды жаулап алған. Шыңғыс қағанның шапқыншылығынан кейін қазақ даласында тауы мен тасында небір моңғолша есімдері қалғаны сияқты, Иранда біздің түрік мәдениеті өшпестей орнығып жатуы мәдениеттердің осылай әр түрлі себеппен алмасып жатуы да сол жақта қалып қойып жатқан қанымыз бір түріктердің ықпалының әсері жоқ емес.

Үшінші, тіпті, сонау ислам діні Араб даласына түсерден 2000 мың жыл бұрын қазақ даласында батысында Заратуштра пайғамбар пайда болып, отқа табынатын заратуштра дінін қалыптастырды. Қазақтардың арғы ата-бабасы саналатын сақтар ол заманда Тәңір дініне табынатын. Бабаларымыз жас дін – заратуштраны қысымға алды, ол қашып Иранға барды, заратуштра ол жақта күшейіп кемелденіп қайта келіп, қазақ даласына кең қанат жайды.

2000 жылдан соң заратуштра дінін қазақ даласынан ислам діні ығыстырып шығарды. Ислам дінін уағыздауға қаншама ирандықтар қазақ даласына келді. Парсы тілімен қазақ тілінің араласуы және кезіндегі заратуштра діні арқылы ирандықтардың түріктермен мызғымас байланысы осылай алмасты. Наурыз мейрамы, көне бабалардың отқа май құюы, жұлдыздық, күн календрлерінің шығу тегі де қазақ даласынан шыққан ежелгі мәдениетіміз. Міне, Наурыз мейрамының Иранда да тойланатыны осыдан. Қазақ мәдениетінің үшқыны ирандықтардың бойында табыла беретін себептері де осылай, өте көп.

– Сол заманда заратуштра діні сіздер жақ Алтайға да жеткен бе? Ол туралы ойыңыз қалай?

– Заратуштра дінінің кеңею ауқымы Азияға тараған. Оны қазіргі Ресей жерінде, Моңғол даласында, Алтай тауларында да археологиялық қазбадан табылап жатыр. Шығу тегі қазақ жерінен шықса да ирандықтар дәріптеді дейтін осы заратуштра дінінен қалған белгі болу да әбден мүмкін. Қазақтың керей тайпасының таңбасы (+) күні бүгін (+) «Керей таңба» деп аталады. Осы керейлерде өлген адамның орнына шырақ жағып, отқа май құю дәстүрі әлі кезігеді. Еуропа мен Ресей тарихшылары керейдің (+) таңбасына бола керейдің Уаң ханы христиан дінін қабылдаған деп жазды. Қазақстанда орыстардың қарамағында болғанда, орыстар ықпалымен христианды қабылдағандар болған шығар. Бірақ арабтардың ықпалы аз, шеттегі қазақ буддизм дінімен қатар жүрсе де іштерінде бірде-бір қазақ христианға өтпеген. Қазір де ат тонын ала қашады. Сонда Шыңғыс хан заманына дейін үлкен хандық құрған (+, X) таңба ежелгі сақ бабаларымыз заманынан қалған немесе сол замандағы заратуштра дінінен қалған таңба болуы әбден мүмкін. Еш бір христианға қатысы жоқ заратуштра – қазақ даласында жанданып жатқанда христиан дінінің пайда болуынан 1500 жыл бұрынғы дін. Меніңше, «Керей таңба» осы заратуштрадан қалған белгі-ау деп тұспалдаймын, басқа да белгілері көп.

– Жәдігер дегеннен шығады. Неге моңғол даласына қарағанда, қазақ жерінде бағзы бабалардан қалған бітіктастар мен тағы басқа да мұралар аз кездеседі?

– Жердің кіндігін жамбасына басып жатқан қазақ даласына көз алартып соғыспаған ел жоқ. Осы ирандықтар, қытайлар, моңғолдар, жоңғарлар, ұйғырлар, қырғыздар, ең соңында соғыстан қалжыраған қазақтар ұзақ уақыт орыстардың боданында болды. Бұның сыртында христиан мен ислам дінін уағыздаушылар мен кеңестік «Тың игеру» сылтауы қазақ даласындағы сан мыңдаған тарихты құртып, бүлдіріп өз діндерін қалыптастыру жолында қазақ даласының бетіндегі мәдениет деректерінің күлін көкке ұшырды. Олардан қалған көне жәдігерді орыстар сыпырып Ресейге алып кетті. Ашаршылықта қаншама адам қырылды, көне жазба кітапты қойып, бас амандығы қайғы болды. Осы ашаршылықтан қаншама адам малын айдап шекара асып кетті. Олардың артынан ере қуған қызыл низам қаншамасын көмусіз қалдырды. Міне, қазақ жерінен біздің көне тарихқа қатысты жайлы жазба, не тас бітіктер моңғол даласына қарағанда аз кезігетінінің басты себептері осы.

Егемендік алған соң Ұлы даланы жамбасына басып жатқан ұлы Қазақ Елінің көне мәдениетін қайта сергіту үшін жан-жақтан деректер жинап архиологтар және ғалымдар нәтижелі еңбек істеп жатыр. Тарихымыз әлі-ақ түгенделіп толықтырыла жазылады. Озбырлар тарихқа қиянат жасап қазақ жеріндегі көзге көрінетін құндылықтарды құртса да, жер астындағы мола қабірлер өте көп дерек беруде. Мысалы, Есіктен табылған Алтын адам қаншама рухымызды көтерді, қазақ даласының шар тарапынан алтын адамдар әлі де табылуда, алғаш жылқы қазақ даласында үйретілген деген деректер де табылды. Талас өңіріне шығып жатқан көне түрік бітік жазуы, бәрі-бәрі соңғы кезде нақты дәлелмен табылып жатқан тарих – біздің құндылығымыз. Әлі ашылмай жатқаны қаншама?!

– Қазіргі әлем елдері тойлайтын жаңа жылдағы шырша – Көк Түріктерінің наурыз мерекесін тойлаудан қалған салт дейтін деректер бар. «Наурыз шыршасы» жайлы айта отырсаңыз.

– Өз басым бұндай деректі оқымаппын және Еуропа мен Азияның кіндігі болған Қазақ даласында небір ұлы мәдениеттің болғанын еш жоққа шығармаймын.

Ал, 14 наурыз күні Қазақ Елінде, әсіресе, батыс облыстарында «Көрісу күні» деген амал бар. Өлгей қазақтарында немесе Моңғолияда ол дәстүр бар ма?

Наурыздың алдында моңғолда да, мұндағы қазақтар салтында да ондай арнайы көрісу мерекесі жоқ. Қазақстанның батыс облыстарында «Көрісу күні» деп тойланып жүрген бұл мерекені моңғолдың ұлттық жаңа жылы делінетін «Цагаан сарға» теңеп, байланыстыра жаза бастағанынан байқап жүрмін. Бұл – мүлдем теріс ұғым. Біздің науырызға ұқсас жыл басы «Цагаан сар» мерекесі 2-айдың басы, не ортасы немесе соңына келеді. Әр жылы әр түрлі моңғолдардың ұлттық күнтізбесінде біздегідей 100 жылды бір ғасыр демейді, 60 жылды бір ғасыр дейді. Бұл календрді қытайлар біздің жыл санауымыздан бұрын 2000 жылдан бері қолданып келеді, Моңғолдар 1076 жылдан бері пайдаланып келеді. Қытайлар да кезінде, Ғұндардың қаншама мәдениетін өздеріне сіңірді, егін еккен отырықшы ел жазуға да бейім болып, көп тарихымыз солардың шежіресінде жазылған екен.

Моңғолдар Ғұн дәуірінен бастап өздерін бізден бөлінген түбі бір көшпенді халықпыз. Олардың да негізгі тірлігі мал шаруашылығы болған соң күн мен түннің теңелген күнді жаңа жыл деп тойлатады. Барлық рәсімдері қазақтардың жан дүіесіне жақын. Моңғол календріндегі будда дінінің ықпалынан кірген барлық діни рәсімді алып тастап қарсаңыз, сол көне түрік календрінен айырмасы жоқ.

– Бай-өлке қазақтары наурыз мерекесін қалай тойлайды?

– Моңғол елі де Қазақстандағыдай коммунистердің қызыл кезең дәуірін басынан кешірді. Қазақстанда ұлттық дәстүр мен дінге қалай тыйым салынса, партия тарапынан моңғол мен ондағы қазақтың барлық дәстүрлері ескінің қалдығы ретінде қатаң шектеді. Соның бірі бізге Наурыз тойлауға мүмкіндіктің берілмеуі еді. Дей тұрғанмен, Моңғолия қазақтарында тау-таста мал бағып мекен ететін қыңыр мінезді қариялар жасырын құран оқыса, партияға жан-тәнімен берілмеген, жағымпаздығы жоқ жандар бір-біріне сеніп, бас қосқанда, той-томалақты атап өткенде қазақы салт-дәстүрдің ырымын жасап, ұрпақ санасына құйып отырды. Бәлкім осының нәтижесі болар,

1990 жылы Моңғол елі егеменді ел болып, ел көлемінде кеңестік биліктің тікенек торы жиылысымен ақ қазақтың салт-дәстүрі лезде жанданып шыға келді. Наурыз мейрамын халық тек 1987 жылдан бастап әр өлкеде ақсақалдар атап өте бастаса, ресми түрде 1990 жылдан бастап Баян-Өлгей аймақ басшылары қолдап, арнайы іс шара ұйымдастырып, содан бері үздіксіз тойланып келеді.

Моңғол елінде қазақтар көп шоғырланған өлке – Баян-Өлгей аймағында Наурыз былай тойланып жүр: Наурыздың 20-21 күндері қазақша күрес және қазақтың ат спорт ойындары өтіп, жеңімпаздар анықталады. Ат ойындарынан көкпар, қыз қуу, теңге ілу және аламан бәйге жарыстары болады. Сонымен қатар ақындар айтысы, тоғыз құмалақ сынды ойындары арнайы ұйымдастырып жүргізіледі.

Баян-Өлгейден тысқары ел астанасы Ұланбатыр қаласында соңғы жылдары үздіксіз Наурызға арналған мерекелік үлкен іс-шара ұйымдастырылуда. Наурызға орай ұйымдастырылған шараларға Моңғолия президенті де қатысып, Ұланбатырда оқып жатқан өнерлі қазақ студенттері мен Баян-Өлгейден арнайы келген өнер адамдары дайындаған мерекелік концертті тамашалайды. Республикалық барлық телеарналар 22 наурыз күні қазақ тілінде ән-күй таратып, Наурыз жайлы ақпараттар таратады. Ұланбатырға Баян-Өлгейден арнайы қазақы қолөнер шеберлерінің бұйымдырын апарып, сату, дәрттіптеу, насихаттау сынды мәдени іс-шаралар да Наурыздан қалыс қалмайды.

22 күні Баян-Өлгей аймағының орталық алаңында аймақ әкімшілігінің жоспарына сай, барлық үкіметтік ұйымдар киіз үй тігіп, келген халыққа дастархан жаяды, наурыз көжелерін ұсынады. Әрбір киіз үйде қазақ ұлтының салтын насихаттайтын қойылым қойылады. Бірі тұсаукесер өткізсе, бірі келін түсіріп, енді бірі сүндет тойын жасап жатады. Қолөнер шеберлері өздері істеген бұйымдарынан көрме ұйымдастырса, қалған мемлекеттік ұйымдар Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрін көрсететін және тарихи дәуірінен көрініс беретін шеру ұйымдастырады. Шеруді Баян-Өлгей бүркітшілері бастап жүреді немесе көшпенділер тірлігін сомдаған түйелі көште шерудің сәнін береді. Ат мінген қыз-жігіттер, көкпаршылар да арнайы шеруге қатысады. Сосын мемлекеттік ұйымдықтар мектеп оқушылары ұлттық киіммен шерудің сәнін келтіріп жүріп өтеді. Шеруде қазақтың барлық мезгілдегі киімдері және әр дәуіріндегі Моңғолия қазағының жасампаздық істері көз алдыңызда болады. Шерудің басты талабы міндетті түрде, қазақтың ұлттық киімін киюі қажет.

22 наурыз күні таңғы 9 да орталық алаңға 15-20-дан астам киіз үйлер тігіліп, алаңға келген халыққа наурыз көже таратылады. Бай-Өлке басшылары ел алдында құттықтау сөз сөйлесе, бұл күні Баян-Өлгейден 1700 км. Алыс жатқан астанамыз Ұланбатырдан қазақ халқының төл мерекесі Наурыз мейрамымен арнайы құттықтай келген үкіметтің ресми өкілдері халыққа мерекелік құттықтау сөз сөйлейді.

Сонымен, 22 күні таңғы 10:00 де құттықтау сөздер бітісімен мерекелік шеру басталады. Бұл күні мемлекеттік ұйымдар жыл 12 айдың мүсінін жасап, әрбір ұйымдықтан бір адам қалмай шеруге қатысу міндеттеледі. Бұл күні Баян-Өлгей халқы жаппай, тек ұлттық киім киюі міндетті.

Ел билігін ұстаған басшылардан бастап үйдегі қария, бала шағаға дейін қазақы шапан дейсіз бе, әркім өз шамасынша ұлттық киім киеді. Ресми іс-шаралар кешке дейін аяқталып, әрбір жұрт қазақтың ежелгі салты бойынша, ауыл-аймақты аралап, бір-біріне қонаққа барып, амандық-саулық, жақсылық тілеп, дастарханға бата беріседі. Ең алдымен, үлкен қара шаңырақтардан Наурызға арналған еттен дәм ауыз тиіп, наурыз көже ішіліп жасына қарай әр әулеттің бірде-бір үйін қалдырмай кіріп, наурыз көжеден дәм ауыз тию рәсімін орындайды. 22-сі күні кешкісін Баян-Өлгей аймағының Орталық Ұлттық музыкалық театрында Наурыз мерекесіне арнайы дайындаған мерекелік концертті Ұланбатырдан келген өкілмен бірге арнайы тамашалайды.

*Әңгімеңізге рахмет!*

<https://ajananarbek.wordpress.com/2017/12/21>

---

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

---

Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс.

Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс.

Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкімет цифрландыру ісі мен жасанды интеллектіні дамытуға арналған «Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлейді. Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады.

Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол дей аламыз.

*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ*  
*Қазақстан халқына жолдауынан.*  
*8 қыркүйек 2025 жыл*



Дина СЕРИКОВА

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің магистранты

Кулпаш ИЛЬЯСОВА

Тарих ғылымдарының кандидаты,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің профессоры

### ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ РӨЛІ МЕН ШЕКТЕУЛЕРІ

---

**Аңдатпа.** *XXI ғасырдың алғашқы ширегінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары әлемдік саяси жүйенің трансформациясына елеулі ықпал ете бастады. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы мемлекеттердің билік жүргізу тәсілдерін, дипломатиялық стратегияларын, қауіпсіздік архитектурасын және жаһандық бәсекелестік логикасын қайта қарастыруға мәжбүр етті. Жасанды интеллект тек экономикалық тиімділік құралы ғана емес, сонымен қатар геосаяси үстемдікке қол жеткізудің маңызды факторы ретінде қарастырылуда. Бұл мақалада жасанды интеллекттің халықаралық саясаттағы негізгі рөлдері стратегиялық ресурс ретіндегі маңызы, әскери саладағы трансформациялық әсері, ақпараттық соғыс құралдары ретіндегі функциялары және дипломатиялық процестердегі қолданылуы кешенді түрде талданады. Сонымен қатар, технологиялық тәуелділік, нормативтік вакуум, этикалық дилеммалар және алгоритмдік биліктің күшеюі сияқты шектеулер қарастырылады. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект халықаралық қатынастарды тек модернизацияламай, сонымен қатар күштердің жаңа балансын қалыптастырып жатқанын көрсетеді. Дегенмен, бұл технологиялардың бақылаусыз таралуы жаһандық тұрақсыздықты күшейтуі мүмкін. Осыған байланысты халықаралық институттар мен мемлекеттер үшін тиімді реттеу механизмдерін қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр.*

**Түйін сөздер:** *жасанды интеллект, халықаралық саясат, геосаясат, цифрлық дипломатия, технологиялық бәсекелестік, қауіпсіздік.*

---

#### **Жасанды интеллект: теориялық негіздер және саяси өлшем**

Халықаралық қатынастар жүйесі тарихи тұрғыдан технологиялық өзгерістердің ықпалымен қайта құрылып отырғаны белгілі. Өнеркәсіптік революция мемлекеттердің экономикалық қуатын арттырса, ядролық технологиялар стратегиялық тұрақтылықтың жаңа моделін қалыптастырды. Ал XXI ғасырда жасанды интеллект осы трансформациялық факторлардың жалғасы ретінде ғана емес, олардың сапалық жаңа кезеңі ретінде қарастырылады. Себебі бұл технология тек өндірістік тиімділікті арттырумен шектелмей, саяси шешім қабылдау логикасына, қауіпсіздік концепцияларына және халықаралық билік иерархиясына тікелей әсер етуде [1].

Жасанды интеллекттің саяси маңызын түсіну үшін оны халықаралық қатынастардың жетекші теориялық мектептері тұрғысынан талдау ерекше өзекті. Әр теория технология мен билік арасындағы байланысты әртүрлі интерпретациялайды, сондықтан жасанды интеллекттің жаһандық саясаттағы рөлін кешенді бағалау осы теориялық плюрализмді ескеруді талап етеді.

Реализм дәстүрі халықаралық саясатты анархиялық ортадағы мемлекеттердің тіршілік үшін күресі ретінде сипаттайды. Бұл парадигмада технологиялар, ең алдымен, салыстырмалы артықшылыққа қол жеткізудің құралы болып саналады. Жасанды интеллект осы логикаға толық сәйкес келеді, өйткені ол әскери әлеуетті күшейтуге, барлау сапасын арттыруға және қарсыластың әрекеттерін алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Мысалы, үлкен деректерді өңдеу арқылы стратегиялық сценарийлерді модельдеу немесе автономды қару жүйелерін пайдалану мемлекеттердің соғыс жүргізу қабілетін жаңа деңгейге көтереді.

Неореалистік көзқарас тұрғысынан алғанда, жасанды интеллект державалар арасындағы күш балансын қайта бөлуі мүмкін. Технологиялық көшбасшылыққа ие мемлекеттер халықаралық жүйеде үстем позицияға ұмтылады, ал артта қалған елдер қауіпсіздік дилеммасына тап болады. Бұл жағдай қарулану жарысының жаңа формасын алгоритмдік бәсекелестікті туындатуы ықтимал. Мұндай бәсекелестік дәстүрлі әскери қуаттан гөрі ғылыми-зерттеу инфрақұрылымына, инновациялық экожүйелерге және адами капитал сапасына тәуелді болмақ. Сонымен қатар, реалистік талдау жасанды интеллекттің *deterrence*, яғни тежеу стратегиясына ықпалын да назардан тыс қалдырмайды. Егер мемлекеттер қарсыласының технологиялық мүмкіндіктерін жоғары бағаласа, тікелей қақтығыстан бас тартуы мүмкін [2]. Алайда автономды жүйелердің жылдам әрекет ету қабілеті қате есептеулер тәуекелін арттырып, дағдарыстық жағдайларда эскалацияны жеделдетуі де ғажап емес. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект стратегиялық тұрақтылықты нығайтумен қатар, оны әлсіретуі мүмкін парадоксалды фактор ретінде көрінеді.

Либералдық теория технологиялық дамуды көбіне ынтымақтастықтың катализаторы ретінде қарастырады. Бұл тәсілге сәйкес, өзара экономикалық тәуелділік артқан сайын мемлекеттер қақтығыстан гөрі кооперацияны таңдауға бейім болады. Жасанды интеллект трансұлттық деректер ағындарын күшейтіп, цифрлық экономиканың ауқымын кеңейтеді, нәтижесінде мемлекеттер арасындағы өзара байланыс бұрынғыдан да тереңдей түседі. Мысалы, киберқауіпсіздік, дербес деректерді қорғау, алгоритмдердің транспаренттілігі және цифрлық сауда ережелері сияқты мәселелер біржақты шешімді көтермейді. Олар көпжақты келіссөздерді, халықаралық стандарттарды және институционалдық реттеуді талап етеді. Осыған байланысты бірқатар зерттеушілер болашақта «жасанды интеллект дипломатиясы» деп аталатын жаңа бағыттың қалыптасуы мүмкін екенін алға тартады. Оның мәні технологиялық бәсекелестікті толыққанды қақтығысқа жеткізбей, ортақ ережелер арқылы басқару.

Либералдық институционализм тұрғысынан қарағанда, халықаралық ұйымдар жасанды интеллектті реттеуде маңызды рөл атқара алады. Ортақ нормалар сенім деңгейін арттырып, технологияларды жауапты қолдануға жағдай жасайды. Дегенмен, бұл процестің табысты болуы мемлекеттердің саяси еркіне және стратегиялық мүдделерін үйлестіру қабілетіне байланысты [3].

Конструктивизм жасанды интеллектті тек техникалық инновация ретінде емес, әлеуметтік мағынаға ие феномен ретінде түсіндіреді. Бұл теорияға сәйкес, халықаралық саясат материалдық факторлармен ғана емес, идеялармен, нормалармен де қалыптасады. Жасанды интеллекттің айналасында қалыптасып жатқан дискурстар – мысалы, «цифрлық егемендік», «алгоритмдік әділеттілік» немесе «деректер колониализмі» жаңа саяси шындықтың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

«Цифрлық егемендік» ұғымы әсіресе назар аударуға тұрарлық. Ол мемлекеттердің өз деректерін, цифрлық инфрақұрылымын және технологиялық стандарттарын бақылауға ұмтылысын білдіреді. Бұл тенденция интернеттің бастапқыда болжанған шекарасыз кеңістік ретіндегі концепциясына белгілі бір дәрежеде қайшы келеді. Нәтижесінде жаһандық желі біртіндеп фрагментацияланып, «цифрлық блоктарға» бөліну қаупі туындайды.

Конструктивистер сондай-ақ жасанды интеллектке деген қоғамдық сенім деңгейі оның саяси легитимдігіне тікелей әсер ететінін атап көрсетеді. Егер азаматтар алгоритмдерді бейтарап және әділ деп қабылдаса, оларды басқару құралы ретінде қолдану жеңілдейді. Керісінше, сенімнің төмендігі технологиялық бастамаларға қарсылық тудыруы мүмкін [4].

Соңғы жылдары технология мен саясаттың өзара байланысын түсіндіретін жаңа теориялық бағыттар да қалыптасып келеді. Соның бірі техносаясат (technopolitics) концепциясы. Бұл тәсіл технологияларды билік қатынастарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Яғни, технология тек құрал емес, сонымен қатар саяси тәртіпті қалыптастыратын құрылымдық фактор. Тағы бір маңызды перспектива – желілік билік (network power) теориясы. Ол жаһандық стандарттарды орнатқан акторлар басқаларға өз ережелерін жанама түрде таңады деген идеяға негізделеді. Егер белгілі бір мемлекет немесе компания жасанды интеллекттің технологиялық архитектурасын анықтаса, қалғандары сол экожүйеге бейімделуге мәжбүр болады. Бұл жағдай биліктің дәстүрлі формаларынан гөрі икемді, бірақ одан кем емес ықпалды жаңа механизмдерінің пайда болғанын білдіреді [5].

Жасанды интеллект сонымен қатар шешім қабылдау мәдениетін өзгертіп жатыр. Алгоритмдік талдау көбіне объективті және қателікке аз ұшырайтын құрал ретінде қабылданады. Алайда саясат тек рационалды есепке негізделмейді; онда тарихи тәжірибе, мәдени ерекшеліктер және көшбасшылардың субъективті қабылдауы маңызды рөл атқарады. Сондықтан жасанды интеллект саяси процестерді толық автоматтандырады деу асыра сілтеу болар еді. Керісінше, ол адам мен машина арасындағы гибриді басқару моделінің қалыптасуына ықпал етуі ықтимал.

Осы контексте «алгоритмдік басқару» феномені туралы да айтуға болады. Мемлекеттік институттар деректерге негізделген басқару тәсілдерін белсенді енгізген сайын, саяси биліктің табиғаты біртіндеп технократиялық сипатқа ие болуы мүмкін [6]. Бұл тиімділікті арттырғанымен, демократиялық бақылау мен есептілік мәселелерін өткір қояды.

Тағы бір маңызды аспект – технологиялық детерминизм мен саяси агенттіктің арақатынасы. Кейбір зерттеушілер технологиялар саясатты автоматты түрде өзгертеді деп есептейді. Алайда балама көзқарас технологиялардың қалай қолданылатыны саяси таңдауларға тәуелді екенін алға тартады. Басқаша айтқанда, жасанды интеллекттің халықаралық саясатқа әсері алдын ала белгіленген тағдыр емес; ол мемлекеттердің стратегиясына, институттардың сапасына және нормативтік шешімдерге байланысты қалыптасады. Ол билік ұғымын кеңейтіп, әскери қуатпен қатар технологиялық әлеуетті де стратегиялық ресурсқа айналдырды. Сонымен бірге, жаңа нормалар мен саяси категориялардың қалыптасуына түрткі болып, жаһандық тәртіптің болашағына қатысты күрделі сұрақтарды алға тартады.

XXI ғасырдың геосаяси кеңістігінде стратегиялық ресурстар ұғымы айтарлықтай трансформацияға ұшырады. Бұрын мемлекеттердің ықпалы табиғи байлықтардың көлемімен, өнеркәсіптік өндіріс қуатымен немесе әскери әлеуетімен өлшенсе, қазіргі кезеңде цифрлық технологиялар мен деректер жаңа стратегиялық капиталға айналды. Осы контексте «деректер – жаңа мұнай» деген метафора кең таралғанымен, шын мәнінде деректердің өзінен гөрі оларды тиімді өңдеп, талдай алатын алгоритмдердің маңызы әлдеқайда жоғары. Деректер — тек шикізат, ал жасанды интеллект сол шикізатты саяси және экономикалық артықшылыққа айналдыратын негізгі механизм болып табылады [7].

Жасанды интеллектті стратегиялық ресурс ретінде қарастыру оның көпқырлы ықпалынан туындайды. Біріншіден, бұл технология экономикалық өсімнің жаңа драйверіне айналды. Автоматтандыру, интеллектуалды өндіріс жүйелері және болжамдық аналитика еңбек өнімділігін арттырып, инновациялық секторлардың дамуын жеделдетеді. Нәтижесінде, жасанды интеллекті кеңінен енгізген мемлекеттер жаһандық нарықта бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, технологиялық тәуелсіздікке жақындай түседі.

Екіншіден, жасанды интеллект ұлттық қауіпсіздік архитектурасының маңызды элементіне айналып отыр. Заманауи әскери стратегияларда ақпараттық үстемдікке қол жеткізу шешуші фактор ретінде қарастырылады. Алгоритмдер арқылы спутниктік деректерді жедел талдау, қарсыластың

әскери белсенділігін алдын ала болжау және киберқауіптерді анықтау – мұның бәрі стратегиялық жоспарлаудың сапасын жаңа деңгейге көтереді. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект тек көмекші құрал емес, қауіпсіздік парадигмасын қайта анықтайтын құрылымдық фактор болып отыр.

Жаһандық деңгейде технологиялық көшбасшылық үшін күрес айқын байқалады. Әсіресе, АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік жасанды интеллекттің геосаяси маңызын айқын көрсетеді. Екі держава да бұл саланы ұзақмерзімді ұлттық стратегиялардың өзегіне айналдырып, ғылыми-зерттеу бағдарламаларына қомақты инвестициялар бағыттауда. Мұндай үрдіс кейбір сарапшыларды «технологиялық қырғи-қабақ соғыс» ұғымын қайта қарастыруға итермеледі, өйткені бәсекелестік енді тек әскери қуатпен емес, инновациялық әлеует арқылы да анықталады [8].

Бұл бәсекелестіктің ерекшелігі – оның кешенді сипатында. Ол тек мемлекеттер арасында ғана емес, ірі технологиялық корпорациялар, зерттеу орталықтары және стартап экожүйелері арасында да жүруде. Осылайша, стратегиялық ресурс ұғымы мемлекеттік шекаралардан асып, гибриді сипатқа ие бола бастады. Кей жағдайларда жеке компаниялардың технологиялық мүмкіндіктері шағын мемлекеттердің әлеуетінен де асып түседі, бұл халықаралық саясаттағы акторлар құрылымын күрделендіреді.

Жасанды интеллект стратегиялық ресурс ретінде кем дегенде үш негізгі функция атқарады. Біріншісі – шешім қабылдау жылдамдығын арттыру. Дәстүрлі бюрократиялық жүйелерде ақпаратты жинау мен талдау ұзақ уақытты талап ететін. Ал алгоритмдік модельдер миллиондаған деректерді санаулы секундтар ішінде өңдеп, ықтимал сценарийлерді ұсына алады. Бұл дағдарыстық жағдайларда ерекше маңызды, себебі уақыт факторы көбіне стратегиялық басымдықты анықтайды. Жедел әрі дәл шешім қабылдау қабілеті мемлекеттердің сыртқы саяси маневр жасау мүмкіндігін кеңейтеді.

Екінші функция – болжамдық аналитика. Жасанды интеллект тарихи деректер мен ағымдағы трендтерді салыстыра отырып, экономикалық дағдарыстардың, көші-қон толқындарының немесе саяси тұрақсыздықтың ықтималдығын болжай алады. Мұндай мүмкіндіктер стратегиялық жоспарлауды анағұрлым проактивті сипатқа көшіреді. Яғни мемлекеттер енді тек дағдарыстарға жауап беріп қана қоймай, оларды алдын ала болдырмауға ұмтылады.

Үшінші функция – ресурстарды тиімді бөлу. Қорғаныс бюджеті, энергетикалық саясат немесе инфрақұрылымдық жобалар сияқты салаларда деректерге негізделген талдау шығындарды оңтайландырып, инвестициялардың қайтарымын арттыруға көмектеседі. Ұзақмерзімді перспективада бұл мемлекеттік басқарудың тиімділігін күшейтіп, институционалдық тұрақтылықты арттыра алады.

Дегенмен, жасанды интеллекттің стратегиялық маңызы тек практикалық артықшылықтармен шектелмейді. Ол халықаралық жүйедегі күш түсінігінің өзін өзгертіп жатыр. Бұрын «қатты күш» (hard power) әскери және экономикалық ресурстармен байланыстырылса, қазіргі кезеңде технологиялық әлеует осы ұғымның ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, жасанды интеллект «жұмсақ күштің» де жаңа формаларын қалыптастыруы мүмкін. Мысалы, технологиялық стандарттарды экспорттау немесе цифрлық платформаларды жаһандық деңгейде тарату арқылы мемлекеттер өз ықпалын жанама түрде күшейтеді [9].

Осы өзгерістер аясында «алгоритмдік қуат» (algorithmic power) туралы айту орынды. Бұл ұғым деректерді бақылау, оларды өңдеу мүмкіндігі және технологиялық инфрақұрылым арқылы басқа акторлардың мінез-құлқына әсер ету қабілетін білдіреді. Алгоритмдік қуат классикалық геосаяси құралдарға қарағанда аз көрінгенімен, оның ықпалы терең әрі ұзақмерзімді болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жасанды интеллект жаһандық экономикалық иерархияны қайта қалыптастыру ықтималдығына ие. Технологиялық революцияларға бейімделе алмаған мемлекеттер «цифрлық периферияда» қалып қою қаупіне тап болады. Бұл құбылыс халықаралық теңсіздікті күшейтіп, дамушы елдердің технологиялық тәуелділігін арттыруы мүмкін. Нәтижесінде, жаңа типтегі тәуелділік – деректер мен алгоритмдерге тәуелділік пайда болуы ықтимал.

Алайда жасанды интеллектке шамадан тыс стратегиялық мән беру белгілі бір тәуекелдермен де байланысты. Технологиялық оптимизм кейде саяси шешім қабылдаушыларды алгоритмдердің мүмкіндіктерін асыра бағалауға итермелейді. Шын мәнінде, кез келген алгоритм оны жасаған адамдардың логикасына тәуелді және деректердегі қателіктер стратегиялық жаңсақтықтарға әкелуі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллектіні абсолютті артықшылық ретінде емес, адам сараптамасын толықтыратын құрал ретінде қабылдаған жөн.

Тағы бір маңызды аспект -технологиялық автономия мәселесі. Егер мемлекет жасанды интеллект инфрақұрылымын толық бақыламаса, оның стратегиялық тәуелсіздігі шектелуі мүмкін [10]. Осы себепті көптеген елдер ұлттық технологиялық экожүйелерді дамытуға басымдық беріп отыр. Бұл үрдіс жаһанданудың белгілі бір дәрежеде баяулауына және технологиялық протекционизмнің күшеюіне әкелуі ықтимал.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект стратегиялық ресурс ретінде халықаралық саясаттың негізгі параметрлерін қайта айқындап жатыр. Ол экономикалық бәсекелестіктің сипатын өзгертіп, әскери жоспарлаудың жаңа стандарттарын қалыптастырып және саяси ықпалдың балама тетіктерін ұсынып отыр. Нәтижесінде, қазіргі әлемде саяси көшбасшылық тек қарулы күштердің қуатымен немесе экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, алгоритмдік әлеуетпен, инновациялық инфрақұрылыммен және деректерді басқару қабілетімен де өлшенеді.

Осылайша, жасанды интеллектті игеру деңгейі алдағы онжылдықтарда мемлекеттердің жаһандық иерархиядағы орнын анықтайтын шешуші факторлардың біріне айналуы әбден мүмкін.

#### **Жасанды интеллекттің шектеулері**

Жасанды интеллект қазіргі халықаралық саясатта стратегиялық маңызы бар технологияға айналғанымен, оның мүмкіндіктері шексіз емес. Кез келген технология сияқты, жасанды интеллект те белгілі бір құрылымдық, саяси және әлеуметтік шектеулерге тап болады. Бұл шектеулерді елемей технологиялық оптимизмге әкеліп, халықаралық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллекттің шектеулерін жүйелі түрде талдау оның саяси салдарын дұрыс бағалаудың маңызды шарты болып табылады.

Жасанды интеллектіні дамыту жоғары деңгейдегі ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын, білікті кадрларды және ауқымды қаржылық ресурстарды талап етеді [11]. Бұл талаптарды орындау барлық мемлекеттердің қолынан келе бермейді. Нәтижесінде, жасанды интеллект саласындағы даму жаһандық деңгейде біркелкі емес сипатқа ие болып отыр. Әсіресе, дамыған елдер мен дамушы мемлекеттер арасындағы технологиялық алшақтықтың ұлғаюы байқалады.

Бұл жағдай «жаһандық Солтүстік» пен «жаһандық Оңтүстік» арасындағы бұрыннан бар теңсіздікті одан әрі тереңдетуі мүмкін. Технологиялық тұрғыдан алдыңғы қатардағы елдер жасанды интеллекттің экономикалық және әскери артықшылықтарын пайдалана отырып, халықаралық жүйеде өз үстемдігін нығайтады. Ал артта қалған мемлекеттер тек тұтынушы ролінде қалып, технологиялық тәуелділікке ұшырау қаупіне тап болады.

Сонымен қатар, технологиялық теңсіздік саяси тәуелділікті де күшейтуі ықтимал. Егер мемлекет өзінің деректерін өңдеу немесе қауіпсіздік жүйелерін сыртқы технологияларға сүйене отырып жүргізсе, оның стратегиялық автономиясы шектеледі. Бұл жағдай халықаралық қатынастарда асимметриялық тәуелділіктің жаңа формасын қалыптастырады.

Жасанды интеллекттің дамуы халықаралық құқық пен саяси институттардың мүмкіндіктерінен әлдеқайда жылдам жүруде. Қазіргі таңда автономды қару жүйелері, алгоритмдік шешім қабылдау немесе деректерді трансшекаралық пайдалану мәселелерін реттейтін әмбебап халықаралық келісімдер жоқтың қасы. Бұл жағдай нормативтік вакуумның пайда болуына әкеліп, технологиялардың бақылаусыз қолданылу қаупін арттырады.

Әсіресе, автономды қару жүйелеріне қатысты құқықтық белгісіздік алаңдатарлық. Егер қарулы қақтығыстарда шешім қабылдау толық немесе ішінара алгоритмдерге берілсе, жауапкершілік кімге жүктелетіні туралы сұрақ туындайды. Халықаралық гуманитарлық құқық адам жауапкершілігіне негізделген, ал автономды жүйелер бұл қағидатты күмән астына қояды [12].

Сонымен қатар, жасанды интеллект саласындағы ұлттық реттеулердің әркелкілігі халықаралық ынтымақтастықты қиындатады. Бір елде рұқсат етілген технология екінші мемлекетте тыйым салынуы мүмкін. Мұндай фрагментация жаһандық басқару механизмдерінің әлсіздігін көрсетеді және болашақта технологиялық қақтығыстардың көбеюіне негіз болуы ықтимал. Жасанды интеллекттің кеңінен қолданылуы күрделі этикалық мәселелерді алға тартады. Алгоритмдік шешімдердің әділдігі, ашықтығы және есептілігі қазіргі халықаралық саясаттағы ең даулы тақырыптардың бірі. Алгоритмдер бейтарап деп қабылданғанымен, шын мәнінде оларды жасаған адамдардың құндылықтары мен бастапқы деректердегі қателіктерді бейнелейді [13].

Егер жасанды интеллект жүйелері бұрмаланған немесе толық емес деректерге негізделсе, олардың шешімдері әлеуметтік теңсіздікті күшейтуі мүмкін. Мысалы, көпші-қонды бақылау, санкциялық саясат немесе қауіпсіздік саласында қолданылатын алгоритмдер белгілі бір топтарға қатысты кемсітушілік тудыру қаупіне ие.

Дербес деректерді қорғау мәселесі де ерекше маңызға ие. Мемлекеттер ұлттық қауіпсіздік мүддесімен азаматтардың жеке деректерін кең көлемде жинауға ұмтылуы мүмкін. Бұл өз кезегінде адам құқықтары мен жеке өмірге қол сұқпау қағидаттарын әлсіретеді. Халықаралық деңгейде деректерді қорғауға қатысты ортақ этикалық стандарттардың болмауы бұл мәселені одан әрі күрделендіреді.

Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды шектеуі – технологиялық тәуелділік феномені. Көптеген мемлекеттер негізгі алгоритмдерге, бағдарламалық қамтамасыз етуге немесе бұлттық инфрақұрылымға сыртқы жеткізушілерге сүйенеді. Мұндай тәуелділік саяси қысым көрсету немесе экономикалық санкциялар арқылы ықпал ету тетігіне айналуы мүмкін.

Технологиялық тәуелділік әсіресе шағын және дамушы мемлекеттер үшін өзекті. Егер стратегиялық маңызды салалар шетелдік технологияларға негізделсе, ұлттық қауіпсіздік пен егемендікке төнетін қауіп артады. Осы себепті соңғы жылдары бірқатар елдер «технологиялық егемендік» ұғымын ұлттық саясаттың маңызды элементіне айналдырып отыр.

Алайда толық технологиялық автономияға ұмтылу да оңай міндет емес. Ол үлкен қаржылық шығындарды және ұзақмерзімді институционалдық реформаларды талап етеді [14]. Сондықтан көптеген мемлекеттер үшін жасанды интеллект саласында таңдау дилеммасы туындайды: жаһандық технологиялық жүйеге интеграциялану немесе тәуелсіздікке ұмтылу.

### **Қорытынды**

Жасанды интеллект халықаралық саясаттың ажырамас элементіне айналып, мемлекеттердің бәсекелестік стратегияларын, қауіпсіздік парадигмасын және дипломатиялық өзара іс-қимыл формаларын түбегейлі өзгертуде. Ол экономикалық тиімділікті арттырып қана қоймай, саяси биліктің жаңа тетіктерін қалыптастыруда. Алгоритмдер мен деректер қазіргі әлемде әскери қуатпен және экономикалық ресурстармен қатар стратегиялық маңызға ие факторларға айналды. Сонымен бірге, жасанды интеллекттің ықпалы біржақты оң сипатқа ие емес. Технологиялық теңсіздік, құқықтық реттеудің әлсіздігі, этикалық дилеммалар және технологиялық тәуелділік сияқты мәселелер жаһандық тұрақтылыққа елеулі қатер төндіруі мүмкін [15]. Осы тұрғыдан алғанда, технологиялық прогресті абсолютті игілік ретінде қарастыру қате болар еді.

Технологиялық оптимизм шектен тыс болмауы тиіс. Жасанды интеллект адамзатқа бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ұсынып отырғанымен, оның бақылаусыз және жауапкершіліксіз дамуы халықаралық жүйеде жаңа қақтығыстар мен теңсіздіктерге әкелуі ықтимал. Сондықтан жасанды интеллекттің саяси қолданылуы адам құқықтары, халықаралық құқық және этикалық нормалармен үйлесімді болуы қажет.

Осыған байланысты халықаралық қауымдастық алдында тұрған басты міндет инновация мен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар жасанды интеллектті реттеудің тиімді механизмдерін қалыптастырып, технологиялық даму мен жаһандық қауіпсіздік арасындағы үйлесімді қамтамасыз етуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана жасанды интеллект халықаралық саясатта тұрақтылық пен дамуға қызмет ететін факторға айнала алады.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі:

1. Brundage, M., Avin, S., Clark, J., et al. (2018). *The Malicious Use of Artificial Intelligence: Forecasting, Prevention, and Mitigation*. Oxford: Future of Humanity Institute.
2. Brynjolfsson, E., & McAfee, A. (2014). *The Second Machine Age: Work, Progress, and Prosperity in a Time of Brilliant Technologies*. New York: W. W. Norton & Company.
3. Cummings, M. L. (2017). *Artificial intelligence and the future of warfare*. Chatham House Report.
4. Dafoe, A. (2018). *AI governance: A research agenda*. Governance of AI Program, Future of Humanity Institute.
5. Deibert, R. (2013). *Black code: Surveillance, privacy, and the dark side of the Internet*. *Millennium: Journal of International Studies*, 41(3), 501–530.
6. Ikenberry, G. J. (2018). *The end of liberal international order?* *International Affairs*, 94(1), 7–23.
7. Johnson, J. (2019). *Artificial intelligence & future warfare: Implications for international security*. *Defense & Security Analysis*, 35(2), 147–169.
8. Lee, K.-F. (2018). *AI Superpowers: China, Silicon Valley, and the New World Order*. Boston: Houghton Mifflin Harcourt.
9. Müller, V. C., & Bostrom, N. (2016). *Future progress in artificial intelligence: A survey of expert opinion*. In *Fundamental Issues of Artificial Intelligence*. Springer.
10. Roff, H. M. (2016). *The strategic robot problem: Lethal autonomous weapons in war*. *Journal of Military Ethics*, 15(3), 211–227.
11. Schmidt, E., & Cohen, J. (2013). *The New Digital Age: Reshaping the Future of People, Nations and Business*. New York: Knopf.
12. Singer, P. W. (2009). *Wired for War: The Robotics Revolution and Conflict in the 21st Century*. New York: Penguin Press.
13. Tadjdeh, Y. (2019). *Pentagon ramps up artificial intelligence strategy*. *National Defense Magazine*.
14. Tickner, J. A. (2001). *Gendering World Politics: Issues and Approaches in the Post–Cold War Era*. Columbia University Press.
15. Work, R., & Brimley, S. (2014). *20YY: Preparing for war in the robotic age*. Center for a New American Security Report.

МРНТИ 11.25.42

**Дина СЕРИКОВА**

*Магистрант*

*Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева*

**Кулпаш ИЛЬЯСОВА**

*Кандидат исторических наук, профессор*

*Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева*

**РОЛЬ И ОГРАНИЧЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА  
В МЕЖДУНАРОДНОЙ ПОЛИТИКЕ**

**Аннотация.** *В первой половине XXI века технологии искусственного интеллекта (ИИ) начали существенно трансформировать политический ландшафт мира. Быстрое развитие цифровых технологий заставило страны пересмотреть управление знаниями, дипломатические стратегии и политическую архитектуру. Искусственный интеллект является не только фактором экономической эффективности, но и фактором глобализации. В данной статье основная роль интеллекта в международной политике заключается в предоставлении стратегических ресурсов, защите вооруженных сил, обеспечении средств ведения войны и оказании дипломатической поддержки. На третьем этапе рассматриваются такие вопросы, как появление технологий, вакуум стандартов, этические дилеммы и усиление алгоритмов. Результаты исследования показывают, что искусственный интеллект не только модернизирует международные отношения, но и создает новый баланс сил. Однако неконтролируемое распространение этих технологий может усилить глобальную нестабильность. Формирование нового регулирующего механизма для развития международных отношений между государствами и международным сообществом становится все более открытым.*

**Ключевые слова:** *искусственный интеллект, международная политика, геополитика, цифровая дипломатия, технологическая база, безопасность.*

IRSTI 11.25.42

**Dina SERIKOVA***Master's student**at L.N. Gumilyov Eurasian National University***Kulpash ILYASSOVA***Candidate of Historical Sciences, Professor**L.N. Gumilyov Eurasian National University*

## THE ROLE AND LIMITATIONS OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN INTERNATIONAL POLITICS

**Abstract.** *In the first half of the 21st century, artificial intelligence (AI) technologies began to significantly transform the global political landscape. The rapid development of digital technologies has forced countries to rethink knowledge management, diplomatic strategies, and political architecture. Artificial intelligence is not only a factor of economic efficiency but also a driver of globalization. In this article, the primary role of intelligence in international politics is to provide strategic resources, protect armed forces, ensure the means of warfare, and provide diplomatic support. The third stage examines issues such as the emergence of technologies, the vacuum of standards, ethical dilemmas, and the empowerment of algorithms. The results of the study demonstrate that artificial intelligence not only modernizes international relations but also creates a new balance of power. However, the uncontrolled spread of these technologies could increase global instability. The development of a new regulatory mechanism for the development of international relations between states and the international community is becoming increasingly open.*

**Keywords:** *artificial intelligence, international politics, geopolitics, digital diplomacy, technological base, security.*

## References:

1. Brandeiddj, M., Avin, S., Klark, Dj. және басқалар. (2018). Jasandy Intellektti Zıandy Paidalaný: Boljay, Aldyn-alý және Azaitý. Oksford: Adamzattyn Bolashağy Instıtýtı.
2. Brinolfsson, E. және Makafı, A. (2014). Ekinshi Mashına Dáyiri: Tamasha Tehnologıalar Zamanyndağy Jumys, Progres және Órkendeý. Nú-Iork: W. W. Norton & Company.
3. Kammings, M.L. (2017). Jasandy intellekt және soğystyn bolashağy. Chatham House Esebi.
4. Dafo, A. (2018). JASANDY INTELLEKTTI basqary: zertteý kún tartibi. JASANDY INTELLEKT Bağdarlamasyn basqary, Adamzattyn Bolashağy Instıtýtı.
5. Deibert, R. (2013). Qara kod: Baqylaý, qurıalylyq және Internettiń qarańğy jağy. Myńjyldyq: Halyqaralyq Zertteýler Jýrnaly, 41(3), 501-530.
6. Ikenberri, Dj. Dj. (2018). Liberaldy halyqaralyq tartiptiń aiaqtalýy? Halyqaralyq Qatynastar, 94 (1), 7-23.
7. Djonson, Dj. (2019). Jasandy intellekt және bolashaq soğys: halyqaralyq qaýipsizdikke Saldary. Qorğanyńs Jáne Qaýipsizdiktı Taldaý, 35 (2), 147-169.
8. Li, K.-F. (2018). JASANDY INTELLEKTTIń Alpaýyt Derjavalary: Qytaı, Kremnu Alqaby және Jańa Álemdik Tartip. Boston: Hoýton Mıfflin Harkort.
9. Müller, V.S. Jáne Bostrom, N. (2016). Jasandy intellekttegi bolashaq progres: sarapshylardyń pikirini zertteý. Jasandy Intellekttiń Irgeli Máselelerinde. Springer.
10. Roff, H.M. (2016). Strategialyq robot máselesi: soğystağy ólimge ákeletin avtonomdy qarýlar. Áskerı Etika jýrnaly, 15 (3), 211-227.
11. Shmidt, E. және Koen, Dj. (2013). Jańa Sıfrylyq Dáyir: Adamdardyń, Ulttardyń Jáne Biznestiń Bolashağyn Ózgerť. Nú-Iork: Knopf.
12. Ánshi, P.V. (2009). Soğys úshin symdy: 21 Ğasyrdağy Robototehnika Tónkerisi және Qaqtyğys. Nú-Iork: Pingvin Baspasózi.
13. Tadjde, Iý. (2019). Pentagon jasandy intellekt strategiasyn jetildirýde. Ulttyq Qorğanyńs Jýrnaly.
14. Tikner, Dj.A. (2001). Genderlik Álemdik Saasat: Qyrğı qabaq Soğystan keingi Dáyirdegi Máseleler men Tásilder. Kolýmbia Ýniversitetiniń Baspasy.
15. Work, R., & Brimley, S. (2014). 20 JYL: robot dáyirindegi soğysqa Daiyndyq. Amerikandyq Qaýipsizdik Týraly Jańa Esep ortalyğy.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

НАУРЫЗ

Наурыз қазақша жыл басы, бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді. Наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әртүрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың 1-де, екіншілер тоғызында келеді деседі. Әр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт нәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді.

Орыстың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақыл- дап тұрған суықта келеді. Біздің жаңа жылымыз наурыз- марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қарайып, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп, дем алып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып гүлденіп, жасаруға дайындалып, күнде қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып, жоғары көтеріліп бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, баймен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезеңінде біздің жана жылымыз наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ, ұнамды іс болар еді.

Осы туралы білетін адамдар «Қазаққа» жазса екен, наурыз анық жылдың қай айында біздің жаңа жыл һәм қай күнде басталады. Біз оқушыларымызды жаңа жылмен құттықтауға наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз.

*«Қазақ» газеті, №5. 9 март 1913 жыл*

## ЖАҢА ЖЫЛ

Ифрат һәм Дижле өзенінің өлкесі Месопатамида Иса пайғамбар тумастан 4 мың жыл бұрын Вавилония һәм Ассирия атты екі мемлекет болған еді. Осы екі халық осы күнгі қытай һәм фин халқымен қандас моңғол еді, Вавилония халқын тарих Халдей деп те кетеді. Осы Халдей жылы аймен есепке алынушы еді: бір жыл 12 ай, бір ай 28, 29 һәм 30 күн деп. Бір жылдың қалған күнін 13-нші ай қылып қосушы еді. Халдей жерін парсы алған соң парсы календары (Рим-латын тілінде айдың алдыңғы күні «календа», осыдан уақыт есебі Еуропаша календар) Халдейден ауысқан. Парсы жұрты мұсылман болған соң мұсылман календарына құл болды. Халдей жаңа жылы жазғы тұрғы күн мен түн теңелетіннен басталушы еді. Бұл күнді парсы тілінде «Наурыз» дейді, жаңа жылдың басы дейді. Жаңа жылда халық қуанып, бір-біріне гүл, жұмыртқа сыйлаушы еді. Парсы ақыны Хафиз жаңа жыл мейрамын неше буын қылып мақтайды.

Біздің түрік жұрты сол Халдей заманынан бері моңғолмен жасап, аралас тіршілік етіп келеді. Біздің жаңа жылдың да шыққан жері осы айтылған екі өзен өлкесіне барады-ау деймін.

Бір жылда жер күннен бір айналып, баяғы орнына қайта келеді. Бір күнде жер өзінен өзі арбаның дөңгелегінше айналып орнына келеді. Бір жылға түгел күн келмейді. Біздің орыс патшалығы ұстап отырған календары, Рим патшасы Иули осы уақыт есебіне халқын аударғаны үшін «Иулиан календары» дейді. Бұл календарда ғинуар 31, иун 30, иул 31, ауғұст 31, сентиабр 30, октиабр 31, ноиабр 30, декабр 31 күн болады. Бұлай болған соң жыл 365 күн болып шығады. 365 күнде жер күннен айналып бола алмайды. жер күннен айналып болуына 365 толық тәулік, тағы бір шиек тәуліктен азырақ уақыт керек. Иулиан календары, өзге сөзбен ескі стил, бір жылды 365 тәулік һәм бір шиек тәулік қылып есептейді. Бұл екі жылдың арасы мынау: 128 жылда календар жылы күн жылынан бір тәулік кейін қалады. Ескі стил жылы 365 тәулік бір шиек дедік. Үш жыл өткізіп, төртінші жылы феурал айын 29 қылып сайлайтыны осы төрт ширекті қосып алғаны: феурал айы 29 күн болатын жылды орысша «высокосни» дейді. Жыл сифрының кейінгі екі сифры төртке дәл бөлінсе жыл высокосни, мысалы 1912, 1916, 1920, 1924, 12, 16, 20, 24 төртке дәл бөлінеді.

Еуропада «Григориански» календары өзге сөзбен жаңа стил, жаңа стил жолын жасатқан Григори деген Рим папасының атынан шыққан. Бұл жаңа стил жылы да күн жылынан шабан, бірақ бұл шабандық тым аз: 4241 жылда есеп жылы күн жылынан бір тәулік кейін қалады. Күн жылынан қалмаймын десе ескі стилді алып отырған халық 128 жылда, жаңа стилді алып отырған халық 4240 жылда бір тәулік қосып алады. XIX ғасырда осы екі стил арасы 12 тәулік еді. Бізде 7-нші март болса, жаңа стил Еуропада 19-ншы март еді. XX ғасырда жаңа стил кемде келе жатқан бір тәулігін қосып алды. Енді екі стил арасы 13 күн болды.

Мұсылман болмас бұрын араб жылы 12 ай, бір ай 29-30 тәулік еді, күн жылына жанамын деп һәрбір үш жылда бір ай қосып алатын болды. Халифа

Рашиддин заманында мұсылмандар бұл есепті өшіріп, хиджараттың басталуынан есеп қылуды ұнатты. Бұл ай жылы күн жылына жанаспайды.

Иапония 1872-нші жылдан, Корея 1892-нші жылдан бері жаңа стилге кірді. Түбінде екі осы ескі һәм жаңа стил барша мәдени халыққа кіретін жол болар.

Енді бір-екі ауыз сөз жаңа жыл туралы.


Мұсадан бері еурей жаңа жылы марттан басталады, Римде жаңа жыл март еді.

Біздің қазақ жаңа жылы мартта болғаны адасқан емес. Жаңа жыл мартта болса, күн мен түн тең болғаннан бастау керек. Ескі стилде бұл күн 9-ншы март болады.

«Қазақ» газеті, № 53. 1914 жыл  
Самар қаласы.

<sup>1</sup> Мақала «Қыр баласы» деген атпен жарияланған.


ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ БҰЙРЫҒЫ



1920 жылғы 20 наурызда Ташкентте Тұрар Рысқұлов Наурыз мерекесін тойлауға қатысты бұйрыққа қол қойған. Алайда, арада небәрі алты жыл өткен соң, 1926 жылы Наурызға тыйым салынды.

Ал, 1920 жылы Түркістан Кеңестік Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып қызмет еткен Тұрар Рысқұловтың тағдыры қандай қайғымен аяқталғаны баршамызға мәлім. Оны «халық жауы» деп танып, 1938 жылдың 10 ақпанында ату жазасына кескен...

Қазақ баспасөзінде сирек те болса жарияланған бұл құжатты Жамбыл облыстық архивінің қызметкері Мақұлбек Рысдәулет осыдан 15 жылдай бұрын архивтен тапқанын айтады. 2009 жылы облыстық газетте жарияланды.



Міржақып ДУЛАТОВ

ҚОШ КЕЛДІН, НАУРЫЗ!

Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп».

Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз.

Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды Қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда, Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-нда, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінің жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сыяды. Тіршіліктің арқауы, алдыменен, тамақ. Дүние жаратқаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы, шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көруі – алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді. Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жаңа айдың қалай туғанына шейін, қазақтың зор мағына беруі – әшейін еріккеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр иә жеңіл өтуінен тіршілігі өзгертін, жеңіл болса құт, ауыр болса жұт болатындығын байқаған тәжірибеден шыққан нәрсе.

Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе? Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін!

Соңғы жылдар қазақтың шаруасын күйзелтіп, байтақ елі ашаршылыққа ұшырап, ойын ойнап, тойын тойламақ түгіл, барар жер, басар тау таба алмай дағдарған еді. Енді шүкір, аздап заман түзеліп, шаруасы оңалуға айналғаннан кейін, оның үстіне биылғы қыс әр жерде жеңіл болып, жұрт алдырмай-шалдырмай аман-есен жазға жетіп отыр. Сондықтан бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып-күлісіп, жанның бәрі дүниеге жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек.

Мұнан былай да, бүгінгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күнілгері қамыңды же. Сонда ғана былтырғы, бұрнағы жылдардай қан жыламай, алдағы Наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізесің.

Қуанышты күнің – Ж аң Жылың құтты болсын, қазақ! Дүниеге көрік берген, шырайы жылы жыл басы Наурыз, қош келдің!

*Мадияр.*  
*«Еңбекші қазақ», 1923 ж., №75.*


## АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ ҚОРЫНАН

Астана қаласының мемлекеттік архиві қорында Ақмола Ақмола болып тұрған шағындағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында уездің Наурызға қатысты арабша әріппен жазылған хаттамалары бар. Сол заманның тынысын паш ететін бұндай құнды құжаттар кезінде елеусіз ғана қолмен жазылып, хаттама ретінде толтырылған болса, бүгінгі күндері ескісін түгендеп, кешесін іздеген халық үшін бұл хаттамалар баға жетпес архивтік құжат болып отыр.

Бүкіл республикаларда наурызды тойламау туралы бұйрық 25-26 жылдары шығып ресми күшіне енсе де, Ақмола қаласында 1927 жылы 16 мартта наурызды тойлауға Уаткомның жиналысында жоспар жасалып, қаулы қабылданыпты. Төменде сол Уаткомның жиналысында қабылданған қаулыны кириллицаға түсіріп, сол заманның наурызға қалай дайындалғанынан хабар беретін мәтіндерді оқырманға ұсынып отырмыз.

№1. АҚМОЛА ҚАЛАСЫ УАТКОМ МЕКЕМЕСІНДЕ БОЛҒАН «НАУРЫЗ» МЕЙРАМЫН  
ӨТКІЗУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

1927 ж.




Жоспар:

- I. Сауық кешін басқарушы белгілеу
- II. Жалпы жиылысқа баяндамашы белгілеу
- III. Ақша қаражат табуға кісі белгілеу
- IV. Лайықты биесе табушысы тағайындау
- V. Сауық кешіне киім-кешек және мүлік табушыны тағайындау
- VI. Артистер тағайындау
- VII. Орындарға мейрам туралы хабар берушіні тағайындау

Комиссия мүшесі: Нойганов

№2. АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДА УАТКОМ МЕКЕМЕСІНДЕ БОЛҒАН «НАУРЫЗ» МЕЙРАМЫН  
ӨТКІЗУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРОТОКОЛЫ

16 наурыз 1927 ж.



Астана қ. МА. Қ. 244. Т.1. Іс. 148. ББ. 14,13 қ.б.,

Комиссия ағасы: Мәлейұлы

Хатшысы: Нұржанұлы

Қатысушылар: Мұстафаұлы, Тінәліұлы, Нұрпейісұлы, Есжанұлы және басқалар.

Тыңдалды:

1. Наурыз мейрамын өткізу туралы баяндама – баяндамашы жолдас Мәлейұлы.

2. Губерналық партия комитетінен келген телеграмманың мәтіні оқылды.

Жолдас Мәлейұлы:

Белгіленген күні әр жерде халықты жинап, Наурыз мейрамы туралы баяндама жасау лайық деп пікір білдірді.

Қаулы қылынды:

1. 22-март күні Халық үйінде сауық кешін қоюға қажет барлық жабдықты жолдас Нұржанұлына тапсыруға.

2. Сол күні кешкі сағат 5-те:

Наурыз мейрамы туралы,

Қазақ шаруасының өсіп, көркеюі туралы баяндама жасауға баяндамашы етіп жолдас Темірбекұлын белгілеуге.

3. Баяндамалардан кейін спектакль қою міндетін жолдастар Әлімқұлұлына, Нұржанұлына және Мұстафаұлына тапсыруға.

4. Спектакльге керекті нәрселерді жинап беру үшін жолдастар Нұрпейісұлына, Есжанұлына, Тінәліұлына және Жөкеұлына тапсыруға.


5. Газетке, бояуға, телеграммаға, мәлімдемелерге және басқа ұсақ шығындарға шамамен 50 сомдай ақшаны шаруашылық өнімдері арқылы табу ісін жолдастар Мәлейұлы мен Әлімқұлұлына тапсыруға.

6. Барлық аткомдерге телеграмма арқылы, ал телеграмма жоқ жерлерге хат арқылы Наурыз мейрамын өткізу туралы хабар беруді жолдас Мұстафаұлына тапсыруға.

7. 22-сі күні сағат 2-ден кейін қызмет болуына байланысты Кеңесшілік одағынан рұқсат сұрауға.

№3. АҚМОЛА УЕЗИ АТҚАРУ КОМИТЕТИНДЕ БОЛҒАН НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН  
ӨТКІЗЕТІН КОМИССИЯНЫҢ ПРОТОКОЛЫ

17 наурыз 1927 жыл



Астана қ. МА. Қ. 244. Т.1. Іс. 148. Б. 18.

Комиссия ағасы Малеев

Тыңдалды:

1. Наурыз мейрамын өткізу жоспары қаралды
2. Лайықты пие саны кім табады, сөз тыңдалды

Қаулы қылды:


1. Жоспары бекітуге.
2. Лайықты пие саны жолдас Ғалиасқарв, Оспанв және Мұстафин тауып, бүгіннен қалдырмай кемессияның қармағына салсын.
3. Айтылған Ғалиасқаров, Оспанв және Мұстафин өс іске жауып Тағайындалсын  
(Жұмысқа кірісу уақыты)
4. Жоспарда көрсетілге жұмыстарға бүгіннен бастап кірісуге

Кемессия ағасы – Қалив.

Секретар – Нұбғанв

№4. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ  
АҚМОЛАНЫҢ УЕЗДІК ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

22 наурыз 1927 жыл



Астана қ. МА. Қ. 244. Т.1. Іс. 148. Б. 22

1927 жылы 22 март күні Ақмоланың уездік жалпы желіс болу Наурыз мейрамын өткізу туралы. Жиылыс ашушы Мәлиұлы өткен замандағы қазақ халқының Наурыз мейрамы туралы халық шаруасының өркендеуіне Наурыз мейрамын құрметті мейрам екенін түсіндіріп өтті.

Жиылыс басқарушы Мәлиұлы.

Құрама мүшелері: 1) Мәкеи келіні. 2) Смағұлұлы. 3) Уастков. 4) Нұрпейісұлы.

Күн тәртібіне қойылған мәселелер:

1. Қазақ шаруасының өркендеуі туралы.
2. Қазақ шаруасының коперация туралы.
3. Әртүрлі.

Келешекте қазақтың еңбекшілерінің шаруа жағдайының өркендеуі туралы һәм осымен қатар өткен жылдардағы /кристиан/ қазақ шаруаларының қандай түрде болғандығы жолдас Қасенұлы баяндап өтті. Қасенұлы. Жер тарихы туралы өткен замандағы қазақ халқының жерге өте мұқтаж болып, көшпелі тау таста жүргендері өздеріңізге мәлім, әсіресе қазақ еңбекшілерінің тұрмыс тұрмысы өте нашар халында болып, жер еркі патшалық байлардың, алпауыттардың қолында, солардың күшімен езілуде, тек жерсіз қалып келген кім – біздің қазақ еңбекшілері, қазақ халқы.

Міне енді қазақ халқының өткен ғасырлардағы күндерді көрсек, ылғи байлардың өкімінде, яғни, жауыз өкіметтің тепкісінде болып келген. Сонан соң 1914 жылдан бергі күндерді алып қарасақ, большевик партиясының көсемдігі мен жетекшілігінің арқасында әділ өкімет құрылып, міне қуанышты теңдік туғанын көріп отырмыз.

Шар Россияны алсақ, бұрынғы күндерде жер билігінің бәрі ірі ресей байларының алпауыттарының дәуірінде жүріп, сол байлардың меншебектердің- ... ішінде солардың қолында жүріп келді.

Бірақ, 1917 жылы көсеміз жолдас Лениннің басшылығының арқасында біздің езілген таптың еркіне көшті.

Қазақ журналистикасының көрнекті өкілі, «Лениншіл жас» (қазіргі Жас Алаш) газетінің бас редакторы болған Сейдахмет Бердіқұлов Кеңестік идеология ұлттық мерекелерді шектеген кезеңде ол Наурыз мейрамын басылым бетінде жанама түрде насихаттап, халықтың тарихи жадын сақтауға үлес қосты. Ашық түрде атап өтуге тыйым салынған шақта мерекенің мәнін көмескі тәсілмен жариялау – редактордың азаматтық ұстанымы мен ұлттық рухқа адалдығын айғақтайды.

Журналға ұсынылып отырған бұл материал – Наурыздың жаңғыру жолындағы күрделі кезеңді және ұлттық құндылықтарды сақтаудағы журналистік ерлікті танытатын тарихи-танымдық мақала.

Асылан ТЛЕГЕН

Журналист

### «ЛЕНИНШІЛ ЖАС» СЕЙДАХМЕТ БЕРДІҚҰЛОВ ЖӘНЕ ЖАСЫРЫНҒАН НАУРЫЗ



Сейдахмет Бердіқұловтың «Жас Алашты» басқарған кезіне қатысты аңыз, әңгіме өте көп. Оның барлығы да Сейдағанның мінезіне, турашылдығына барып тіреледі. Соның бірі – Кеңес өкіметі саясатының қылышынан қан тамып тұрған тұста Наурыз мерекесін көксеуі.

#### Алғашқы емеурін

Былтыр Наурыз мерекесі қарсаңында «Айқын» газетінде жазушы-журналист Жанат Елшібектің сұхбаты жарық көрді. Сұхбат негізінен бір тақырыпқа арналған.

Ол – «Жас Алаштың», нақтырақ айтқанда, Сейдахмет Бердіқұловтың Кеңес өкіметі кезінде Наурыз мерекесіне емеурін білдіруі. Сол күндердің естелігінен біршама үзінді келтірелік те, «Жас Алаштың» архивіне сапарлап көрейік. Жанат Елшібек былай дейді:

«1970 жылдың аяғында редакторымыз Шерхан Мұртаза «Жалын» журналына қызмет ауыстырып, оның орнына бізге «Қазақстан пионері» газетінен Сейдахмет Бердіқұлов редактор болып келді. Сейдаған келе сала газеттің мазмұнына, макетіне жоғары талап қойды. Бірде әңгіме арасында жылт еткізіп, бір идеяның ұшын шығарды. «Жолдастар, біз осы Наурыз мерекесін айқайлатып, бояулатып шығара алмай жүрміз. Бұл мереке халықтың жадынан кетіп бара жатыр. Алдағы уақытта осыны газеттің бетіне шығаруымыз керек» деп қалды. Іле-шала арнайы шығармашылық комиссия құрылып, «Көктем нөмірінің» шикі жоспары жасалды. Бұл нөмірге барынша мазмұнды материалдар берумен бірге оны полиграфиялық безендіруге көңіл бөлінді.

...Сейдаған редакторлыққа келген 3-4 айдың ішінде идеясын өзі айтып жүрген айтулы нөмір баспадан шықты. Ә дегеннен оқырман редакцияға газетті сұрап келіп жатты. Олардың барлығы киоскідегі газеттердің түгел сатылып кеткенін айтып жатты. Ал қолы жетіп, киоскіден газетті алып үлгергендер бұл нөмірден еркіндікті байқады. Шынын айтқанда, осыдан 52 жыл бұрын баспадан шыққан бұл нөмір сол заманның сенсациясы болды. Оқырман негізгі тақырып көктем, табиғаттың оянуының арғы жағында көптен арман болған Наурыз жатқанын байқады. Тіпті апта бойы оқырманнан хат ағылып келіп жатты. Бірінші бетке «Ей, менің қиын өткелім!» деп аталатын өлеңі жарияланған Мұқағали Мақатаевтың өзі редакцияға соғып, газеттің бір данасын алып кетті. Сол жолы ақын ағамыз Ұлыс күнінің хабаршысындай болған нөмірдің шыққанына қуанып, ризашылығын білдірді. Әрине, қазіргі маңдайшасынан «Ұлыс оң болсын!» деп беріп, ою-өрнекпен безендіретін газеттермен салыстырып қарасаңыз, біздің әзірлеген газетіміздің безендірілуі кемшін

түсуі мүмкін. Ол кезде мұны бәрі үлкен оқиға ретінде қабылдап, оны «Көктем нөмірі» деп кетті. Бұл редактордың мұқият ойластырған тәсілі болды. Тоталитарлық жүйе күшінде тұрған шақта «Ұлыс оң болсын!» дегенді айта алмады».

Мұқағалидың сонда жарияланған «Ей, менің қиын өткелім» өлеңіне назар аударайықшы.

«Қашанда көктем келгенде,  
Тұрасың көктеп сен менде,  
Жарылмай жатқан жауқазын,  
Тулайды менің кеудемде,  
Коктемді мынау көргенде,  
Қабірімді қақ жарып, шығарсың сен...

Ей, менің қиын өткелім!» – деген жолдар да әлдебір сырды аңғартатындай, әлдебір жұмбақты жасыратындай. Міне, Сейдағаң осындай ерлікке барыпты. Мұның салдары да оңай болмапты. Ол туралы сәл кейінірек. Енді архивке үңілейік...



### «НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫНЫҢ» ІШІНДЕ НЕ БАР?

Сейдахмет Бердіқұловтан бұрын редактор орнында Шерхан Мұртаза болды. Шерағаң тұсында да әлдеқандай қадам болмады ма екен деп, 1969-1970 жылдарға назар аударып көрдік. Бірақ Наурызға қатысты ештеңе жоқ. Алайда дәл сол тұстарда, яғни наурыз айының орта шенінен басталатын нөмірлерде ұлттық киім киген жастардың фотолары жиі беріліпті. Олардың бәрі өнерпаздар үйірмесінің мүшелері деп берілген. Бәлкім, ұлттық нақышпен бедерленген киім арқылы да әдене дегісі келген шығар. Бұл біздің болжам ғана. Ал біздің іздегеніміз – Наурыз деген сөз. Айта кету керек, ол кездегі ай аттары орысша аталады.

1971 жылғы нөмір Жанат Елшібектің естелігімен жоғарыда айтылды. Одан кейінгі нөмірлер біршама тыныш тауыпты.

1985 жыл. 22 наурыз күнгі нөмір. Редактор – әлі де Сейдахмет Бердіқұлов. Газет айрықша сәнденіп шыққан. Газеттің 1-беті мен 4-беті жасыл түспен безендірілген. Себебі нөмір көктем күніне арналған. Газеттің бірінші бетінде «Көктем келді кең байтақ Қазақстанға» деген мәтін үлкен әріппен берілген. Көзге бірден түсетіні – иллюстрация. Алғы шепте – тұмсығымен әлдебір гүл тістеген қарлығаш. Одан соң қала бедері. Қала бедерінен сәл алыс киіз үй. Сурет жанында Абайдың «Жазғытұры» өлеңі. Беттің қалған бөлігінде совхоз, колхоз, бригада жетістіктері. Газеттің жоғары жағында: «Жастар және көктем. Бұл – уақыт пен табиғаттың жастық шағы. Туған жерді ерен еңбек, құрыш қайрат жалын жігермен түлеткен ЖАСТЫҚ көктемді еңбек ендіктерінде, береке байлықтарында қарсы алды. Өйткені бұл – қорытындылаушы жылдың көктемі» деп жазылған.



БІР БЕТТЕ ОТЫЗ БІР НАУРЫЗ

1991 жыл. 22 наурыз. Тәуелсіздік жарияланбаған кез. Нөмірдің басты тақырыбы – «Газетің 70 жаста». Иә, бұл күн – «Жас Алаштың» туған күні. Бірінші бетте құттықтау жеделхаттары мен бас редактор Уәлихан Қалижановтың мақаласы берілген.

Ішкі беттерде қос қапталда газеттің бұрынғы редакторларының жазбалары мен естеліктері берілген. Көз салып отырмыз. Ежіктеп отырмыз. Міне! Табылды! Сейдахмет Бердіқұловтың жазбасы. Үзінді келтіреміз:

«...Соры – албырттықтың пырағының бота тірсегін шідерлеу, ауыздықтау. Оның мысалдары бір редактордың тұсында мың-сан. Бәрін айтып қайтейін. Біреуі де – сүйіктіміздің, сүйкімдіміздің дүниеге келген наурыздың жиырма екінші жұлдызы төңірегіндегі келеңсіздік те жетер. Наурыздың 22-күні газеттің кезекті саны «Көктем номері» деген жасыл жамылғымен шығар еді. Асып кетсе сағат он мен он бірдің арасында редактор «үлкен үйге» салмақ категориясы әлдеқайда басым әміршіге бара жатады. Бұл әр жылдың пешенесі. Ежірейген көз, найзадай кезелген сұқ саусақ: «Саған наурыз деген пәлені құрт деп қашанғы қақсаймыз... Өріп жүрген наурыз... Бір бетте отыз бірі жүр андағайлап... (Ой тоба, ерінбей-жалықпай кім санап берген. Бәлімде газеттерді қарайтын «Лениншіл жастың» 3 патриоты бар. Олар бола қоймас...)»

– Мына Совет одағында шығатын Москваның сандалкөктері Орта Азиядағы наурыз мерекесін айшықтап айтыпты, – деп жауған оқтың сиреген сәтінде «Правда», «Известия», «Комсомолка», қыл аяғы «Гудоктың» қиындыларын тәттіштеп алдына қоямын. Шүйіле қарап, ысыра салады.

Келесі жылы біз мұнда, сен онда отырсаң, төрт беттен наурыз деген бір сөз тапсақ, тағдырыңның талқан тамызығы шығады...

Келесі жылы ол онда, мен мұнда – тапжылмаймыз. Жасыл бояуға малынып «Көктем номері», шындығы «Наурыз номері» тағы шығады. Бұл жолы «Қазақ әдебиеті» де наурызды айтып қалады. Білікті әдебиетші Рахманқұл Бердібаев секілділер көршілерде наурыз тойы бар, біз де салтқа айналдырайық деп жар салады...

Ал осыны сор демегенде, маңдайы кереқарыс ырыс дермісің. Бүгінгі Тіл күрмелмейтін күндерге килікпегенім-ай деп жер тарписың. Келе жатқан шау тірліктің білдіртпей алар белгісінің бірі ме, әлде...»

қанғы, тіпті ана тілінен айырыла жаздағанын айтып та, жазып та жүрміз... Әрине, барлық жерде бірдей ата-бабамыздың үлкенді сыйлау, имандылық, ибалық тәрзіді қасиеттері жойылды деп айту обестік болар. Міне, осындай бір қазақтың игі дәстүрлері сақталған «аралшықтардың» бірі – өзіміздің «Лениншіл жас» еді десек қателеспейміз.

Тоқырау жылдарындағы «Лениншіл жастың» тізінділерін ақтарсаңыз, наурыздың 22-сіндегі

Одан кейінгі жылдарда Наурыз мерекесіне қатысты мақалалар молая түскен. Әлбетте, алдымыз – Тәуелсіздік. Дегенмен Наурызға қатысты сол алғашқы мақалаларда біраз танымды дүниелер бар екенін, олардың мейлінше құнды екенін айта кетелік.

Міне, Сейдахмет Бердіқұловтың «Көктем номері» осылай басталған, осылайша Наурызға жалғасқан. Наурыз мерекесі – Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**Асылан ТІЛЕГЕН**



Міне, Сейдахмет Бердіқұловтың өзі жазған естелік осындай. Осы алақандай ғана естелікте бәрі тұр. Нөмірдің ішкі беттерінде мерейтойлық мақалалар тұтастай жарияланған. Соның ішінде тағы бір естелік назар аудартты. Газеттің бұрынғы қызметкері Ертай Айғалиұлының «Мұны ерлік демей көр» мақаласы біздің тақырыпты қаузапты. Былай дейді:

«...Кеңес өкіметі жылдары кезінде халқымыз біраз салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, дінін жоғалтқанын, тіпті ана тілінен айырыла жаздағанын айтып та, жазып та жүрміз... Әрине, барлық жерде бірдей ата-бабамыздың үлкенді сыйлау, имандылық, ибалық тәрізді қасиет-тері жойылды деп айту әбестік болар. Міне, осындай бір қазақтың игі дәстүрлері сақталған «аралшықтардың» бірі – өзіміздің «Лениншіл жас» еді десек қателеспейміз.

Тоқырау жылдарындағы «Лениншіл жастың» тігінділерін ақтарсаңыз, наурыздың 22-сіндегі нөмірі жылма-жыл жасыл түспен шыққанын байқар едіңіз. Яғни, бұл журналистік тілмен айтсақ, мерекелік арнаулы нөмір деген сөз. Газеттің қалың оқырманы білетін болар: осы аталмыш күн газеттің туған күні. Бір жағынан бұл нөмір «Көктем нөмірі» деп аталады.

«Көктем нөмірі» деген сөздің астарында үлкен сыр жатыр. 1926 жылы соңғы рет тойланған ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі 60 жылдан астам уақыттан бері ұмыт қалғанын біз қазір күйінішпен еске аламыз. «Діни мейрам» деп Наурыз мерекесін тарихтың бетінен бір жола өшіріп тастау-ғатырысқан озбырлардың дегені жүзеге аспады. Шындықтың алмас қылышы құлып салған қара сан-дықты сындырып, әрісі мың жылдан бері тойланып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні Наурызды халқымен қайта қауыштырды.

Наурыз мейрамы түгіл «наурызкөже» деген сөзді ауызға алған жан ит жеккенге немесе алыс сапарға аттандырылатынын біз кейін естідік. Ұзақ жылдар бойы «Лениншіл жас» коллективін басқарған, қазір белгілі жазушы-журналист Сейдахмет Бердіқұлов ағамыздың Көктем нөмірінде «наурызкөже» деген сөздің бір мақаланың ішінде атап кеткені үшін Орталық комитеттен ескерту алғанын естігінде тынғанымыз бар. Бірақ осындай алысты болжағыш ағалардың арқасында «Көктем нөмірін» шығаруды тоқтатқан жоқпыз. Қараңғыда көрінген үміт шырағы тәріздес Наурыз мейрамын халқына жыл сайын жасырын түрде табыстырып келген «Лениншіл жастың» бұл әрекетін ерлік демей көріңіз...»

Сол жылдың 26 наурыз күнгі нөмірі. Жол ашық. Енді Наурыз туралы еркін көсілуге, нөмірді тұтастай арнауға болады. Солай еткен де. Газеттің бірінші бетінде «Мейрам нақыштары» деген атаумен үлкен «Наурыз» деген сөз бар. Фото мәтінінде фото берілген. Фотода фонда Алматыдағы №161 «Әлия» балабақшасының Наурыз мерекесін атап өткені жазылған.

Ішкі бетте Алматыда өткен Наурыз мерекесінің көріністері берілген. Сол Наурызда Мұхтар Шаханов былай депті: «Ырысы мен соры, биігі мен аласасы итжығыс түсіп жатқан қазақтың апайтөс даласы Наурыз мерекесін төртінші рет тойлағалы отыр. Бұл тек қана қазақ халқына емес, Қазақстандағы бүкіл халықтардың мәдениетіне жаңа бір кең тыныс әкелді. Енді «Табиғатпен үндесу» айлығын өткізбекпіз. Коше лерді, саябақтарды көгалдандыру, яғни экологияға деген игі қадам көпшіліктің қолдауына ие болады ғой деп сенемін».

Одан кейінгі жылдарда Наурыз мерекесіне қатысты мақалалар молая түскен. Әлбетте, алдымыз Тәуелсіздік. Дегенмен Наурызға қатысты сол алғашқы мақалаларда біраз танымды дүниелер бар екенін, олардың мей-лінше құнды екенін айта кетелік.

Міне, Сейдахмет Бердіқұловтың «Көктем нөмірі» осылай басталған, осылайша Наурызға жалғасқан. Наурыз мерекесі – Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

«Жас алаш» № 21-22, 19 наурыз, сейсенбі 2024 ж.

1989 жылы 21 наурызда «Коммунизм нұры» газетінде Қараөткел өңірінде алғаш рет кеңінен тойланғалы отырған Наурыз мерекесіне байланысты халықтың ерекше қуанышты көңіл-күйі әсерлі тілмен суреттеліп, ұлттық салт-дәстүрдің қайта жаңғыруы туралы тебіреніспен баяндалды.

Мақалада көп жылдар бойы ресми түрде атап өтілмей келген ұлыстың ұлы күні қайта оралып, елдің жүрегіне жылылық ұялатқаны айтылады. Халық бұл мерекені тек көктемнің келуі ғана емес, ұлттық рухтың жаңғыруы, ата-баба дәстүрінің қайта тірілуі ретінде қабылдағаны көрсетіледі.

Жылқыбай ЖАҒЫПАРОВ

Журналист, жазушы

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты

НҰРЫН ТӨГІП АДАМДАР КӨҢЛІНЕ,  
«НАУРЫЗ» КЕЛДІ ҚАРАӨТКЕЛ ӨҢІРІНЕ

*Мошшылық пен дәулеттің,  
Сән-салтанат сәулеттің  
Мерекесі «Наурыз» бұл.*

НАУРЫЗ айы. Базар маңы. Күн – жексенбі. Көкжиектен арайланып, көктем таңы атып келе жатыр. Түнгі салқынның құрсауынан құтылған қатқақ жер енді ғана бусана бастаған. Таң жаңа атса да, базар алаңы ығы-жығы халыққа толған. Алаңның әр жеріне тігілген ақшаңқан киіз үйлердің жанындағы жер-ошақтардан көтерілген көгілдір түгін, желсіз тымық ауада қалықтай тербеліп, көк күмбезімен астасып кеткен. Кәдімгі бәріміздің жастайымыздан бойымызға сіңісті болған, ауыл түтіні, армандай болып, алыста қалған туған ауылымыздың түтіні. Осы бір көріністің өзі-ақ жиналған жұрттың көңіл қылын тербеп, жүрек түкпіріндегі әлдебір сезімдерге қозғау салғандай.

Иә, базар маңына жиналған бүгінгі халық өзгеше. Әдеттегідей сауда-саттық іздеген көпшілікке әсте ұқсамайды. Олардың бүгінгі қимыл-қарекеті де күнделіктің күйбеңінен басқа. Халық үлкен бір құбылысты, ерекше оқиғаны күтеді. Олардың жүзінде ұзақ күткен сағынышты да салтанатты сәт алдындағы «әлдеқалай болар екен? деген алаңдаушылық бар. Таңмен таласа тұрған бір топ ақсақалды қариялар жиналған жұртқа қарай беттеді. Топқа тақала бергенде бір ақсақал «Ұлыстың ұлы күні – жыл басы, көктем мерекесі «Наурыз» құтты болсын!» деді. Көкжиектен көлбей көтерілген наурыз күнінің алғашқы нұрлы шапағымен астаса шыққан ақсақалдың ақ тілегі қалың топты дүр сілкіндіргендей еді.

Сол-ақ екен, жұрт: «Наурыз құтты болсын!», «Той тойға ұлассын!» деп бірін-бірі құттықтап, Наурыз таңына ғана тән адал ниет, кіршіксіз көңілден шыққан, дәстүрлі ақ тілектерді ақтарып жатты.

Иә бүгін ұлыстың ұлы күні – «Наурыз» тойы. Халық дәстүрінен қымбат, одан артық не, бар?! Жылдар керуені тоқтаусыз тізбектеле көшкен ғасырлар қойнауында қанша асылымыз аршылмай қалды десеңізші! Ұрпақтан-ұрпаққа Мирас болған қаншама игі дәстүр, ізгі салтымыз ұмыт болды. Қолдағы бардың өзін қадірлей алдық па? Халқымыздың ғасырлар бойы қуаныш-күлкімен, береке-бірлікпен тойлап келген, қасиетті мерекесі «Наурыз» тойы асыра сілтеу, түсінбеушіліктің салдарынан 63 жыл бойына тойланбай-ақ келіпті-ау. Өткен жылы астанамыз Алматыда бұл халық мерекесі интернационалдық сипатта аталып өтілді. Қайта құру өмірімізге революциялық жаңару, соны бетбұрыс әкелді. Осыған байланысты халықтың озық дәстүрі бай мұралары да ел игілігіне айналуға. Енді «Наурыз» жыл сайын өткізілетін, ұлттық мереке, халықтар достығының мерекесіне айналмақ. Бүгінгі күннің тебіреніске толы ерекшелігі де сонда, халық жүзіндегі толғаныс себебі де осы.



Таңғы тымық ауаны дүр сілкіндірген күдіретті күй әуені алаң үстіне қалықтай көтерілді. Екі ішекте қасиетті домбыраның көмейінен құйылған тасқынды әуен тебіреніске толы жүректердің сезім қылын шертіп, халықтың көне де мәңгі дәстүрінің қасиетін паш етіп, «Наурыз» мерекесінің басталғанын жариялады. Ортаға оюлы бешпент, оқалы бөрік киген той жүргізуші жігіт Молдыбаев) ШЫҒЫП:


- Қыс өтіп, қар кетіп,
- Шырайлы жаз жетіп,
- Шаруаның кенелген,
- Мейрамы ежелден.
- Бұл менің мерекем,
- Бұл менің берекем,
- Күтты болсын, Наурыз! – деп термелей, тебіренді.

Той жүргізушінің сөзін құйқылжи төгілген музыка үні бөліп жіберді. Енді жұрт назары алаң ортасындағы сахнаға ауды. Сахна төріне үкілі домбыра ұстаған жас жігіт шықты. Целиноград ауылшаруашылығы институтының бесінші курс студенті Рымбек Лекеровтың орындауындағы қазақтың халық әні «Қалдырған» Наурыз тойының беташар жырындай құйылды.

Алаң ортасындағы үлкен сахнаға қолдарына шашу салынған табақтарын ұстаған бірнеше ақжаулықты әжейлер оларды қаумалай қоршаған жеңгейлер шықты. Екінші жақтан тәй-тәй басып, жүрте енді талпынған сәбиін көтерген жас ана мен бірнеше әйелдер көрінді.

Наурыз тойына жиналған қалың жұртшылықтың көз алдында қазақтың ертеден келе жатқан қасиетті дәстүрлерінің бірі сәбидің «тұсауын кесу» рәсімі басталды. Ақжаулықты әжелердің бірі – Кәкен Сәметқызы Балабекова жас ананың қолындағы сәбиді қолына алып, емірене иіскеді. «Солнечный» магазинінің қызметкері Алтыншаш Базарова сәбидің аяғына жіңішке шуда жіп байлап, баланы алаң ортасына тұрғызды. Қарт әже мен Алтыншаш Базарова жүрте талпынған баланың екі қолынан ұстап, жетектей бергенде, тағы бір жеңгей баланың аяғына байланған шуда жіпті қиып жіберді. Жұрт ду қол шапалақтап, тұсауы кесілген сәби мен жас ананы құттықтады, оюлы қамзол, кестелі кимешек, дағарадай күндік киген ауыл әжесі (Күлән Иманқұлова) уыс-уыс шашу шашып, той рәсімін көтере түсті.

Сахнаға теміржол медициналық училищесінің көркемөнерпаздар коллективі шықты. Жас өнерпаз Гулбану Жексенбина және бишілер тобының орындауындағы ән мен билер көрерермен көңілінен шықты. Сол сияқты өнерпаздар Ж.Жүсіпов, У.Ғалиева, Д. Мұқанов, Манас және Жексен Болдековтердің орындауындағы халық әндері мен жырлары «Наурыз» тойының мерейін өсіріп, салтанатын асырды.



Осы сәтте сахнаға қолындағы аса таяғына сүйеніп, баяу қимылдаған ақсақалды қарт шықты. Ол сахна ортасындағы алдына келіп, микрофонның еңкіш тартқан бойын түзеп, тебірене сөйлеп кетті:

«Уа, халқым, бұл күнге де жеттік, міне. Сол үшін де тағдырыма мың рахмет айтамын! Менің атым Сағындық, әкемнің аты – Ыбырай. Жасым, міне, 85-ке келді. Мен бұл күнді көрем деп ойладым ба? Рахмет халқым, ұлы тойың – «Наурыз» тойың құтты болсын! Тойың тойға ұлассын! Осы тілекті айту үшін ортаға шықтым, жұртым. Шыдап тұра алмадым. Енді тойларыңа шашу етіп, қазақтың мына бір халық әнін орындап берейін», – деп ақсақал тебірене сөйлеп, шамалы діріл тербеген қоңыр дауыспен алыстан жеткен сағыныш сазындай болған әуезді халық әнін шырқап кетті...

Алыстан сызыла тартылған күй әуені келіп жетті. Той жүргізуші халық қамын ойлаған, болашақты болжаған абыз баба – Асанқайғы бастаған топтың келе жатқанын хабарлады. Әсем әбзелденген ақ желмаяға мінген, ақ шапанды, ақсақалды Асанқайғы баба бастаған топ көрінді. Оның соңында бес қаруын асынған Бөгенбай батырдың сарбаздары, әнші, күйші, жыршылар. Халық абыз атаның тобын үлкен ілтипатпен қарсы алды. Алаңнан Төлеген мен Қыз Жібек мінген күйме өткен кезде, базар маңындағы халық атынан әнші Рымбек Лекеров асқақтаған ән салып, жырдан шашу шашты...

Базар алаңындағы той тарқады. Тойды қызықтаған халық атынан келген өкілдер осы мерекені өткізуге алғашқы күннен-ақ белсене қатысқандарға, «Коммунизм нұры» газетіне, тойдың сәнін кіргізіп, әрін келтірген, ақ дастарханын жайып, «Наурыз көже», уыз, ірімшік, балқаймақ, сары май, ащы құрт, тұщы құрт, айран, бауырсақ, шелпек, таба нан, қуырдақ және басқа ұлттық тағамдар ұсынып, ақ дастарханын жайған Шалқар және Целиноград аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестіктерінің, сауда ұйымдарының тарапына шексіз алғыс, шын ризашылықтарын білдірді. Осы ретте әсіресе, «Шалқар» және «Құланөтпес» шаруашылықтары құрған киіз үйлердің безендірілуі мен әрлендірілуі көпшілікке қатты ұнады. Бұл киіз үйлерде қазақтың ұлттық дәстүрлеріне сай халық шеберлері жасаған бұйымдар, түскиіз, шәйі көрпе-жастық, оқалы кілем, желбау, басқұр, күмістелген ер-тұрман, жүкаяқ, сандық және басқа әр-түрлі заттар қойылды.

Мереке бұдан кейін қаланың түкпір-түкпірінде, атап айтқанда «Целинный» кинотеатры, Пионерлер сарайы мен Ленин көшесіндегі балалар қалашығында, Жастар сарайының алдында, Мир көшесінің бойындағы медициналық институты ғимараты алдында, Теміржолшылардың мәдениет сарайында жалғаса келіп, күн төбеден ауа қала халқы В. И. Ленин атындағы орталық алаңда тағы да бас қосты. Бір айта кетерлік жай, қаланың әртүрлі нүктелерінде өткізілген көктем мен еңбектің, халықтың мерекесінің ұлттық бояуында көптеген ұқсастықтар болғандықтан біз бұл шаралардың ерекшеліктерін жинақтай айтып, кейбір орындардағы тойға келген адамдардың ой-пікірлеріне, алған әсерлеріне көбірек мән беруді жөн көрдік.

«Наурыздың» ажарын ашып, ел-жұрттың назарын аударған, тойдың қызығы мен қуанышын шалқыта әрлендірген кавалькада (фольклор кейіпкерлері бас қосқан сауықшыл көш-керуен) болды. Сауық сүйер бұл көңілді топтың ең алдында Асанқайғы ата мен Жиренше өзгеше ұлттық бояулармен безендірілген түйеге мініп, қаланың бүкіл көше-көшелерін аралап, халайыққа жар болды. Қанеки, халқының қамын ойлап, тебіренген баба сөздеріне құлақ түрелік:

Уа, ұрпағым, өренім,  
 Келешек кемел, көремін.  
 Тасқындасын мерейің,  
 Гүлге оранып желегің,  
 Ойыңда астық толқыған,  
 Қырында түлік шалқыған.  
 Қалаңда думан, қызған той,  
 Қуаныштан жаным балқыған.  
 Наурыздай, ғажап, мереке,  
 Жаңару шақтың бастауы.  
 Наурызым толған береке,  
 Табиғат – дана қостауым.  
 Уа, халайық жұртшылық,  
 Мерейлі болсын, бұл тойың!  
 Халқы ұйымшыл, еңбекқор,  
 Целиноградты ұнаттым,  
 Кайда екенін мен таптым,  
 Бақ, дәулетін, тұрақтың...  
 Мерейлі болсын мерекең,  
 Тасындай түссін берекең!

Бұл көш-керуенде сонымен қатар 35 салт атты нөкерлер, арбаға орнатылған бір киіз үй, түрлі арбалар, орыс тройкасы тағы басқа сауыққой адамдар ілгері-кейінді ілесіп келе жатты. Ал кейбір салт аттар мен арбаларда жоғарыда аталған екі бастаушыдан басқа Қарашаш сұлу, Қыз-Жібек, Ақжүніс, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Еңлік Кебек, Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша бала, Алпамыс, Қобыланды, жыршылар, қазақ эпостарының және басқа кейіпкерлері жайғасыпты. Салтанатты көш-керуенде сонымен қатар туысқан халықтар эпостарының кейіпкерлері, өзінің нөкерлерімен Зымыстан және бір топ адамымен Табысқан келе жатты. Сағат тілі 11-ді соқты. Ленин көшесіндегі балалар қалашығында мереке думаны қыза түскен. Айналадағы ғимараттардың маңдайшаларына әртүрлі ақ тілектер жазылып ілініпті. Сонау бір тұста әсем безендірілген сахнада ойын-сауық қызып, әсем әндер қалықтауда. Ана бір тұста Тың игерушілер сарайының методисі Лилия Тулинова қыз қуу, аударыспақ, арқан тарту, орамал тастау сияқты қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастыруда. Мұнда да еңкейген кәріден еңбектеген сәбиге дейін бәрінің жүзінде шаттық лебі ойнайды. Жиналған жұрт «Алтын дән» ансамблінің солистері Мырзахан Жаңатілеуов пен Қымбат Тұрлыбековалардың енеріне дән риза. Сондай-ақ жас әнші Мейрам Дүйсенбаев жергілікті ақын Аманкелді Жұмабековтың сөзіне жазылған «Наурыз» атты әнді шарықтата шырқағанда көрермен қауым дуылдата қол соғып, өзгеше қошемет көрсетті. Мұнда қазақтың халық әндері «Әттең тонның келтесі-ай», «Гүлдерайым», «Үкілім-ай», «Сырғалы жеңгей» және орыс, украин, грузин және басқа халықтардың әндері шырқалып, билері биленді, кітап базары ұйымдастырылды. Сондай-ақ жиналған жұрт Целиноград ауданы «Заря» совхозының киіз үйлерінен қазақ халқының ұлттық тағамдарынан, наурыз көжеден дәм татты. Біз мұнда мерекеге қатысушы бірнеше адамдармен әңгімелескен едік.



Серік ЖАЛМАҚАНОВ, Целиноград ауыл шаруашылығы институты философия кафедрасының оқытушысы: – Мұндай халықтық мерекенің тойлануы мерейімізді одан әрі одан әрі тасыта түсері анық. Өз басым үлкен қуаныш үстіндемін. Әрине, мейрамның мінсіз болғанына не жетсін. Осы ретте менің айтарым, тілегім – «Наурыз» ұлттық мереке болғандықтан да қазақ халқының өзіндік ерекшелігі барлық бояуымен барынша қанық көрініс тапқаны оңды болар еді. Мысалы, сауда мекемелері ұлттық киімдердің үлгілерін сатса, оны жұртшылық қуана сатып алып, осындай ұлыстың ұлы күні киіп жүретіні сөзсіз. Бұл таңданарлық нәрсе сияқты. Ал шын мәнінде егер бұл өмірімізге бір еңсе одан әрі берік қалыптасары анық.

Петр Алексеевич ТАЩЕЕВ, Бүкілодақтық астық өнімдері ғылыми-өндірістік бірлестігінің жүргізушісі: – Сөздің шыны керек, Қазақстанда көп жылдан бері тұрып жатсам да ол туралы өте аз біледі екенмін. Ал, бүгінгі көктем мерекесі көкірегіме көп нәрсені ұялатты. Қазақ халқының ұшан-теңіз дәстүрлерін, өнер мұраларын көзіммен көріп, тамашаладым. Осының өзі менің бұл халық туралы түсінігімді кеңейтіп, ерекше құрмет сезімімді оятты. Осы іспеттес мәдени шаралар бұлайғы уақытта да өткізілсе, мұның өзі халықтар достығын нығайта түсетіні анық.

Марат НӨКІШЕВ, №32 орта мектептің 4-класс оқушысы: – Мен «Наурыз» мерекесінен көп нәрселерді үйрендім. Пионерлер сарайында үйлену салты, ұлттық ойындар және басқа қызықты шаралар ұйымдастырылыпты, біз қарындасым Маржан екеуіміз осындай дәстүрлерді көргенде, халқымыздың тамаша мұралары бар екеніне көз жеткіздік. Шіркін, ұлттық әдет-ғұрыптарын білдіретін осы сияқты шаралар пионерлер мен оқушылар арасында жиірек өткізіліп тұрса ғой.

Түн тас төбеге көтерілгенде Жастар сарайының маңы думанға бөленіп тұрды. Мұнда фольклордан басталған өнер мерекесі совет халықтарының ән-билеріне ауысқан. Өне, ортаға өз еріктілігімен шыққан, қорғалжындық Қуандық Әбілов пен термеші Бөлеген Тыныбеков өз өнерлерін жұрт сарабына салып жатыр. Жиналған көпшілік бұл өнерпаздарға ақ пейіл мен қошемет көрсетуде. Біз қызық думанды тамашалап тұрған бірнеше адамды сөзге тартып едік, іркілместен ойларын ортаға сала бастады.

Төлеуғали БӨРІБАЕВ, Целиноград ауыл шаруашылығы институтының оқытушысы: – Маған мынау Жастар сарайы алдындағы мерекелік шаралар ұнады. Әсіресе, ойын-сауықты ұйымдастырушылар Жұмагүл Сәтмұғанбетова мен Серғали Сұрағановтардың тапқырлықтары сүйсінтті. Осыған дейін «Целинный» кинотеатрының жанында болған едік. Ондағы киіз үйге кіргенімізде ішінің бос тұрғанын көріп, қайран қалдық. Рас, мәңгі, тұшпара және тағы басқа дәмді тағамдар жасалыпты. Бірақ мәселе тамақ ішуде емес, «Наурызға» жиналған жұрт халқымыздың атадан балаға мұра болып келе жатқан бай дәстүрлерін, өрнектерін, қайталанбас тұрмыстық, киім-кешек үлгілерін тамашалағысы келгені ақиқат. Ал оның кейбір киіз үйлерде болмауы үлкен оқпылық. Оны ескермей, өз ісіне жүрдім-бардым қарағандарға рахмет айтуға бола қояр ма екен?..

Ескермес ИМАНБАЕВ, облыстық телевизияның коментаторы – Бұл жердегі мереке салтанаты одан әрі жақсы ұйымдастырылар ма еді, қайтер еді, егер кейбір жергілікті басшылар өз ісіне жауапкершілікпен қарағанында. Біз Целиноград механикаландырылған шаруашылығы орман басшыларына наразымыз. Олар соңғы күндерге дейін осы жерге алтыбақан құруға уәде беріп келген еді. Бірақ ол орындалмады. Сосын, «Киров» совхозының өкілдері киіз үй тіккенімен ішіне ешқандай ұлттық бұйым-мүліктер қоймады. Сондықтан оған ешкім кірген де жоқ. Сондай-ақ бұл жерге сахна да жасалмады. Ал, осы істерді ұйымдастыруға бірден-бір жауапты Жастар сарайының көркемдік жетекшісі И. В. Жеребетьева істің мәніне түсінбей, өз ісіне салғырт қараған.

...Түс ауа бүкіл қала халқы орталық алаңға лек-легімен ағыла бастады. В. И. Ленин атындағы алаң ерекше безендірілген. Күн көсем ескерткішінің нақ алдында биік орынға сегіз қанатты киіз үй тігіліп, оған жалғастырыла арнаулы концерттік сахна жасалынған. Ал, алаңның күншығыс жақтарына қатарластырыла төрт киіз үй тігілген. Соңадай бір тұста биіктеу етіп, қазақша күрес өткізілетін балуандардың шаршы алаңы орнатылыпты.

Енді бір сәтте жиналғандар соңына жыланның символикасын тіркеген самолеттің алаңның үстінен қалықтай ұшып бара жатқанының куәсі болды. Көп кешікпей «Наурыз» салтанаты да басталып кеткен. Сахнаға кезек-кезек көтерілген қазақ эпостарының кейіпкерлері жұртшылықты өздерінің тапқырлықтарымен тәнті етуде. Әне, көпшілік алдына «Алтынай» халық ансамблінің қыздары мен жігіттері де өнер көрсетуде. Көрермен қауым әсіресе Қорғалжын халық театрының өнерпаздарына ерекше ризашылықпен қол соқты. Өйткені олар мұндағы концерттік бағдарламаның басым бөлігін қазақ тілінде орындады. Сондай-ақ қала халқын алғашқы тың игерушілер Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, оларға ең қасиетті дәм – нан мен тұз ұсынды. Мұнда сонымен қатар тұсаукесер, үйлену және тағы басқа ұлттық салт-дәстүрлер рәсімі көрсетілді. Ал қазақша күрес ұйымдастырылған жерде қызық-думан одан әрі жалғасты. Онда өз салмақ дәрежелері бойынша С. Үсіпбеков, И. Сатыбалдинов, С. Әлиғожин, М. Матыщев, В. Носков, А. Дынко, С. Федоров бірінші орынды жеңіп алды. Мұндағы ерекше атап өтерлік жайт – Краснознамен ауданы Калинин атындағы совхоздан келген Еркін Маусымбаев күреске түсіп, бірінші орынның жүлдесін жеңіп алды.

Біз үзіліс сәттерінде мерекеге қатысушылардың бір тобымен әңгімелескенімізде, олар өздерінің ой-пікірлерін жарыса ортаға салды.

Сапар ОРАЗАЛИН, Қорғалжын халық театрының режиссері: – Біз бұл халықтық дүбірлі тойға үлкен дайындықпен келдік. Өздеріңіз де байқаған боларсыздар, орталық алаңдағы қазақ тіліндегі программаның басым бөлігі біздің еншімізге тиіпті. Шүкір, өнерімізге халық қатты риза. Дуылдата қол шапалақтап, гүлдете қошемет көрсетіп жатыр. Оған көп рахмет! Енді мен көңіліме түйген ойларымды, наз-реніштерімізді де айтқым келеді. Әртүрлі думанды мерекені талай рет ұйымдастырған маман ретінде маман ретінде көкейге түйгенім – «Наурыз» мейрамы бүге-шігесіне дейін мұқият ұйымдастырылмаған. Оның тікелей жүргізушілеріне, сценарийін жазған авторына да, режиссеріне де толық риза емеспіз. Бір кавалькадамен (салт атты керуенмен) бірге бес сағаттан астам жүрдік. Халықты мерекенің қай жерде, қашан өтетіні туралы хабарландыру тек орыс тілінде жасалды. Ал музыкалық сүйемелдеуге келсек, зарлы әуендегі «Ақ жайық» пен бір ғана күй сан мәрте қайталанды. Ал көштің құрамындағы аттарға басты кейіпкерлер мінгізілмей, олардың орнына жастар отырды. Олар ұлттық киімдер киген де жоқ. Ал шын мәнінде, сол аттарға арнаулы киімдер киген қыз-жігіттер жайғасса, нұр үстіне нұр болар еді ғой. Қазақ дәстүрінде Жиренше салт атқа мінетін-ді. Ол түйеге отырғызылып, түйені салт атта жетектеу орнына екі ойсылқара тұқымы машинаның соңынан жетектелді. Бұл әрине, көзге қораштау көрініп тұрды. Тағы бір айтпағым – «Наурызда» ұлттық белгілеріміз молдау көрінуі керек-ақ еді. Мәселенің интернационалдық сипатын біз де білеміз. Алайда ең алдыңғы машинада қазақ фольклоры кейіпкерлерінің отырмағаны өкінішті-ақ. Негізі мұндай саяси әрі әлеуметтік маңызы ерекше тойды халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, тарихы мен тілді жетік білетін режиссерге тапсыру керек еді. Ал бұл жолы бас режиссеріміз Р. М. Окунь көп жайттарды білмесе де, ұсыныстарымызға құлақ аспай, өзі білемге салынып, дес бермеді.

Иә, сонымен қаламызда халықтық мереке аталып өтті. Әрине, бұл той жұртшылықты ерекше бір серпілкені анық. Айрықша бір атап айтарлықтай жайт – бұл ең алғашқы рет ұйымдастырылған шара болғандықтан, кемшіліктер де едәуір кездесті. Сценарийдің кей тұстары жауапсыздық салдарынан толық орындалмай қалды. Енді алдағы уақытта осынау олқылық тиісті органдар тарапынан мұқият тексеріледі деп сенгіміз келеді. Ең бастысы, «Наурыз» тойы қаламызды мекен еткен барлық ұлттардың интернационалдық сипатпен әдіптелген бүкіл халықтық шынайы достық мерекесіне ұласты. Біз мұны жиында жиналған әртүрлі халық өкілдерімен диалог барысында айқын аңғардық. Ал мереке соңы Алматыдан арнайы келген меймандар Қазақ ССР-інің халық артисі Мұрат Мұсабаев, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген актрисасы Нағима Есқалиева, сондай-ақ «Азия аруы» конкурсының жеңімпазы Салтанат Кәмалиева қатысқан өнер кешіне жалғасты. Думанды мейрам ұзағынан сүйіндіргей!

*«Коммунизм нұры» №55  
Сейсенбі. 21 март 1989 ж.*

Буркит АЯГАН

Д.и.н., профессор, заместитель Истории  
Государства МНВО РК.

ДВУХТОМНИК «ВОСПОМИНАНИИ» ПРОФЕССОРА  
ЗАКИ ВАЛИДИ ТОГАНА КАК ИСТОЧНИК.

---

**Аннотация.** В статье двухтомные «Воспоминания: Борьба Туркестана и других восточных мусульманских тюрок за национальную идентичность и культурное сохранение» Заки Валиди Тоган рассматриваются как важный исторический источник по изучению политических, национальных и интеллектуальных процессов 1917-1950 годов. Особое внимание уделяется его роли как востоковеда и активного участника национально-освободительных движений народов Туркестана, Башкортостана и Казахстана.

Воспоминания используются для анализа его связей с лидерами движения Алаш Орда, в том числе с Мустафа Шокай, Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов и другими представителями казахской интеллигенции. Подчеркивается ценность мемуаров как источника, раскрывающего малоизученные страницы истории национального самоопределения тюркоязычных народов, революционных событий 1917 года, формирования автономных образований и оппозиции сталинской власти.

Делается вывод о значительном научном и историографическом потенциале данных воспоминаний для современной российской и постсоветской исторической науки.

**Ключевые слова:** Заки Валиди Тоган; воспоминания; исторический источник; Алаш Орда; национально-освободительное движение; тюркские народы; революция 1917 года; автономия; эмиграция; советская историография.



---

В советский период немало число трудов было не только предано забвению, но их труды срывались от общественности, а имена были заклеены как «буржуазных националистов» или еще каких-то «заключенных отщепенцев». Такая судьба оказалась характерной для многих видных политических деятелей СССР игравших заметную роль в событиях 1917-1940-х годов. Причина подобного сокрытия имен политических деятелей была довольно проста: апологеты режима безособых причин самовольно причислили немало число людей к отряду «антисоветских элементов». На самом деле, сталинское окружение скрывали всю правду о своих преступных деяниях. Список был обширный, куда входили и политические деятели, писатели, ученые и так далее. К числу запрещенных книг входили труды деятелей «Алаш-Орды», известного казахстанского политика Мустафы Шокая (Чокай), труды которых в настоящее время издаются и переиздаются.

Одним из тех, кто был наиболее известен и как ученый и как политический деятель был Заки Валиди Тоган. Его имя и фамилия в источниках пишутся по разному – имя Ахмет-Заки, Ахметзаки, а фамилия – Уалиди, Уелиди, Валиди, Валидов, а также Тоган, Тутан. «Тоганом» или «Ертоганом» звали его деда.

Особая ценность мемуаров известного не только башкирского, но и деятеля всесоюзного масштаба состоит в том, что он был в постоянной связи с казахстанскими интеллектуалами и политическими лидерами многих стран Азии и Европы. Втяжелейших условиях распада Российской империи и гражданской войны Заки Валиди стал не только теоретиком нового государственного строительства в молодой Советской Республике; он твердо отстаивал идею равноправного союза народов в период строительства СССР. В начале XX в. вместе с деятелями Алаш-Орды Ахмет-Заки (Уалиди) Тоган обосновал и реализовал идею и исторического права тюркоязычных народов на самоопределение. Проживая в Турецкой республике и обучаясь в Европе Заки Валиди постоянно интересовался и изучал историю тюркских народов.

Научному сообществу Заки Валиди широко известен как крупный ученый востоковед. Занимаясь наукой Ахмет-Заки обнаружил и ввел в научный оборот рукопись хроники арабского путешественника Ибн-Фадлана, вариант текста «Чингиз-Наме» Утемиша Хаджи и иные ценные материалы; написал ряд глубоких работ по истории Улуг Улуса-Золотой Орды. Многие его труды были прорывными и стали переломными в изучении средневековых государств Востока.




Книга в двух томах – полное название «Воспоминания: борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры» Заки Валиди Тогана состоят из двух частей. Они в свое время были изданы в Турции в 1967-ом году на турецком языке (Хатиры), а затем переизданы в Уфе в 1994 году уже после распада СССР. Мемуары двухтомника, написанные на строгой документальной базе, как указывает сам автор, охватывают длительный период начиная с его рождения, юности, участия в научных исследованиях. В мемуарах он подробно описывает время и условия в которых рос и получил жизненную закалку. Ахмет-Заки Валиди Тоган родился в башкирской деревне Кузян. Выросший в мусульманской семье, он хорошо изучил арабский, персидский языки, исламскую теологию. Он также прекрасно владел русским языком. [8; 1994:Т.1,29-31]. Родители сумели привить сыну глубокий и устойчивый интерес к знаниям и поэтому после обучения в аульном медресе Ахмет-Заки продолжил образование в Казани. Там же, как он сам пишет близко сошелся с видными востоковедами России – Абубакиром Дивавым, Шагабудином Маржани, Григорием Потаниным, Игнатием Крачковским, академиком Василием Бартольдом. Заки Валиди подробно и объективно описывает свои встречи с ними, а также переписку с учеными.

Не менее важны его свидетельства о революции 1917 года, тесных взаимоотношениях с авторами событий, в том числе лидерами национальных движений многих народов. С лидерами большевизма он был хорошо знаком и неоднократно встречался в 1917-1918-х годах. Очень интересны и точны его наблюдения в отношении В.И.Ленина и И.В.Сталина, которых он относил к политикам тоталитарного мышления. И как показали дальнейшие события, автор воспоминаний оказался прав – именно они создали деспотическое государство с разветвленной репрессивной машиной. Не менее интересны его воспоминания связанные с событиями революции 1917 года и созданием башкирской автономии. Необходимо подчеркнуть, что башкиры уже в ноябре 1917 году объявили о своей автономии, что окрылило другие нерусские народы к созданию своих территориальных образований.

Для отечественных исследователей ценным являются упоминания встреч Ахмет Заки Валиди с видными казахскими деятелями первой половины XX века. На страницах «Воспоминаний», и в первом и во втором томах Заки Валиди описывает свои встречи с Сералы Лапиным, Санжаром Асфендияровым, Алиханом Букейханом, Ахметом Байтурсыном, Магжаном Жумабаевым. Например, Заки Валиди пишет, что «прибывший от казахов юрист Азимбек Беримжанов попросил нашей помощи для создаваемого ими в Тургайской губернии национального войска. Мы послали туда из офицеров Габдельхака Габитова и еще несколько человек» [Т.2.С.258]. На странице 345 Заки Валиди пишет, что после распада в Восточном Казахстане в Башкортостан 1918 году прибыли Мирзагазим (видимо Сейдазим) Кадырбаев и Мухтар Ауэзов. Ауэзов горячо поддержал идею продолжения борьбы в Туркестане. Ахмет-Заки Валиди также высоко оценивал неизвестные широкому кругу попытки Турара Рыскулова по консолидации антисталинских сил. Очень тесно и на протяжении многих лет А.-З.Валиди общался с Мустафой Чокаевым. Их объединяли общие цели борьбы против царского самодержавия, а позже диктатуры большевистской номенклатуры. Они вновь встретились в европейской эмиграции, где продолжили свою политическую и научную деятельность.

В обеих частях «Воспоминаний» Ахмет Заки приводит очень много свидетельств, которые проливают свет на недостаточно изученные страницы жизни и деятельности членов «Алаш-Орды». Например, он сообщает, что необходимость выезда лидеров движения за пределы уже Советской республики было принято на совещании Туркестанского комитета, где присутствовали Алихан Букейхан, Ахмет Байтурсын. В книге Ахмет-Заки вспоминает про свое прощание с Ахметом Байтурсыном с которым простились со слезами на глазах. Интересно, но Валиди сообщает, что была попытка вывезти Кейки из Тургая, но присланные помощники не успели спасти батыра.



*Берлин, 1925 г. Слева направо: сидят Заки Валиди и Азимбек Беримджан.  
Стоят Абдулкадир Инан, Ибрагим, Абдулваган*

По мандату Туркестанского комитета Мустафа Чокаев и сам Заки Валиди Тоган с большими трудностями перешли границу и развернули там свою деятельность. В «Предисловии» он подробно описывает, как ему удалось сохранить и вывезти в Турцию очень ценные рукописи по истории ислама истории тюрков, персидских народов. Привезенные А.-З.Валиди материалы составили основу тюркологического архива в Стамбуле.

Проживая в Турции он продолжительное время, и используя базовые материалы и документы, подробно описал события, которые он пережил. Он поименно указывает и благодарит тех, кто помог ему в сборе сведений. Интересно, что в 1943-м году Заки Валиди встретился в Германии с пленными из башкир, которые помнили его «Прощальное письмо» 1920 года написанные им перед уходом в эмиграцию.

Уже после Второй мировой войны, в 1957-ом году он работал в известном Гуверовском институте войны революции и мира, (Стэнфордский университет, США), где пользовался комплектом газет вывезенных из России главой Временного правительства России А.Ф.Керенским, а также корпусом мемуаров представителей антибольшевистской оппозиции. В список прочитанных им книг входили и работы и тех, кто входил в окружение И.Сталина, которым удалось выехать за границу или отправить туда свои записи. В мемуарах, Заки Валиди подчеркивает, что он написал «Воспоминания» (Хатиры), уже когда многие деятели были уничтожены или умерли и он уже не нанесет им вреда. Уже во Франции Заки Валиди близко сошелся с известным ученым Иосифом Кастанье который подробно описал развалины Оренбургского края и памятники старины по Сыр-Дарье. Вообще можно только поражаться трудолюбию и широте знаний Заки Валиди.

В 1954 году профессор Заки Валиди принимает активное участие в размещении и обустройстве казахских беженцев из маоистского Китая, которые были размещены в санатории «Тузла». Казахских беженцев в лагере посетили и оказали им большую помощь в обустройстве лидеры башкирских автономистов, тоже нашедших приют в Турции – профессора Абдулкадир Инан и Заки Валиди Тоган. В своей книге «Елім-айлап өткен өмір» Хасен Оралтай подтверждает сведения, изложенные Заки Валиди [11; 2005: Сс. 167,173]. При встрече Заки Валиди Тоган дал Хасану Оралтаю очень много ценных сведений о лидерах Алаш-Орды – Алихане Букейхане, Ахмете Байтурсуне и иных деятелях, с которыми тесно сотрудничал в 1920-е годы [4;Т.1. Сс.170,-171, 192, 194, 276, 287, 322-323, 368]. Кроме всего Заки Валиди и казахский журналист начали совместную работу над публикацией жизни Чингиз-хана, которого Валиди считал потомком древних тюрков, в частности племени «карататар». В 1966 году по рекомендации Заки Валиди Тогана Хасен Оралтай был принят сотрудником радио «Свобода», что тому открыло новые горизонты [11; 2005: Сс.194-196]. Несмотря на долготелнее умолчание и дискредитацию имени, Ахмет-Заки Валиди Тоган остается заметной фигурой в науке и политической жизни всего постсоветского мира, в том числе и Казахстана. Имя и труды Ахмет-Заки Валиди активно вводятся в научный оборот; его концепции и идеи часто звучат на научно-практических конференциях по тюркской тематике или в связи с деятельностью лидеров Алаш-Орды в период 1917-1940-годов. А «Воспоминания» А.З.Валиди Тогана во многом дополняют отечественную библиографию по политическим процессам 1917-1950-х годов.

После продолжительной болезни ученый умер в кругу своей семьи и учеников 26 июля 1970 года. 27 июля того же года он был похоронен на кладбище давшего ему приют и признавшего его города – Стамбуле. В качестве эпиграфа для одного сюжета Ахмет-Заки Валиди Тоган выбрал такой отрывок высеченный на стенах мечети: «Разрушится со временем и величественный дворец, не сможет опереться на твои стенания. Будет гореть в огне душа и того, что ныне бросает в пламень чужие души» [4; 1998: С. 322]. Возможно, Заки Валиди Тоган тем самым отразил свое отношение к тем, кто был повинен в его изгнании из Родины. Более того, он предрек и падение Советского государства, говоря». Разрушится со временем величественный дворец...»

В Санкт-Петербургском Университете, в период перестройки, в 2008 году, как знак признания заслуг ученого-востоковеда профессору Ахмет-Заки Валиди Тогану был сооружен бюст который в 2021 году был снесен согласно представления прокуратуры района.

## Список использованных источников и литературы:

1. Аяган Б. Г. Заки Валиди Тоган и казахские автономисты: общность судеб и мировоззрения // История и культура народов Евразии: прошлое, настоящее, будущее: материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 120-летию со дня рождения А.-З. Валиди Тогана (Стамбул, 21 мая 2010 г.). Уфа, 2010. Ч. 1. С. 103–107.
2. Аяган Б. Г. Взаимоотношения башкирских и казахских интеллектуалов в начале XX века // Единство. Гражданственность. Патриотизм: сб. науч. тр. к 100-летию Республики Башкортостан. Уфа: Мир печати, 2019. С. 258–261.
3. Аяган Б. Г. Политические отношения А.-З. Валиди Тогана с казахскими автономистами в период 1917–1930-х годов (на основе двухтомника «Воспоминаний» А.-З. Валиди Тогана) Отан тарихы// Отечественная история. 2024. Т. 27, № 4. С. 889–904.
4. Байкара Т. Заки Валиди Тоган / сост., пер., доп., указ. Р. М. Булгакова, А. М. Юлдашбаева. Уфа: Китап, 1998. 328 с.
5. Бартольд В. В. Тюрки двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1993. 192 с.
6. Буканова Р. Г. Заки Валиди Тоган: прошлое и настоящее // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. 2021. № 2 (69). С. 148–156.
7. Валиди А.-З. Восточные рукописи Ферганской области // Записки Восточного отделения Императорского русского археологического общества. СПб., 1915. Т. 22. 320 с.
8. Валиди Тоган А.-З. Воспоминания борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. Кн. 1. Уфа: Китап, 1994. 400 с.
9. Движение Алаш: сб. материалов судебных процессов над алашевцами: документы, вопросы и ответы, синхронные переводы, материалы судов, конфискованные письма. Алматы: Ел шежіре, 2011.
10. Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. Алматы: Дайк-пресс, 2008. С. 243–267, 360–365, 371.
11. Оралтай Х. Елім-айлап өткен өмір / 2-бас. – Алматы: Білім, 2005.

ХҒТАР 03.09

**Бүркіт АЯҒАН**

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитеті төрағасының орынбасары*

**ПРОФЕССОР ЗӘКИ ВАЛИДИ ТОҒАННЫҢ ЕКІ ТОМДЫҚ  
«ЕСТЕЛІКТЕРІ» ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ**

**Аннотация.** Бұл мақалада Заки Валиди Тоғанның екі томдық «Естеліктер: Түркістан және басқа да шығыс мұсылман түріктерінің ұлттық бірегейлік пен мәдени сақталу жолындағы күресі» атты естеліктері 1917-1950 жылдардағы саяси, ұлттық және интеллектуалдық процестер туралы маңызды тарихи дереккөз ретінде қарастырылады. Автордың шығыстанушы ғалым және Түркістан, Башқұртстан және Қазақстан халықтарының ұлттық-азаттық қозғалыстарына белсенді қатысушы ретіндегі рөліне ерекше назар аударылады. Оның естеліктері Алаш Орда қозғалысының көшбасшыларымен, соның ішінде Мұстафа Шоқаймен, Әлихан Бөкейханмен, Ахмет Байтұрсыновпен және басқа да қазақ зиялы қауымының өкілдерімен байланыстарын талдау үшін пайдаланылады. Заки Валиди Тоғанның естеліктерінің құндылығы түркітілдес халықтардың ұлттық өзін-өзі анықтау тарихының, 1917 жылғы революциялық оқиғалардың, автономиялық облыстардың құрылуының және Сталинге қарсы оппозицияның аз зерттелген тарауларын ашатын дереккөз ретінде атап өтіледі. Естеліктер қазіргі заманғы орыс және посткеңестік тарихи ғылым үшін айтарлықтай ғылыми және тарихнамалық әлеуетке ие деген қорытындыға келеді.

**Түйін сөздер:** Зәки Валиди Тоған; естеліктер; тарихи дереккөз; Алаш Орда; ұлт-азаттық қозғалыс; түркі халықтары; 1917 жылғы революция; автономия; эмиграция; кеңестік тарихнама.

IRSTI 03.09

**Burkit AYAGAN**

*Doctor of Historical Sciences, professor,*

*Deputy Chair of the Science Committee,*

*Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

THE TWO-VOLUME “MEMOIRS” OF PROFESSOR ZEKI VELIDI TOGAN AS A HISTORICAL SOURCE

**Abstract.** *This article examines the two-volume memoirs “Memoirs: The Struggle of Turkestan and Other Eastern Muslim Turks for National Identity and Cultural Preservation” by Zeki Velidi Togan as an important historical source for studying the political, national, and intellectual processes of 1917–1950. Particular attention is paid to his role as an Orientalist scholar and an active participant in the national liberation movements of the peoples of Turkestan, Bashkortostan, and Kazakhstan.*

*The memoirs are used to analyze his connections with the leaders of the Alash Orda movement, including Mustafa Shokay, Alikhan Bukeikhanov, Akhmet Baitursynov, and other representatives of the Kazakh intelligentsia. The memoirs are highlighted as a valuable source revealing understudied aspects of the national self-determination of Turkic peoples, the revolutionary events of 1917, the formation of autonomous entities, and opposition to Stalin’s regime.*

*The study concludes that these memoirs possess significant scholarly and historiographical potential for contemporary Russian and post-Soviet historical research.*

**Keywords:** *Zeki Velidi Togan; memoirs; historical source; Alash Orda; national liberation movement; Turkic peoples; 1917 Revolution; autonomy; emigration; Soviet historiography.*

References:

1. Ayagan B. G. Zaki Validı Togan және qazaq avtonomisteri: ortaқ taǵdır men dúnietanım // Istoriya i kultura narodov Evrazii: proshloe, nastoyashее, budushее: materialy Mejdunar. nauç.-prakt. konf., posvyaş. 120-jıldığına A.-Z. Validı Togannıń (Sambul, 21 mamyr 2010 j.). – Ufa, 2010. – 1-böl. – 103–107-b.
2. Ayagan B. G. XX ǵasır basyndaǵı başqurt және qazaq ziyalılarınıń qarım-qatınası // Edinstvo. Grajdannost. Patriotizm: Başqortstan Respublikasınıń 100 jıldığına arnalǵan ǵılımi eńbekter jınaǵı. – Ufa: Mir peçati, 2019. – 258–261-b.
3. Ayagan B. G. A.-Z. Validı Togannıń qazaq avtonomisterimen sayası qarım-qatınastarı (1917–1930 jıldar) («A.-Z. Validı Togannıń estelikteri» eki tomdıǵı negizinde) // Otan tarihy. – 2024. – 27-tom, №4. – 889–904-b.
4. Baykara T. Zaki Validı Togan / qwrast., aud., tolıqt., körsetkişter: R. M. Bulgakova, A. M. Yuldaşbaeva. – Ufa: Kitap, 1998. – 328 b.
5. Bartold V. V. Türikter: Ortalıq Aziya türik halıqtarınıń tarihi boyınşa on eki dāris. – Almaty: Jalın, 1993. – 192 b.
6. Bukanova R. G. Zaki Validı Togan: ötkeni men qazirgi jaǵdayı // Abay atındaǵı Qazaq wlttıq pedagogikalıq universitetiniń habarşısı. Tarihi және әleumettik-sayası ǵılımdar seriyası. – 2021. – №2 (69). – 148–156-b.
7. Validı A.-Z. Ferǵana oblısınıń şıǵıs qoljazbaları // Imperatorlıq Resey arheologiyalıq qoǵamınıń Şıǵıs bölimi jazbaları. – Sankt-Peterburg, 1915. – 22-tom. – 320 b.
8. Validı Togan A.-Z. Estelikter: Türkistan halıqtarınıń және basqa şıǵıs müsılman-türikteriniń wlttıq bolması men мәdenietin saqtaw üşin küresi. – 1-kitap. – Ufa: Kitap, 1994. – 400 b.
9. Alaş qozǵalı: Alaş qayratkerlerine qarşı sot procesteriniń materialdarı jınaǵı: qwjatlar, swraq-juaptar, sinhrondı audarmalar, sot materialdarı, tärkilegen hatrap. – Almaty: El şejiresi, 2011.
10. Esmāǵambetov K. L. Älem tanuǵan twlǵa. – Almaty: Dayk-press, 2008. – 243–267, 360–365, 371-b.
11. Oralıay H. Elim-aylap ötken ömir. – 2-basilım. – Almaty: Bilim, 2005.

## ЕЛОРДА ТАРИХЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ: 30 ЖЫЛДЫҚ АРХИВ ТАҒЫЛЫМЫ

Елорда тарихының құжаттық жадысын қалыптастырып келе жатқан Астана қаласы Мемлекеттік архиві 1995–2025 жылдар аралығын қамтитын «Жылдар жылнамасы» атты мазмұнды жинағын жарыққа шығарды. Басылым архивтің 30 жылдық даму жолын, кәсіби қалыптасуын және ұлттық архив ісіне қосқан үлесін кезең-кезеңімен баяндайды.

Жинақта архивтің құрылған сәтінен бастап бүгінге дейінгі атқарылған жұмыстар, материалдық-техникалық базаның нығаюы, құжаттарды сақтау мен қалпына келтіру бағытындағы кешенді шаралар, ғылыми-зерттеу және баспа қызметінің нәтижелері кеңінен қамтылған. Бүгінде архив қорында 500 мыңнан астам сақтау бірлігі жинақталған. Әрбір құжат – елорданың өсіп-өркендеу кезеңдерінің айғағы, Тәуелсіз Қазақстан тарихының ажырамас бөлшегі.



Соңғы жылдары архив ісін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Архив-2025 жобасы аясында 7 миллионнан астам парақ цифрлық форматқа көшіріліп, құжаттарға қолжетімділік айтарлықтай артты. Заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталу және электронды қызмет көрсету тетіктерінің енгізілуі архив жұмысын жаңа деңгейге көтерді.

«Жылдар жылнамасы» – тек есептік сипаттағы басылым емес. Бұл – тарихи жадыны сақтау жолындағы жүйелі еңбектің көрінісі, ұжым кәсібилігінің айғағы, архив ісінің даму векторын айқындайтын тағылымды еңбек. Жинақта әр жылдағы маңызды оқиғалар, жетістіктер мен бастамалар шежірелік жүйемен беріліп, оқырманға архив қызметінің мазмұнын тереңірек тануға мүмкіндік жасайды.

Басылым тарихшыларға, архив саласының мамандарына, зерттеушілерге, студенттерге және елорданың өткені мен бүгініне қызығушылық танытатын көпшілік оқырманға арналған.

Ұлт тарихын сақтау – ортақ парыз. Осы жолда Астана қаласы Мемлекеттік архиві алдағы уақытта да тарихи құндылықтарды ұқыпты сақтап, болашақ ұрпаққа аман жеткізу бағытындағы қызметін жалғастыра бермек.



SHARED EXPERIENCE OF THE ICA CONGRESS  
AND THE NEW PROFESSIONALS PROGRAMME

This article is part of the New Professionals Newsletter, No. 27.

Paris 15 February 2026

Home Professional Programme New Professionals Programme Shared experience of the ICA Congress and the New Professionals Programme

*As the curtains draw on the International Archives Congress ICA Barcelona 2025, the New Professionals (NP) took some time to reflect on their Congress experience in particular and the ICA New Professionals Programme (NPP) in general. Clara Giménez Delgado and Sandy Wang, both NP from the cohort 2025/2026, engaged their fellow NP to share more about their thoughts and personal experiences.*

The International Archives Congress ICA Barcelona 2025 was over in a blur, and its conclusion prompted a much-needed introspection on the part of the ICA New Professionals' (NP). The Congress was, after all, a milestone event of the New Professionals Programme (NPP). The NP had spent months preparing the presentations of their projects for the Congress, all whilst juggling other side projects such as taking over the ICA NP official social media accounts and creating content for this very revamped newsletter. Thus, the Congress represented the culmination of months of hard work, the opportunity to meet each other in person and, most importantly, the occasion to live a shared experience. Simultaneously, the NP had our respective areas of interests and Congress plans and, unsurprisingly, we all attended different sessions and went home with diverse takeaways. In an effort to collect our thoughts and find some time to reflect, we asked the NP to share their personal experiences about the Congress and the NPP in general.

**Things that left the deepest impressions**

Didier Grange, one of the 2025 ICA Fellows said something along the lines of encouraging people to get involved with the ICA in the spirit of cooperation, even if your contribution to the ICA can only be temporary or humble...

**Faythe**

His [Cobley's] discussion was wide ranging and provided good context and history of the legacy of colonialism in the region, which helped to frame the ideas and initiatives. His discussion allowed me to compare the points of similarity as well as gain new insights in relation to my own archive's practice, and archival practices in the Oceania region...

**Huni**

It could be a session, a meeting or, perhaps, a line that an archivist said. Whichever it was, all the NP have a particular moment during the Congress that etched deep impressions on them. Herbert and Huni found Alan Cobley's presentation on "Decoloniality, Reparations, Digitisation and the New Paradigms and New Technologies Shaping Caribbean Archives in the Twenty-First Century" deeply inspiring. While Clara and Sandy found the meetings and panel with the ICA Expert Group on Archival Description (EGAD) strongly engaging. Manuel Antonio and Adrià found sessions relating to inclusiveness to be stimulating, including "Almost Unfinished Inclusion: The Pending Issues of Access for People with Disabilities to Public Employment in Archives" and "Repensant la Metodologia Arxivística i de Gestió Documental. Primer Any del Desplegament del Pla Transversal de Gènere de l' Arxiu General de la Diputació de Barcelona." Arvid found it important that complex topics such as the safeguarding of archives at-risk, either through climate-related threats, war or large-scale violence or political or financial instability, were tackled in sessions such as "Archiving Trauma: Collecting in the Aftermath of Crisis, Disasters and Mass Violence." While Sayan

highlighted “Expanding Access and Collaboration in Archives Through Digital Tools and Policy Support” as a session that he found most useful. Rather than sessions, panels, or meetings, Faythe found that the words of Didier Grange, 2025 ICA Fellow, struck a chord with her, as she contemplated what her future with the ICA would look like as her stint as an active NP will come to an eventual end.

#### **Experience of the Congress as an ICA New Professional**

Although the week was sometimes overwhelming, being part of the NPP made me feel welcome. By meeting a lot of people, who knew us as NP, I enjoyed walking around the conference and running into people that I had spoken to earlier. Also, being a large group, it was nice to often be in sessions with the other NP and exchange ideas afterwards.

#### **Arvid**

Being an NP made the Congress feel different. I had a clear role, a small network, and mentors who helped me choose sessions and meet the right people.

#### **Adrià**

It has given me an immediate sense of belonging and purpose, which can otherwise be overwhelming in a gathering of this scale. Walking into sessions already connected to a cohort of peers, each with diverse perspectives, skills, and backgrounds, created an environment where learning felt collaborative rather than isolated. It also made it easier to approach people, ask questions, and engage in conversations that went beyond surface-level networking.

#### **Sayan**

It is one thing to attend the Congress; it is a whole other experience to attend it as a NP. Without a doubt, being a NP shaped the manner in which we experienced the Congress. As Faythe, Clara and Herbert quipped, “It was like being a VIP for the Congress!”. Most of us found that being a NP provided us with a sense of belonging to a community. Huni felt that her experience “may have been much more isolating” if she had attended on her own” and similarly, Sayan found that being an NP during the Congress gave him an “immediate sense of belonging and purpose, which can otherwise be overwhelming in a gathering of this scale”. Thanks to being an NP, Adrià felt that he had a clear role, a small network, and mentors who helped him choose sessions and meet the right people. While Manuel Antonio found that being a NP enriched his experience at the ICA Congress and he was able to “strengthen knowledge and gain a deeper understanding of the current challenges facing the profession.”

#### **Experience with the NPP**

It has been a truly rewarding experience. I have not only met wonderful people from the ICA and around, but I have also been able to work on a really collaborative project with people from around the world. I believe all the members of the group are really proud of the outcomes of our project, and we are committed to keep working on it. Thanks to the NPP, I have found like-minded people that I would have never met otherwise.

#### **Clara**

I had an amazing experience. Though I am still exhausted, it was definitely worth it to meet the cohort in real life.

#### **Herbert**

So far, my experience in the Programme has been highly enriching for my professional development. I have gained new experiences and had the opportunity to meet professionals from different countries, cultures, and technological fields. I am particularly proud to have worked with my group of new professionals on the project “Rethinking Archival Practices”, which allowed me to reflect on innovation, collaboration, and adaptability within our profession.

#### **Manuel Antonio**

... I found my community of support, where I know that I am surrounded by like-minded (new) professionals from diverse backgrounds despite us being geographically apart. We have the same common goal, which is to grow in and grow with the field.

### Sandy

As the NP reflect on their experience with the Programme, many found that it gave them the opportunity to go out of their comfort zones to approach new ideas and projects. Faythe shared that the NPP developed her leadership skills and that she gained confidence in speaking up in group settings. Huni also found that her work on the Instagram takeover as part of the programme required her to interpret her daily archival practice for a non-archival audience, something which she found “challenging but useful”.

Ultimately, it was the people that made all the difference too. Being part of NPP provided a platform to learn from and work with each other, and it was this mutual learning and cooperation between the NP that made the Programme special. As Clara highlighted, thanks to the NPP, she found like-minded people that she would have never met otherwise. Similarly, Huni shared that it has been wonderful getting to know the cohort of NP, who have been “very supportive, proactive”, and she felt that “this journey has been all the more enriched because of them”. Arvid shared similar sentiments, stating that being an NP taught him a lot, through the sharing or learning from each others’ interests, hearing about experiences at other institutions and more generally speaking about where we all think the field should be.

Indeed, the teamwork and chemistry between the cohort were evident in the group projects that we worked on, and we cannot be prouder of our projects. In Manuel Antonio’s words, “I am particularly proud to have worked with my group of new professionals on the project”. Indeed, our group projects, namely “Mapping the landscape of archival practices: Creating a resource guide to traditional and new approaches” and “Challenging, but absolutely necessary”: Archivists’ Experiences in Rethinking Archival Practices” are fruits of our labour and we cannot wait to continue expanding on them.

### Concluding remarks

As the NP look towards the post-Programme future and into building on or scaling up our respective group projects, the Congress does not simply become a distant past, it remains a key milestone and core memory for all of us. We look forward to contributing to the NPP and the wider archival community in one way or another.



<https://www.ica.org/npp-newsletter-2026-2-4/>

---

THE ICA SIGNS THE STATEMENT ON DIGITAL RIGHTS  
FOR PROTECTING MEMORY INSTITUTIONS ONLINE

*The International Council on Archives (ICA) has signed the Statement on Digital Rights for Protecting Memory Institutions Online, reaffirming its commitment to protecting the ability of archives to acquire, preserve, and provide controlled access to digital materials.*

*Paris I 13 February 2026*

Home Governance and Operational ICA Secretariat The ICA Signs the Statement on Digital Rights for Protecting Memory Institutions Online

The International Council on Archives (ICA) has officially signed the Statement on Digital Rights for Protecting Memory Institutions Online, reaffirming its commitment to ensuring that archives can fulfil their mandate in the digital age.

By signing the Statement, the ICA joins a growing global coalition of memory institutions calling for the protection of the core rights that archives have long exercised offline and must continue to exercise online.

#### Why This Matters

Archives safeguard documentary heritage, support accountability and transparency, and enable research and public access to information. As more records are created, shared, and stored digitally, it is essential that archival institutions retain the legal and practical ability to carry out their mission.

The Digital Rights Statement affirms four essential rights for memory institutions:

Right to Acquire Digital Materials

Right to Preserve Digital Materials

Right to Provide Controlled Access to Digital Materials

Right to Cooperate with Other Memory Institutions

These rights are fundamental to ensuring that archives can collect, preserve, and provide access to digital records for present and future generations.

#### LEARN MORE ABOUT THE INITIATIVE

##### A Call to ICA Members

The ICA strongly encourages its member institutions, particularly National Archives, to sign the Digital Rights Statement and join this global effort.

Protecting digital rights is essential to protecting documentary heritage. By standing together, we can ensure that archives remain empowered to preserve the past and serve the future.

<https://www.ica.org/the-ica-signs-the-statement-on-digital-rights-for-protecting-memory-institutions-online/>

ТАБЫЛДЫ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНДЕ

Бүгін қазақтың тұңғыш бард ақыны, сыршыл сазгер Табылды Досымовтың туғанына 60 жыл толуына орай ұлы Абыл Аяш Астана қаласы Мемлекеттік архивіне әкесінің құжаттарын тапсырды.

Іс-шара барысында Табылды Досымовпен бірге жүрген ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Светқали Нұржан және Табылды Досымов атындағы қордың иесі, ақын Бижан Қалмағанбет өз естеліктерімен бөлісіп, ақын мұрасының рухани маңызына тоқталды.

Кеш барысында сөз алған ақынның ұлы Абыл Аяш архив қорына тапсырылған құжаттарды аманаттай отырып, мекеме басшысына алғысын жеткізді.

Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин құжаттарды қабылдап, осы негізде Табылды Досымовтың жеке тектік қоры ашылатынын атап өтті. Бұл қор болашақ зерттеушілер мен жастар үшін баға жетпес дерек көзі болмақ.



АҚЫН, СЦЕНАРИСТ ҰЛАРБЕК НҰРҒАЛЫМ ҚҰЖАТТАРЫ  
АРХИВКЕ ТАПСЫРЫЛДЫ

Астана қаласының мемлекеттік архиві ақын, сценарист Ұларбек Нұрғалымның жеке құжаттарын қабылдап, «Архивке аманат» атауымен қаламгердің жеке тектік қорын ашу мақсатында арнайы шара ұйымдастырды. Тағылымды жиынға қаламгердің замандастары, зиялы қауым өкілдері мен архив қызметкерлері қатысты.

Кездесу тізгінін ұстаған Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин архив ісінің маңыздылығына кеңінен тоқталды:

– Архив тек жеке тұлғалардың құжаттарын қабылдап қана қоймайды. Құндылығына сай ғасырлар бойы сақтап, қажет болса қайта қалпына келтіріп, ізденіс үстіндегі әр адамға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді, – деді ол.

Өз кезегінде Ұларбек Нұрғалымұлы да бұл сәттің шығармашылық адам үшін айрықша мәні бар екенін атап өтті:

– Шығармашылық мұраны сақтап, зерттеушілерге ұсынуда архив ұжымының еңбегі зор. Азды-кем дүниемізді елеп, қолжазбалар мен құжаттарды табыстауға мүмкіндік туғанына қуаныштымын. Бұл игі іс алдағы уақытта да жалғасын табады. Қорды әлі де толықтыра түсемін, – деді қаламгер.



Ұлттық руханиятқа қосылған сүбелі туындылар

Архив қорына жазушының қолжазбалары мен жеке құжаттарымен қатар, ел руханиятында айрықша орны бар фильмдердің сценарийлері де тапсырылды. Атап айтқанда, Оян, Қазақ! және Ұлт ұстазы фильмдерінің сценарийлік нұсқалары – қазақ киноөнерінің алтын қорына қосылған құнды дүниелер.

«Оян, Қазақ!» фильмі ХХ ғасыр басындағы ұлт азаттығы жолындағы күресті, Алаш қайраткерлерінің мұратын көркем тілмен кестелеп, тарихи сананы жаңғыртқан маңызды кино картина болды. Картина елдік рухты көтеріп, тәуелсіздік идеясының тамырын тереңнен тарқата білді.



Ал «Ұлт ұстазы» туындысы қазақ халқының рухани көсемдерінің бірі – ағартушылық жолында өлшеусіз еңбек еткен тұлғаның тағдырын арқау етіп, ұлттың білім мен парасат арқылы өркендеу идеясын айшықтады. Фильм көрерменге тарихи жауапкершілік пен ұлттық мұрат ұғымын терең сезіндірді.

Бұл екі картина да қазақ киносының мазмұндық деңгейін көтеріп, тарихи-танымдық бағыттағы фильмдер легіне серпін берді. Көркемдік сапасы мен идеялық салмағы тұрғысынан олар қазақ руханиятына қосылған сүбелі шығармалар ретінде бағаланып отыр.

#### **Рухани мұраны сақтау – ұлтқа қызмет**

Астана қаласының Мемлекеттік архиві ұлттық руханиятқа еңбек сіңірген қаламгерлердің өмір жолы мен шығармашылық мұрасын жүйелі түрде жинақтап, сақтау ісін алдағы уақытта да жалғастыра бермек.

Жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының жеке тектік қоры – осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі. Бұл қор болашақ зерттеушілерге, әдебиеттанушылар мен кинотанушыларға құнды дереккөз болары сөзсіз. Рухани мұраны көздің қарашығындай сақтау – ұлттың жады мен болашағына қызмет ету екені анық.



«Шығармашылық мұраны сақтауға, оны зерттеушілерге қолжетімді етуде архив ұжымының атқарар жұмысы екені даусыз. Азды-кем еңбегімізді елеп, қолжазбалар мен қолдағы құжаттарды табыстау сәті түскеніне қуаныштымын. Мұндай игілікті іс алдағы уақытта да жалғаса береді деп ойлаймын. Әлі де құжаттарды толықтыра түсемін», – деді Ұларбек Нұрғалымұлы.

Астана қаласының Мемлекеттік архиві ұлттық руханиятқа еңбек сіңірген қаламгерлердің өмір жолы мен мұрасын жүйелі түрде жинақтап, сақтау жұмысын жалғастыра бермек. Жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының жеке тектік қоры – осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі болмақ.



## ФОТОЖУРНАЛИСТ НҰРМҰХАМЕД ИМАМОВТЫҢ ЖЕКЕ ҚОРЫ АРХИВКЕ ТАПСЫРЫЛДЫ

Астана қаласының мемлекеттік архиві мемлекеттік мекемесінде қазақ фотожурналисі, өлкетанушы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Имамов Нұрмұхамад Имамовичтің ұлы – Ренат Имамовпен жеке кездесу өтті. Кездесу барысында Нұрмұхамед Имамовтың жеке қорындағы бірқатар түпнұсқа құжаттар, фотосуреттер мен тарихи маңызы бар материалдар архив қорына тұрақты сақтауға тапсырылды.



Аталған құжаттар фотожурналистің өмір жолы мен шығармашылық қызметін жан-жақты танытып қана қоймай, Ақмола өңірінің XX ғасырдағы қоғамдық-мәдени тарихын зерделеуде құнды дереккөз болмақ.

Өмір жолы мен майдан шежіресі

Нұрмұхамед Имамов 1926 жылы 1 шілдеде Башқұрт АССР-інде дүниеге келген. 1939 жылы отбасы Қазақ АССР-індегі Ақмола өңіріне қоныс аударады.

1943 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, 1945 жылдың басында Ташкент қаласында радиотехника курстарын тәмамдайды. Кейін 3-ші Беларусь майданының 1-ші әуе армиясы құрамында Пе-2 ұшағында радиооператор-атқыш ретінде майданға қатысады. Әуе шайқастарының бірінде ұшағы атып түсіріліп, ауыр жарақат алады. Соған қарамастан әскери борышын абыроймен жалғастырып, Жеңіс күнін қарсы алады. Соғыстан кейін Минскіде әскери қызметін жалғастырып, кескіндеме курсы тәмамдайды.



1953 жылы сержант-майор шенімен әскер қатарынан босап, Ақмолаға оралады. Әр жылдары өндіріс, байланыс, мәдениет салаларында еңбек етеді.

Фотожурналистік және өлкетанушылық қызметі

1961 жылы «Акмолинская правда» газетінде ретушер болып жұмыс істеп, 1962 жылдан бастап фототілші қызметін атқарады. Осы жылдары ол қала өмірін, өндіріс орындарын, мәдени іс-шараларды, тарихи тұлғаларды фотосуретке түсіріп, мол мұра қалдырды.

Өлкетанушылық бағытта Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Омбы, Томск, Ташкент және басқа қалалардың мұрағаттарында жұмыс істеп, Ақмола мен Қазақстан тарихына қатысты сирек деректерді жинақтады. Томск архивінен «Ақмола правдасы» газетінің алғашқы санын тауып, басылым тарихын толықтыруға үлес қосты.

Оның фотомұрасында Сәбит Мұқанов, Роза Бағланова, Ольга Корбут сынды белгілі тұлғалармен кездесулердің сирек фотосуреттері сақталған.

Нұрмұхамед Имамов 2012 жылы Астана қаласында дүниеден өтті.

Тарихи мұра – ұрпақ аманаты

Архив қорына қабылданған жеке құжаттар мен фотоматериалдар зерттеушілер үшін тың деректер көзіне айналып, елорданың өткені мен қоғамдық өмірін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Жеке қордың архивке тапсырылуы – ұлттық тарихи мұраны сақтау және болашақ ұрпаққа жеткізу жолындағы маңызды қадам.

## ЕЛОРДА ТАРИХЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ ЖАҢА ӘРІПТЕСТІК

Астана қаласының мемлекеттік архивінде «Астана Гидтар клубы» мен «AOMI Travel турагенттігі» өкілдерінің қатысуымен мазмұнды әрі тағылымды кездесу кеші өтті. Бұл кездесу архивте жатқан елорда тарихын кәсіби гидтер арқылы кеңінен танытуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

Кездесу кеші аясында Астана қаласының мемлекеттік архиві мен туризм саласы өкілдері арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған меморандум архив пен гид өкілдерінің өзара кәсіби байланысын нығайтып, тарихи деректерді экскурсиялау және танымдық бағыттарда тиімді пайдалануға жол ашады.



Кездесу барысында қатысушылар архив қорларында сақталған Ақмола, Целиноград және Астана кезеңдеріне қатысты бірегей тарихи құжаттармен, сирек фотосуреттермен және қала дамуының маңызды кезеңдерін айқындайтын материалдармен танысты. Бұл деректер елорданың тек заманауи келбетін ғана емес, оның ғасырлар қойнауынан бастау алатын бай тарихын да ашып көрсететін еді.

Гидтер тарапынан архивтік деректерге деген қызығушылықтың жоғары екені ерекше назар аудартты. Себебі түпнұсқа құжаттар мен нақты тарихи мәліметтерге сүйенген экскурсиялар туристер үшін де аса құнды, әрі әсерлі бола түсетіні анық.

Астана қаласының мемлекеттік архиві тарихты сақтаумен қатар, оны қоғамға кеңінен насихаттауды өз қызметінің басым бағыттарының бірі деп санайды. Осы орайда туризм саласының кәсіби өкілдерімен орнаған әріптестік болашақта мазмұнды жобалардың жүзеге асуына негіз болады деп сенеміз.



## АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ӨТТІ

Астана қаласының мемлекеттік архиві ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2026 жылғы бірінші отырысында мекеменің алдағы кезеңдегі ғылыми және ұйымдастырушылық қызметінің негізгі бағыттары жан-жақты қаралды. Отырыстың басты мазмұны 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту, ғылыми басылым сапасын арттыру, архивтік құжаттарды сараптау мен іріктеу тәртібін жетілдіру және халықаралық деңгейдегі ғылыми іс-шараны ұйымдастыру мәселелерін қамтыды.

Кеңес барысында архив қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дамыту, құжаттарды сақтау мен тиімді пайдалану тетіктерін жетілдіру, цифрландыру үдерістерін жүйелеу және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту басым бағыт ретінде айқындалды. Сонымен қатар рецензиялау талаптарын күшейту, ғылыми аппарат сапасын нақтылау, жас зерттеушілермен бірлескен семинарлар өткізу, білім беру ұйымдарымен байланыс орнату, мектеп оқушылары мен студенттер арасында архив құжаттары негізінде ғылыми жобалар конкурсын ұйымдастыру міндеттері алға қойылды. Істер тізімдемесін жетілдіру, реставрациялау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және типтік номенклатуралар дайындау қажеттігі де атап өтілді.



Отырыста «Архив хабаршысы» ғылыми-практикалық журналының кезекті санын дайындау мәселесі қаралып, басылым мазмұнын архивтік құжаттарға негізделген ғылыми мақалалармен толықтыру, электрондық нұсқасын жүйелі жариялау, халықаралық авторларды тарту және алдағы конференция материалдарын журнал бетінде шығару міндеттері белгіленді.

Сондай-ақ архивтік құжаттарды анықтау және іріктеу жөніндегі нұсқаулық жобасы талқыланып, құжаттардың ғылыми, тарихи және практикалық құндылығын бағалау өлшемдерін нақтылау, сараптау комиссиялары жұмысының тәртібін біріздендіру және нормативтік талаптарға сәйкестікті жетілдіру бағытында ұсыныстар қабылданды.

Бұдан бөлек, 2026 жылғы 14 наурызға жоспарланған «Наурыз – дәстүр мен ғылым үндестігі» халықаралық ғылыми-этнографиялық конференциясына дайындық барысы қаралып, оның ғылыми мазмұнын күшейту, архивтік құжаттар көрмесін ұйымдастыру және ақпараттық қолдауды арттыру міндеттері айқындалды.

Қорытындылай келе, Ғылыми-әдістемелік кеңестің бірінші отырысы 2026 жылға арналған стратегиялық және практикалық міндеттерді нақтылап, архив қызметінің ғылыми деңгейін көтеру, цифрлық форматтағы жұмысты дамыту және халықаралық ғылыми кеңістікпен ықпалдастықты күшейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуді көздейтін шешімдер қабылдады.



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ АРХИВІНІҢ САРАПШЫЛАР КЛУБЫ: САЛАДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЖИ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі таңда Қазақстандағы архив ісі жүйелі жаңғыру кезеңін бастан өткеруде. Саланы цифрландыру, басқару тиімділігін арттыру және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Бұл үдерістер 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві бастамасымен өткен Сарапшылар клубының алғашқы отырысында кеңінен талқыланды.

Жиын архив ісінің бүгінгі жай-күйін айқындап қана қоймай, оның алдағы даму бағдарын белгілеуге арналды. Оған Астана қаласының Мемлекеттік архиві басшылығы мен қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен сарапшы қауымдастық өкілдері қатысты.



Бүгінгі таңда Қазақстан архивтері:

- құжаттарды кезең-кезеңімен цифрлық форматқа көшіру;
- электрондық каталогтар мен дерекқорлар қалыптастыру;
- онлайн анықтамалық қызметтерді дамыту;
- архив қорларының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізуде.

Дегенмен, сала алдында бірқатар өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда, материалдық-техникалық базаны жаңарту, деректерді жүйелеудің бірыңғай стандарттарын қалыптастыру, кадрлық әлеуетті күшейту және цифрлық құзыреттерді арттыру қажеттілігі айқын сезіледі.

Президент Архиві ұйымдастырған сауалнамаға 1708 архив маманы қатысып, олардың 57%-ы алдағы үш жылдағы басты басымдық ретінде цифрландыруды кеңейтуді (ЖИ пайдалану, архив құжаттарын цифрлық нысанға көшіру, электрондық каталогтар құру, онлайн қызметтерді дамыту) атады. Бұл архив саласының стратегиялық бағыты айқындалғанын көрсетеді.

Қазіргі жағдайда жасанды интеллект технологиялары архив ісін сапалы жаңа деңгейге көтере алады. Сауалнама нәтижелері бойынша:



44% ЖИ-ді қолжазбалар мен шетел тіліндегі құжаттарды тану және цифрландыруда тиімді деп санайды, 31% оны іздеу жүйелері мен анықтамалық аппаратты жетілдіру құралы ретінде көреді, 26% пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді деп есептейді.

Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Бахтияр Мұхаметқалиев архивтердің стратегиялық деректер қоры ретіндегі маңызын атап өтіп, сапалы цифрланған материалдар ұлттық зияткерлік өнімдерді әзірлеуге негіз болатынын айтты.

Сарапшылар клубы отырысына қатысқан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты Айдос Сарым архивтердің мемлекеттік егемендік пен тарихи шындықты сақтаудағы рөлін ерекше атап өтті. Бұл архив ісінің тек мәдени-ғылыми емес, сонымен қатар стратегиялық және идеологиялық маңызға ие екенін көрсетеді.

## Құрметті әріптестер!

Астана қаласының мемлекеттік архиві Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресімен бірге «Архив хабаршысы» ғылыми-көпшілік, ақпараттық- әдістемелік журналын 2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығарады.

Журналда тарих методологиясы, тарихнама және деректану, архив ісінің тарихы мен тәжірибесі, іс жүргізу, өлкетану, тұлғатану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар, архив деректері, сонымен қатар, танымдық, ағартушылық, ақпараттық бағыттағы шолулар, мақалалар мен пікірлер жарияланады.

Редакция қолжазбалаларды электронды форматта қабылдайды. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) мәтінге жазылған жеріне қойылады. Мақала мәтіні ҒТАХР-нан басталуы керек (Ғылыми-техникалық ақпараттық халықаралық рубрикаторы мына сілтеме арқылы анықталады <http://gnti.ru/>)

**Автор/авторлар туралы ақпарат** (әр жолы жаңа жолдан):

- Автордың/авторлардың аты, әкесінің аты, тегі
- Ұйым атауы, қаласы, елі
- E-mail

**Мақаланың тақырыбы 10 сөзден аспауы керек:**

- қалың қаріп
- бас әріптермен, ортасынан

**Аннотация (200-300 сөз).** Аннотация мәтінінде абзац, дәйексөздер, аббревиатура болмауы керек. Аннотацияда көлемді формула, мақала тақырыбын қайталау, жұмыс мәтіні мен әдебиеттер тізіміне сілтеме болмауы тиіс. Мақаланың ерекшеліктері мен құрылымын сақтай отырып, қысқаша мазмұны беріледі. Фрагменттерді курсивпен жазуға, астын сызуға және т.б. болмайды.

**Кілт сөздер (10-12 сөз)**

Кілт сөздер 12 сөзден аспайтын жеке сөздерден де, сөз тіркестерінен де тұруы мүмкін. Оларды курсивпен немесе қалың қаріппен жазуға болмайды.

**Мақаланың құрылымы:**

- Кіріспе
- Әдістер мен әдістеме
- Талқылау
- Нәтижесі (мақаланың негізгі бөлігі)
- Қорытынды
- алғыс (егер жұмыс грант бойынша дайындалған болса немесе осы мақаланың шығуына үлес қосқан, бірақ оның авторлары болып табылмайтын әріптестердің еңбегін көрсету қажет болса қосуға болады);
- әдебиет – референс. **Әдебиеттер тізімінде соңғы бес жылда жарияланған мақалалар қамтылуы керек.**

Қолжазбалар электронды форматта қабылданады. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, график, диаграмма және т.б.) мәтіннің ішінде орналастырылады.

Мәтін Times New Roman қарпімен теріледі, қаріп өлшемі – 14 кегль, жоларалық интервал – бір, жиектері (барлығы) – 2 см, абзац шегінісі – 1 см, мақалалар мен архив құжаттарының мәтіндерінің стандартты көлемі 50 000 таңбаға дейін (метадеректер мен әдебиеттер тізімін есепке алмағанда 14-16 бет), ақпараттық материалдар, оның ішінде шолулар мен сыни пікірлер – 1000-3000 сөз.

Дереккөздерге сілтемелер дәйексөзден кейін тік жақшада дәйексөз көзінің реттік нөмірін және бетті көрсете отырып беріледі, мысалы [1, л. 25].

Әдебиеттер тізімі мақала мәтінінен кейін орналастырылады. Ресурстың электрондық мекенжайын ғана көрсетуге рұқсат етіледі. Мысалы: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Электронды кітаптарға, журналдарға, газеттерге және т.б. сілтемелер дәл осылай ресімделеді.

### **Кестелер мен графикалық ақпаратқа қойылатын талаптар**

Егер ғылыми мақалаға кестелер мен графикалық ақпараттар (сызбалар, суреттер, фотосуреттер) қоса берілсе, онда олар электронды журналдың талаптарына сәйкес ресімделуі керек.

Кестелер тікелей мақала мәтініне енгізіліп, нөмірленуі және мақала мәтінінде оларға сілтеме болуы керек. Суреттер, графикалар стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттерді 600 dpi тұнықтықпен орындау қажет. Суреттерде барлық бөлшектер анық көрсетілуі керек.

### **Әдебиеттер тізімі**

Мақала мәтінінде тек сілтеме жасалған дереккөздер (дәйексөздер ретімен немесе ағылшын алфавиті бойынша нөмірленген) ғана болуы керек. Нәтижелері дәлелдемеге пайдаланылған, бірақ жарияланбаған жұмыстарға сілтемелер жіберілмейді. Қолжазбаларды жариялау үшін авторлардан ақы алынбайды.

Әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтерді (мақала атауы, автордың (авторлардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, автор(лар)дың электрондық поштасы), сонымен қатар, аннотация мен кілт сөздерді орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылса) көрсету қажет.

Содан кейін библиографияның ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі беріледі. Транслитерация <http://translit-online.ru/> онлайн платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл онлайн платформа қазақ әліпбиінің нақты әріптерін транслитерацияламайды. Авторлар бұл жерде қазақша мәтінді транслитерациядан кейін келесі ережелерге сәйкес түзетулер енгізуі керек:

*ә г ң ө ү Ұ қ і*

*а г н о у Ү к я*

Егер дереккөздің ресми аудармасы болса және ағылшын тілінде жарияланған болса онда әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөлігінің тіркесімінде ағылшын тіліндегі ресми аудармасын көрсету қажет.

Мақала қолжазбалары қайтарылмайды және оған пікір білдірілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауап береді.

**Редакцияның мекен-жайы:** «Астана қаласының Мемлекеттік архиві» ММ, Қазақстан, 010000, Астана қ., М.Әуезов көш., 3, Телефон: 8-7172-280723 (134); E-mail: info@gosarhiv.kz немесе s.bayakhmetov@gosarhiv.kz

Уважаемые коллеги!

Государственный архив города Астана с Национальным конгрессом историков Казахстана с 2021 ежеквартально выпускает научно-популярный и информационно- методический журнал «Архив хабаршысы».

В журнале публикуются научные статьи, исследование, архивные документы по вопросам методологии истории, историографии и источниковедения, истории и практики архивного дела, делопроизводства, краеведения, персонализма, а также обзоры, сообщения познавательного, просветительского и информационного характера.

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста. Текст статьи должен начинаться с МРНТИ (Международный рубрикатор научно-технической информации; определяется по ссылке <http://grnti.ru/>)

**Информация об авторе/авторах** (каждый раз с новой строки):

- Имя, отчество, фамилия автора/авторов
- Название организации, город, страна
- E-mail

**Название статьи не должно содержать более 10 слов:**

- шрифт полужирный
- расположение по центру страницы

**Аннотация (200-300 слов).** Текст аннотации не должно быть абзацев, цитирование, аббревиатур. Аннотация не содержит громоздких формул, не повторяет название статьи, не содержит ссылок на текст работы и список литературы. Аннотация дает краткое изложение статьи, отражая ее особенности и сохраняя структуру статьи. Не допускается выделение фрагментов курсивом, подчеркиванием и т. д.

**Ключевые слова (10-12 слов)**

Ключевые слова могут состоять как из отдельных слов, так и из фраз, не более 12 слов. Их нельзя писать курсивом или жирным шрифтом.

**Структура статьи:**

- Введение
- Методы и методология
- Обсуждение
- Результат (основная часть статьи)
- Заключение

• благодарность (если работа подготовлена по гранту или по данной статье труда коллег, которые внесли свой вклад в создание, но не являются его авторами можно добавить, если нужно показать);

• литература – референс. **Список литературы должен включать статьи, опубликованные за последние пять лет.**

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т. д.) помещаются внутри текста.

Текст набирается шрифтом Times New Roman, размер шрифта - 14 кеглей, межстрочный интервал-одинарный, поля (всего) - 2 см, отступ абзаца-1 см, стандартный объем текстов статей и архивных документов до 50 000 знаков с пробелами (14-16 страниц без учета метаанных и списка литературы), информационные материалы, в том числе обзоры и критические комментарии-1000-3000 слов.

Ссылки на использованные источники приводятся после цитаты в квадратных скобках с указанием порядкового номера источника цитаты и страницы, например [1, л. 25].

Список литературы размещается после текста статьи. Допускается указание только электронного адреса ресурса. Пример: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Аналогично оформляются ссылки на электронные книги, журналы, газеты и т. д.

### **Требования к таблицам и графической информации**

Если к научной статье прилагаются таблицы и графическая информация (чертежи, рисунки, фотографии), то они должны быть оформлены в соответствии с требованиями электронного журнала.

Таблицы должны быть включены непосредственно в текст статьи, должны быть пронумерованы и сопровождаться ссылкой на них в тексте статьи. Рисунки, графики должны быть представлены в одном из стандартных форматов: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Точечные рисунки следует выполнить с разрешением 600 dpi. На чертежах должны быть четко представлены все детали.

### **Список литературы**

Ссылка должно содержать только те источники (пронумерованные в порядке цитирования или в английском алфавитном порядке), на которые есть ссылки в тексте статьи. Ссылки на неопубликованные работы, результаты которых используются в доказательствах, не принимаются. Авторам рекомендуется исключить ссылки на страницы и следовать следующему шаблону: номер главы, номер абзаца и т.д.

После списка литературы необходимо указать библиографические сведения (наименование статьи, Ф. И. О. автора (авторов), полное наименование организации, город, страну, адрес электронной почты автора(ов)), а также аннотацию и ключевые слова на русском и английском языках (если статья написана на казахском языке), казахском и английском языках (если статья написана на казахском языке если статья написана на русском языке), на русском и казахском языках (если статья написана на английском языке).

Затем предоставляется комбинация английской и транслитерированной частей списка литературы. Транслитерация осуществляется с использованием онлайн-платформы <http://translit-online.ru/>. Эта онлайн-платформа не транслитерирует специфические буквы казахского алфавита. Авторам следует внести здесь исправления после транслитерации казахского текста в соответствии со следующими правилами:

*ә г ң ө ү Ұ қ і*

*а г н о у Ү к я*

Если источник имеет официальный перевод и опубликован на английском языке, официальный перевод на английский язык должен быть указан в сочетании английской и транслитерированной частей ссылок.

Плата за публикацию рукописей не взимается с авторов. Рукописи статьи не возвращаются и не комментируются. За содержание статьи отвечает автор.

**Адрес редакции:** ГУ «Государственный архив города Астана», Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Ауэзова, 3, Телефон: 8-7172-280723 (134); E-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz) или [s.bayakhmetov@gosarhiv.kz](mailto:s.bayakhmetov@gosarhiv.kz)

## Dear colleagues!

The State Archive of the city of Astana with the Kazakhstan National historians' congress begins to publish a popular scientific and information-methodical journal «Arhiv habarshysy».

The journal publishes scientific articles, archival data on the methodology of history, historiography and source studies, the history and practice of archival affairs, local history, personalism, as well as reviews and comments of cognitive, educational and informational orientation.

The editorial board accepts manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, diagrams, etc.) are placed inside the text. The text of the article should begin with IRSTI (International rubricator of scientific and technical information; determined by the link <http://grnti.ru/>)

**Information about the author / authors** (*each time on a new line*):

- Name, patronymic, surname of the author/authors
- Organization name, city, country
- E-mail

**The title of the article should not contain more than 10 words:**

- font bold
- location in the center of the page

**Abstract (200-300 words).** The text of the abstract should not contain paragraphs, citations, abbreviations. The abstract does not contain cumbersome formulas, does not repeat the title of the article, contains links to the text of the work and the list of references. The abstract gives a brief summary of the article, reflecting its features and maintaining the structure of the article. Selection of fragments in italics, underlining, etc. is not allowed.

**Keywords (10-12 words)**

Key words can consist of both individual words and phrases, in any case not exceeding 12 words. They cannot be italicized or bold.

**Article structure:**

- Introduction;
- Methods and methodology
- Discussion
- Results (main part of the article)
- Conclusion
- gratitude (this section is included if the work was prepared under a grant or there is a need to acknowledge colleagues who contributed to the appearance of this article, but are not its co-authors);
- literature - reference. References should include articles published in the last five years.

The editors accept manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, charts, etc.) are placed inside the text.

The text is typed in Times New Roman, font size is 14 pt, line spacing is single, margins (total) are 2 cm, paragraph indentation is 1 cm, the standard volume of articles and texts of archival documents is up to 50,000 characters with spaces (14-16 pages without taking into account metadata and list of references); information materials, including reviews and reviews - 1000-3000 words.

References to the sources used are given after the quote in square brackets, indicating the ordinal number of the source of the quote and the page, for example [1, l. 25].

The list of references is placed after the text of the article. Only the e-mail address of the resource is allowed. Example: URL:<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377> Accessed:

Links to e-books, magazines, newspapers, etc. are formatted in the same way.

**Requirements for tables and graphic information**

If a scientific article is accompanied by tables and graphic information (diagrams, figures, photographs), then they must also be formatted in accordance with the requirements of the electronic journal.

Tables should be included directly in the text of the article, should be numbered and accompanied by a link to them in the text of the article. Figures, graphics must be submitted in one of the standard formats: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Bitmaps should be done at 600 dpi. The drawings must clearly show all the details.

## **Bibliography**

The reference should contain only those sources (numbered in citation order or in English alphabetical order) that are referenced in the text of the article. References to unpublished works whose results are used in proofs are not accepted. Authors are advised to exclude page references and follow the following pattern: chapter number, paragraph number, etc. Otherwise, incorrect references may occur when preparing the English version of the article.

After the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data (title of the article, full name of the author (authors), full name of the organization, city, country, e-mail address of the author (s), as well as annotations and keywords) in Russian and English (if the article is written in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is written in Russian), in Russian and Kazakh (if the article is written in English).

Then a combination of the English and transliterated parts of the bibliography is provided. Transliteration is carried out using the online platform <http://translit-online.ru/>. This online platform does not transliterate specific letters of the Kazakh alphabet. Authors should make corrections here after transliterating the Kazakh text in accordance with the following rules:

ә з ң ө ұ Ұ қ і

а з н о у Ү к я

If the source has an official translation and has been published in English, the official English translation must be given in a combination of the English and transliterated parts of the references.

The authors are not charged for the publication of the manuscripts.

The manuscripts of the article are not returned and are not commented on. The author is responsible for the content of the article.

**Editorial office address:** *State Archive of the city of Astana, Kazakhstan, 010000, Astana, st. Auezova, 3, Phone: 8-7172-280723 (134); E-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz) or [s.bayakhmetov@gosarhiv.kz](mailto:s.bayakhmetov@gosarhiv.kz)*

Журнал Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген  
тіркеу № KZ04VPY00027990

Біздің мекен-жайымыз:  
010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,  
М. Әуезов көшесі, 3-үй  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 119,134)  
e-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz)

## ЕЛОРДА ТАРИХЫНАН



*XIX ғ. екінші жартысы. Ақмола облысы.*

Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалар архивінен

*XIX ғасыр қазақ тұрмыс тіршілігінен сыр шертетін осынау картинадан, қазақ өмірінің сән-салтанатын паш ететін берен мылтық, қыран құс, сұлу әйелді көріп отырмыз. Қазақы иіс бұрқырап тұрған осы бір суретте тарихилық һәм бекзаттық болмыс жасырынғандай. Көзіңді тартады, көңіліңді қозғайды.*

